



КЕНЕН

Төрткөн
Кененқызы

Естелік-эссе



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН» ЖШС

1998

ББК 83.3 Қаз.
К 30

Кененқызы Т.
К 30 Кенен Естелік-эссе.— Алматы: «Жалын» баспасы
ЖШС, 1998.— 176 бет.

ISBN 5-610-01336-3

Тоқсан жастың төрінде де домбырасын серік еткен Қазақстанның халық ақыны, сазгер, өнші Кенен Әзірбаевтің дос-жаран, ағайын-туысқан арасындағы, қалыпты өмірдегі болмыс-бітімі кеңінен өңгімеленеді.

Біртуар тұлғаның былайғы жұртқа беймәлім отбасы, ошақ қасындағы тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, қарым-қатынасы жан-жақты баяндалады.

Өнегелі әкеге ұқсап бағуға тырысып өскен сүйікті өнші қызы Төрткеннің бұл естеліктері үй ішлік әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді барынша қамтыған шыншылдық, қарапайымдылығымен де өте құнды.

К 4702250201 - 11
408 (05) - 98 38 - 97

ISBN 5 - 610 - 01336 - 3

ББК 83.3 Қаз

© Төрткен Кененқызы, 1998

Аяулы жарым Тасыған
Шенсізбай-ұлының өруағына
бағыштаймын

Автор

ЕЛ ЕСІНЕ


(Туындыгерден бір ауыз түсінік)

Мен дүниеге келгенде (1936 жыл, ақпан айы) әкем Кенен Әзірбайұлы елуде — ел ағасының жасында екен. Әкемнің өнерімен елінің сүйіспеншілігіне бөленген еркесі, ақыл берер кеңесшісі бола бастаған кезі. Бәлкім, осыған байланысты шығар мен және менен кейінгі балаларының бәрі де ата-анамызды «папа, мама» демей, әкемізді — ата, шешемізді — апа дегеніміз. Атам жайында қанша айтсам да таусылмайтын сияқты. Уақыт өткен сайын сағынышым арта түседі. Жүрісі, тұрысы, келісті келбеті, сергектігі, айтқан әңгімелері, үні, домбырасының сазы — бәрі-бәрі бүгінгідей есімде. Оны сағынамын, іздеймін. Балалары көп өліп, «Базарым-ай, Назарым-ай» деп зарлап жүріп көргендіктен бе, әйтеуір, мені атам қатты еркелетті, ерекше әспеттеп аялап өсірді. Әнмен ұйықтап, әнмен ояным. Жасымнан естігенім сазды әндер, жақсы сөздер, сезгендерім ағыл-тегіл көңілдер, мөлдір сезімдер, мейіріл көздер болса, көргендерім мал дастарқан, көп қонақтар болды. Анамнан гөрі әкеме жақын болдым. Атам бір жаққа кетсе көзім бозарып, көңілім болмай, жолын тосып жүреді екенмін. Соны білетін атам да үйге қайтуға асығатын көрінеді. Менің соңымнан ұл бала — Көркемжан туып, мен бір бұл шаңыраққа үлкен бақыт, ырыс, береке әкелдіге саналып бұрығыдан да әрі еркетотайдың нағыз өзі болыптын. «Төрткенімді бермеймін тоғыз ұла, қырсығымды кескен төл басым» — дейтіні әкемнің содан болса керек. Әке құрметіне ие болған, әкенің аялы қамқорлығына бөленген қыз біреу болса, ол менмін де, екеу болса соның бірі менмін деп есептеймін өзімді. Мұны зор бақыт санаймын, мақтан етемін. Үйде жұбымыз жазылып көрген жоқ. Түзде қайда жүрсем де іздеп келіп қамқорлығын аяған емес. Басқаға айтпағанын маған айтып, ақылдасып, өзіне бір үлкен тірек санаушы еді. Хат танып, жазуды игерісімен-ақ (3-класстан) атамның бұрынғы-соңғы шығармаларының бәрін де өз айтуымен жазып отырдым. Өйткені, ол кісі тек араб әрпімен жазушы еді. Соңғы орыс әрпін жақсы оқығанымен (оны да


өз бетімен үйренген ғой), жаза алмайтын. Мен атамның өзінен 100-ге тарта әндері мен 300-ге жуық өлең, терме, дастан, айтыстарын үйрендім. Жарияланған кітаптарының ішіндегі көптеген өлеңдер менің сол кездегі қолжазбаларымнан алынып енгізілді. Сондықтан да мен өзімді атамның тұңғыш хатшысымын деп айтуыма да, санауыма да толық құқым бар.

Жалпы, мен, өз өмірімде атамның атына кір келтіретіндей әрекеттерден аулақ болдым. Қайда жүрсем де, үйде де, түзде де, қызметте де өзімді Кененнің қызы деген атқа сай болуым керек деген жасауапкершілікте сезіндім. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» дегенмен де, сол әке атымен күн көрер жаман қыз болмауға тырыстым. Жолдасым Тасыған Шенсізбайұлының әскери қызметінің нелер бір қырлары мен сырларын дұрыс түсіне білуге, балаларыма (Баян, Роза, Болат, Алмас) жақсы тәрбие беруге, ұстаздық жұмысымды адал атқару жолында аянбай еңбек еттім. Сонымен бірге әке әндерін, өлеңдерін жинап, қаттап, олардың мерзімді баспасөз беттерінде жариялануына атсалыстым. Радио, теледидар арқылы, әсіресе, көркемөнерпаздардың кезекті концерттерінде орындау арқылы әке әндерінің халық арасында кеңінен таралуына үнемі өз үлесімді қосуда ұмтылып келемін. 1976-жылы өнертану ғылымының докторы, академик Б. Г. Ерзаковичтің башылығымен атамның көптеген әндерін нотаға түсіріп, құрастырып, «Бозторғай» деген атпен «Жалын» баспасынан басылып шығуына қатыстым. Атамның 90, 100 жылдық мүшелтойларына орай жарық көрген таңдамалыларына үлес қостым.

Енді ата-ана қызығын көп көрген, әкенің иіс-иісімен шапағатында өскен сүйікті қызы ретінде әкем жайында естелік жазуды өзімнің перзенттік парызым деп санадым. Әрине, атам жайында айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, солардың көпшілігінде Кененнің өмірі мен шығармашылығы, оның ақындығы, әншілігі, сазгерлігі сөз болады. Ал, мен бұларға талдау жасаудан аулақпын. Менің естелігімде әкем мен оның 55жыл бірге өмір сүрген жұбайы, 18 ұл-қыз тәрбиелеген, хат танымаса да көкірегі даңғыл, қарапайым, үлкен жүректі анамыз Әзірбай келіні Нәсіха екеуінің іс-әрекеттері, балаларға деген сүйіспеншіліктері, өмірлік сабақтары, сондай-ақ басқа да біздің отбасы айналасы сөз болмақ. Әрі осындай ортада өсіп, тәрбие алған Кененнің өз ұрпақтары жайлы да айтылмақ. Ұстаз ретінде өз көзқарасымды, өз іс-тәжірибемді де ұштастырып, ойымды ортаға салуға тырыстым. Әйтеуір, әке әруағы риза болсын деген перзенттік парыз ғой діттегеніміз.



Сазындым Кенен атамды...



«Ер жігіт тіршілікте нені көрмес...»

Ата-ана қадірін тіршілікте білетіндер де, білмейтіндер де баршылық қой. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай» демекші, көпшілігіміз ата-ананың көңіл күйін, тіршілік-тірлігін, балаларын өсіріп, оған өмірде керектінің бәрін үйретіп, баулып, бағып-қағып, қып-қызыл қам-қарекеттің ортасында жүріп, өмірінің өтіп кеткенін де сезбей қалатынын түсінбейтіндігімізді, түсінсек те кеш білетіндігімізді бір мезгіл мойындағанымыз да жөн болар деп ойлаймын. Солай өсірген баланың бірі өзін болғандықтан да жасым келген сайын жиі-жиі еске алып, япыр-ай, мен сол кісілердің ой-армандарының ең болмағанда біреуін орындадым ба екен, сенімдерінің тым құрығанда кішкене ғана бөлшегін атқара алдым ба екен дегендей талай-талай ойға кетіп, күнді-күнге, түнді-түнге қосатын кездер болады. Өсіресе, мұны: «Ата-ана қадірін балалы болғанда білерсің» дегендей-ақ өз балаларыңды өсіру, тәрбиелеу кезінде ерекше сезінеді екенсің. «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай» өсірген кішкентай ғана жаман қара қызын жанға теңемей, оған арнап өлең де жазған, өн де шығарған қайран әкеге не көрсеттім деймін кейде өзіме-өзім. Бірде апамнан: «Елдер Кененнің немересі боласың ба, әлде шөбересің бе?» — деп сұрайды. Анада ғой бір кісі: «Кенен ақыннан бір қыздан басқа бала қалмапты деуші еді, сол сен екенсің ғой, қарағым» деп бетімнен сүйді. Онысы несі?» — дедім.

— Е, шырағым-ай, біз сендерді жас келіп, күш кете бастағанда, елу бес пен алпыс бес жастың аралығында көрдік емес пе? Сендерден бұрынғы балалардың барлығы өлді ғой. Өлгені бар, тірісі бар, асырап алғанымыз бар барлығы он сегіз бала өсіріппіз. Соның тоғызы өлді де, тоғызы тірі қалды. Кенен «Базарым-ай,

Назарым-ай» деп зарлап өн шығарғанда қырықтан асқан шағы болатын. «Жасыңда бейнет көрсең, қартайғанда зейнетін көрерсің» деген мақал Кенен екеуімізге айтылғандай. Тірі қалған тоғыз ұл-қыздан бұл күнде отыз үш немере, жиен, жиырма жеті шөбере, жиеншар, бес шөпшек тарап отырғанын біреу білсе де, біреу білмейді. Сонан соң айтады да. Болмаса, құдайға шүкір. Кененнің арты жаман емес, — деген еді апам.

Иә, әкем өз өмірінде екі рет үйленген адам. Бірінші әйелі ақынның «Құдалар» деген ұзақ толғауында суреттелгеніндей Үлпідек апам (кітапта Ханзада делінген) атам он жеті жасында үйленген, Үлпідек апам Кенен мен атасы Әзірбайдың шаңырағына аса бір қиын кезде келіп, береке мен бірлік, ынтымақ пен ырыс әкелген жан екен. Әзірбай атам Кенен мен Үлпідектен немере қызы Талжібекті сүйіп, сексен бес жасында дүние салыпты. Бұл жайында Кенен:

Әкем де немересін сүйіп кетті,

Арманым енді жоқ деп шүкір етті.

Ел танып, адам болып ер жеттің деп,

Пәниден бағы-жайға жүріп кетті,—

деп еске алады.

Үлпідек апамнан Әзірбай әулетіне үш қыз дүниеге келіпті. Ең тұңғышы — әкемнің жиырма жасында туған — Талжібек. Талжібек әпкем ұзын бойлы, екі бұрымы тірсегін соғатын, қарулы, қара торы, атама қатты ұқсайтын кісі. Бетінде, шешек ауруынан қалған деседі, білінер-білінбес дағы бар. Атамның бұл қызы тарихта белгілі Мойынқұм — Шу каналы құрылысына қатынасқан көп қазақ қыздарының бірі. Ұлы Отан соғысы жылдары, одан кейінгі жылдарда да егін жинап, орақ орауға, шөп шауып, қой қыркуға, тағы да басқа қолхоздың шаш етекпен келетін шаруашылықтарының бәріне аянбай ат салысқан жан. Алайда еңбек кітапшасында кезінде еңбек жолдары дұрыс көрсетілмегендігі себепті (еңбек кітапшасы жоқ та) өмір бойы ері соғыста өлген әскер отбасы ретінде берілетін он — он бес сом зейнет ақыны қанағат тұтып өткен адам. Талжібек өнер жағынан әкеме тартпағанымен, өзіндік өдемі өзілі бар, шымшыма сөзді, аңғал мінезді еді.

Жаз айы үйге таза ауа кірсін деп апам есікті ашып қойған болатын. Бір кезде, бір топ сап-сары балапандарын ерткен тауықтар шүпірлеп үйге кіре

бастады. Әпкем есік алдында ойнап жүрген біздерге: «Әй, қыздар, есікті жабындар. Келді ана қонақтарың, сіз кіріңіз, біз кірейік» — дегенде, алғаш түсініксіз қалғанымызбен, артынан аңғарып тыңдасам, әлгі балапандардың үні түп-тура «Сіз кіріңіз, біз кірейік» деп шүйіркелесіп жүргендей естілді. Осындай астарлы сөздері көп-ақ. Тағы бір есімнен кетпейтін, ойыма түссе өлі күнге күлкімді келтіретін бір оқиғаны айта кетейін. Алтыншы класта оқитын кезім, сабаққа кетіп бара жатыр едім, әпкем менімен бірге шықты. Мектеп темір жолдың арғы жағында еді.

— Қайда бара жатырсыз, әпке? — дедім.

— Мына сексенінші разьезде бірге өскен құрбым көптен қонаққа шақырып жүруші еді. Соған бара жатырмын, бүгін қонып, ертең түскі пойызбен, амандық болса, келіп қалармын, — деді.

— Онда сау болыңыз, сұраған туыстарға сәлем айтыңыз, — дедім де жүгіріп кеттім. Арада екі сағаттай уақыт өтті. Сабақ арасындағы үлкен үйге қарай жүгіріп келе жатсам: «Әй, Төрткен, сен мұнда неғып жүрсің?» — деді бір таныс үн. Жалт қарасам есігі ашық вагонның ішінен әпкем түсіп келе жатыр.

— Неғып жүргенің несі, әпке-ау, өзіңіз өлі кетпегенсіз бе? — деймін.

— Үһ, өрең жеттім ғой мына тұрған жерге, демде-ақ келетін сияқты едік, — деп ренжіп тұр. Сөйтсем, жаттығу жасап жүрген вагонға отырған да, паравоз ары-бері жүргізіп, қайтадан бастапқы тұрған жеріне өкеліп қойып кетіпті. Бұған күлмей қайда күлерсің? Тура бір ай күлген шығармыз әпкемнің аңқаулығына.

Талжібек өз ғұмырында Бөтима атты жалғыз қыз ғана тапты. Бөтимадан Жұмабай деген ұл, Жарқынай деген қыз дүниеге келді. Жұмабайдан бұл күнде үш ұл (Жігер, Жандос, Жалын), Жарқынайдан екі бала (Жеңіс, Нұргүл) бар. Ері соғыстан қайтпай қалған соң Талжібек әпкем ендігі жерде өмірін жалғыз қызы Бөтимамен бірге, Бөтиманың тұрмысқа шыққан ері Іргебайдың елінде Алматы облысы, Қаскелең ауданының Көкөзек аулында өткізді. 75 жастан аса өмір сүріп, немере, шөберелерін сүйіп 1979 жылы дүние салды. Бес немерелі Бөтиманың өзі де Көкөзек аулының өртүрлі шаруашылықтарында еңбек ете жүріп, құрметті демалысқа шықты. Ұзақ жылдар ұстаздық еңбек еткен аяулы жездеміз Іргебай да енесі Талжібектің алдында үш-ақ ай бұрын қайтыс болды.

Бөтиманың өзі және балалары өлі де осы жерде, осы ел (Шымыр, оның ішінде Анда) ішінде өмір сүруде.

Өнерімен ел көзіне түскен аяулы баласының бірі, Талжібектен кейін дүниеге келген, Зұлухия қыз екен. Зұлухия аса көрікті, өрі суырып салма ақын, өнші болыпты. Әкем ол қызын көп көзіне түсірмей, саған топ алдына шығып өлең айтуға ертерек деп жібермей жүріпті. Бір күні атам үйде жоқта сол ауылда үлкен той болып, анасының жанын қоймай сұранып, Зұлухия тойға барыпты. Он үш жасқа жаңа толған Зұлухия сол жолы бірінен соң бірі шыққан жігіттермен айтысып, бірін де бет қаратпай жеңіп қатты көзге түскен деседі. Осы тойдан кейін көп ұзамай-ақ Зұлухия төсек тартып ауырады. Ол кезде дәрігердің жоқ кезі. Ауыл бақсы-балгерлері ем қонбайтын ауру, көз тиген деп табады. Оны Зұлухияның өзі де сезіп, өкесінің тілін алмағанына екінші білдіреді. Теріс қарап, түскиізді сипап жатып:

Аялаған ата-ана жөнің басқа,
Бұлбұл қонбас саясыз қу ағашқа.
Осы аурудан қорқамын түрі жаман,
Биыл ғана толып ем он үш жасқа,
Тас жармады, қызыл тіл, бас жарды ғой,
Өлең айтып, айтысып шаршы топта.
Алатау! Қайран елім қалады-ау!

деп, жылай-жылай арманда кетіпті.

Үлгілдек апам үшінші қызы Ұлтайды туған соң, кешікпей сал ауруына шалдығып ұзақ жатып қалады. Ал атам болса бұл жылдары (өзінің «Әли батыр» поэмасында жырлағанындай) 1916-жыл оқиғасына байланысты Әли Нұрқожаұлы бастаған Жетісу қазақтарының ақ патшаға қарсы шыққан ұлт азаттық көтерілісіне белсене қатынасып, оның үгітші ақыны болып жүрген кезі екен. Патшаның бақайшағына дейін қаруланған әскерінің қаһарына шыдай алмаған бұл көтеріліс сөтсіз аяқталғаны тарихтан белгілі. Көтеріліс басшылары ұсталып, қалғандары тау-тасты паналап қашып жүреді. Атам бастаған бір топ көршілес қырғыз жеріне қашып барып, сондағы достарының арасында біраз уақыт жүріп қайтқан екен. Оның сол жылдары шығарған «Аттан», «Қайран елім, қайда?!» деген өн-өлеңдері осы жылдардағы оқиғаға арналған.

Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.
«Ел кегі жауға кетпес», — деген бар ғой,
Дегенге кек қайтпайды, көңіл сенбес, —

деп жырлағанындай-ақ, атам болашақтан еш күдерін үзбей бақыт таңының бір келеріне шын сенген, сол үшін аянбай күрескен адам. Алайда, дәл осындай қиын кезде сүйікті қызы Зұлухияның мезгілсіз қазасы, іле жас нәрестелі болған Үлпілдегінің қатты ауырғаны «жығылғанға жұдырықтың» керін келтіргендей болады. Көп қиналған әкем он алты жасқа жаңа толған осы күнгі біздің анамыз Нәсихаға үйленеді. Бұл оқиға туралы Нәсиха: «Патша тақтан түсіп Кеңес үкіметі орнаған соң, әкімет кедейден шыққан ақындарға көп қамқорлық жасады. Жасы отыздарды орталап қалған Кенен біздің Қордай еліне ревком (ол кезде болыс дейтін) болып келді. Ақындығын бұрыннан еститінбіз, екі қызы, ауру әйелі бар екен дейтін. Менің елім баяғы өзі өлеңіне қосқан:

Жеті қойды ұры алды,
Ұры алмаса кім алды.
Мүлкөман мен Қонайдың,
Ұрысының бірі алды... —

деген Мүлкөман-Қонай ауылы. Жасым 16 — 17-лер шамасы. Сөз салушылар көп. Кеңестің жақсылығын естіп, еркіміз өзімізде деп жүрген кезіміз, қалайда сүйгенімізге баруымыз керек деп армандаймыз. Кенен мені «жиен қыз» деп жүрді. Өйткені, менің шешемнің аталары мен Кененнің аталары Солтанкелді — Бөкен деген елден, ағайынды кісілерден тарайды. Әкем Қабылтай өзі кедей болса да дес бермес сері, дастарқанды кісі. Жаңа заманды жан-төнімен қарсы алған адам. Сол жаңа заманның өкілі Кенен менің әкемнің сыйлы қонағының бірі еді. Бір жиында Кенен екеуміз айтыса кеттік. Өзімнің не дегенім есімде қалмапты, ал оның:

Қасың мен қабағың керіліп тұр,
Шолпы таққан қара шаш төгіліп тұр.
Күн шабан боп, таң шапшаң ішім пысты,
Сағат сайын көзіме көрініп тұр.

Күн түседі күлгенде маңдайыңнан,
Бал тамады сөйлесең таңдайыңнан.

Ұларсың ұлы тауды мекендеген,
Таңдап таптым қыздардың талайынан... —

дегені есімнен тандырды. Ел ішінде өнші, ақын атағы баяғыда тарап кеткен адамның жылы назарына іліккеніме өзімді шексіз бақытты санадым. Сонымен не керек, сөз байласып, кешікпей-ақ үйлендік. Үйіміз Кененнің туған жері Мәтібұлақта. Бірінші әйелі Үлплдек ауру екен, құдды енемдей, одан туған қыз — Талжібек мен келгенде 13 — 14-те екен, ол қайын-сіңлімдей, 2 — 3 жасар Ұлтай тұңғышымдай болып кетті. Үлплдекпен екі жылдан аса тату-тәтті өмір сүрдік. Батасын беріп, ризашылықпен қыздарын маған тапсырып жатып көз жұмды. Екі қызды да өзім өсірдім. Ұлтайдың Үлплдектен туғанын көп адамдар осы күнге дейін білмейді де, екеуін де өз қолымнан ұзатып, олардан бұл күнде немере, жиен, шөберелер, жиеншарлар, туажаттар сүйіп отырмын. Ұлтайым небары 49-ақ жыл жарық дүниенің қызығын көрді. Жасынан-ақ көп ауырушы еді, ақыры аяқ астынан қан қысмы көтеріліп, тілсіз кетті. Артында Райхан, Төлепберген, Серік, Қайрат, Кенжебек деген бес бала қалды. «Орында бар оңалар» деген рас екен, қазір барлығы да ер жетіп, олардың өздері де балалы-шағалы бола бастады. Ұлтайдың күйеуі өзінен бір мүшел жас үлкен еді. Жасы келіп, денсаулығының нашарлығына қарамастан, балаларын өсіріп-жеткізіп оларға қамқорлығын аянбай-ақ көрсетті-ау, азаматым. Ұлтайдан соң он төрт жыл өмір сүріп барлық балаларын аяқтандырып, немерелерін, жиендерін сүйіп, Рахымбай да өтті бұл дүниеден» — деп еске алып отырады анамыз Нәсиха.

Ұлтай төтемнің мамандығы бастауыш кластың мұғалімі. Орта бойлы, терең ойлының нағыз өзі еді. Ұлтай айнымаған анасы. Жүрісі, тұрысы, биязылығы, момындығы, сөйлегені, ұстамдылығы — бәрі-бәрі Үлплдектің өзіндей, артында қалған көзіндей деп әкем оны ерекше еркелететін. Бәріміз де Ұлтай төтемнің бетіне қарсы келіп көргеніміз жоқ. Төтем биші еді. Ол 1936-жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне атама ілесіп барып қайтқан. Сол жолы қонақ үйде бірге жатқан Күләш, Жамал, Шаралар төтемді билетіп, өнерін тамашалаған екен. «Кенен аға, елге барған соң қызыңызды алып келіңіз, оқытайық. Мына Шара қарындасыңыздың қолына тапсырыңыз», — депті олар. Бірақ, «Барғызбасың —

барғызбас» дегендей Мәскеуден келген соң кешіктірмей атамды «халық жауы» деп алып кетіп (бұл жайында кейінірек толығырақ айтылады) Ұлтай төтемнің биші болу арманына жетер жол мықтап бекітілген екен.

Әлі есімде мен бесінші класты бітірген жазда атам Ұлтай мен Рахымбай ағаға: «Мына Төрткенге қаланы көрсетіп, қыдыртып қайтсандаршы, жазғы демалысы да аяқталайын деп қалды, құдай бұйыртса бірер жылда астанаға оқуға апарамын, көзі үйрене берсін», — деді. Атамның айтуы мұң екен, ағам мен төтем өздері де себеп таппай жүрген көрінеді, мені Алматыға алып келді. Қаланы аралатты, базарға апарып кимегенді кигізіп, ішпегенді ішкізіп, жемегенді жегізді. Дүкендерден қағаз-қалам, сия-сауыт, кітаптар, дәптерлердің небір түрлерін сатып әперді. Естен қалғысыз көңілді қыдырыс болды. Әбден шаршап, сүріне жығылдым. Мені ұйықтап қалдыға санаған үлкендер, ақырын ғана бір жаққа жиыла бастады, бірақ мен барлығын да естіп жаттым. Олар үйден шыға бергенде мен де бірге шықтым. «Жаным-ау, біз театрға барамыз, жас балаларды түнге қарай театрға кіргізбейді, үш сағаттан соң келеміз» — дегендеріне көнбедім. Барған соң атама айтамын» деп ойбайлап жыладым, ақыры баратын болып, мені де киіндіре бастады. Есіктен кіргенде байқамасын деп аяғыма биік өкше туфли, үстіме ұзын көйлек кигізіп, мәшине жалдап жеттік-ау, өйтеуір. Ығы-жығы адамдар, біреуді-біреу біліп болмайды. Сүріне-қабына ішіне де кірдік. Төтем мен аға екі қолтығымнан сүйемелдеп, отыратын орнымызға өрең жеттік. Біреулер күліп жатқан сияқты, біреулер басаяғыма қарап таң қалып жатыр, онда менің жұмысым жоқ, есіктен өтіп кеткеніме мәзбін. Орныма отырысымен туфлиімді шешіп, жерге тастадым да, айналаға қарай бастадым. Сахна шымылдығы ашыл-ғанша екі көзім аспандағы жарқыраған шамдарда (люстра) болды. «Адамдар жоғарыға қалай шығып кеткен» деймін ішімнен лоджада отырғандарға таң қалып. Сондағы келген жерім Қазақтың Абай атындағы опера және балет театры, көргенім «Жалбыр» операсы екендігін кейін білдім. Опера тіліне түсінбеген сорлы басым, өрі кешке дейінгі шаршағаным бар, сол жерде ұйықтап қалыппын.

Ұлтай алдымыздағы үлкеніміз болғандықтан, өкемнен кейінгі менің қамқоршым еді. Өзі мектепте

мұғалім бола жүріп менің жақсы оқуыма, өдемі жазуыма көп көңіл бөлді. Қайткенде де мені оқытуға, мамандықты дұрыс таңдай білуіме ықпалын тигізді. Сол тірлігінде менің қорғаушым болып өткен аяулы төтем өлгенде де менің орныма кеткен сияқты сезінемін. Олай дейтінім атамның жылын өткізуге даярланып жатқан 1977-жылдың жазы болатын. Өкем менің түсіме жиі кіретін еді. Бір күні түсімде атам келді де менің төсегімнің қасына келіп орындыққа отырды. Өзі сондай көңілді, басындағы бөркін қолына алып, еңкейіп бетімнен сүйді.

— Ата, халіңіз қалай? Мен сізге бағыштап жұма сайын жеті нан пісіріп таратамын, құран оқытамын, — деймін.

— Қалдың несін сұрайсың, шырағым, бөрі жақсы, бірақ қатты шөлдеймін. Шөй құйып беретін адам жоқ. Менімен жүрсеңші, өлеңдерімді жазып, шөй ішіп отырар едік, — дейді. Мен атама ренжіңкіреп: «Сізден аянарым жоқ, ата. Жүр десең жүрейін. Бірақ, балалар өссін, мына қалалы жердің бір жаманы тіркеуден бір шығып кетсең, қайта кіру қияметтен де қиын», — деймін. Атам үндемей жоқ болып кетті. Орнымнан атып тұрып жеті күлше пісіріп тараттым да, інімнің қолында тұратын анама кеттім. Келе апама көрген түсімді айтып, «қайдам, атам маған өкпелеп кетті ғой деймін» деп қапаландым. Анам таңқалып көпке дейін үндемей қалды да: «Қайдам, үлкен кісілер жақсы көретін адамының бірін қасына алады деуші еді, келіспегенін жақсы да болған екен. Құдай оның бетін ары қылсын, өкең түнімен менің де түсіме кіріп әңгімелесіп шықты», — деді.

— Не дейді апатай, бір түнде екеуміздің де түсімізге кіргені тегін емес қой, айтыңызшы, көрген түсіңізді, — дедім. Апам: «Түнде өкең келіп: «Нәсиха, астымнан қатты сөз өтіп жүр. Ана қасқыр ішігімді жамбасымның астына төсеші», — деді. Орнымнан тұрып ілулі тұрған ішікке бойым жетпей өрең дегенде алып, төрт бүктеп астына салып едім. «Уһ, жақсы болды ғой» деп жоқ болып кетті. Осы өкең де қызық-ау, өзі балаларды айналдырмай-ақ жалғызсырап жүрсе мені-ақ алмай ма қасына, — деп күліп алды да: «Түс түлкінің боғы» деген мақал бар. Ондайды көңілге алмау керек, өрі оны көп ешкімге айтудың да қажеті жоқ. Сен өзін бір құрып қалған қыз екенсің, не болса соған мән беріп жүргенің», — деп ұрысты. Көп кешікпей Ұлтай төтем

ұзақ ауырды. Қатарынан төрт ұлдан айрылып, есім ауып мен жүрмін. Күндіз анау-мынау үй тіршілігімен айналысып білінбегенімен, түн баласы ұйқы безіп жылай береміз. «Біз бұл құдайға не жаздық, неден мұнша сор маңдай болдық» деп басымыз қосылса еңірегенде етегіміз толады. Екеуіміздің сол зарымыз өн болып төгіліп, өлең болып өрілді емес пе? Егіз лағынан айрылған сорлы ақ ешкінің безілдеп жүргенін көрген қам көңіл ақынның, сен де мен сияқты мезгілсіз балаларыңнан айрылған бейбақ екенсің-ау деп, шырқап қоя берген:

Зарланасың ақ ешкі лағыңа,

Емшегіңнен айрылған шырағыңа.

Кел, екеуіміз қосылып бір жылайық,

Жетер ме екен құдайдың құлағына...—

деп басталатын «Базарым-ай, Назарым-ай» деген атақты зарлы өнін бұл күнде білмейтін адам жоқ шығар. Базар мен Назардың кішкентай кезінде ойыншық деген табылмаушы еді. Сондағы Кененнің балаларына өзі қолдан тобылғыны жіпке тізіп жасап берген сылдырмағы сандықтың түбінде сақталыпты. Аталарыңның жүрегінде қатты мұң қалдырған, Базар мен Назардың қолдарының кірі сіңіп қалған осы бір ойыншықты да Кененнің музей-үйіне тапсырдым. Осы бір біз үшін ауыр боған жылдары жанымызға сая болған Іңкәрбек деген қайным еді. Кененнің әкесі Әзірбайдың өзімен бірге туған Әбденбай деген жалғыз інісі болған. Әзірбайдан Кенен туса, Әбденбайдан Іңкәрбек туған. Іңкәрбек Кененнен кіші еді, ол бізбен көрші тұрды. Нұртай деген қызы, Жапарбек деген ұлы бар. Нұртай Ұлтайыммен жасты да, Жапарбек олардан үш жас үлкен-ді. Балаларым есіме түсіп жыласам болды қайным мен абысыным: «Жеңеше, жыламашы, жассың ғой өлі, өмірден күдер үзбеші, мына біздердің балаларымыз да сіздердікі емес пе?»— деп жұбатушы еді. Құдай ауыздарына салған шығар бейшаралардың, түбі солардың балалары бізде қалды (ол туралы кейін айтылады). Қайран бұрынғының адамдары-ай, сол қайным мен абысыным, өле-өлгенше «Ишшәй» деп сөзге келмей, алдымыздан кесе көлденеңдемей-ақ өтті-ау дүниеден. Алла-тағала жарылқаса, соларды жарылқайтын жөні бар еді-ау, керісінше, аштан өлді...» деп еске алады апам.

«Қылышын сүйретіп қыс келеді»— дегендей-ақ, өйгілі 1930-жылдардың зобалаңы да жақындап келе жатты. Бұл кездері қазақ ауылдарын советтендіру, Қосшы одағын құру дегендер біршама аяқталып, енді колхоздастыру деген шықты. Кедейлер амалсыздан қолдарындағы бар малын колхозға өткізді. Ірі бай-манаптардың мал-мүліктерін тәркілеп тартып алып, өздерін жер аударды. Көбінің советке қарсы емеспіз, малымызды өзіміз-ақ өткіземіз, тек елден, жерден аластай көрмеңіздер деп жылағандарына да құлақ аспады. «Берсең — қолыңнан, бермесең — жолыңнан» дегенге басты. Зар жылатып қатын, балаларынан айырып, арба-арба қылып байларды айдап алып кетіп жатты. Осылардың басы-қасында болып көзімен көрген жаны нәзік Кенен кейде бір түрлі қамығып келетінді шығарды. Бір күні шыдамы жеткен Кенен: «Жасыратыны жоқ, Нәсиха, байлардың ішінде де нелер бір қайырымды, кеңпейіл, жайсаң жандар аз емес еді ғой. Обал-ақ болды. Жылағандарын көргенде жаның күйзеледі. Не істесем екен ө?»— деп солқылдақтық танытты.

— Ойбай-ау, Кенен! Күні кеше солардың есігінде жүргенінді ұмыттың ба? Мұныңды менен басқа ешкім естімей-ақ қойсын,— деймін өзімше сақтандырып. Сөйтіп жүргенде бір күні Кененмен аталас болып келетін Ақатай деген байдың мал-мүлкін жазып-қаттап, тартып ала бастады. Ақатайдың Құлажан, Бабажан, Бекбол, Нұрболат деген ұлдары бар. Олардың өздері жеке-жеке еншісін алып, бөлініп шыққан «шынжыр балақ, шұбар төстер». Сонысына қарай, қайырымды, ағайынға жайлы, сабырлығынан әділет-тілігі басым, кедей демей, бай демей жалпы елге жағымды жандар еді. Соның Құлажаны Кененменен құрдас өрі сырлас, екеуі сен кедейсің, мен баймын деп көкірек көрсетпей қатты сыйласатын құрбылар еді. Кененнің талай-талай қажетіне жараған жомарттығы басым, көңілі бос аяулы жігіт-ті. Сөйткен Құлажанды Орал жаққа 8 жылға жер аударды. Әйелдері мен балаларын жылатып-еңіретіп басқа жаққа айдамақ болды. Сол жолы Кенен Құлажанның кедейден алған әйелі Нәжімішті кішкентай қызымен тығып, ұрлап алып қалады. Құлажанның өзіне ағайындардан ақша жинап астыртын береді, құрметпен шығарып салады. Құшақтасып, сүйісіп, жыласып өрең ажырасады. Мұны көрген белсенділер аудан басшыларына дереу хабар береді. Олар Кененді шақырып алып, партия қатарынан

шығарып, партбилетін алып, өзін есепке алып қоя береді. Бұл жағдай жан дүниесіне қатты әсер еткен Кенен біраз ауырып та қалады. Белсенділіктің бәрін тастап, Отар станциясына көшіп келдік. Сондағы темір-жолшылардың жылқыларын бағып, жем-шөптерін даярлап, қора-қопсыларын даярлап дегендей қара жұмыстармен айналысып күн көрдік», — деп ашық айтып отырады бұл күнде анамыз Нәсиха.

Алайда, мұнда да атама маза болмапты. Көм-пескеден қашып, тау-тасты саялап жүргендер көбейіп кетеді. Олар күндіз тығылып жатып, түнде ауыл малдарын ұрлап, өздерін тонайды. Атамның бағып жүрген жылқыларының да біразы жоғалады. Бұл атамның онсыз да ауыр жағдайын шиеленестіре түседі. НКВД-ның адамдары жиі-жиі келіп: «Кенеке, сіз осы аймақта туып өстіңіз, барлық адамдарды танысыз. Бізге көмектесуіңіз керек қой. Тауда қашып жүргендер кімдер деп ойлайсыз? Оларға осы жерде көмектесіп жүрген адамдар бар деседі. Олар кімдер деп ойлайсыз? Әлде көңілшектігіңізге салып өзіңіз араласып жүргеннен сауымысыз. Неге сіздің жылқыларыңызды жартылай ғана айдап кетті екен, ө? Біз сізді, әрине, олай деп ұйғарудан өзір аулақпыз. Дегенмен де бізге көмектесуден бас тартсаңыз, ойлау тұрмақ шара қолдануға да барып қалуымыз мүмкін, оның үстіне сіздің партиядан қалай шығып қалғаныңыз да бізге белгілі», — деп қорқыта бастаған екен. «Аты-жөні жоқ кімді ұстап бермек? Бар малын өкіметке өткізіп, жақсылық күтіп жүргендерді ме? Жоқ! Одан гөрі қаңғырып кеткенім артық. Бір Ұлтайдан басқа балам да жоқ. Неден қорқамын, неден қысылымын, ісім ақ, құдайым жақ болуы керек қой», — деп, әкем НКВД адамдарының сөзіне ыза болып, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалып, сезімтал көңілі күпті болып, бір сұмдықтың келе жатқанын сезінгендей, сұлық жүрген шақтары аз болмаса керекті. Бұл кездері ел-жұрттың алды ашығып, ауыра бастайды. Ойлап-ойлап, ақыры атам әйелі мен қызын алып, ешкімге айтпай бір түнде қырғыз жеріне көшіп кетеді. Сондағы Мәсімхан, Ыбырайым, Әбіш деген достарының көмегімен Тоқпақ қаласына жақын жердегі Жаңішек деген колхозға келіп тұрақтайды. Екі бөлмелі үй беріп қырғыз бауырлар жақсы қарсы алып, көмек береді. Өздерінің өлмейтіндігіне көздері жеткенімен елде қалған Нәсиханың әке-шешесін, бауырларын, Іңкәрбекті, оның балаларын, тұрмыс құрып кеткен

Талжібекті, басқа да қалған ел-жұртты ойлап сағынып, екі көздері төрт болады. Екеуі анда-санда Тоқпақ қаласына барса, жолдың екі жағында қырылып жатқан адамдарды көріп, жандары шошып келеді. Қайыр тілеп, маза бермегендерге кейбір тілі ащы қырғыз әйелдерінің: «Өлігінді көрейін тентіреген қазақ» дегендерін естігенде сай-сүйектері сырқырап, жылап та алатын көрінеді. Сөйтіп жүргенде бір күні үйге үсті-басы алба-жұлба ісіп кеткен бір адам келеді. Атам үйде жоқ кезі екен, апам қорқақтап жақындай бергенде өлгі кісі: «Жеңеше, мен Іңкәрбекпін ғой» дегенге тілі өрең келіп, құлап түседі. Бас салып, жылап-еңіреп жатқанда атам да үйге келіп қалады. Іңкәрбекті жуындырып, киіндіріп, тамақтандырып дегендей неше күн бағады. Есін жиып өз-өзіне келген соң бір-ақ біледі. Сөйтсе, аштан қырылатын болған соң, Іңкәрбек әйелі мен балаларын ертіп, өлсек өлерміз, өлмесек балаларды Кенен ағаға тапсырайық деп (атамның Қырғызстанға кеткенінен хабардар тек осы Іңкәрбек екен), Тоқпақ қаласына жаяу шығады. Жолда әйелі өледі. Жылай-сықтай, адам төзбеске төзіп, адам жеместі жеп күндердің күнінде Тоқпаққа да жетеді. Осы қалада қаңғып жүріп балалардан адасады. Оларды іздеуге де халі жоқ Іңкәрбек аға Кененді сұрай-сұрай жеткені осы болыпты. Атам естісімен-ақ балаларды іздеп бүткіл Тоқпақ қаласына сұрау салады. Бармаған жері қалмайды. «Көшеде қаңғып қалған балаларды жиып, сол жердегі жетімдер үйіне тапсырады екен» дегенді естіп, сұрастыра-сұрастыра оны да табады. Алғашында балалар өз әкелерінің аты-жөнімен тізімде жоқ болып шығады. Содан атам осылар ауылда жүргенде Кененнің балаларымыз деуші еді ғой деп тізімді қайта қараса, Кененов Жапарбек, Кененова Нұртай болып жазылған екі бала табыла кетеді. Қуанышында шек жоқ әкем екі баланы шақыртып, аман-есен қауыпшады. Сол кезде Жапарбектің он жастағы кезі екен: «Әке, мен сіздің бізді іздеп келетініңізді білдім, сондықтан да Кененов деп жазылдым, Нұртайды да солай жазғыздым», — депті ол. «Ақылыңнан айналайын сенің, екеуіңді де ешкімге бермеймін, өзімнің балаларымсыңдар. Ал енді сендер осы жерде тұра беріндер, оқуларыңды жақсы оқындар, өзім келіп тұрамын» деп кетіпті. Екі баланы тапқандығын айтып, мәре-сәре болып жатқан атамның сөзіне басын изеп күлімдеп қарағанымен, Іңкәрбек аға на-

шарлай беріпті. Балаларын атама тапсырып жатып жүріп кетіпті.

Сол жылы (1933 ж) апам қыз туады. Атын көрші-қоландары «біздің елде жүргенде туған қыздың атын Қырғызбала қоялық» деседі. Қырғыз бала да небөрі жеті айдай ғана тұрып, ол да өледі. Атам мен апам өбден қалжырайды, тамақтары тоқ, көйлектері бүтін болғандарымен елді, жерді сағынады. Атамның әйгілі:

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді тұрмыс құрғыр.
Сағынып ел-жұртымды жүргенімде,
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.
Алатау аңсадым-ау самал лебін,
Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін,—

деп басталатын «Бұлбұлға» деген өні осы жылдардағы туынды. 1934-жылы қырғыз ағайындарына алғыстарын айтып елге көшеді. Қайтарда атам балалар үйіндегі Нұртай мен Жапарбекке барып, көшетін болғандықтарын айтып, барып орналасқан соң жазғы демалыстары жақындағанда келіп алып кететіндігін айтады. Отар станциясына көшіп келіп, өкем темір жолдың көшпелі театрына жұмысқа орналасады. Сол жылы астық мол шығып ел ептеп көтеріле бастайды. Осы жылдың аяғын ала апам Сағатбек деген ұл туады. Бірақ ол да ұзақ тұрмай дүние салады. Қу тіршілікпен айналып жүріп атам Тоқпақ қаласындағы күтіп жатқан балаларға бару мерзімін біраз созып алады. Бір күні атамды күте-күте сарғайған Кененов Жапарбек балалар үйінен қашып шығып, пойыздан-пойызға жасырынып мініп Отарға жетеді де ойда жоқта үйге кіріп келеді. Көп кешікпей атам мен Жапарбек барып Нұртайды алып қайтады. Сөйтіп атам мен апамның Ұлтайына Жапарбек пен Нұртай қосылып үш балалы үлкен шаңырақ болып шыға келеді. 1941-жылы соғыс басталғанда Жапарбек 10-класты жаңа ғана бітірген өрімдей жас екен. Өзі ұзын бойлы аққұбаша бөрікті жігіт болып өсіпті. Жасынан еті тірі, өткір Жапарбек: «Осы соғыста ең құрығанда он фашисті өлтірмеген жігіт, жігіт пе?» — деп жүреді екен. Бір күні атам үйде жоқта жасы толмағанына қарамай майданға өзі сұранып кетіпті.

Артыңнан Көркем туған шошақ басым,
Тілеуші ем аман қыл деп ошақ басын.

Шығарып сап Қыдырбекті кеткенімде,
Қалдым-ай бір сүйе алмай талдырмашым.

Тетелес Көркем туған май құйрығым,
Аузыңа асатушы ем қой құйрығың.
Жауды жеңіп жарқырап аман келгін,
Қалдым-ау қоштаса алмай жас сүйірігім,—

деген өлеңі сол Жапарбекіне арналған. Жапарбек сол кеткеннен мол кетті, не бір суреті де сақталынбапты. Ал Нұртай төтем ұлды-қызды, немерелі-шөберелі бақытты өже болды, қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, белгілі халық ақыны Есдәулет Қандековтың ауылы Ақтеректе тұрып жатыр.

Кененің өулетіне 1936-жыл ерекше қуаныш сыйлапты. Сол жылы атам Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатынасу бақытына ие болса, жанұясында дүниеге мен келіппін. Ендігі мәселе қайткенде де мені алдыңғы балалардай өлтіріп алмау, ұзақ өмір сүргізу болса керек. Бұл арада анамның анасы — өжем Мысбала мен ауыл әйелдерінің, көрші-қоландардың іс-әрекеттері менің өлмей тірі қалуымның бірден-бір себепкері сияқты. Шыр етіп жерге түскеннен кіндігімді ер балаға балтамен кестіріп, балтадай мықты болуымды тілепті. Онан соң 70, 80, 90-нан асқан үш кемпірдің және бір шалдың астынан өткізіп алыпты да, атымды «Төрткемпірбіршал» қойып, құлағыма үш рет айғайлапты. Содан мені бір қап тезекке біреуден сатып алып, тұмаққа салып іліп қойыпты. Жақсылап шілдехана жасапты. Сөйтіп, өйтеуір, ауырсам да, сырқасам да айналадағылардың ес-түсінен түк қалдырмай жүріп, өлмей мектеп жасына толыппын. Мен екі жасқа келгенде апамның аяғы ауырлап, енді мен толық өжем мен атамның тәрбиесіне көшіппін. Кененова Төрткемпірбіршал болып мектепке де бардым. Аты-жөнімді қағаз бетіне сыйғызудың өзі бір күлкі. Қалай сабақ беруге тақта алдына шығамын, солай мұғалімдерім де, оқушы құрбыларым да күле бастайды. Алғашқы жылдары оған көп көңіл бөлмейтінмін, кейіннен ыңғайсызданатын болдым. Алтыншы класта оқып жүрген жылдың мамыр айында: «Ата, осы менің атымды өзгертпесеңіз болмас, мектепте бөрі күледі. Балалардың көпшілігі комсомолға өтіп жатыр, мен де өтемін десем, класс жетекшім: «Сенің қай жылы туғаныңды да білмейміз, құжаттарың да жоқ, 7-ні бітірген соң не

паймын деп, бізді класқа кіргізбей қойды» деп бір күні Ұлтай мен Нұртай, Жапарбегім жылап келді. «Аузым аққа тигенде мұрным қанады» дегендей сұмдық-ай, «халық жауы» деген не еді тағы» — деп, менімен бірге күйіп-пісіп жүрген анам — Мысбала ғана. Ойлап-ойлап балаларды шешеме тастап Төрткенімді көтеріп Алматыға келдім. Білетінім Жазушылар Одағының үйі ғана, сонда келіп біреуден бастығының қайда екендігін сұрадым. «Жеңгей, мына бөлмеге кіріңіз, бастық сонда» деді. Онда мені жас жігіт қарсы алды. Аты-жөні өзім Кененнен естіген Мұхамеджан Қаратаев екен. «Осындай кезде не істеп жүрсіз мұнда?!» — деп су ішкізіп, отыратын орындық ұсынып бөйек болды. Жылап отырып Кененді алып кеткенін айттым. «Ең болмаса бір жолықтырыңдаршы, көмктесіңдерші, енді қайда барамын, ешкімді білмеймін», — деп жалындым. Мұқият тыңдап отырып: «Тілді алыңыз. Бұл бір сіздің басыңыздағы жағдай емес. Ешкімге көрінбей-ақ, ешкімге жағдайыңызды айтып жалынбай-ақ, аулыңызға қайтыңыз. Қазір біреудің біреуге көрсетер көмегі шамалы. Қолымнан келгенше жоғарыға жазып көрейін», — деді.

Сонымен жылай-жылай, азып-тозып аулыма өрең жеттім. Бөрінен күдер үзіп, өйтеуір, өлмес тірлік етіп жүре бердік. «Халық жауының әйелі, балалары» дегенге де үйренеді екен адам. Балалар үшін тірлік еттім, соларды сақтап қалуға тырыстым, құлағымнан Кененнің: «Балаларға ие бол, шыда», — деген үні кетпей қойды. Түнде: «Кенен-ау, қайдасың? Өлімісің, өлде тірімісің? Аңсап жеткен жаңа заманың сені халық жауы десе, оның сонда досы кім болғаны?» — деп егілемін. Жүдедім, аздым, тоздым, арада бір жылға жуық уақыт өтті. Бір күні балаларыммен ертеңгі шайымды ішіп отыр едім: «Жеңеше, сүйінші, Кенен аға келе жатыр, ақталыпты!» — деген мектепте мұғалім болып істейтін Сейілхан қайымының дауысы естілді. Өзі ат үстінде тұр. Балалар атып тұрып далаға қарай жүгіре жөнелді. Маған қараған кісі жоқ. Басым айналып, құлағым шыңылдап орнымнан тұра алмаймын. Есім ауып біраз отырдым. Өрең дегенде ұйықтап жатқан Төрткенді оятып, жетектеп далаға шықтым. Сендерге өтірік, маған шын, аулымыздың еңбектеген жасынан, еңкейген көрісіне дейін үлкен қара жолға қарай жүгіріп барады. Менен басқа жан баласы қалмаған. Алға басқан аяғым артқа кеткен секілді. Елдің ең артында баламды жетектеп ілбіп келемін. Кенен Алматыдан атпен келді. Ұлтай,

Нұртай, Жапарбек өкелерімен көрісіп, тіпті алды-артына мінгесіп алыпты. Кенен жайлап елмен-жұртпен амандаса-амандаса бізге де жетті-ау: «Нәсиха-ау, сен қайда жүрсің?» — деп қолымдағы Төрткенді алды да, мойнының астына тұмсығын тығып алып, ал кеп жыла. Егілмеген ел жоқ. Өзі өбден жүдеген, тістері түскен, көзі шүңірейіп, құр сұлдер қалған. Шіркін, көңіл-ай! Көрген қиындығымыз бір күнгідей болмай қалды. Кеше ғана жоламай кеткен ағайын-туғандар, абысын-ажындар, көрші-қоландарым келіп, мал сойып, құдайы тамақ беріп жетістік те қалдық. Тіпті түк болмағандай, тынығып, тіс салғызып, біраз ес жиғандай болды.

— Кенен-ау, мен, сені алып кеткен соң, Мұхамеджан Қаратаев деген кісіге барып, жағдайдың бөріні айттым. Ол кісі «көмегімді аямаспын, жоғарыға жазамын» деген еді. Көмектесе алды ма? — деймін, қалай құтылып шыққанын білгім келіп. Ол ақырын ғана сыбырлап: «Кімнің көмегінің тигенін, қайдан келген құдірет екенін анық білмеймін, өйтеуір өзирге боспын. Қайта алып кетуі де мүмкін. Басқа пәле тілден деген емес пе, Нәсиха, еш адамға бұл туралы сыр ашпауымыз керек. Ақталып келді де де қой. Басқа салғанды көріп алармыз», — дейтін. «Не қылды, қалай болды, қалай босанып шықтың, неге қайта алып кетуі мүмкін дейсің?» — деп көп сұрақты жаудырамын сыбырлап оңашада. Сондағы айтқаны: «Үйден алып кеткен соң аудан орталығы Красногорге апарып қамады. Төрт-бес күннен соң Алматыға алып кетті. Онда бір адамдармен бірге жаттым. Бір-бірімізбен сөйлесуге тыйым салады. Көбісі көзі ашық, оқыған, саясатты жақсы түсінетіндер. Сырттан кімге тамақ келсе, бөріміз бөліп жейміз. Күніне төрт-бес адамнан, кейде 2—3 адамнан шақырып жауап алады, қинайды, өлімші қылып сабап, сүйретіп өкеліп итеріп тастайды. Жабылып су беріп, бар киімдерімізді үстеріне жауып, жараланған жерлерін таңып, шама-шарқымыз келгенше көмек береміз. Кейбір жарымжан аурулар түрме ішінде-ақ өліп кетіп жатты. (Бірнешеуінің аты-жөндерін айтып еді, ұмытыппын) өбден титығына жетіп, адамды күйдіріп-жандырытындары жаман. Ал, енді өтірік жала жабудан ішің кебеді. Менен сұрағандары: «Сен Ораз Жандосовтың досы, туысы екенсің. Оған арнап өлең де, өн де шығарыпсың. Не істе десе соны істейсің. Сонда сен кімсің? «Халық жауысың». Рас қой? Онда осының бөрі рас деп қол қой», — дейді. Күнде сұрайтыны осы.

Мойныңа алмасаң ұрады, соғады, көрмегенді көрсетеді. «Көне, иманыңды үйіре бер, қазір атыласың» деп мылтықты саған қарай көздей бастайды. Ішімнен иманымды айтып, жарық дүниемен талай қоштастым. Келесі күні тағы осы. Бір жақсысы, қалай қинаса да мен мойныма ешнәрсені де алмай қойдым, қолымды да еш жерге қоймай қойдым. Тек шындықты айттым.

— Ораз Жандосов нағыз кедейдің баласы. Кеңес өкіметін құрысқан, сол үшін аянбай күрескен адал большевик. Оған арнаған өлеңімнің де, өнімнің де бар екендігі рас. Бірақ, ол Ораз «халық жауы» делініп қамалғанда емес, керісінше 1922-жылы өкімет пен партия оны іскер басшы, шебер ұйымдастырушы деп бағалап Ташкентке жіберген. Сонда Қордай асуынан шығарып салып тұрып айтқан өн-өлеңім еді. Өкімет пен партия кімді мақтаса, ақын оны жырлайды. Мен Қазан революциясын, оны құрған В. И. Ленинді де, адал күрескерлер Тоқаш Бокин, Жұбаныш Бөрібаев, Масанчилерді де өнге қосып жырлаған ақынмын. Сол үшін кінәлімін бе? Кінәм не? Күні кеше ғана Жамбыл, Сәкен, Күләштермен бірге Мәскеуде болып, И. В. Сталиннің қабылдауында болып, онда өзімнің «Жаңа заң» деген өнімді шырқаған ақының емес пе едім? Енді «халық жауы» деген ат қойып, айдар тағыпсындар. Қайда кеңес өкіметі, қайда Сталин?— деп зарлаймын.

— Тарт тілінді! Тілінді кесіп тастайтын адам екенсің өзін, тақылдауын қарашы! Тақылдатамын мен сені. Айтып тұрғаныңның бәрі шылғи өтірік,— деп, күйдіреді-ау иттер.

Бір күні: «Көне, Оразға шығарған өнімді айт, бөріміз де тыңдайық. Бөлкім, бұл сенің соңғы үн шығаруың болар»,— деді. Жүрегім су ете қалды, бірақ тез есімді жинап алдым да: «Болса болсын. Бұл қорлықтан гөрі өлтіріп тастағандарың артық. Ал, тыңдаңдар менің соңғы үнімді»,— дедім де, бар күшімді сала:

Оразжан, серкесі едің Жетісудың,

Жасыңнан талаптанып оқу қудың.

Ер ағаң алдындағы Тоқаш өліп,

Екеуің Жұбанышпен егіз тудың.

Қош, аман бол Оразжан,—

деп шырқап қоя бергенім сол еді: «Қысқарт тілінді, өшір үнімді! Көрсетейін мен саған Оразды, Оразшылын мұның»,— деп, айғайлап, жын соққандай қалшылдап

кетті. Жендеттеріне ым қаққаны сол екен, бас салып мені тепкіледі-ау келіп, мылтықтың дүмімен ұрып, тісімді сындырғанын білемін. Ар жағын білмеймін, ес жия алмай көп жатыппын. Келесі күні тағы тергеу: «Сен байдың тұқымы екенсің ғой, шыныңды айт жаныңның барында»,— деді. Күйіп кеттім. «Көк-шолақпен тепеңдеп қой соңында қаңғып өскен мен сорлы қашаннан бері байдың баласы бола қалған екенмін?»— деп, түкіріп кеп жіберіппін. Тағы да ұзынымнан түсірді. Әбден шаршадым. Ендігі жерде ызақорлықтан тілім байланып қалатын халге жеттім. Сөйлемейтін де, ешқандай сұраққа да жауап бемейтін болып алдым, құдды кеңкелес сияқты меңірейген қалыпқа түстім. «Ұра берсе, құдай да өледі!»— дегендей, ұру мен соғуға адамның еті үйреніп те кете ме деп қалдым. Әйтеуір, еш қағазға қол қоймағанымды анық білемін. Мен олардан, олар менен шаршағандай болдық па, бірнеше күндей шақырылмадым, сұралмадым, құдды мені ұмытып кеткендей. «Мұнысы несі екен, өлде түк шықпайтынын білген соң атуға даярлап жатыр ма екен» деп түрлі ойлардың шырмауында жата бердім. Күніне бірнеше адамды шақырады, кейбірін өлімші етіп әкеп тастайды, көбі қайтпайды. Атылғанын ішпей сеземіз. Сондағы бір таң қалғаным, Нәсіха, бізді айдап та, сұрап та, ұрып та жүргендердің басым көпшілігі өзіміздің қазақтың жігіттері. Кейбірінің бетіне тік қарасаң, шыдай алмай тайқып кетеді. Сондай күндердің бірінде бір орыстың аты-жөнін (аты-жөнін Кенен айтып-ақ еді, ұмытыппын) атап, одан соң «Әзірбаев Кенен, шығындар!» деген қатаң дауыс естілді. Орнымнан атып тұрып қасымдағыларға: «Енді мен қайтпайтын шығармын, қош болындар!»— депмін. Олар да қоштасып жатыр. Біреуі: «Кенеке, атуға шақырғандарыңда қолдарыңдағы қағаздары көк түсті болушы еді, бүгінгі қағаздарының түсі қызыл екен, мүмкін босататын шығар»,— дейді. «Қайдағы босату»,— дедім де шығып кеттім. Қаранғыдан жарыққа шыққанға көзім үйрене алмай біраз тұрып қалдым. Күн ыстық, шаңқай түстің мезгілі. Қыбыр еткен жан жоқ, айнала тым-тырыс. Бас, аяғыңды, былай тұр, былай жүр деп ақырып тұрған да ешкім жоқ. Не қыларымды білмей жан-жағыма қарасам, менімен бірге шақырылған орыс безіп барады. Өзі қашып бара жатып, артына бұрылып маған бірдеме-бірдеме деп қолын ербендетеді. Қалшылып, есім ауып өлі тұрмын, өлі тұрмын. Ешкім

ештеме демейді. Мен де қаштым. Қайда бара жатқанымды білмеймін, өйтеуір жүгіре беріппін. Қол-аяғым ұзын ғой, жүйрік екенмін, ағаштарды тасалай-тасалай тығылып жүріп қаланың сырты ғой деймін, ашық алаңға шығып кетіппін. Ойыма Құсайынның үйі түсті. Құсайын көптен қалада тұратын аталас жалғыз туысым. Күн қараңғылана сонда тарттым. Мені көргенде Құсайын шошып кетті. Жалаң аяқ, жалаң бас, үсті-басым кір-қожалақ, киімдерім жыртық-жыртық. Дереву моншаға түсіріп, киімдерімді ауыстырып, ешкімге көрсетпей үш күн бақты. Төртінші күні астыма ат тауып беріп, шығарып салды. Ылғи түнде жүріп отырып, жеттім-ау сендерге», — деп еске алды Кенен.

Екеуміз ақылдаса-ақылдаса келіп, бұл жақсылық не де болса Мұқамеджан Қаратаевтан келген деп ұйғардық. Бұл туралы ешуақытта ешкімге айтпайтын болып келістік. Кейіннен 1960-жылы Кенен өзінің «Достарым» деген өлеңінде Аянбай, Еркебай, Мөсімхан, Ораз, Иван Шпигальский, Борис Ерзакович, Сөбит Мұқанов, Тайыр Жароковтармен қатар:

Сегізінші Қаратаев достың бірі,
Кетеді шындықты айтса көңіл кірі.
Қиындық көргенімде жәрдем берген,
Себепкер жүргеніме елде тірі... —

деп жырлауы содан еді. Бұл оқиға Кенен екеуміздің жарты ғасырдан астам сақтаған құпия-сырымыз. Шүкіршілік, өйтеуір, осыдан кейін біздің жанұя айналасында қуанышты күндер мен жылдар көп болды», — деп аяқтады сөзін анам Нәсіха.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» дегендей, нелер қызықты оқиғалар менің артымнан (1939-жылы мамыр айында) ұл бала Көркемжан туғанда болған көрінеді. Бұл кезде атам 55 жасқа келген, атағы халық арасына кеңінен белгілі болған кезі. Балалары тұрмай жүрген Кененге ақыл айтып, ес беріп, қуанышына да, қайғысына да ортақ болған ақын Жамбыл бабамыз, осы жолы біздің үйге арнайы келіп, атама құтты болсын айтып, баласының атын Көркемжан қойып кеткендігін көріп, куә болған адамдар біздің елде өлі де баршылық. Олар бұл оқиғаны мақтаншпен еске алады. Ол туралы атамның өзі де:

Сен туып ең Жамбылдың батасынан,
Суырып өпергендей қалтасынан

Мұндар қу бас атанып жүргенімде,
Сені берген айналдым Қордайымның жотасынан, —
Көркемжан... —

деп жырлап, қуаныштарында шек болмайды. Қысқасы, Көркем туғандағы шілдехана тойы, тілашар тойы, тұсау кесер, атқа мінгені, сүндетке отырғаны, мектепке барған, оқуға түскені — бәрі-бәрі тойлана береді. Той-тойға ұласады, қуаныш-қуанышқа жалғасады. Көркемжанның тез ержетуін, оның үйленіп Кененге немере, шөбере сүйгізуін тілемеген адам қалмапты. Көркем де көптің көңілінен шығуға тырысып баққан көрінеді. Мектепті аяқтап, жоғары білімді сырттай оқып-ақ алатыны, үйленуге қарсы еместігін айтты. Мұны білген біздің үйдің адамдарынан маза кетті. Қай ауылда жақсы қыз бар деп естісек, соны барып көріп, бірін мақтап, бірін қоштап дегендей әлекке түстік те кеттік. Сөйтіп жүргенде, Алматыдан Көркемнің өзі сүйген қызы — Динаны алып келді. Әдемі-ақ екен. Екі беті топ-толық алмадай. Кірпіктері ұзын, көздері жайнап тұр, аяқ-қолдарының тырнақтары алқызыл түрмен боялған. Шашы бұйра. Үстінде тізеден сөл ғана төмен қара юбка, ақ кофта. Аяғында өкшесінің биіктігі бір қарыстай ақ босоношка. Ең қиыны ана тілін түсінгенімен, жөнді сөйлей алмайтыны болды. Қалалы жерде бұл аса көзге түсе қоймағанымен орысы да қазақша сөйлей алатын біздің ауылға, Динаның бұл келісі көзге түрпідей тиді десем, асыра айтқандық емес. Ел ішінде: «Япыр-ай, Кенен сорлының қартайғанда көрген келінінің түрін-ай, бұл қайтіп мынадай атақты үйге келін болып жетістірер дейсің», — деушілер көбейді. Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр, ауылдың ендігі жерде өңгімесі де, андитындары да Дина болды. Әкем мен шешем өз қолдарын өздері кессін бе? «Не көрмеген бас дейсің, мұны да көрелік, құдайдан тілегеніміз осы емес пе еді, бұл да біреудің әлпештеген баласы ғой», — деп біріне-бірі ес беріп, шүкіршілік етті. Ел-жұртты шақырып, үлкен той жасады. Келіннің бетін ашарда атам беташар ырымын біреуге бергізіп, екі баласын қатар тұрғызып қойып, келіннің бетін өзі ашты. Ақылын, өсиетін айтты, осы күнді ұзақ күткендерін еске алды. Сондағы:

Құтты болсын келінім аяғынан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.

Мал-мүлкіңе ие бол арнап жиған,
Өсекшілдің сақ болғын саяғынан.

Құтты болсын келгенің Дина келін,
Өзіңе арнап дүние жинап едім.
«Базар-Назар» өн салып жылай-жылай,
Талай-талай жанымды қинап едім.

Халқым тілеп өперген Көркем едің,
Көкжелкеме мінгізген еркем едің.
Алғаныңмен қоса ағар, бірге қартай,
Елу беске келгенде көрген едім.

Келін келді дегенде қуанғаным,
Қуанғаннан орнымнан тұра алмадым.
Дүйім елді шақырып той жасадым,
Аман қыл деп бастарың құралғанын.

Кейбір жастар бұл күнде күлкі боп жүр,
Бірін-бірі алдайтын түлкі боп жүр.
Ғашық болып қосылып, ертеңгі күн,
Кеңселерге сүйресіп күлкі боп жүр.

Таутекедей тау-тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Колхозыңда театр, кино жоқ деп
Баламды ертіп қалаға бастап кетпе.

Қуанышым, қайрат күшім Көркемжан!
Қуанышым, жігер күшім, келінжан!—

деген ұзақ толғауын тебірене отырып айтқаны бүгінгідей есімде. Көзіне жас алмаған жан жоқ. Дина мен Көркемнен өкем бес немере сүйді. Дина «ақылды тентек» екен, апамның тәрбиесіне тез көнді. Бірде бүлдірсе, бірде күлдірді. Сөйте-сөйте ана тілін үйреніп алды, ауыл тірлігіне біртіндеп қалыптаса бастады. Ата-енесін күтті. Басынан орамалын тастамайтын көдімгі бесаспап келін болды. Атамды өз қолдарынан соңғы сапарға шығарып салып, ата-анамыздың қара орманына ие болып отырғандар да, өкеміздің музей-үйінің шырақшысы болып отырғандар да осы Көркемжан мен Дина. Дина музей қорының қызметкері, ал Көркемжан болса музей құрылысының алғашқы

кірпіші қаланған күннен бастап аянбай атсалысып келе жатқан өке музей-үйінің директоры.

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан 1942-жылы еді. Анамның жалғыз бауыры Қыдырбектен көптен бері хат келмей, өжем, жеңешем, атам, апам, ағайын-туғандар қатты алаңдап, күдікті ойдан арыла алмай жүрген-ді.

Қыдырбек, сағындым,
Хат жазбай не қылдың.
Гауһарым жоғалдың,
Кешікпей табылған...—

деген өкемнің өлеңі осы кезде жазылған. Бір күні Қыдырбек ағадан, қолынан жеңіл жарқаттанып госпитальда жатқанын, одан жазылып, майданға қайта келгенін хабарлаған хат келді. Келесі күні апам босанып, қыз туды. Қыдырбектен тіл-хат келген кезде дүниеге келген қыздың атын — Тілграмкүл қойды. Осы жылдың мамыр айында Қыдырбек Қабылтаевтың Смоленск түбіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапқандығы туралы қара қағаз келді. Бұл суық хабарды «Жалғыз қайным» деген қаралы өнімен атаның өзі естіртті:

Сұр бұлт түсі суық келді хабар,
Шынымен сөнді ме екен жалғыз панар?
Жолында ұлы Отанның құрбан бопты,
Артында тұяқ қалса не арман болар?!

Шіркін көңіл тынсашы-ай,
Бір қалыпта тұрсашы-ай!
Сынаптай сырғақ дүние-ай!—

деп еңіреп жылады дейсің. Апам ауық-ауық талып, өжем Мысбала мен жеңешем Сақыпбала шаштарын жұлып, беттерін тырнап күндіз-түні аңырап құр сұлделері қалды. Осы қаралы қайғының үстінде күтімі болмады ма кім білсін, Тілграмкүл ауырмай-сырқамай-ақ қайтыс болып кетті. Қыдырбек ағаның жақсы хабарымен бірге дүниеге келіп, жаман хабарымен бірге о дүниеге аттанған атамның осы қызының қайғысы жаңа-жаңа есім кіріп өсіп қалған маған қатты батты. Іңгөлап қатты жылаған балаға қарар үлкендер жоқ, қайта-қайта жаным ашып, жұбатқым келіп, жұбата алмай бірге жылағаным көпке дейін есімнен кетпей, азапқа түстім.

1945-жыл — жеңіс жылы. Мен ол кезде 2-кластамын. Ел-жұрттың есі жиылып, еңсесі көтеріле бастаған кез.

— Апа, — дедім бір күні, — сіздің ішіңіз дәу болып кетіпті ғой, семіргенсіз бе, немене?

— Иә, қызым, мен сендерге жақында кішкентай әлди туып беремін, жұбатасындар ма? — деді апам қасымда отырған Көркем екеуміздің маңдайымыздан кезек-кезек сүйіп.

— Жок, апа, менің сабақ оқуым керек, Көркем жұбатсын, — деймін.

— Мейлі, апа, тусаңыз туыңыз өзім-ақ жұбатамын, — дейді Көркем. Апам ішек-сілесі қатып күліп алды да: «Көркемнің ниеті жақсы. Кенен-ау, мына қызың өлден-ақ қашып отыр», — деп әкеме, көршілерге айтып біраз күлісіп жүрді. Дәл сол жылы шілде айында апам ұл туды. Атын Көркемжанға ұқсатып Бақытжан қойды. Артында бала қалмай өмірден арманда кеткен Қыдырбек ағаның аты жойалмас үшін баланың аты-жөнін Қабылтаев Қыдырбекұлы деп жаздырып, әжем мен Сақыпбала жеңешеме берді. Жеңешем Бақытжанды ермек қылып, Қыдырбек ағаны сегіз жыл күтті. Жас емес пе? Күндердің күнінде тұрмыс құрғысы келетінін ашық айтып, ризашылық сұрады. Қалағанын беріп әкем қыздай қылып шығарып салды. Әжем мен Бақытжанды өз қолына көшіріп әкелді. Ал Бақытжан болса әкесін — жезде, шешесін — апа деп, «Қыдырбектің баласымын, еліміз Мүлкаман-Қонай» деп жеті атасына дейін тақылдап айтып, бөлініп өсті. Бір күні аудандық әскери комиссариаттың дәрігерлік тексерілуінен оралған Бақытжан өпкесін де, жездесін де, бөрімізді де шақырып алып, тас-талқанымызды шығарды. Әжемнің сол күні үйде болмағаны қандай жақсы болды десеңші: «Менің әкем Қыдырбек 1942-жылы соғыста өлсе, 1945-жылы мен қалай тудым?» — дейді де жылайды. Атам да, апам да қатты қысылып, ұяттан не дерлерін білмеді. Ақыры шындықты айтуға тура келді. Білмеген у ішеді демекші, о баста қызбалыққа салынса да, Бақытжан зерделі бала емс пе, істің жайын тез аңғара қойды. Жағдайды толық түсінген Бақытжан: «Кешіріңіздер мені, ертерек мұндай нәрсені түсіндіріп қоюға да болатын еді ғой, военкоматта біреу осының бәрін бетіме басқандай айтып, ішектері қата күліп, мазақтап жыныма тигені», — деді де әжесінің көңілі үшін енді бұл туралы жұмған аузын ашпауға бекінді. Бақытжан сонан кейін Кененнің баласы екендігін тек

ҚазМУ-дің 3-курсын тамамдауға қалғанда мойындауға мәжбүр болды. Бірге жүрген қатар-құрбы, жора-жолдстарының: «Сен Кененнің баласы бола тұра, әдейі әскерге бармау үшін, әкіметтің жеңілдіктерін пайдалану үшін бөтен адамның баласы боп жүрсін», — деген алып-қашпа сөздері қызба Бақытжанның жан-дүниесіне қатты әсер ете берген соң, ақыры құжаттарын өзгертіп алуға тура келді. Мұны тек әжемізге білдірмеуге тырыстық. Ал әжем болса, өле-өлгенше баласына Кененнің үйіне қандай дүниелермен, қанша малмен келгені, олардың қанша болғанын, егер Кенен қонақ келгенде солардың қойын сойғызатынын азайтса, ендігі қанша болатынын үйретумен өтті. Бақытжан Қыдырбектің баласы болғандығын ақтады деп есептеймін. Өйткені ол арнайы жолға шығып Смоленск түбіндегі бір селоға жерленген әкесінің басына барып тағзым етіп, топырақ алып қайтты. Баласының жатқан жерінен алып келген топырақты иіскеп, кеудесне басып, өлі де өлдіге қимай күтіп жүрген әжемнің сондағы жылағанын тілмен айтып жеткізу қиын. Бұл оқиға кезінде журналист Ақкөл Отарбаевтың жазуымен мерзімді баспасөзде «Бір уыс топырақ» деген атпен жарияланған-ды. Сөйткен Бақытжанның да төрт баласы бар. Жезирасы мен Мұхиты жоғары оқу орындарының студенттері, Салтанаты мектепте, ең кішісі — Мұхтар бала бақшада. Балаларының бәрі де қазақ бала бақшаларында тәрбиеленіп, қазақ мектептерінде оқыды. Қанша қашса да Бақытжанның түрі жездесінен аумамайды, мінезі де сол кісі сияқты, өңші, домбырашы, өз жанынан өн де, өлең де шығарады. Халық Бақытжанды: «Бойының сөл ғана аласалығы болмаса, тура Кенемнің өз көшірмесі ғой», — деседі.

Соғыстан кейінгі жылдары апам көп ауыра беретін болды. Қолғабысқа жарар баласы мен болғаныммен, қайырымға өлі де жаспын. Ол кезде малға суды тек тасып береміз. Кешке дейін темір жолдың ар жағындағы (водокачка дейді) колонкадан су тасимын. Бір күні апам әр үйге бір кіріп жұмыс сұрап жүрген жасы он — он бір шамасындағы қызды көреді. Төрткеніме серік болып су тасып берсе де қайда деген оймен үйге ертіп келеді. Сұрастырсақ, Шу станциясының балалар үйінен екен. Шешесі, екі інілерімен соғыс кезінде жер аударылып келіпті. Бастапқыда Жамбыл қаласында болыпты, кешікпей аналары қайтыс болып кеткен де, балаларды бір-бірінен еріксіз бөліп балалар үйіне

жіберген. «Атым Хамсият, атақты Сүлеймен Стальскийдің жақындарымыз» деді. «Мұны еш уақытта ұмытпа, қызым» деуші еді мамам», — деп жылап жіберді, оған бөріміз де жанымыз ашып кетті. «Онда бұл баланың ұлты дағыстан деген ел болғаны. Кіп-кешкентай бала Сүлейман Стальскийді қайдан біледі, бұл оның немересі не шөбересі, өйтеуір, бір жақыны болар. Қалай болғанда да, шыққан жері жақсы, жетім бала екен, асырап алайық», — деді өкем. Мұны бөріміз қоштадық. Хамсият та бір жақсылықтың болғанын сезіп, күліп келіп атамның мойнынан құшақтай алды, атам да бетінен сүйіп, тізесіне отырғызды. Апам үстіндегі киімдерінің бөріні шешкізіп тастап, жуындырып, басқа киімдер тігіп берді. Өзі де сүп-сүйкімді қыз екен, жұтынып шыға келді. Атына тіліміз келмей еркелетіп жүріп, қызымыз Айша атанып кетті. Зерек-ақ, айтқаныңды тез ұғады, қазақ тілін үйреніп алды. Бірге жүріп, бірге тұрып, бірге ойнаймыз, бірге жатамыз. Өкем ол қызын тіпті менен де жақсы көріп кеткен сияқты. Бір жаққа барса болды атының алдына отырғызып алып кетеді. Еркелеткені сонша, Айша: «Ата, өне бір ақ тоқты қашаған екен, өзі сондай тартыншақ, аяғымызды басып бір пөле өзі», — десе, өкем келесі бір кезекте сол қойды сойдыртатын. Атам Айшаны өзі өсіріп, өз қолынан сүйген жігітіне қосты. Қазір Нәмет жездеміз екеуі ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған бақытты жандар. Өке-шешемізге біздерден гөрі солар жиі қатынасып тұрады. Атам ауырғанда да, қайтыс болғанда да тік тұрып қызмет етті. Қуанышымызға да, қайғымызға да ортақ, тумаса да туғаннан артық аялы Айшаны біз әр кезде мақтан етеміз, сыйлаймыз, құрметтейміз.

Атамның 65 жасында, апамның өзі 43-ке келіп қалған, 1948-жылы қыз бала дүниеге келді. Атын өкемнің өзі Ақтамақ деп қойды. Құндақтағы Ақтамақты көтеріп жүріп атама: «Ата, қызыңыздың атын Ақтамақ дегеніңізге қарағанда өзі де аппақ болсашы, бұл да қара болады мен сияқты, көресіз ғой», — дедім. Сонда атам: «Е, шырағым, мұны есіме дұрыс салдың. Баяғыда, бала кезімде қойымды жайып қойып жападан жалғыз өзім ішім пысады. Кейде айғайлап ән айтамын, көкке аунаймын, қарным ашып, шешемді сағынып жылаймын, бір мезгіл ойнаймын. Сонда бай болсам деп армандаймын да өңшең қой тастарды жинап қора-қора мал жасаймын. Әлгі малдарымды Әндібай, Сәндібай,

Дөндібай деген ұлдарым жан-жағынан айдап қораға кіргізіп жатады. Мынау Әндібай деп бір ағашты адам құсатып қолын ербеңдетіп малымның оң жақ қанатына, мынау Сәндібай деп сол жақ қанатына, Дөндібайды қойдың арт жағынан айдап келе жатқан сияқты жерге шаншып қоямын. Сонан соң екі ұзын-ұзын жіңішке леу тастарды тауып әкеліп, тамақтарын темірмен егеп-егеп мынау Ақтамақ деген қызым, ал мына қызымның аты Ақбілек деймін. Ақтамақ пен Ақбілекті ұзатып тағы да мал аламын. Сөйтіп, қиялыммен кештің батқанын да, қойларымның алыстап кеткенін де байқамай қалатын кездерім болушы еді. Ержеткен соң бұл арманымды мүлде ұмытып кетіппін. Осы қызым туғанда есіме түсіп, ештен кеш жақсы дегендей, қызымның атын Ақтамақ қойғаным сол болды», — деді де бөбегін қолына алып ұзақ сүйді.

Қой баласын сүйеді қоңырым деп,
Ештеңені білмеген момыным деп.
Сиыр сүйеді баласын торпағым деп,
Қараңғыда баспаған қорқағым деп.
Ешкі сүйеді баласын лағым деп,
Тастан-тасқа секірген шұнағым деп,—

дегендей қызым, мейлі, қара болса, бола берсін, мен үшін бұл аппақ, — деді. Сосын ойланып қалды да: «Шешене айтсаңшы, бізге тағы бір қыз туып берсін. Оның атын Ақбілек қояр едік», — деп күлді. Атамның бұл ойы да орындалды. 1951-жылдың қазан айында өкемнің 68, шешемнің 46 жасында Ақбілек те келді. Ақбілекті бұл кісілер «сүт кенжеміз» деп ерекше жақсы көрді. Бұл күнде екеуі де бір-бір отбасының иесі. Ақтамақ француз тілінің маманы, Ақбілек мейірбике. Екеуі де Алматыда тұрады. Екеуінің де екі-екіден балалары бар. Ақбілектің ұлы Әкімжан да, қызы Айнұр да домбыра тартады, ән айтады. Ақтамақтың Мақсаты мен Әселі қазақ мектептерінде оқиды. Уақыт өткен сайын Ақтамақ пен Ақбілек өке-шешеміздің жас кезіндегі қиялының куәсіндей, бөрімізге аяулы да ардақты.

Атам қайтыс болатын жылдың бір күнінде бөрімізді шақырып алып: «Жақсы-жаман болмаса пейішті қайдан көрерсің, ұлы-қызың болмаса кейісті қайдан көрерсің» деген ғой халқымыз, бұл бас не көрмеді дейсің, қайғырған да, қуанған да күндеріміз аз болған жоқ, ренжіткен де, күйдірген де кездеріңнің бол-

ғандығын несіне жасырайын. Оған мен еш ренжімеймін, бөріңе де ризамын. Аман болыңдар, бақыттарың жансын, өсіп-өніңдер. Өншінің баласы — өнші, ақынның баласы — ақын болу міндет емес, ең бастысы атыма кір келтірмей еңбекқор, әділетті, адал болыңдар. Ала жіпті аттамаңдар, қандай бір жағдай болса да кешірімді болыңдар, үлкенің кішіңе қамқорлық жасап, кішілерің үлкенді сыйлаудан жалықпаңдар, Кененнің баласымыз деп ерекшеленбеңдер. «Алтын пышақ қында жатпас» дегендей, бойыңда табиғат берген талант болса өзі де жатқызбайды. Ал ендігі бір, тілім сауда айтайын дегенім, мына Нәсиха шешелеріңді сендерге тапсырамын. Аналарыңның өзі де 70-тен асып отыр, мұның өміріне көз жіберсем бар ғұмыры мені күтумен өткен екен. Өз анасы — Мысбала әжелеріңді қалай баққанын, мені қалай сыйлағанын өздерің көріп өстіңдер. Ана баққан, жар сыйлау деген осындай-ақ болар. Ағайын-туғандарымның, жолдас-жораларымның, ел-жұртымның Нәсихаға деген зөредей де ренішін естіген емеспін. Мен Нәсихаға бұл дүниеде де, ол дүниеде де разымын. Нәсиха менің артымда қалып бара жатқан аяулым болса, сендердің аналарың. Оның демалып, ұл-қыздарының арасында шалқып жүретін кезі әлдеқашан болды. Аналарыңның көңілін қалдырмай, қалтқысыз сыйлаңдар, күтіңдер» деген еді.

Әкенің соңғы тілегін орындамаған, анасын сыйламаған оңа ма?! Шүкіршілік, анамыз Нәсиха бұл күнде 85 жастан асты, бірімізге ардақты ана болса, бірімізге аяулы әже. Жыл басы наурыз айынан бастап Көркемжанына кетеді. Әкеміздің басына барып құран оқытады, құдайы тамақ баргізеді, музейінің іші-сыртын аралап, несі бар, несі жоғын түгендейді, кемшілігі болса келіні Динаға айтып көрсетеді. Қысқасы, жаз бойы елдегі абысын-ажындарын аралап, мауқы басылған кезде Алматыдағы Бақытжанына келеді, одан Ақтамақ, Ақбілек, Бәтима, Айша, Нұртай, мен — бірімізге кезек пен кезек қонақ болып жүргені. Кейде тіпті таласып та қаламыз. Бір ғажабы әкеміздің дарындылығы өзір ешқайсымызға қонбағанымен, біріміз де домбыра тартамыз, ән айтамыз, өнерді сүйеміз, өнерліні құрметтейміз. Дәл өзіндей болмасақ та ұқсап бағуға тырысамыз.

Айналып Алатауды шапқан дүлдүл

Ұзақ жылдарғы ұстаздық еңбегімде, бір байқағаным, біз жас өспірімдерді адамгершілікке, елді, жерді, Отанды сүйе білуге, батырлыққа, батылдыққа, еңбекке, қысқасы, тәрбиенің алуан түрлерін шәкірттеріміздің бойына сіңіру үшін бар күш-жігерімізді, іс-тәжірибемізді аянбай-ақ жұмсағанымызбен, оның ең негізгі де, маңызды саласының бірі — баланы ұлттық дәстүрде өсіріп, тәрбиелеу керек екендігін көбіне ескере бермегендігімізді бүгінгі күнде мойындамасқа шара жоқ. Қай ұлтты, қай халықты алмайық, оның болашағы, биік мұраты жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, оларды сол халықтың шынайы мұрагері болатындай етіп өсіруде жатқандығын түсінетін мезгіл жеткен сияқты. Әр ұлттың баласы, мейлі, ол қазақ болсын, орыс, неміс, ұйғыр болсын, өзінің ұлттық, салт-санасын, өдет-ғұрпын, тілін, дінін жақсы біліп өсуі керек. Өз ұлтының дәстүрін біліп, көріп өскен бала келешекте өз елін ардақтайтын, басқа ұлтты сыйлай білетін, ел-жұртына адал азамат болып шығатындығына күмән жоқ. Ал осы ұлттық дәстүрімізді баланың қанына сіңіріп, санасына енгізе тәрбиелеу ең алдымен ата-ананың аялы алақаны мен мейірінен басталады емес пе? Яғни бесік жыры, аңыз әңгімелер, ертегілер айтып, жақсы сөз, әсем ән, төтті күйлерімізді тыңдатып, баланың туған жерінен бастап айналадағылардың баршасымен таныстырып, жер аттары мен әсем табиғаттың сырынан мағлұматтар беру жасөспірім бүлдіршіндердің құндақта жатқан кезінен басталуы керек-ақ. Баланың әр нәрсені нақты ажырата білуіне, ой-өрістерінің дұрыс қалыптасуына үлкендердің жауапкершілікпен қараулары керек. Жас бала ғой, бөрібір түсінбейді деп жеңіл қарауға өсте де бопайды. Баланың талпынып еңбектеуі, тәй-тәй басуы қаншалықты қуаныш әкелсе, былдырлаған төтті тілі соншалықты қызық екендігін айтып жату артық.

Ана тілі ана сүтімен сәбидің бойына тарайды деп жатамыз. Десе дегендей ғой. Еш нәрседен хабарсыз пәк нәресте қай тілде бесік жырын тыңдаса, «жаным, құлыным, қозым» деген сөздерді құлағына сіңірсе, сол тілде жан дүниесі қалыптасады, сол тілде ол да тілдеседі емес пе? Осы орайда халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының: «Бесік жырына балқып, ертегіге елтіп, нан қадірін ұғып өспеген баланың көкірегі көр болмақ», — деген ұлағатты сөзін еріксіз

еске аласың. Баланың өз ана тілін білмеуін қазақ бала бақшалары мен мектептің аздығынан да көре беруге болмайды.

Менің бала жастан бірге өскен бір жолдасым кейіннен көп балалы жанұя болды. Олар көбіне ауылды жерде қазақтардың көп орналасқан жерінде тұрды. Сол жанұяда өз ана тілімен қоса орыс тілін де жақсы меңгерген бір ғана адам болды. Ол балалардың анасы. Мұндай жерде балаларының қазақ тілін қалайда білетіндігіне көзі жеткен ұстаз-ана олармен көбінесе орыс тілінде сөйлесіп жүрді. Сөйтіп жүріп барлық балалары өз ана тілімен қоса орыс тілін де жақсы меңгеріп алды. Бұл әлбетте бала тілінің қалыптасуына ата-ана ролінің орны ерекше екендігінің айғағы. Өмір тәжірибесінде тағы бір байқағаным, ең алғаш баланың тілі қай тілде шықса, ондай бала кейін орысша оқыған күнде де өз ана тілін ұмытпайды, ұмытқан күнде де тез есіне түсіріп сөйлеп кете алады екен. Бұл ретте, әсіресе, жас жанұя иелері халық педагогикасының бай үлгілеріне көңіл бөліп, ой жүгіртуді ұмытпағандары жөн. Бағзы заманнан-ақ халқымыз жас өспірімдерді тәрбиелеудің алуан түрлі тәжірибелерін қалыптастырған ғой. Нәрестенің тұсауы кесілген күннен «ананы өкел, мынаны орнына қой» дегеннен басталған еңбек тәрбиесі мал бағу, шөп шабуға дейін ұласып жатқан. Қыз балалар үй тіршілігіне үйретілген. Үлкендердің үлгісімен тоқу, тігу, жүн түту, киіз басу, ас даярлау өнерлеріне жаттықтырылған. Ағаштан түйін түйетін жас шеберлерді, зергерлерді, өнші, күйші, ақын-жырауларды да тудырған үлкендердің үлгі-өнегелерінің жемісі болғандығы баршаға аян. Соның нәтижесінде өнердің қай-қайсысы болса да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жалғаса берген. Өкінішке орай, көптеген ата-аналар баласының бар тәрбиесін бала бақша мен мектепке ғана тапсырады. Жақсы болса да, жаман болса да мұғалімдер мен тәрбиешілерден көреді. Үйде де, көшеде де, көпшілік орындарда да баласының мұғалімін даттап жүргені. Соңғы жылдары мұғалімдердің халық арасында беделінің кетіп бара жатқандығының бір сыры осында жатқан сияқты. Кейде балама жақсы қарасын деген оймен мұғалімдерге сый-сияпат жасайтын «пысық» ата-аналарды да көп кездестірдім. «Тәрбие — жанұя айнасы» деген нақыл сөз, әсіресе, ұстаздар арасында көп айтылады. Өйткені әр баланың іс-әрекеттеріне

мүқият зер салып қарасаң үйіндегі адамдардың мінез-кұлқын байқайсың. Әкесі балағат сөздер айтатын үйдің баласы сол естіген сөздерін жолдастарына айтары хақ. Әке-шешесі тату тұрмайтындардың баласының мінезі дөрекі келеді, кейбірі көңілсіз, мұңлы келеді, сөл нәрсеге жылап та қалады, сабақты тындамай өзінше бір терең ойға батып кетеді.

Бір топ балалар отбасы ойынын ойнап жүр. Ана болып жүрген қыз көршілерін көмекке шақырып: «Ойбай-ай, мына алқаш тағы да ішіп келіпті, маза жоқ, сотқа беріп ажырасқаннан басқа амал қалмады», — деп пашын дода-дода қылып жайып жіберіп жылап жүр. Бұл не? Әрине, үйіндегі көргені. Екі жолдас вокзалға келіп жол жүрмекші. Пойыз келе қоймайды. Асыққан біреуі: «Қазір дөңгелек дөңгелесе кетемін», — дейді. Екіншісі: «Бұйырса десемші. Әжем марқұм, асыққан жетпейді, бұйырған кетпейді, бөрі де бір құдай шешеді деуші еді» — дейді. Анау: «Құдайды ұрғаным бар ма? Қазір кетемін», — дейді. Екіншісі: «Ей, сен көк жын-дыңның өзі екенсің ғой, құдайсыз қурай да сынбайды», — деуші еді әжем, деп жолдасының дөрекі мінезіне таң қалады.

Міне, екі түрлі мінез, екі түрлі тәрбие. Мұндайда: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деген ұлағатты халық сөзі текке айтылмағандығы есіңе түседі. Балаларын үлде мен бұлдеге орап, қымбат, сирек кездесетін шеттің киімдерін тауып беріп, магнитофон, радиола ұстатып жеке бір бөлмеде бар жағдайды тудырып, не кием, не ішем дегізбейтін өкелер мен шешелер қаншама? «Жағдайдың бөрі бар, балам, тамағың тоқ, киімің бүтін, бір сабақтан басқа бұл үйде жұмыс жоқ. Әйтеуір іс қылып мектепті бітіріп шықшы, қалғанын өзім жасаймын. Бір сені оқытпасам несіне жүрмін. Қалаған жеріңе оқуға түсіремін, құдайға шүкір, баршылық қой, не сұраса да шамам бар» дейтін көкелер де кезінде аз болған жоқ. Осындайdan болса керек, мектепті бітірейін деп тұрған баладан: «Қайда, қай оқуға түскің келеді, қандай мамандықты қалайсың?» — деп сұраған кісіге: «Куда папа устроит», — деген екен. Ал, кейбір ата-аналар балаларын тумай жатып мансапқа, айналасындағыларға менсінбей қарауға баулиды. «Ана баламен ойнама, мына баламен қарауға баулиды. «Ана баламен ойнама, мына баламен жолдас болып ал, оның әкесі үлкен бастық, өздері бай тұрады», немесе «бір диплом алып шықшы, сосын көреміз. Мұғалім боламын деп басыңды қатырма, ол

қыздың жұмысы, өкімшілік қызметкері болуға тырысу керек. Тіпті, ғылым жолына барсаң қайтесі, ана жерде ана ағаң отыр, мына жерде мына апаң отыр...» деп баласының неге бейім, нені ұнататынында шаруасы жоқ ата-аналар қаншама еді баяғыда. Сосын бір мықтының атын сатып талай биіктерге жетеді, өседі де. Қолынан көп еш нәрсе келмесе де дегеніне жетіп жүрген талайларды көріп те, бейбіт қатар өмір сүріп те келеміз ғой. Біраз ата-аналар тәрбиенің ең мықтысы — қаталдық деп есептейді. «Баланы жастан, әйелді бастан» дегенді сақтайды. Баласымен еңгімелеспейді, оның жан дүниесінде не болып жатқанымен санаспайды, оны білгісі де келмейді. Өйткені, ол шаршап тұр, уақыты жоқ. Іс қылып қорқытып, ұрсып, ұрып, зекіп, өйтеуір, баласын алдында құрдай жорғалатып қойса болды. Мұндай әрекет тәрбиенің ең бір дәрежесі. Қаталдық балаңды түбінде өзіңнен алыстатып, үйден бездіріп жіберудің бірден-бір жолы. Неғұрлым балаңның қасқабағына қарап, аялап, ақылдасып, сырласып, сенен еш нәрсені жасырмайтындай сеніміне енсең, сол құрылым ол да айналаңнан шықпайтын, қуанғанда да, қысылғанда да қасыңнан табылатын болып өседі. Ата-ана мен бала арасындағы қатынас шынайы қалыптасқан шаңырақ — бақытты.

Уақыттың аздығын, жағдайдың жоқтығын сылтауратып бала тәрбиесінің негізі отбасы екендігін мойындағылары келмейтін ата-аналарды көргенде мен өз әке-шешемнің оқымаса да тоқығандары көп, көкіректері ояу, көздері ашық жандар болғандықтарын мақтанышпен еске аламын. Әкем де, шешем де балажанды еді. Балаға зарығып жеткендіктен бе, өйтеуір, дауыс көтеріп ұрсып, ұрып көрген жоқ, еркін де ерке өстік. Әр баласын ардақтап, баға беріп, құрметтеп, қошеметтеп тәрбиеледі. Бір менің өзіме арнап төрт өлең шығарыпты. Дүниеге келгенім, оқығаным, тұрмыс құрғаным, бөрі-бөрі жыр болыпты.

Көркемжан мен Бақытжан,
Екі өркеші түйенің.
Екі емшегі биенің...—

деп екі ұлын ардақтаса, «Келін келді дегенде қуанғаным, қуанғаннан орнымнан тұра алмадым»,— деп, қуанышы, қуаты Көркемжанның үйленген тойында шығарған «Келінжан» өні халық арасына

кеңінен тарап кетті. Қос шырағынан айрылған зарлы шағындағы «Базарым-ай, Назарым-ай» өнінің орны бір басқа. Біздерге арнаған бесік жырлары қаншама?!—

— Осы Төрткен қызық еді. Ол кезде жаз бойы далада, кең аспанның астында есіктің алдына төсек салдырып, сонда жататын едік. Ұйқтар алдында:

— Ата, ана тұрған айды әперші,— деп мазалайды.

— Ол алыс қой, қайтіп әперемін оны,— деймін.

— Үйдің төбесіне сатымен шықпайсың ба, сонан соң таяқпен әпермейсіз бе,— деп өзінді үйретеді.

— Оны кейін өскенде самолетпен ұшып барып өзін аласың ғой, одан да мен саған «Ай тостаған» деген өлеңімді айтып берейін,— деймін, не қыларымды білмеген мен.

— Е... е, ататай, айтшы, деп өн айтылғаннан тыншытын еді,— деп есіне алатын еді атам. Мен болсам өзімнің кішкентай кезімдегі аңғалдығыма ұялатын едім. Сондағы:

Ай тостаған, ендеше ай тостаған,
Тақиясы Төрткеннің найпостаған.
Күн тостаған ендеше күн тостаған,
Көйлегі бар Төрткеннің гүлге ұқсаған...—

деп басталатын өлеңін, кейін біз ер жеткенде атам өрең есіне түсірген-ді. Кейде:

Торғай, торғай, торғайсың,
Қолыма неге қонбайсың?
Ақ қар, қызыл аязда,
Қалай ғана тоңбайсың?

Немесе:

Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ,
Су ағады сыңғырлап.
Құлдыр, құлдыр, құлдырлап,
Не сөйлейді былдырлап,—

деп те біздің көзіміз ұйқыға кеткенше өлең айтып, өн салады екен. Әсіресе, әкемнің ерінбей-жалықпай бізбен ойнайтыны қызық еді. Алақанымызды жайдыртып қойып:

Бір дегенім — білеу,
Екі дегенім — егеу,
Үш дегенім — үскі,

Төрт дегенім — төсек,
Бес дегенім — бесік,
Алты дегенім — асық,
Жеті дегенім — желке,
Серіз дегенім — серке,
Тоғыз дегенім — торқа,
Он дегенім — оймақ,
Он бір — қара жұмбақ, —

деп бар саусақтарымызды санап шығамыз. Немесе:

Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға тары шаш.
Бас бармақ, балалы үйрек,
Ортан терек, шылдыр шүмек,
Кішкентай бөбек.
Сен қойға бар,
Сен жылқы бақ, —

деп барлық саусақтарымызға ат қойып, әрқайсысына тапсырма береміз. Одан әкемнің көрсетуімен екі қолымызды айқастырып жіберіп біреуімен құлағымызды, біреуімен мұрнымызды ұстаймыз. Енді оны жиі-жиі әрі жылдам-жылдам қайталауымыз керек. Құлақтың орнынына басты, мұрынның орнына көзді ұстап қыран-топан күлкінің астында қаламыз. Тілді мұрынға, шынтақты ауызға жеткіземіз деп талай қызықтарға батып, мөз болушы едік. Кешке жақын қалай шам жағылады, солай атам бізге саусақтар арқылы үйдің қабырғасына түйе, қоян, қасқыр, ит сияқты неше түрлі жан-жануарлардың бейнесін жасап та, жасатып та үйрететін. Кейде жұмбақ ойнаймыз.

Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан. Ол не? —

дейді атам. Ойланып қаламыз. «Немене, Қашаған аталарыңның (қашаған Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері Екейбай ағаның әкесі. Ол туралы кейінде толығырақ айтылады) үйінде не көп, білмейсіңдер ме? Күнде көріп жүрсіңдер ғой» дейді. «Иә, енді білдік, ол түйе, түйе» деп шуылдаймыз.

Кішкентай ғана мияды,
Аспан мен жер сияды. Ол не? —

дейді атам. Ананы бір айтып, мынаны бір айтып жатып, өйтеуір «Көз» дейміз. Кім жұмбақты көп шешсе, сол атамның қойнына жату бақытына ие болады. Ұйықтар алдында атам бізге міндетті түрде ерте-көңгімелер айтатын.

— Сендер сияқты кішкентай кезімде менің үш досым болды. Оның бірі — ақ лағым. Аулымызда бір той болып, сонда әңкей өзім қатарлы жас балаларды жарыстырды. Сонда мен бірінші келіп бөйгеге тігілген осы лақты маған берді. Өз қолымнан жем, шөп беріп, су ішкізіп асырадым. Мойнын созып, екі құлағын қайшылап, шөпті бырт-бырт шайнап қасымда жүреді. Құлағына қызыл шашақ, мойнына тұмар байлап қойдым. Лағымға серік болсын деп ақ күшік пен ала мысық асырап алдым. Төртеуміздің жұбымыз жазылмайды. Ақ мысығым ұйқтағанда пыр-пыр етіп қойнымызда жатады, күшігім көзін қысып, құлағын салбыратып аяқ жағымда жатады. Қозы жайлауға барғанда күшігім таяғымды тастап кетсем таяғымды, бас киімімді кимей кетсем бас киімімді, белдігімді алмай кетсем белдігімді тістеп алып артымнан қалмайды. Бір күні ауыл сыртындағы өзеннің суы тасып, ақ лағым судан өте алмай жүгіріп жүр екен. Ол өзеннің ар жағында, мен бер жағында, екеуміз бір-бірімізге жете алмаймыз. Мен жіңішкелеу жер іздеп, қалай жүрсем, ол да солай қарай жүгіреді. Өзі «мммаа-ау, мм-аа-ау» деп, маңырап жылап жүр. Мен де жылап жүрмін. Сөйтіп жүрсек, аузына менің таяғымды тістеп алып ақ күшігім жүгіріп келеді. Қуанып кеттім. Өзер дегенде өзеннің бір жіңішкелеу жерін тауып, таяқты судың ішіне тіредім де ар жағына секіріп түстім. Лағымды мойныма салып алып, қайтадан сол әдіспен өзеннің бер жағына секірдім. Үшеуміз мөре-сөре болып лақты бір иығыма, күшікті бір иығыма отырғызып алып үйге келе жатсам, біздің қуанышты кейпімізді сезген ақ мысығым жүгіріп келіп мойныма бір-ақ шықты. Менің сол достарым керемет ақылды еді. Ақ лағым ұрғашы болатын, өсе берді. Тұқымдары да апақ болды. Тас-тасқа ақ қайындай қаптап жайылып жүрген ақ ешкілерге ілесіп ақ итім де (ақ күшік ол кезде өскен) кете беретін еді», — деп, өзінің алыста қалған қайталанбас балалық шағын сағынышпен бізге өңгімелейтін еді атам. Ол кезде бізге атамның бұл айтқандары ертедегідей әсер ететін. Көзіміз жыпылықтап атамның: «іммө-ө, іммө-ө, іммм-ө-ө» деп жүгі-

ріп жүрген лағымен қоса жылай-жылай жаздап, ақ күшігінің қылығына сүйсініп достардың қауышқандарына қуанып, көңіліміз орнына түсетін. Енді біз өзіміздің кішкене ғана аулымыздағы жүйрік аттар мен алғыр тазыларды санауға кірісеміз. Олардың ең басына болса да, болмаса да өзіміздің үйіміздегі Шұбар атымыз бен Ақжолтай деген итімізді бірінші деп санаймыз. Сонан соң басқалары хатталады. Сөйтіп жатып ұйқтап кететін күндер-ай! Өсе келе асық ойнайтын болдық. Ол кезде қой көп сойылады, әрқайсымыздың дорба-дорба асығымыз болатын. Әжем оларды неше түрлі бояумен бояп беретін. Қатар-қатар асықтарды тізіп қойып, кезекпен атамыз. Атам бөріміздің асығымызды сыпырып алады. Ұтылып, айрылып қалған асықтарымызды қайтарып алу үшін атам құсап дәл тигізудің амалын таппай әлекпіз. Асықтан «Хан» деген ойын ойнаймыз. Топ-тобымен асықтарды үйіргенде, кімнің асықтарының ішінде алшы тұрған асықтар көп болса, сол хан болады. Ләңгі ойнағанымыз қандай қызық еді. Алдымен ләңгіні қалай жасайтынын үйретті. Көдімгі бес тиынның ортасын тесіп оған ешкінің бір топ қылын өткізеді де сол жерге қорғасын құяды. Екі аяқпен кезек-кезек теуіп ойнаймыз. Кім көпке дейін ләңгіні жерге түсірмей көп сан алса, сол жеңеді. Жеңілгеннің басынан қуып жүріп ұстап алып, мәтек аламыз. Әдемі, жылтыр, бірінғай қой тастарды жиып өкеліп «Қақпата» деген ойын ойнаймыз. Бірін жоғары лақтырып ол келгенше екіншісін жерден іліп үлгеруіміз керек. Бұл ойындар бізді жылдамдыққа, ептілікке үйрететін. Сол сияқты «Соқыр теке», «Тығылмақ», «Ақ сүйек», «Ақ терек, көк терек», тағы да басқа көптеген ойындардың бөріінде де атам өзінің егделігіне қарамастан бізбен бірге ойнай беретін. Бала кезінде өзінің қамысты сырнай, қалақты домбыра қылып ойнағандарын, сондағы нелер бір қызықты істерін бізге ерінбей-жалықпай айтып беретін.

Менің бала кезімде тұсау кесу тойы көп болатын. Жас бала еңбектейді, тік тұрғысы келеді, алайда тұра алмай құлай береді, жүргісі келіп талпына бастайды. Сол кезде үлкендер «қаз-қаз» деп шуылдап дем береді, қолынан алып «төй-төйлеп» жетектейді. Баланың ата-аналары мал сойып, ағайын-туғандарын, жора-жолдастарын, абысын-ажындарын, көрші-қоландарын шақырып, баланың тұсау кесер тойын жасайды. Үлкендер баланың аяғына түрлі түсті есілген жіп немесе

қойдың көтен ішегін байлап (біздің жақта) кеседі, жүйріктеу бір адам баланы жерден көтеріп алып тұра жүгіреді. Бұл адамдар ырымын алады. Бұл баланың тезірек жүріп кетуі үшін жол ашу ырымы деп есептелінеді. Ертеде балаға суық тиіп түшкірсе үлкендер «ақтұш, мұңсыз бол» дейтін. Ол денсаулығың мықты болсын дегендері. Осы күні «төй-төй», «қаз-қаз», «ақтұш, мұңсыз бол» деген сөздер тілімізден шығып қалды десе де болады.

Біздің бала кезімізде кино, театрларымыз да, клубымыз да ата-анамыздың қасы, дастарқанның басы еді. Әкеміз көбіне ел аралап кетеді. Ал үйде болғаны біз үшін мереке сияқты. Үлкен дөңгелек үстел үстінде жаңа ғана пісірілген қызыл бауырсақтар, таба нандар, шөлпектер жайылып жатады. Құрт, май, ірімшік, кілегей, қатық, жент — бөрі де анамыздың қолынан шыққан тағамдар бірнеше жерден қойылады. Үстелдің айналасына қалыңдап көрпешелер төселінеді, жастықтар тасталынады. Айнала тап-таза, төрде атам отырады. Атамнан соң әжем, аға-әпке, тағы да басқа үлкендер отырады. Солардан соң ғана балалар орналасады. Божылдаған самаурынның қасында апам. Самаурынға сексеуілдің шоғын салып даусы шығып тұрмаса әкем шай ішкен ғұрлы болмаушы еді. «Шөйнектің астына да қаңылтырмен шок тартып жиі-жиі демдеп отырсаң, құйған шөйің бастан-аяқ бірінғай болады» дейтін еді апам. Шөй құюдың да неше түрлі болатындығын — «күрең шөй», «құлақасқа шөй», «қызыл шөй» деген аттары бар екендігін де әкешемізден еститінбіз. Асқа ең алдымен үлкендер қол салулары керек, сонан соң ғана балалар кіріседі. Әрі наннан үлкен ешнәрсе жоқ, ең алдымен наннан жеу керек деп отыратын әжем. Атам қашан әңгіме айтар екен деп күтіп отырамыз. Атам тамақтанып шөйға қанып алған соң, домбырасын қолына алып әңгімеге кірісетін еді. Осындай дастарқандар басында мен әкемнің аузынан «Манастың» кейбір тарауларын, «Көрұғлы Сұлтанды», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды», «Ләйлі — Мәжнүн», «Ертөстік», «Қобыланды», «Алпамыс», тағы да басқа ертегі-әңгіме, хиссаларды жатқа айтқандарын естіп өстім.

Өнердің әр қыры бір өзінен табылатын атам тек ақын, өнші, сазгер ғана емес, шебер күйші де болатын. Әкемнің орындауында Байсеркенің «Ұран», «Көш тоқтатқан», «Бердібектің», «Асау торы ат», «Сұлу төр»,

Тілендінің (Нұрғисаның әкесі) «Аққу күйі» тағы да басқалардың күйлерін еститінбіз. Осыларды орындай жүріп, бертін келе өзі де бірнеше күйлер шығарған. Атамның «Құлақ күйі», «Қызыл өскерге», «Сарбарпы», «Алып қара құс», «Жаудан қашқан өгіз», «Ботаң қалды Қарқарау» деп аталатын күйлерінің қайсыбірін алсаң да өзіндік шығу тарихы бар, сазға бай, әуендік жағынан құнды туындылар. Көп күйшілер күйді аңыратып орындайды-ақ. Бірақ, сол күйді түсінетін, онда ненің суреттелініп жатқандығын өркім түсіне бермейді ғой. Тыңдағанда да: «Ә, жақсы күй екен, тамаша орындайды екен» — деп қана бағалайды. Сондықтан да күй орындаушылар алдымен сол өзі орындағалы отырған күйінің тарихынан қысқаша болса да мәлімет беріп алып орындаса, оны еңбектеген баладан, еңкейген көріге дейін жете түсініп, дән риза болары сөзсіз. Атам солай істейтін.

— Сонау бала кезімде-ақ, қолыма домбыра ұстасам, осы бір саз орала беретін. Оны домбыраға тартсам болды, ойыма нелер түсіп, шабыттана бастайтынмын. Белгілі «Көкшолақ», «Бозторғай», «Ри, қойым» сияқты тырнақалды өндерімді орындар алдында осы сарынды ұзақ уақыт тартып отыратынмын да, бір кездерде ұстазым Сарбас ақын құсап құлағымды бұрап, қолымды домбырамен қоса жоғары көтеріп, орнымнан тұрып бір айқайлап алып (өруақ шақырған сияқты) шырқап ала жөнелетінмін. Кейіннен осы әуенсазды сөз өңдеп, «Құлақ күй» деп атадым. Бұл күй мені шабыттандырып, ойланып-толғануыма мүмкіндік тудыратын, белгілі бір күш беретін, өр өнге кіріспе көпір сияқты. Мұның «Құлақ күй» деп аталынуы да сондықтан, — деп түсіндіріп алып, домбырасын қолына алушы еді. Атамның бұл күйін мен де, үлкен ұлы Көркемжан да, кіші ұлы Бақытжан да тартамыз. Бірақ Бақытжандай ешқайсымыз да келтіре алмаймыз. Өз басым, Бақытжан осы күйді тартып отырғанда, әкемді көргендей боламын. «Алып қара құс», «Сарбарпы» күйлерін атам да жасында әкесінен естіген ертегілер желісімен шығарған. Бұл ертегілер туралы ақынның «Ертөстік», «Сарбарпы» деген дастандары да бар. Зұлым, айлакер мыстан кемпірден қашып келе жатқан Төстік абайсызда жердің астына түсіп кетеді. Онда да біз сияқты адамдар бар екен. Тіпті Төстік мүйізімен жерді көтеріп тұрған алып көк өгізді де көрпті-міс. Жеті жыл жер астында жүрген Төстік күндердің күнінде жылда балаларын айдаһар

жеп қойып жүрген қайғылы бір алып құстың жауын өлтіреді. Жақсылыққа жақсылықпен жауап қайтарамын деп өлгі құс елін, жерін сағынып жадап-жүдеп жүрген Төстікті арқасына отырғызып, неше күн, неше түн ұшып, жер бетіне шығарады. Ұшар алдында үш меске үш маралдың етін, төрт меске толтырып су құйып алып ұшады. Төстік құс оң жағына қарағанда ет, сол жағына қарағанда су беріп отырады. Жер бетіне аз ғана қалғанда ет бітіп қалып сасқалақтаған Төстік оң санының қоң етінен кесіп алып, құстың аузына салып жіберген екен. Осының бәрін түсіндіріп айтып алып Күйді тартқанда күй сарынынан құс қанатының сусылын, жауынның жауғанын, күннің бұлттанғанын, ашылғанын, адам мен құстың реніш-қуанышын анық аңғарып, күймен бірге қуанып, күймен бірге жылап отырушы едік. Күйден адам мен құс арасындағы достық қатынасты айқын түсініп, сүйсіне тыңдайтынбыз. Ал, «Сарбарпы» күйінде жұдырықтай құсқа жасамақ болған жыланның жауыздығы, одан құтылуға шарасы жоқ дөрменсіз құстың жан ұшыра зарлаған үні күдіретті музыкамен шебер суреттелінген. «Ботаң қалды Қарқарау», «Жаудан қашқан өгіз» күйлерін туындыгер елге, жерге деген ыстық махаббатты жырлауға арнаған. Алғашқы күйде заман теңсіздігінің құрбаны болған қыздың ел-жұртымен қоштасқан зары, жалғыз қызынан еріксіз айрылған әкенің өкініші суреттелінген. «Жаудан қашқан өгіз» күйінде жаугершілік кезінде бөтен елдің малына қосылып кеткен өгіздің жерді иіскелеп жүріп өз жеріне қашып келгені елес береді. «Қызыл өскер» күйінде «мынау қызыл өскердің айбынды күші, мынау өскер мінген аттардың жүрісі» деп түсіндіріп алып, көңілдене саусақтарын секірте ойнағанда домбыра шаңағынан шыққан сиқырлы сазбен бірге билеп те кететінбіз. Кейін ес кіріп, ержеткенде атамның осы күйлерін өз орындығында таспаға жазып алмақ болып қанша талпынсам да, сол кездегі колхоздың движокпен жанатын тоқ жүйесі мүмкіндік бермеді. Біресе дарылдап, біресе ысқырып кететін жазба менде өлі де сақтаулы. Сапасы қанша төмен болғанымен де, 1976-жылы сол жазба арқылы әкемнің күйлері нотаға түсірілді.

Атам, әсіресе, өзінің ұстаздары, замандас ақын-жыраулар жайында айтқанда ағыла жөнелетін. Бір отырыста: «Дүниеден Шөже деген ақын аталарың өткен екен. Екі көзі су қараңғы соқыр болыпты. Сол Шөже

Арқадан шығып сұрай-сұрай мына біздің Сұлутөрдегі
Ұлы жүз Дулат еліндегі Сырымбет деген атадан шық-
қан әйгілі Ноғайбай шешеннің аулына арнайы ат басын
тірепті. Жұрт кезек-кезек сәлемдесіп, атақты Шөжеге
қол беріп амандасып жатады. Бірталай адамдардан кейін
Ноғайбай келіп Шөженің қолын алған екен. Шөже
оның қолын жібермей тұрып:

Кейбіреу тілге жүйрік, бақ тимеген,
Кейбіреудің бағы зор үндемеген.
Қол бергеніңнен таныдым Ноғайбайжан,
Тізгіннен басқа ешбір бақ тимеген,
Көңілі жарық, Шөженің көзі соқыр,
Қазақ пенен қырғызды көрейін деп
Алатауға арқадан келіп отыр,—

дегенде жұрт шулап Шөженің сезімтал, әулиелігіне таң
қалған екен»,— деп айта келіп, өлең соңында атам
домбырасын қоя салып:

Әпкел бері жарғақты,
Тістің түбі зар қақты...—

деп, Шөже болып насыбай шақшасын іздеп жан-жағын
сипалағанда, аяулы ақын атамыздың мүшкіл халіне
аяушылық етіп, көзіміз жыпылықтап, сәби жүрегіміз
сыздаушы еді. Ең алғаш Шөженің Кемпірбаймен
дидарласуын да әкемнің орындауында бала кезімде
тыңдаған едім.

Атам ұлы Абай өлеңдерін, көптеген әндерін жатқа
айтып отыратын. «Айттым сәлем Қаламқас», «Көзімнің
қарасы», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Сегіз аяқ» деген
өлеңдерін домбырасын шертіп отырып айтқаны өлі
құлағымнан кетпейді. «Абай: «Бес нәрсеге ғашық бол»
депті. Олар — оқу, білімге талпын, қанағатшыл бол,
қайырымды, рақымды бол, не істесең де ойлап істеп,
ойлы, ақылды бол дегені екен. Ал «Бес нәрседен қашық
бол» депті. Олар — өтірік, өсектен аулақ жүр, еріншек
болма, мақтаншақтық, даңғазалық жаман әдет дегені.
Абай не деген терең адам болған»,— деп отыратын.
Орыс халқының ұлы ақындары А. С. Пушкин, М. Ю.
Лермонтов жайында да, олардың әділетсіздіктің
құрбандары болғандарын, өмірден ерте кеткендерін
олардың біраз өлеңдерін алғаш рет қазақшалаған Абай
екендігін, тіпті талантты жас жазушы Мұхтар Әуезовтың
Абайды зерттеп жазып жүргенін де атамнан естіп,

білгенмін. Кейіннен мектепке барып осы аттары
аталған адамдардың өмірі мен шығармашылығы
жайында мұғалімдеріміз түсіндіргенде, көзім жайнап:
«Е, атамның айтқандары осы кісілер екен ғой» деп,
көбірек біліп алуға, ұғып қалуға, оны атама тезірек
жеткізуге асығатынымын.

Атам Мұхтар Әуезовті әрдайым көріп жүргенімен,
жақын араласуы 1960-жыл еді. Осы жылы Мұхтар
ағаның тікелей басшылығымен атам Мәскеуде өткен
шығысты зерттеуші ғалымдардың дүниежүзілік
конгресіне қатынасады. Бұл жайында атам: «Мұхтар осы
жолы маған қатты қамқорлық жасады. Жас балаша
қолымнан жетектеп жүріп үстіме ұлттық киім тіккізді,
домбыра жасатты. «Енді сіз батырлар жырларының
бірінен үзінді даярласаңыз дұрыс болар еді» деді.
Ақылдаса келе, Қобыланды жырындағы батырдың аты
Тайбурылдың шабысын суреттеген жерін орындайтын
болып келістік. Сосын даярлана бастадым. Күніне
келіп киімді кигізіп, келісті келбетімді көріп, орын-
дайтын жырымды тыңдап, бөйгеге қосатын аттай бап-
тады. Сахнаға шығатын күн де келіп жетті. А...а...а... деп
айғайлап әруақ шақырғанымда-ақ, екі жауырынымның
ортасы мен маңдайымнан тер бұрқ ете қалды. Е, жаман
болмаспын деп ойлаймын ішімнен. Тайбурылдың
шабысын айтып біткенімде өнбойым сел-сел тер, көзім
түк көрмейді. Шапалақтан құлақ тұнды. Қарасам
айнадай көзі жарқырап, құшағын жайып Мұхтарым
жүгіріп келе жатыр екен. Бетімнен сүйіп, терімді сүртіп
жатыр, қуанышында шек жоқ. Сол күні Мұхтар өзінің
жақын жолдастарын, тілеулес достарын шақырып,
жатқан қонақ үйіміздің ресторанында дәм беріп, сый-
құрмет көрсетті. Сонда Мұхтардың: «Кенеке, мен сізді
осыған дейін анық танымаған екенмін, тек өңші ғана ма
деуші едім. Сіз күміс көмей өншілігіңіздің үстіне, әрі
ғұлама жырау, әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз.
Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізе білген
талантыңызға дән ризамын»,— дегені қайтып естен
кетсін, төбем көкке жеткендей сезіндім. Мен де
ризашылығымды білдіріп:

Жігіті едің Арқаның,
Абай ақын дарқаның.
Сырласып, қалқам, өзіңмен,
Көп құмардан тарқадым.
Алыс шабар тұлпарым,

Қырымнан келер сұңқарым.
 Бірге болып Мәскеуде,
 Осы сапар байқадым.
 Абайды жазып шығардың,
 Қарамай пәлен дегенге.
 Қырандай қағып қанатты,
 Ой жібердің тереңге.
 Қазағымды таныптың,
 Біле бермес ер елге.
 Азығы болып халықтың,
 Абайың жүр жер-жерде.
 Әлем саған бас иер,
 Әуезұлы дегенде,—

деп жырлаған «Мұхтарға» атты өлеңімді арнадым. Бұл күндер менің өмірімдегі ең бір қимас бақытты шақтарым еді. Алайда, біздің таныстығымыз ұзаққа бармады. 1961-жылы кенеттен:

Тұлпардың бір аяғы сынғандай боп,
 Сұңқардың оң қанатын жұлғандай боп,
 Айрылдық, арамыздан кетті Мұхтар,
 Ай маңдай, айна көзін жұмғандай боп...

айрылып қала бердік Мұхтардан деп, еске алып отырушы еді.

Ал Жамбыл атаның қырылдаңқырап шығатын даусын, шымшыма өзілдерін айтқанда мөз болып күлетінбіз.

«Жөкең менің даусымды жақсы көруші еді. Кездескенде ән салдырмай жібермейтін. Қайда жүрсем де іздестіріп, сұрастырып тауып алатын. Ұзақ қатынаспай қалсам ұрсып інісіндей ақыл айтатын. Балаларым тұрмай жадап-жүдеп жүрген кездерімде бірде ақыл айтып күш берсе, бірде сөгіп тастайтын.

Әй, Кенен,
 Атыңның бұты тыртып,
 Өзіңнің мойның қылқиып,
 Көркің бар неме едің ғой,
 Қалған ба саған тіл тиіп...—

деп шұбырта келіп, көңілімді жұбатушы еді, жарықтық. Көркемжан туғанда арнайы келіп Нәсиханың шөйін мақтап, Төрткен сені қолына алып: «Кенен, сенің мына қызыңның даусы ащы екен, өзің сияқты әнші болар»,—

деген еді. 1937-жылы грузиннің ұлы ақыы Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты дастанының 750 жылдық тойына барғанымда да Жамбыл мені шақырып алып, Д. Бедный, М. Шолохов, А. Толстой, М. Бажан, П. Тычина және басқа да тойға келген қонақтарға мені көрсетіп інім, шәкіртім деп көтермелеп отырушы еді. Осы тойда Жөкеңнің: «Әй, Кенен, сен өзің елде жүргенде әжептеуір ірі, көрікті, сұңғақ бойлы, келбетті сияқты едің, мына қалың грузиндердің арасында аласарып қалғаның ба, қалай өзі?»— деп өзілдеп бөрімізді күлдіргені бар-ды. Бірде Жамбылдың ақ көңілділігін, сенгіштігін пайдаланып өрі еркелеп дегендей, бір қызық оқиға болды. 1939-жылдың жазы болу керек, Мәскеуде одақ көлемінде үлкен бір көрме болды, соған Қазақстаннан бір топ делегаттар қатынасып қайтып келе жатқан бетіміз. Ол кезде пойыз Мәскеуден Алматыға дейін он күндей жүретін. Бөріміз жаспыз, ішіміз пысып келеміз. Пойыздың ресторанынан тамақ ішіп көңіл көтерейік десек ақшамыз жоқ. Ақша тек Жамбылда бар. Жасы келіп қалған кісі, құлағы да жөнді естімейді, маған қатты сенеді. Тамағын ішкіземін, намазын мезгілінде есіне салып оқытамын, айналадағы болып жатқан оңтімелерді айтып беремін, өйтеуір, қасынан шықпаймын. Бір күні Тайыр (Жароков): «Кенеке, осы Жамбыл төтемнен ақша сұрасақ қайтеді»,— деді. Бөріміз ойланып қалдық. Сәбит (Мұқанов): «Төтем берсе Кенекеме ғана береді, сіз сұрасаңыз»,— деді, бөріміз ақылдасып ақыры мені жіберді. Ол кісіде ақша бар екенін білемін, алдында ғана бір уыс ақшаны жамбасының астына салып басып жатқанын көргенмін. Қалай ақша сұрағымды білмей отырғанда пойыз Жамбыл қаласына келіп қалды. Ол қала соның алдында ғана «Әулие ата» аталатын. Қасына жақындаңқырап барып: «Жөке, сіздің атыңызды қойған Әулие ата қаласына келіп қалдық»,— дедім. Орнынан ұшып кете жаздады жарықтық. «Әулие атаға келіп қалдық дедің бе? Атыңнан айналайын Әулие ата, атымды тартып алды деп болма қапа»,— деп бірнеше рет қайталады. Біраз ойланып күбірлеп жүрді де: «Не істесем екен, Кенен»,— деді. «Енді ол жерде сізді көруге бүкіл халық келетін шығар. Оларға көрініп бірдеме дейсіз бе, қалай?»— деймін. «Әй, айналайын, Кенен, мені әурелемендер. Мына пойызыңнан түсе де, қайтадан шыға да алмаймын. Одан да сен мына ақшаны ал

күтіп тұрғандарға тарат. Жөкең жол жүргенді көтере алмай аздап шікірттеніп қалыпты де. Сөлем айтты дерсің», — деді. «Көктен тілегенім жерден шықты», — дегендей, «жарайды, Жөке, көрейін» деп ақшаны алып, атып шықтым. Жігіттер де күтіп тұр екен, ресторанға тарттық. Асықпай отырып, тамақтанып, жетісіп қалдық. Қайтадан Жөкең келіп: «Құдай сақтасын, Жөке, қолдарына гүл ұстап «Жамбыл ата, Жамбыл ата» деп шуылдап тұрған халық. Не істерімізді білмедік, шығып жағдайды айтық. Жамбыл аталарың мына ақшаға балаларға көмпит өперсін», — деді деп ақшаны тұрғандарға шашу ғып шаштық. Бөріне де жетті, ақшаны аямай-ақ беріпсіз. Сіздің жүз жасқа келуіңізді тілеп риза болды, сөлем айтты», — дедім ұялмай. Жөкең сан білмеуші еді, берген ақшасы көп екен, біздің Алматыға жеткенше қажетімізге жарады», — деп ішек-сілесі қатқанша күліп, өздерінің алыста қалған жастық шақтағы бір өбестіктерін еске алып «ұялған тек тұрмайдының» керін келтіргендей болушы еді атам.

Атам ел аралап көп жүретін. Кейде тіпті бір айлап та, бірнеше айлап та кететін. Сондай бір ұзақ сапардан келе жатқан өкемнің алдынан шығып, бөріміз күтіп тұрмыз. Сол көрініс бүгінгідей есімде, өрі көз алдымда. Атам атпен келе жатқан. Аты да аппақ, желмен желбірген сақалы да аппақ, үстіне киген шапаны да аппақ, құдды бір ақ нұр шашқан өулие келе жатқандай маған өсер етті. Келе аттан секіріп түсіп, тұрғандардың бөрімен амандасты да, жүгіріп келе жатқан мені үстіндегі шапанын шешіп алып, орап, біраз көтеріп тұрды. Даладай кең, алтындай жарқыраған зер шапан жұрттың көзін қарыды. Атам: «Бұл шапанды маған дүйім жұрттың алдында Жамбыл үстіме жапты, батасын беріп шығарып салды», — деп, көтеріңкі көңілмен елге айтып жатты. Шапанды жұрт қолдарына алып, кезек-кезек қарап: «Кенеке, шапаныңыз құтты болсын! Жамбылдың енді жасына да жетіңіз», — десті. Өкем шапанды біраз уақыт киіп жүрді, біраз уақыт кілемнің үстінде ілініп те тұрды. Сонан соң шапанды апам сандыққа салып тастады. Арада біраз жылдар өтті. 1945-жылдың 9 мамыры — Жеңіс күнін тойлап жатырмыз. Қызыл-жасыл киінген келіншектер ішінде апам Нәсиха да бар, тым көңілді. Ол кезде жас келіншектер кимешектерінің жақтауын түрлі-түрлі жібек жіптермен немесе алтын түсті зермен кестелеп, шеттерін ұсақ ақ түсті меруерттермен өшекелейтін. Үлкендер жағы зер жіптің

өзімен ғана сыпайы кестелейтін. Осы күні басқа көрші ауылдың қыз-келіншектерінен гөрі біздің ауылдың өйелдері ұлттық киімдерімен де, өнерлерімен де алда көрінді. Жарасымды киімдері, қуанышты шат көңілдерімен астасқан өйелдердің ішінде біздің анамыз Нәсиха тым сұлу еді.

— Нәсиха, бүгін өзінді танымай да қала жаздадым, тым өдемі болып кетіпсің. Әсіресе, мені осы ауылдың өйелдерінің кимешектерімен, күндік орастары тәтті қылды, — деді атам. Қасына еркелей келген апам да: «Бұл күнді көп күттік қой, Кенен. Соғыс деген елдің еңсесін басып жіберді емес пе? Бой жазып, рақаттанып қалдық-ау, құдай ұзағынан бергей», — деді. Сол мезгілде: «Ата, мен жарысқа қатынасып, бірінші келіп бес сом алдым», — деді Көркемжан. «Ата, мен де өн айтып, сыйлыққа кітап алдым», — деймін мен. Бөріміз де зор қуаныштымыз.

— Кенен, мен саған көптен жасырып жүрген бір сырымды айтайын деп отырмын. Бірақ жеңіс күні ренжітіп аламын ба деп зөрем жоқ, — деді апам.

— Айта бер, бүгін бөрі кешірімді, — деді атам.

— Осыдан бір-екі ай бұрын, сандықты ашып, ішіндегі киімдерімді күнге жайып, әр нәрсе ойыма түсіп, мұңайыңқырап отыр едім, мені көріп қасыма көрші, абысын-ажындарым, келіндерім жиналып қалды.

— Жеңеше-ау, сандықтың аузы ашылды, ішінен жібек шашылды деуші ме еді, қалай еді, мынауыңыз жақсылықтың нышаны болғай. Тү-у, мына бір шапанның өдемісін-ай, — деді Рахима абысыным.

— Ол Жамбыл атамның Кененге сыйлаған зер шапаны, соғыс басталғалы иығына бір де елген жоқ, — дедім.

— Радиодан да айтып, газетке де жазып жатыр ғой, Жеңіс күні жақын көрінеді, біздің әскерлер немістерді өз жеріне қарай қуып бара жатыр екен. Амандық болса, Жөкем бұл шапанды жауды жеңген күні тойда киіп, өн салады, — деді Сақыпбала келінім.

— Аузыңа май, Сақыпбала шырағым. Ондай күн туар болса Кенен киер киім табылар, одан да сол тойда өзіміз не киіп шығамыз, соны ойлайық. Бөріміз бар көйлектерімізді жөндеп, басымызға кимешек тігейік, оны мына шапанның зерлерін алып кестелейік, қалғанынан жас қыз-келіншектерге орамал, кеудеше жасайық. Сөйтіп, біз де тойға жарқырап шығайық. Бұл шапанның зері осы ауылдың бөріне де жетеді. Ал енді

шөй қойындар, біраз көңіл көтерейік те, бүйтіп басымыз қосылуды көптен бері ұмыттық қой, — дедім. Бөрі де соғыс дәл бүгін аяқталғандай-ақ, қуанып кетті. Бұл бастамамыз жақсылықтың алды болыпты, көп кешікпей-ақ жеңіске де жеттік. «Бір өзін шапанды жарқыратып киіп шыққаныңнан не шығатын еді? Ал мен қаншама қыз-келіншектің көңілін ауладым. Көрдіндер ғой біздің ауылдың әйелдерінің түрлерін», — деді апам.

— Е, шапанды құрттым десеңші, дұрыс істеген екенсің, Нәсиха, бірдің жарқырағанынан, жүздің көңіліне қуаныш ұялатқаныңа ризамын, — деді атам. Сөйтіп, атақты Жамбыл бабамыздың, Кененге сыйлаған шапанының зер жібі, біздің ауылдың әйелдерінің бойында теберік болып кете барды. Апамның сол зер жіптен тігілген кимешегінің бірі бұл күнде атамның музейінде сақтаулы.

— Жамбыл аталарың топ алдына шыққанда, әуелі домбырасын қағып-қағып алатын да, екі иығын қомдап, құнжындап, бүлкілдей жөнелетін. Ал, ашуланғанда, сақал-мұрты тарамданып, быт-шыт болып кететін.

Жамбылдың ұстаз тұтқан адамы Сүйінбай болса, Сүйінбайдың ұстазы Қабан деген ақын болған екен. Сол Қабан ақын өлең айтарда домбырысын қолына алып, мұртын сылап, салалы ақ сақалын желпіп-желпіп жібереді екен де, бар екпінімен:

Пыссымылда ашар, дегенде пыссымылда ашар,

Пыссымылдасыз айтқанның бөрі нашар.

Бір-екі ауыз пыссымылда біздер айтсақ,

Шайтан қашып, періште орын басар...—

деп бастай келіп, өлеңді қарша борататын көрінеді. Сонда тігулі тұрған үй дүр етіп барып, анадай жерге баз қалпында қона қалады екен. Ел бұл пері ме, әлде әулие ме деп таң қалады екен, — деп атам айтып отырушы еді. «Ал біздің жақын ағаларымыз Сарыбас ақын жыр айтарында өз құлағын өзі бұрап-бұрап алады екен. Бейсенбай деген ақын болыпты. Ол өлеңді жазуы жоқ, құр ақ қағазға қарап, көдімгі кітап оқып тұрғандай төгетін көрінеді. Қаратау өңірінен шыққан Италмас деген өлеңді орнынан тұрып, екі қолын артына ұстап тұрып айтады екен. Өмір деген алақанына қарап тұрып айтады деседі», — деп атам осылардың бәрін құр айтып қана қоймай, әрқайсысының мінез-құлқын, әдеттерін,

қимылын бұлжытпай келтіретін. Менің атам Кенен — тек ақын, өнші, сазгер ғана емес, нағыз актер екен ғой. Бір күні атам алба-дұлба болып киініп, көзін шақшитып, басын қақитып, аузын қисайтып жіберіп:

Аһ, дуана, дуана,

Дуанаға жолама.

Дуана келет айқайлап,

Шайтан қашар ойбайлап...—

деп, айналаның бәрін иіскеп, тінтіп, секіріп-секіріп алып, тағы да:

Құдайым бір, құран шын нанбаймысың, Құлқатым,

Менің айтқан тілімді алмаймысың, Құлқатым?

Осы әдемі келбетпен көпір болсаң, Құлқатым,

Жеті тамұқ отына жанбаймысың, Құлқатым?

Пайғампар һақ, әулие сенбеймісің, Құлқатым,

Меніменен ілесіп жүрмеймісің, Құлқатым?

Қор қызындай түсің бар, қор боп жүрген, Құлқатым,

Көпір болсаң тозаққа түспеймісің, Құлқатым...—

дегенде үрейіміз ұшып, қорқып әжеміз бен шешемізге тығыла бастадық. Атам теріс қарап күліп жіберді де, қайтадан өз келбетіне түсіп: «Құлқатым деген Қызылбастардың көпір патшасы болыпты, соны Өзіретәлі қырық нөкерімен дуана болып келіп, дінге кіргізіпті деген аңыз бар. Соны бала кезімде көп айтушы едім, әлі ұмытпаппын, мұны да білгендерің артық емес», — деді.

Әкем Балуан Шолақ туралы: «Балуан Шолақ Көкшетаудан Алматыға келіпті деген сөз бізге де жетті. Қайтіп көрсем екен деп армандаймын. Бұл ойымды Еркебай Базарұлына келіп айттым. Еркебай орысша оқыған, жаңа заман, жаңа заңды жан-төнімен түсінген өнші, күйші ақындардың қамқоршысы, өзіме де талай көмектескен, ақылшымыз, әрі сауықшыл, білімді кісі еді. Бұл кісі Балуанның жақын арада біз жаққа келетіндігінің рас екендігін, соған даярлық жасалып жатқандығын, келе қалса міндетті түрде маған хабар жіберетінін айтып, көңілімді одан әрі алаңдатып қойды. Бір күні Еркебайдың «Кенен тез жетсін» деген хабарын естіп, құстай ұшып бардым. Балуан Шолақты Еркебай ауылы қонақ қылып жатыр екен. Толған адам. Өңшен өнші, күйші, ақын-жыраулар жиналған. Өте ірі кісі екен. Дауысы биік, асқақ шығады.

Шын атым өкем қойған Нұрмағамбет,
Күшіме қуат берген Жаппар құдірет.
Патшаның уездный съезінде
Көтердім кірдің тасын елу бір пұт...—

деп шырқайды. Үндемей тыңдап отыр едім, Еркебай шақырып алды да, «мына жігіт біздің осы аймақтағы жас ақынымыз, талантты Кенен деген» деп таныстырды.

— Ө, Кенен деген сен екенсің ғой, көнеки шырқашы, шырағым,— деді Балуан Шолақ. Мен домбыраны қолыма алып, сәл қысылыңқырай тұрдым да:

Мен келдім сөлем беріп батыр аға,
Атағың кең жайылған Сарыарқаға.
Бала едім жаңа талап ақын-өнші,
Өніңді үйренейін палуан аға...—

деп сөлем беріп алдым да, одан соң «Бозторғай», «Көк-шолақ», «Ри, қойым», «Пойыз» деген өндерімді бірінен соң бірін шырқадым. Ол зейін қойып тыңдап отырды да: «Пәлі, нағыз өнші өз ауылдарыңда екен ғой, даусы да зор екен. Тобыма қосып шәкірт етіп алайын»,— деді. Сол жолы мен Балуан Шолақпен бірге Жетісудың талай жерлерін аралап, көптеген өндерін үйреніп алдым,— деп атам оның «Файни қыз», «Жай қоңыр», «Дікілдек», «Құлан кісінес», «Ыңғай төк», «Қос перне», «Қос барабан» деген өндерін орындағанда, өлемде атамнан асқан өнші, зерек адам жоқтай сезінетін едік. Бұдан басқа да Әсеттің (Найманбаев) өні деп «Әсетті», Шашубайдың (Қошқарбаев) өні деп «Ақ қайыңды» аспандата шырқағанда, Нартайдың термелері деп төгіп-төгіп жібергендегі дауыс ырғақтары мен асқақ үні бүгінгі күндегідей-ақ құлағымда сақталған. «Шашубай аталарың орта бойлы, өткір көзді, қара мұртты кісі болған. Өнді ат үстінде аяғын үзеңгіге тіреп тұрып айтқанды ұнататын, шын шабыты келгенде басындағы қалпағы маңдайынан желкесіне, желкесінен маңдайына жылжып тұратын. Ал ат құлағында ойнайтынын көргендер «мынау адам ба, әлде сиқыршы ма» деп таң қалатын. Ол да бірнеше жылдай қазақ-қырғызды, бүкіл Жетісуды аралады. Өндерін үйреніп дос болып кеттім. Жамбыл мен екеуін қолтықтап жүретінмін, тіршілікте қатты сыйласқан өнерпазым еді» деп еске алатын атам. Замандас ақындарының ішінде Үмбетәлі Көрібаевты аса құрметтейтін. «Үмбетәлі аталарың шын арқаланып шабыттанғанда малдас құрып отырған қалпында біресе

ана жамбасына, біресе мына жамбасына сырғи ауысып, домбырасын сабалап өленді төккенде бүкіл денесінде қозғалысқа түспеген мүше қалмаушы еді» дейтін де, енді атам Үмбетәлі болып төрден есікке, есіктен төрге жамбасымен жорғалап жүріп өлендеткенде таң-тамаша қалатын едік. Сөйтіп, Үмбетәлі атаның өзін көрудің сәті түспесе де өлендері мен айтыс, дастан, толғауларын естіп өстік. 1969-жылы, ол кезде мен мұғаліммін, бір күні біздің үйге Әсімхан Қосбасаров деген кісі келді. Бұл жылдары өкем қатты науқас еді. Дастарқан жайып, шай даярлап Әсімхан ағаға құрмет көрсетіп жатырмыз. Біраз шай ішіп, әңгімелесіп отырды да Әсімхан аға домбырасын қолына алып:

Атқанды бұл дүниеден Үмбетәлің,
Кеп тұрмын сол хабарды салғалы еске...—

деп, Үмбетәлі ақынның қайтыс болғанын атама өлеңмен естіртті. Сонда «Қайран Үмбетәлі-ай, қазақта өлеңнің бір бұтағы кеміп қалған екен-ау»,— деп қолына домбырасын алып ұзақ толғады. Жасынан бірге өскен сырлас досының өмір жолын, оның кенеттен сөз тапқыш алғыр қасиеттерін айта келіп:

... Жорғанды салдырушы ең талай топқа,
Түсуші ең айтыс десе жанған отқа.
Топырақ саған барып сала алмадым,
Кездестің сырқау болып халім жоқта,—

деген жоқтау өлеңін сол кезден-ақ ұғып алған едім.

Арада көп жылдар өтті. 1989-жылдың қыркүйек айында Үмбетәлі Көрібаевтің туғанына 100 жыл толған тойы республика көлемінде кеңінен аталып өтті. Сол тойға арнайы барып қатынасып салтанатты жиылыс соңында көрсетілген халық өнерпаздарының концертінде атамның Үмбетәліге арнаған жоқтау өн-өлеңін орындап беріп, көпшіліктің алғысын алдым. Үмбетәлі атаның музейінің деректері өзімнің замандасым өрі келінім, халқымыздың ақын қызы Надежда Лушникованамен бірге жүріп, атамыздың рухына бас иіп, гүл шоқтарын қойдық. Тойда маған домбыра сыйлап, қолыма сағат тақты, Үмбетәлі атаның кітаптары мен күйтабағын берді. Барлығынан да абзалы арттарына өлмес мұра қалдырған дос, замандас Кенен мен Үмбетәлі аталарымның біріне-бірінің арнаған өлең-

әнін орындау арқылы, орындарынан бір аунатып, аруақтарын риза еткенім мен үшін үлкен олжа, ұмытылмас оқиға болды.

Атаңдық көпшілікке егіз ақын,

Біздерге өлең толған теңіз ақын.

Бар-жоғын халқымыздың жырламасақ,

Айқайлап құр бекерге неміз ақын,—

деп өздері жырлағандай-ақ, егіз ақынның бірі Кенен болса, екіншісі Есдәулет Қандеков деген кісі еді. Бұл екі ақынның екеуі де Қордай өңірінде туып, өскен замандас құрбылар. Олар жиі-жиі бас қосып өн шырқап, өңгіме айтып, өзілдесіп отыратын. Біз онда ойын балаларымыз, алдарына отырып, мойындарына асылып, айнала асыр салып жүгіріп жүретінбіз. Атам Есдәулет құрбысымен қатты өзілдесетін. «Әкесі құрдастың баласы да құрдас» демекші, бір қызық оқиға болды. Атам айтты: «Бүгін біздің үйге Есдәулет аталарың бастаған бір топ үлкен кісілерді соғым басына шақырдық. Өңгіме, өлең тыңдайсындар, төртіпті болындар. Осы сендер байқайсындар ма, Есдәулет аталарың өлең айтқанда даусымен қоса көтені де гүжілдеп отырады»,— деді.

— Жоқ, ата, онысын естіген емеспіз,— деді Көркемжан.

— Нанбасандар осы жолы өздерің тыңдандар, бірақ, біліп қоймасын, ұят болады,— деді өкем.

Кешкітұрым Есдәулет атам қасында төрт кісі бар үйге келді, сөлемдесіп шуылдасып жатыр. Бөрінің кигендері ауыр-ауыр тері тондар, бастарында сусар бөріктер, аяқтарында галошты пималар, кейбірінде хром етік. Галоштарын шешіп, бас киімдерін іліп, тондарын бел тұстарына жақындата отырған жерлеріне тастады. Олары іргеден соғатын суықтан белдерін сақтағандары болу керек. Үлкен дөңгелек үстелдің айналасына айнала малдас құрып жайғасқан құрметті қонақтар апамның ыстық күрең шөйіне қанған сайын, өңгіме-дүкен қыза түсті. Ет пен шөй арасындағы үзілісте Есдәулет атам қолына домбырасын алып, салмақпен, баппен қоңыр жөй даусына салып өлең айта бастады. Атамның күндізгі айтуымен Есдәулет атамның өлең бастауын күтіп жүрген Көркемжан екеуміз үстелдің оң жағынан, екіншіміз сол жағын ала қонақтардың арт жағынан еңбектеп өтіп, төрде отырған

Есдәулет тонының астына лып беріп кіріп кеттік те, тыңдауға кірістік. Алғашында ештеңе естілмеді, күте-күте осы жерде ұйқтап қалыппыз. Үлкендер жағы бізді ас алдында сыртқа шығар кезде ғана көріп «мыналардың жатысын қара, бұлар қашан келіп еді» десіп күліп алыпты. Ертесіне қонақтар кеткен соң Көркем екеуміз атама: «Қайсы гүжілдегені, ештеңе де естімедік қой»,— дейміз жарыса. Атам жымыып күліп: «Ой, сендер ұйқтап қалыпсындар ғой, ол анда-санда ғана гүжілдейді. Ұйқтамау керек еді. Келесі жолы ұйқтамай тыңдандар» десе, біз соған сеніп, қашан келер екен деп күтіп жүретін едік. Кейіннен оның маңызына түсініп, атамның құрдасымен өзілдескені екендігін біліп көпке дейін бұл қылығымызға күліп те, ұялып та жүрдік. Қалай дегенде де Кенен атам өнді көтеріңкі, ашық дауыспен шырқаса, Есдәулет атам баяу, қоңыр дауыспен гүжілдеңкіреп айтатыны рас еді. 1967-жылдың жазы болу керек (ұмытыңқырап қалыппын) біздің үйге Сәбит Мұқанов келді. Атамнан Есдәулеттің ауыр науқас екендігін естіген ол Ақтерек совхозына (Алматы облысы) бірден тартты. «Біз де бірге барып қайталық, көңілін сұрап бармағалы біраз уақыт болып қалды»,— деп атам мен апам да жинала бастады, мен де ілестім. Есдәулет атам сөйлей алмайтын ауруға шалдығыпты. Тілі ісіп кеткен сияқты күрмеуге келмейді. Атам мен Сәбит аға екеуі алма-кезек бар жаңалықтарды айтып, күлдіріп, ақынның көңілін көтеруге тырысып жатыр. Сонда Есдәулет атамның қуанғаны, риза болғаны, оны сөзбен айта алмай қиналғаны, қайта-қайта көзі жасаурап беттеріне қарай бергені бөрімізге де қатты әсер етті. Аяулы атамыздың аянышты халі жүрегімізді ауыртты. Екі шөй, бір ет жеп дегендей біраз отырып Ақтеректен Алматыға қарай Сәбит аға, Ақтеректен Кировка қарай біз кеттік. Жолда бөріміз де үнсіз, өрқайсымыз өз ойымызбен отыр едік атам біраздан соң: «Шіркін, осы Сәбиттің адамгершілігіне дән ризамын. Есекеңнің науқастығын ести сала сөлем беріп, көңілін аулап көрсеткен ілтипатын қалай ұмытады адам. Сәбит халық ақындарының шынайы жоқтаушысы, адал қамқоршысы, нағыз азамат қой. Егер Сәбит болмаса, бізді — халық ақындарын, әсіресе Жетісу ақындарын көп ешкім білмей-ақ кете барар ма едік»,— деген еді атам.

Бірде атам Алматыда тұратын бір топ жазушы, ақындар жайында өңгімелеген-ді. «Алматыда Ғабит

Мүсірепов деген жазушы ағаларың бар. Терең ойлы, кеңпейіл, аз сөзді, аспайтын-саспайтын кісі. Сырын білмеген адамға менмен, кесірлі сияқты көрінеді. Оны мына шешелерің «Кербез қайным» дейді. Өзі сері, жүрген жері ойын-күлкі, өзіл-қалжың. Тайыр Жароков деген ақын ағаларыңды «Ерке қайным» дейді. Ал, енді менің ән-жырымды ерекше құрметтеп, әрдайым жақындығын сездіріп ниеттес, тілектес болып жүрген, аңқылдаған ақ көңіл, арманшыл Хамит Ерғалиев деген ақын ағаларыңды «Аусар қайным» дейді. Тіліміз бөлек болса да жүрекпен түсінетін композитор Борис Ерзаковичті «Орыс қайным» дейді. Бір менің ғана емес, бүкіл халық ақындарының қамқоршысы Сәбит Мұқановпен аналарың түйдей жасты, оны Сәбең де құрметтейді. Бұлар жылына бір-екі рет келіп кетпесе аңсап сағынып қаламыз, күтіп жүреміз. Қашан келсе де бұларға Нәсиха соғымнан сыбаға сақтайды. Сәбит келген бетте: «Менің қазым ұнның ішінде сақтаулы тұрған шығар» — деп қалжыңдай келеді. «Осы шешелерің сияқты болсаңдар достарың көп болады. Алысты да, жақынды да жақындататын әйел ғой, ол жөнінде де мен Нәсихаға ризамын», — деді де:

Жақсы әйел көп ішінде жасытпайды,
Сабырлы, салмақты боп асықпайды.
Әйелің шайпау мінез болып шықса,
Достарың, ағайының қашықтайды.

Әйелің жақсы болса атың байлар,
Жаман болса шаңқылдап отынға айдар.
Әйелі ер жігіттің нашар болса,
Қаймығып қатарыңнан сорың қайнар...—

деген өзінің «Ерлі-зайыпты» деген өлеңін айтып берді. — Мен қалаға барғанда көбінесе өзімнің ақынжанды өрі өзі де ақын замандасым Айманкүлдің (Әбділда Тәжібаевтың анасы) үйіне барамын. Онымен әңгімелесіп қолынан дәм татып қайту мен үшін бір ғанибет еді. Сол Айманкүлдің ұлы Әбділда үйленіп арнайы құтты болсын айтып бардым. Келінінің аты Сара екен. Ал баласы Әбділда өлі жас қой, тірі болса, бір керемет ақын болайын деп тұр, — дейтін еді атам. Кейіннен білдік, Әбділда ағаның болашағының зор екенін сол кезде-ақ дәл түсінген екен ғой.

— Сәуірбек Бақбергенев деген жас жазушы шықты. Өзі маған шөкірт боламын деп талпынып өлең шығарып жүрген Асылкүл ағаларыңмен құрдас өрі дос болуы керек, біздің ауылға жиі келеді. Қайсысының мерген екенін білмедім, әйтеуір, ауылымызды мекендеген арқарларды қырып бітетін болды, — деп күліп қойды. Өсе келе осы кісілердің бөрімен де дастарқандас болып, ақыл берер ағаларымыз, арқа сүйер бауырларымыз сияқты болып кетті. Атамның 75, 80, 90, 100 жылдық тойларын өткізуде бұл кісілердің бөрінің де көрсеткен қызметтерін, әкемнің шығармаларының жан-жақты жариялануына қамқорлық жасағандықтарын ілтипатпен еске аламын. Сәуірбек аға біздің ауылға жиі-жиі келіп жүріп атаммен жақын танысуға мүмкіндік алған. Қасында көп жүріп, көп тыңдаған. Асылкүл (Бұрбаев) аға арқылы да көп жайлармен таныс болып, халық арасынан деректер жинаған. Соның нәтижесінде ақынның балалық шақтағы ащы өмір зардабын суреттеген «Бозторғай» деген повесін жазды. Жазушы ағаның бұл шығармасы Кенен Әзірбаев туралы көркем сөзбен жазылған тұңғыш та, әзірше, соңғы повесть екендігін атап өткен жөн.

Жарты ғасыр бірге ғұмыр кешіп, жыр маржанын бірге төгіскен ұстазы Жамбылға арнаған «Жамбыл — жыр» дастанында ақын Хамит Ерғалиев ағамыздың еңбегінің зор болғандығын жасыруға болмайды. Дастанды жазуын жазғанмен 80-нің үстіндегі қарт ақын көп жайларды дегеніндей жеткізе алмай қиналып, осы шығармасын қарап беруді Хамит ағаға тапсырған. Бірнеше күн екеуі бөлек бөлмеде ешкімді кіргізбей жұмыс істегендерін көзіммен көргенмін.

1948-жылы біздің үйге қолында аккордеоны бар бір кісі келді. Өңі сондай жылы. Әкем жаны қалмай бөйек болып жүр. Тілдері бөлек болса да бірін-бірі түсінеді. Үш күн жатты. Атам домбырамен өзі шығарған әндерін орындайды, ол аккордеонға тартып түсіреді де дереу қағазға жазады. Жазуы біздікіндей емес, өңшең сызықтар, нүктелер. Қайта-қайта қастарына келіп анаған бір қарап, мынаған бір қарап маза бермеген маған ол мұның өн жазатын жазу (нота) екендігін түсіндіріп, менің орындауымда да атамның «Мектеп балалары» деген өнін жазып алды. Менің даусымды ұнатты ғой деймін, шашымнан сипап тұрып: «Кенен, қызыңды музыкаға беру керек, қалаға алып кел, көмектесемін», — деді. Сол күннен бастап күні бүгінге дейін

өкемнің музыкадағы өнерін терең түсініп бағалаған, достық ниетпен қамқорлығын аямаған бұл адам — композитор, өнер ғылымының докторы, профессор Борис Ерзакович. Бұл жайында атам «Достарым» деген өлеңінде:

Тағы да бір досым бар композитор,
Кендерім азды-көпті сонда жатыр.
Белгілі Ерзакович Борис аты,
Жүрек пен ниетіміз балдай төтті,—

деп бағалайды.

Мектепке барып хат танығаннан-ақ өкемнің атынан жан-жаққа хат-хабар жазушы да, араб әрпімен жазылған өлеңдерін өзіне оқытып отырып, орыс әрпімен көшіретін де мен болдым. Бір күні атам: «Тайыр Жароков ағаңа менен хат жаз, балам»,— деді. Мен Тайыр аға: «Сізді атам қонаққа шақырады, сағындым, келінді ала келсін деді» деп жазыппын да аяғына «айтқан атам, жазған қызы Төрткен» депшін. Көп кешікпей-ақ Тайыр аға қасында бірнеше кісілер бар үйге келді. Бөрі сөлемдесіп жатыр. Келгеніне разылығын білдіріп жатқан өкеме Тайыр аға: «Атасы шақырса, қызы жазса қалай келмейміз»,— деп күліп, атама жабысып тұрған мені қасына шақырып алып, бетімнен сүйді. Атам: Сен хат жазғанды айтасың, менің қызымның орындауында өз өлеңінді естісең»,— деді. Тайыр аға: «Көне, Төрткен, айтшы менің өлеңімді»,— деп ерекше бір мейіріммен бетіме қарады. Мен тік тұра қалып өңдете:

Тауды бұзып, тасты жарып,
Тамшылатқан ащы тер.
Ол қайратты, ол қажырлы,
Қайтпас, қайсар жұмыскер,—

деп айтып бердім. Тайыр аға мені жерден көтеріп алып: «Кенеке, Төрткеніңнен көп үміт күтуге болады екен, бақытты болсын»,— деп бата берген еді. Тайыр аға дүниеден қайтқанда өке-шешеме ілесіп мен де келдім, қаралы қоштасуда болып, топырақ салдық. Қырқын бергенде де, жылында да атам екеуміз келіп қатыстық. Сол жолы атам:

Халқымның ардагері Тайырым-ай,
Көрі-жас күңіренді қайғырып-ай.
Қамықты қатарласың, қалың жұртың,
Аяулы жампозынан айрылып-ай.

Кім ұмытар ақ пейілінді аңқылдаған,
Кім ұмытар ақ жүзінді жарқылдаған.
Ән шырқап шығарманды оқығанда,
Дауысың ақ сұңқардай саңқылдаған,—

деп басталатын «Қайран Тайыр» деген жоқтау өлеңін шығарды.

Сөбитпен достығыңды кім білмейді,
Кейбіреу ашық айтпай күбірлейді.
Алты жыл ауырғанда атсалысқан,
Жүректің ыстық қаны үзілмейді,—

деп өкемнің өзі айтқандай-ақ, мен Сөбит ағаны жасымнан көріп өстім. Алайда, ес кіріп есейген шақта көргенге не жетсін?! Бөрі бүгінгідей есімде. Өкем 1952 — 1957-жылдар аралығында алты жыл қатты ауырып жатып қалды. Ол кезде біз Отар станциясында тұратын едік. Тұрмысымыз да орташа. Соқпадан салынған қоржынбас тамда тұрамыз. Тамағымыздың негізі ет пен сүт. Атамның бұл науқасы, шешем мен өжеме және балалардың үлкені маған қатты батты. Әсіресе, 9-класты бітіргеннен кейінгі жазғы демалыс мен үшін өте ауыр мезгіл болды. Осы жазда атамның ауруы аз болғандай бірі екіде, екіншісі бес жастағы сіңлілерім Ақтамақ пен Ақбілектің көздерін ақ басып ауырып, апамның олармен бірге ауруханаға жатуына тура келді. Өжем оларға тамақ апара жатып тоқтап тұрған пойыздың астынан өте бергенде басына вагонның үшкір темірі кіріп ауруханаға түсті. Інім Көркемжан ойнап жүріп құлап, қолын сындырды. Жалғыз қалдым. Ағайын-туғандардың көмегімен тірлік етіп жаз да өте шықты. Сабақ та басталатын уақыт болды. 10-класты аяқтау үшін қалаға баруым керек, бірақ үйді тастап кете алмай екі көзімнен жас парлады. Бір күні күндіз атамның басын уқалап отыр едім, есіктің алдына жеңіл машина келіп тоқтады. Ішінен орта бойлы, толықтау, үстінде ақ жейде, басына тақия киген Сөбит аға түсті. Тани кеттім. Ол кезде С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау», «Адасқандар» деген шығармаларымен таныспын. «Ақ аю» поэмасын жатқа да білетін кезім. Атаммен ұзақ өңгімелесті, үй-жөйімізді барлап, қораға дейін аралап, жағдайымыздың мез емес екендігін түсінді.

— Кенеке, Жазушылар одағының да, Композиторлар одағының да мүшесісіз, Сізге барлығы да көмектесуге міндетті. Босқа өлетін болыпсың, қалаға

алып кетейін, ауруханаға жатып біраз емдел, демалыс орындарына бару керек. Менімше, сізді алып бара жатқан ауру жоқ сияқты, тек тынығу керек, — деді Сәбит аға. Атам: «Шырағым, Сәбит көп рахмет! Мені орнымнан қозғамай-ақ қойыңдар. Қалаға (жететін түрім жоқ, жүрегім қысылып басым ауырып тұрады. Сенен көптен-көп сұрайтыным, мына менің Төрткенім оқуынан қалып барады. «Базарым-ай, Назарым-ай» деп жылап жүргенімде көргенімді өзің жақсы білесің. Күніміз осыған қараған соң не дерсің? Мектептен шығарып жіберетін болды деп жылап бітті», — деді. Сәбит аға маған қарап: «Қайда оқитын едің, Төрткен?» — деп сұрады. «Алматының №12 қазақ орта мектебінде оқимын, 10-кластамын» дедім де, жылап қашып кеттім. Аға үндемеген қалпымен: «Жарайды, бастықтарыңа айтармын», — деп жеңіл ғана шөй-пай ішіп, бізбен қоштасып жүріп кетті. Бірнеше күннен кейін апам қыздарымен ауруханадан шығып келіп, мәре-сәре болып жатқанымызда, бір топ дәрігерлермен Сәбит аға тағы келді. Атамды өбден қарап, жүйкесі шаршаған, бір нәрседен қатты қорыққан деп тапты. Неше түрлі дәрілер беріп, тыныштық сақтауымызды талап етті. Тұрған жеріміздің ауа райының бұл кісіге жақпайтынын, міндетті түрде қоңыр салқын тау сағасына барып демалуын, мүмкіндігінше қоныс ауыстыру қажеттігін ескертті. Осы жолы Сәбит аға мені өзімен қалаға алып кетті, интернатқа ертіп келіп орналастырды. Кетерінде Сәбит аға: «Төрткен шырақ, сабағыңды жақсы оқы, көп еш нәрсе ойлама, мынау біздің үйдің телефоны, мынау жұмысымдікі, ұялмай хабарласып тұр», — деді.

Осы арада Сәбит Мұқанов ағаның асқан кішіпейіл, адамгершілігі мол жан екендігін, үлкенмен де, кішімен де бірдей сөйлесіп кете беретін жайсаңдығына төнті болған оқиғаны айта кеткім келіп отыр. Ол — ұлы жазушы, үлкен адамның алдында өзімнің соншама суырыла сөйлеп, білгішсініп өңгімелескен балалық өбесігімді Сәбит ағаның түсіне білгендігі еді. Ал мен болсам бұл жағдай ойыма түсіп кетсе болды, осы күнге дейін бетімнен отым шығып ұяламын.

Жолда жазушы аға мәшине айдаушысымен сөйлесіп кетті де мен біраз уақыт елеусіз өз ойыммен өзім болып отырғанмын.

— Төрткен шырақ, не ойлап келесің? Сені мектептен де, интернаттан да шығармайды, ол жайында сөйлескенмін, — деді Сәбит аға құдды менің не ойлап

келе жатқанымды білгендей. Селк ете қалдым да, тез есімді жиып: «Ағатай, оларға айтыңызшы, мені өз класымда, өз бөлmemде қалдырсын» — дедім.

— Өз бөлmem мен өз класымды қалай түсінуге болады, бәрі бір емес пе? — деді.

— Үшінші жылға кетті, кілең елден келген қыздарды бір класқа жинап (ол кезде №12 қазақ орта мектебінде өңшең қазақ қыздары, №18 қазақ орта мектебінде тек қазақ ұлдары оқитын) Лузгина Зинаида Михайловна деген мұғалім жетекшілік етіп келеді. Ол өзі грузинка, орыс тілі грамматикасының авторы, өзі білгір кісі. Үш ұлы, күйеуі бәрі де соғыстан қайтпай қалыпты, жалғыз тұрады. Уақытының бәрі тек бізбен өтеді. Мектептегі оқытқаны аз болғандай көбімізді үйіне де апарып үйретеді. Ақшасының бәрі бізге кітап, дәптер алуға кетеді. Үйіне барсаң «ирис» деген конфетті ыдысқа салып қояды да бізге береді. Ол кісі менің атамды жақсы біледі. Зинаида Михайловна менің сабағым сәл нашарлап, өзім бір өзгеріске түсіп бара жатсам болды: «Придется пригласить твоего отца. Он тебя очень любит, а вот ты неоправдываешь его доверия и любовь» десе зөрем кетеді. Өте қатал адам. Алайда, бәріміз де жақсы көреміз өзін, — деп сайрамасым бар ма. Ол аз болса: «Ана өз бөлmemде сол Зинаида Михайловнаның тоғыз қызы бірнеше жыл болды бірге тұрамыз. Атам мені іздеп келгенде бірге тұратын жолдастарымды көріп, бізге өлең айтып беретін. Олар менің төсегімді ешкімге бермей ұстап отырған шығар... — деймін. Ал, Сәбит аға болса анда-санда артында отырған маған қарап қойып тыңдап, басын изейді.

— Ол жолдастарыңның аттары кім деп күліп қояды да, бәрі де жақсы оқитын, тәртіпті қыздар шығар, ө, — деп сөзді жалғастыра түседі (Мен сөйлей түссін, қысылмасын дей ме, білмедім).

— Ой, аға, олардың бәрі де мен сияқты ауылдан келген қыздар. Алғаш орыс тілін жөнді білмейтінбіз, қаланың қыздарынан гөрі басқашалау едік, қазір бәрін де үйреніп алдық деп қызына түстім. Біздің «В» класы басқа, «А», «Б» кластарынан озып кетті. 100 процент үлгіреміз. Бәріміз де жақсы оқимыз, қайырымдымыз, бір-бірімізге қатты көмектесеміз, сондай татумыз», — деп даурығып, мақтанып кеттім.

— Сонда бір класта қанша оқушысыңдар, бәрін де жақсы көресің бе? — дейді аға.

— Бір класта 20 қызбыз. Бәрін де жақсы көремін, өсіресе, бір бөлмеде тұратын 9 қызды ерекше, бірге жүреміз, сабақты бірге оқимыз. Жанаркүл дейтін жолдас қызым бар. Адамгершілігі сондай зор. Жақында «соқыр ішек» болып операция жасады. Өзі ауырып отырып маған беторамал тігіп, жан-жағын шілтерлеп берді. Мен оны ешуақытта жоғалтпаймын. Фермахан деген жолдас қызым бөрімізден де жақсы оқиды. Өзі күн демейді, түн демейді, кітапты көп оқиды. Светті жағып қойып оқиды, «өшір ұйқтауымыз керек» десем, тіл алмайды, сол үшін кейде ұрсып та қаламыз. Өсіресе, черчениені жақсы сызады. Мен черчение сабағын аса ұнатпаймын, сызғым келмейді, өр миллиметр, сантиметрін санап, шұқшиасың да отырасың, шыдамым да жетпейді, өйтеуір Фермаханның сызғандарының жаратпай тастағандарын апарып өткізіп, кейде «3», кейде «4», «5» алып өрең құтыламын. Осы черчение деген бір пәле болды маған. Аға десе, осы черчение деген сабақтың не қажеті бар, ө!— деп қоямын.

— Тағы қандай жолдастарың бар, айта бер,— дейді аға.

— Күләйхан деген жолдас қызым, ол біздің кластың старостасы. Өзі жақсы оқиды, қатал. Қоңыраудан соң класқа кірмей сәл кешіксек жанымызды шығарады. Ал, өзі екі бұрымын қайшылап алып, төсектен-төсекке секіргенде ғой, ешкімді де тыңдамайды. Күләйханның шашы қалың, бұйра, өзі сондай сұлу — деймін.

— Өсіресе, Райла деген жолдасымның жағдайы ауыр. Оның әкесі де, шешесі де жоқ. Үш інісі бар. Олардың бәрі де №18 мектепте оқиды. Демалыс сайын Райла соларға барады. Бөлмедегі барлық қыздар өзімізге тиесілі конфет, печеньелерімізді жинап Райлаға інілеріңе апарып бер деп береміз, кейде ілесіп те барамыз, Райланың жазуы әдемі-ақ. Зинаида Михайловна класс журналын да толтыртып, жоспарларының бәрін де соған жазғызады. Ол өте іскер қыз қолынан келмейтіні жоқ. Мен мектепке киетін формамның жағасы мен жеңдерінің ағын көбіне Райлаға тіккізіп аламын.

— Өзің неге тікпейсің?

— Білмеймін, өзім тігейін десем, өйтеуір, қисаяды да қалады.

Сәбит ағаға тіпті сөз бермеуге айналдым.

— Аға, менімен бірінші күннен бір партада оыратын

Дәмеш деген жолдасым бар. Өзі есепке керемет, қандай есеп болса да ол елдің алдымен шығарады.

— Ал сен ше?

— Мен онша емеспін, есеп шығарудан жек көретінім жоқ. Бірақ, Дәмеш алдымен менің есебімді, онан соң өзінікін шығарады (өне өйтпесе) дегенім сол еді:

— Сонда сен нені жақсы көресің? Черчение, есеп дегендерді суқаның сүймейді екен, іс тіге алмайсың— деп күле қарады.

— Мен бе, мен не қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, не атам сияқты өнші боламын,— дедім. Қалаға келген соң Сәбит аға мені ертіп жүріп алдымен мектепке апарды. Ондағы басшылармен сөйлесіп З. М. Лузгинаны тауып алды. Зинаида Михайловна мені көріп «Ты же должна учиться только в своем классе»— деп ағаға қарап жымып күлді. Одан интернатқа келдік. Онда да басшылармен біраз отырып, бір кезде бәрі де бөлмеден көңілді күліп шықты. Бұл кезде менің келгенімді көріп, қуанып қоршап алған өз бөлмедегі қыздардың ортасында тұр едім. Осы қыздармен осы күнге дейін аралас-құралас дегендей бірге келеміз. Бұл күнде бөріміз де қыз ұзатып, келін түсіріп, немере сүйіп әже болдық. Анда-санда бас қосқанда сол бір албырт балалық шақтағы қызықты күндерімізді есімізге алып, тіпті жасымыздың келіп қалғанын да ұмытып кететін шақтарымыз да болып тұрады.

Міне, осы күннен бастап Сәбит аға мені өз қамқорлығына алып, жақсы оқуыма көмектесті. Атама жиі-жиі келіп тұрды. Ол жаққа барарында мектеп басшыларынан сұрап, мені де ала кететін. Бірде: «Жол қысқарсын, Төрткен, өн айтшы»,— деді. Мен «Айттым сәлем Қаламқас», «Қараторғай», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін орындап бердім. Өте риза болды. «Сен «Екі Жирен» деген өнді білесің бе?»— деп сұрады. Мен «мына өн бе» деп ыңылдай бастағаным сол екен, өзі де қосылып кетті. Сонда Сәбит аға бұл өннің қайырмасын:

Ахау, мекен сұр мерген,

Оңбайды екен сөзге ерген.

Анау-мынау десе де,

Қымайды екен көз көрген,—

деп айтты. Мен мұндай өленді бірінші рет естігенім еді, ұмытып қалмас үшін ішімнен бірнеше рет қайталап жаттап алдым. Үйге келген соң да атама: «Кенеке, Төрткеніңіздің дауысы тым жақсы екен, жеткенше өн

айтқызып келдім. Даусының жіңішкелігі болмаса, үні кең, әрі биік өзіңізге келіп тұр»,— деді. Сәбит Мұқановтың қамқорлығымен 1954-жылы атамның шағын өлендер жинағы, 1956-жылы «Әли батыр» дастаны баспадан шықты. Жазушылар одағының шешімімен 50 мың сом бөлініп, Қордай ауданы Киров колхозының ортасынан үй салынды. Қоңыр салқын жайға көшіп келіп, көңілі көтерілген әкем 1957-жылы құлантаза жазылып, қайта сапқа тұрды.

Сол бір күндерді есіне алып атам: «Бір күні үйге Несіпбай деген жігіт келді. Ол өзі туыстық жағынан да маған іні болып келеді. Ол кезде Несіпбай қатардағы «Ақтерек» совхозының деректірі еді. Келінім Сұңқар да бұрынғы-соңғының жолын жақсы білетін аса бір аяулы, ізетті адам. Інім еркелей келіп: «Жатқаныңыз жеткілікті болды ғой, аға, алып кетейін деп келдім. Ерулігіңіз бар, оның үстіне біздің ауылда бір үлкен той болғалы жатыр, соған апарамын, көңіліңізді көтеріп, біраз сергіп қайтасыз»,— деп бой бермеді. Қарсыласқаным да қарамай, апай-топай киіндіріп, Нәсиха екеумізді алды да кетті. Көптен көрмеген ел-жұрт басып қалды. Тірілерімен жүздесіп өлгендеріне көңіл айтып дегендей, қатты шаршап қалдым. Бірақ та шыдадым. Түннің бір уағында жүрегім лоблып, басым айналып бір түрлі болып кеттім де, Нәсиханы ертіп далаға шықтым. Қатты құстым, ішімнен бір қатты зат шыққандай болды, түнде оның не зат екенін көре алмадық. Құсып-құсып, өбден өлсіреп, төсекке өрең жеттім. Қатты ұйқтап кетіппін. Көзімді ашсам Нәсиха бетіме қарап қасымда отыр. «Япыр-ай, бой бермей әкеліп едім, одан әрі ауыртып алмасам етті. Оянса болды ауылға жеткізейін, машина даяр тұр» деп бөйек болып жүрген Несіпбайдың дауысын естідім. Орнымнан атып тұрып машинаға қарай тұра жүгіріппін. Өзім сондай тыңмын. Көңілім көтеріліп, денем жеп-жеңіл, басым ауырмайды. «Мен жазылдым, мен жазылдым»,— дей беріппін. Бәрі таң қалып, бас салып сүйіп жатыр. Несіпбай, Сұңқар, Нәсихалар қуаныштан жылап жүр. «Айтқаныңыз келсін, аға, жазылыңыз. Осыдан тағы да жатып қалмай, жүре беріңіз, қыдыра беріңіз. Барлық жағдайды жасаймыз, тірлік болса бәрі бар»,— деп Несіпбайым ат міңгізіп, шапан жауып, ел-жұрт шуылдап шығарып салды. Міне, осы күннен бастап мен қатарға қосылып, кеселімнен жазылдым»— деп отыратын жарықтық. Ақын үшін қиын да ауыр болған

осы кезеңді әкем «Ауырып жазылғанда» деген ұзақ өлеңінің мына бір жерінде:

Қордайдың айналайын жерінен де,
Тұнық су, қоңыр салқын желінен де.
Шаң топырақ болмайды көк майсалы,
Тынысым ашылды ғой күннен күнге.

Қордай, Киров ағытты кісенімді,
Ақтерек алып қалды кеселімді,
Көк машина келгенде атып тұрып,
Сілкіп тастап жөнелдім төсегімді.

Шыр-шыр етіп Нәсиха қызғыштай боп,
Азып-тозып, ой ойлап қырғыштай боп.
Ауырмалық, бала жас өз мойнында,
Амал бар ма келген соң бір кездейсоқ.

Әкімет еңбегімді бағалады,
Көшіп келіп кең жайға кіргеннен соң.
Денсаулықтың нышаны жағалады,
Жазылған соң, өлденіп, есім жиып.
Алты жылдай ілулі домбырамды
Қолыма алдым, баламдай бетін сүйіп,—

деп суреттеген. Әкем мен Сәбиттің шығармашылық, достық қатынастары жайында көптеп айтуға болады. 1957-жылдың жазында Сәбит Мұқановтың туғанына 60 жыл толған тойы республика көлемінде кеңінен аталып өтілді.

— Сенің тойың менің аулымнан басталуы керек, қанша кісімен, кімдерді алып келесің өз еркің,— деп атам Сәбит ағаны торқалы тойымен құттықтап, қонақ-қа шақырды.

Сәбит ағаның келісімін алған соң атам той жабдығына кірісіп кетті. Өзінің жанашыр туыс-бауырларын ақылдасуға шақырып, қызмет көрсетулерін өтінді. Сондағы атамның ағайындас інісі марқұм Әкенай Ыстыбайұлының еңбегі ерекше болды. Әкенай аға ол кезде атамның туған жері Рославль совхозының бас бухгалтері болып еңбек ететін жаны жомарт, үлкенге де, кішіге де сыйлы, қамқор кісі еді.

— Япырмай-ай, мына колхозда ресторан да, асхана да жоқ. Тойды қайда, қалай өткіземіз, қонақтарды қайтсек риза етеміз,— деп қиналған атама, Әкенай аға:

«Кенеке, қам жеменіз, той болатын күнді айтсаңыз, сол күні даяр болады. Орын іздеудің қажеті жоқ. Дәл осы өз үйіңіздің қасына жеміс ағаштарының ортасына, ашық аспан астында дала ресторанын орнатамын», — деді. Бөріміз қуанып кеттік. Аға айтқанында тұрды. Тойға бір күн қалғанда үйдің айналасы тазартылып, электр шамдары тартылып, біздің үйдің ауласы кіші-гірім қалашыққа айналды. Ас даярлайтын аспазшылардан бастап бір ресторанның қызметкерлері түгел келіп, әрқайсысы өз жұмыстарын ұқыптылықпен атқарды. Дастарқанда бөрі болды. Тойды атамның өзі жүргізіп, той рәсімдерінің бөрін де ойдағыдай етіп өткізді. Сәбит аға да, келген қонақтар да дән риза болды, дала ресторанын қатты ұнатты. Осы жолы атам Сәбит інісіне күміс ертоқымымен Балақасқа деген тұлпар мінгізді. Өзі Құлақасқа деген атына мініп суретке түсті. Әкенай інісінің үлкен адамгершілігіне риза болған атам батасын беріп, алғысын айтты. Сәбит аға атқа құмар жан екен. Біздің үйге келген сайын атам екеуі атқа мініп серуендеп қайтатын. Бірде көкпар тартуға да қатысты. Атамның «өзің етжеңдісің, жығылып мерт болып жүрерсің» дегеніне де қарамай, атқа қарғып мініп, көкпаршылардың артынан шаба жөнелді. Атам да, бөріміз де үйдің үстіне шығып қарап тұрдық. Бір уақытта ақ тер, көк тер болып келді. Өте көңілді, жаны жай. «Ой, бір армансыз-ақ сілкілестім-ау, ұмытпапшын, Кенеке, көкпар тартқанды», — деп күле келіп аттан түсті. Біз ол кісінің аман келгеніне қуандық. Біздің ауылдың жігіттері көпке дейін осы жолғы көкпарға бүйірден келіп кіріскен адам атақты жазушы Сәбит Мұқанов екендігін кейіннен естіп, қонақ сыйлап көкпарды осы кісіге бермегендіктерін өкінішпен еске алып жүрді.

1958-жылдың жазында атамның көшіп келген жаңа қонысына құтты болсын айта Сәбит аға келді. Қасында мойнына сурет басқыш (фотоаппарат) ілген бір жас жігіт бар. Ағаның келген құрметіне қой сойылып, нан пісіріліп, кешкі отырысқа даярланып жатырмыз. Ондайда апамның көрші-қоландары, абысын-ажындары көмекке келетін әдеті. Бір әйел қойдың ішек-қарнын тазалап жатыр, біреуі бас-сирақтарын үйітіп, бірі қуырдаққа ет турап, бірі бауырсақ пісіріп дегендей шаруа басында жүр. Атам мен Сәбит аға шөй ішіп тысқа шықты. Сәбит аға әлгі от басында жүрген әйелдерге сөлем беріп, олардың барлығын шақырып алып,

қатар-қатар тұрғызып, өзі ортасына тұрып әлгі жас жігіттен суретке түсіруін сұрады. «Қазан-ошақ басындағы әйелдермен суретке түскені несі, ағаның», — деп іштей жақтырмай тұрдым. Ол ойымды ағаның өзіне де айтып тындым. Сәбит аға менің сөзіме күліп алды да: «Әрі ескерткіш болсын, әрі шығармаларымның кейіпкерлерінің сырт бейнесін сипаттауыма мұндай суреттер көп көмек береді», — деді. Мен ойланып қалдым. Әуесқой суретші жас жігіттің сондағы түсірген бір суреті менде әлі де сақтаулы.

Сәбит аға мешкейлер жайлы өңгімені майын тамыза айтатын еді. Айта отырып, өзі де екі қолын етке бірдей салып жібергенде, маған ол кісінің өзі де сау емес сияқты болып кететін. Айнала бірге отырған адамдарға, есіктен сығалап үстіне кіре алмай төртіп сақтап жүргендердің барлығын шақырып алып өз қолымен ет асататын. Ет асатқанда бармағы таңдайыңа тиетін. «Сәбит ағаша ет асатайық» деп ол кісі жоқта бір-бірімізге ет асатып талай-талай құлағын шуылдатушы едік. Әкем Кененнің арқасында біз халқымыздың осындай адал перзенттерімен, тума-таланттарымен дәмдес болып, олардың өңгімелерін, ақыл-кеңестерін тындап, назарларына ілініп, қамқорлықтарын көргенім үшін өзімді бақытты санаймын, мақтанышпен еске аламын.

Мені ерекше ойланып таңқалдыратын бір жөй, анам Нәсиханың осы кісілердің аттарын тік айтпай әрқай-сысының мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қарай ат қойғанға шебер. Аулымыздың үлкендері Құстүтін атамды «Түтін Жөкем», Қисық атамды «Қыңыр Жөкем», қалжыңбас, қу тілді Шұңғыл атамды «Шайқы Жөкем», Сати-Боти деген аталарымызды «Үлкен ата», «Кіші ата», Кебекбай бабамызды «Қауыз ата» дейтін. Шешемізге еліктеп «Түтін ата», «Қыңыр ата» десек, елдер күлетін еді. Кейіннен өзім тұрмыс құрып бөтен елге келгенде шешем құсап мен де үлкенін үлкендей, кішісін кішідей сыйлауға тырыстым. Күйеуімнің қарындасын «Ақылдас» деп, інілерін «Төрежан», «Мырза жігіт» деп ат қойып, шамамның келгенінше дұрыс келін болуға, өскен ұяма, әке-шешеме ұят келтірмеу жағын ойладым. «Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген — тон пішер» деген халқымыздың дана сөзі осындайдан шықса керек. Мен келін болып түскен жер кішкене ғана станция екен. Тұратын халықтың дені қазақтар. Жеті жылдық қазақ мектебіне мұғалім болып ор-

наластым, төртінші кластың класс жетекшісімін. Ел-жұрттың назары менде, яғни жаңа түскен жас келінде. Жолдасым Тасыған Алматының тау-кен институтының студенті, оқуда. Атам, енем, ер жетіп қалған қайным, бой жетіп қалған қайынсіңілім бар. Өзім ерке өскенмін, ештеңені білмеймін, білгім де келмейді деп белден басып жүре беруіме болатын еді ғой. Олай істеуге болмайды. Әкем:

Аты бар әжептәуір өкең — Кенен,
Абырой өзіңе де өкем деген.
Халқыңа қалаулы бол, елге елеулі,
Тілегім менің, қалқам, Төрткен сенен...—

деп жібрмеп пе еді... Оның үстіне жолдасымның: «Төрткен, байқашы. Елден ерте кеттім, тумаса да туғандай өке-шешем бар. Осы жердегілердің бәрі де «Жалайыр» деген ел болады, оның ішінде Балғалы, Андас, Орақты деген рулар, өкемді, шешемді білетіндер, көргендер осылар, туып-өскен жерім де осы жер. «Мына жетім желпілдетіп кімді алып келген дегізбе», — деген еді. Бөрінен де қиын тигені, 4-класс оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізу болды. «Ойбай, келін шақырыпты» дейді деп біреуінің баласы, біреуінің немересі бар класқа ата-аналар жинала бастады. Қатты толқыдым, басыма орамал байлап, жылы амандасып класқа кірдім. Жиналысты бастар алдында: «Мен сіздерге мұғалім келін болып кездестім, тәртіпсіз екен деменіздер, білмейді екен деп тағы да ойламаңыздар, салтымыз бойынша мен мына кластағы оқушылардың не әкесінің, не өздерінің аттарын атауыма болмайды ғой. Сонда қайтсек екен, барлығына ат қойсам ба екен?» — деп күлдім. Риза болғандары сонша, кейбірі көзіне жас алды, «Шырағым, бақытты бол, білгеніңе, ізетіңе рақмет, балалардың аттарын атап сөйлей бер», — деді біреуісі. Бөрі бір ауыздан оны қоштады. Сөйтіп, мен балалардың ата-аналарымен тіл табыстым. Өзім де жол тапқанымға қатты қуандым. Олар да: «Кұдайға қараған, көргені бар, иманжүзді келін екен» деп риза болып кетті.

Бірінші май мерекесі келді. Мұғалімдер бастаған бір топ концертке даярландық. «Әлгі біздің мұғалім келін өлең айтады екен» деп ауыл-аймағымен, тайлы-таяғымен дегендей, әсіресе үлкендер клубқа сыймай кетті. Тағы да қатты толқыдым, басыма орамалымды

байлап, қолыма домбырамды алып, иіліп сахнаға шыққанда, бөрі ду қол шапалақтады. Атамның «Бозторғай», «Базарым-ай, Назарым-ай», «Сайра тілім» деген өндерін орындадым. Қол соғып жібермеген соң, әсіресе үлкен кісілерге жағатын, олардың жан дүниелеріне әсер ететіндей өкемнің «Қайран жастық», «Ерлі-зайып», «Келінжан» деген өндерін шырқадым. Халық сондай риза болды. Осы кезде сахнаға сол кездегі аулымыздың партия ұйымының хатшысы, Жетісу өңіріне белгілі атақты Жалайыр Балпық бидің тұқымы Нүсіпбекұлы Ләззат деген кісі шығып:

— Құрметті көпшілік, «Базарым-ай, Назарым-ай» өлеңін тыңдап, бұл баланың орнының Кенен құдаларыңыз үшін бөлек екендігін түсінген шығарсыздар. Өзі мұғалім, әрі атасының өндерін халық арасына таратып жүрген әнші, оның үстіне Тасыған баламыздың да келешегі зор, оқыған жігіт. Төрткен жақында доп (волейбол) ойнауға да шықпай қойды. Ұят қой, келінмін ғой, шалбармен қалай жүремін дейді. Осы баланы келіміз емес, қызымыз десек қайтеді», — деді. Бөрі шуылдап, орамалымды алып таста, ауылында қалай жүрсен, мұнда да солай жүр, шырағым, — деп жатыр. Сөйтіп мен орамалсыз жүретін ерке келін болып шыға келдім. Сондағы жақсы келін деген атым әлі келе жатыр. Бұлардың бөріні тәтіпштеп айтып жатқандарым өзімді көрсетіп қалайын дегенім емес, өз басыңнан өткенді жазудың өзі де сабақ сияқты. Қыз баланың жақсы, жаман болуы анасына көп байланысты. «Әкесіне қарап ұлын ал, шешесіне қарап қызын ал» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Мысалы, менің анам Нәсиха, осы күнге дейін менің сөзімді бір сөйлеп көрген жоқ, осы күнге дейін үйретуден жалыққан емес.

Бір күні апам үйге қонаққа келді. Есіктен кіргеннен ренжіп келді. Қолында менің кіре беріске төсеген аяқ сүртетінім бар: «О заманда, бұ заман ер адамның жағалы киімін аяқ сүртуге табалдырыққа төсеген сені көрдім. Сұмдық қой бұл. Ер адамды сыйламау деген осыдан-ақ белгілі, ұяттағы», — деп тұтығып кетіпті. Кірерге жер таппадым. «Байқамай қалыппын, апа, кешіріңіз», — деп ыстық-ыстық шөй құйып ашуын өрең бастым-ау, өйтеуір. 1962-жылы күйеуімді Мәскеуге екі жылға оқуға жіберді. Енді мен оқуым керек деп қарсы болдым. Тасыған өкем мен шешеме хат жазып жіберген көрінеді. Анам келіп. «Азаматыңның аяғына оралғы болған деген не тағы? Кімнің күйеуін өкіметтің өзі

оқуға жіберіп жатыр? Өлемін деп жүрсің бе?» — деп ұрсып-ұрсып, Тасығанды оқуға аттандырып, өзімді екі баламмен көшіріп алып кетті.

Бір демалысымызда бала жастан бірге өскен Кеңесбек, Болат деген жолдастарымыз әйелдерімен әрі сәлем беріп, әрі тынығып қайтуға атамның үйіне келдік. Жора-жолдастармен, дос-жарандармен қауышып екі-үш күндей серуендеп қайттық. Бірде ерлер далаға шығып кетті де, өңшең жас келіншектер — Рима, Нұрбүбі, мен апаммен бірге шәй ішіп отырдық. Сонда апам: «Үшеуіңнің де күйеулерің жақсы кездескен екен, өңдесең өңдері, сөз десең сөздері, білім десең білімдері бар келіскен жігіттер. Жақсы ұстандар, не болса содан қысып, ел-жұрт, қатар-күрбы, дос-дұшпандарыңның алдында жасытпандар. Осы күнгі келіндер ерлерінің айтқанын емес, өздерінің айтқандарын істетеді екен», — деді. Біз бір-бірімізге қарап күліп алдық. «Көңілдеріңе келмесін, шіркін, нелер бір кеменгер де кербез әйелдер бұрынырақта өткен ғой», — деді апам әңгімесін жалғастырғысы келіп. — Біздің аймақта өзінің асқан ақылдылығымен ел құрметіне бөленген әйелдердің бірі Ұлы жүз Дулат еліндегі Сырымбет деген атадан шыққан Ноғайбай шешеннің нақсүйері Әсел деген апамыз болыпты. Өзі Байсейіт деген батырдың жалғыз қызы екен. Тілі де майда, бармағынан бал тамған өнерпаз болған деседі. Ноғайбайдың ақылына ақыл, бақытына бақ қосқан, ел деген ерге лайық, маңдайына біткен жұлдызы болыпты. Ноғайбайды жұрт қалай сыйласа Әселді де солай құрмет тұтқан. Екеуі көзбен түсінісіп, іштей сезінісіп бір-біріне ғашық болып қосылыпты. Балалы-шағалы болып бақытты өмір сүріпті. Ол кездегі атақты-ауқатты ерлер бір емес бірнеше әйел алатын кез ғой. Алайда, Ноғайбайдың Әселден басқаға көзі түспей-ақ жүріпті. Бір күні үш жүздің байлары мен бектерінің бастары қосылған үлкен бір жиын болыпты. Сол жолы дастарқан жайып, қымыз құйып қызмет етіп жүрген Ақмай деген алтын асықтай жас келіншекке Ноғайбайдың көзі түсіп, көңілі қатты кетеді. Екі көзі танадай жайнап келіншек те Ноғайбайдан көз алмапты. Сөйлесе келсе, Ақмай: «Ерім дүниеден ерте кетті, ендігі арманым көңілdestік емес, өзің сияқты ердің адал жары болу», — деп ашық айтыпты. Ноғайбай бас тарта алмайды. Жорға мінгізіп, торқа кигізіп бар сән-салтанытымен Ақмайды елге алып келе жатады. Өзінің әйел алып келе жатқандығын Әселге алдын ала хабарлайды. Әсел

бұл тосын оқиғаға қатты налып қалғанымен тез өзін-өзі тежеп, сыр бермей бөлек арнайы үй тіктіріп, той жабдығына кірісіп кетеді. Ноғайбайлар ауылға жақындағанда ақбоз атына мініп Әселдің өзі алдарынан шығады. Келінге алтын-күмістен шашу шашады. Ақмай аттан түсіп келіп Әселге сәлем береді. Әсел Ақмайдың маңдайынан сүйіп: «Сенде еш жазық жоқ, шырағым, жолың құтты болсын», — деп екеуін өздеріне арналып тігілген үйіне кіргізіп, тойын жасайды, ризашылықпен ақ батасын береді. Ақмай да Әсел сияқты ақылды, сұлу, аққұба, айна көз қыз екен. Әселдің көңілі толады, ердің әйелі осындай-ақ болар деп бағалайды. Ақмай арғынның қызы екен, ол да өзінің Ноғайбайдай ерге жар болуға лайықты екендігін талай-талай қылықтарымен көрсетіп, елге жағыпты, үш қыз, бір ұл туыпты. Оны біздің жақта осы дүниеге дейін «Арғын апа» дейді. Ақмай Әселдің келініндей болып, екеуінің татулығына, ынтымақтығына бүкіл ел таң қалған екен. Ал Ноғайбай болса:

Әйелің жақсы болса жолың да ашық,
Ешкімнен қор болмайсың сөзден сасып.
Болады алыс та дос, жақын да дос,
Жүресің арасында алшаң басып... —

деп Кенен жырлағандай-ақ Әсел мен Ақмайдың ортасында шалқып жүріпті. Осындай әйелдердің соңы біз болармыз деп ойлаймын, — деп сәл ойланып қалды да, — қазір сұлу қыз-келіндерді де сирек кездестіреміз. Бұрынғы бүрмелі ұзын көйлек, қамзол, кимешек дегендер мойынымызды жауып, аяқ-қолымыздың анау-мынау кемшіліктерін көрсетпейді екен ғой. Үзіліп сөйлеп, сызылып жүруші едік. Мұның өзі де адамды сұлу көрсетеді емес пе?» — деп қойды.

— Айтқандарыңыздың бәрі дұрыс қой, апа, атам екеуіңіз ешпақытта ұрысқан жоқсыздар ма? — деді Рима құлана күліп.

— Өмірде бәрі де болады ғой, бірақ мен Төрткеннің әкесінің ешқашанда көптің алдында беделін түсіріп көргенім жоқ. Қандай бір жағдай болса да білдірмей жіберуге тырысатын едім, — деді.

— Апатай, осы әңгімелеріңіздің бір-екеуін айтып беріңізші, — дейміз.

Апам сәл қасын керіп жымып алды да: «Кенен дүниенің көзіне қарамайтын, көңілі кеткенде төгіп-

шашып жүре беретін адам. Дос-жарандарына, ауылдастарына, ағайындарына астындағы жалғыз атын түсіп беруге даяр. Елден ала білетін, бере де білетін. 1931-жылдың аяғы еді. Ашаршылық бастала бастаған кез. Қолымызда жалғыз ғана бұзаулы сиыр бар. Бір күні «Кененнің үйі осы ма?» деп бейтаныс бір келіншек келді. Өзі сондай сұлу, мұндай сымбатты адамды сүймеудің өзі мүмкін емес, — деп бір қойды. Жөн сұрасып таныстық, аты Толқын екен. Ол үйге кіріп, шешініп, жайғасып қонатынын айтты. Кенен үйде жоқ еді. Сыр бермей барымызды алдына тартып, қонақ қылып сыйлады. Ертеңгі шөйден соң үйде балаларым бар еді, қайтайын енді деді. Ондайда, бұйымтай сұрау парыз. Ол сәл ойланып отырды да: «Шырағым, Нәсиха, Кенендей азаматтың жары қандай екен деп келгелі бері сынап отырмын. Қабағың ашық, жаның жарқын ақынға лайықты жан екенсің, рақмет, риза болып отырмын өзіңе, — деп мені мақтаңқырап қойды да: — Аанада бір Кенен келіп сүтсіз шөй ішіп отырғанымызды көріп «сиырың жоқ па еді, егер жоқ болса сиыр тауып беремін, кел», — деген еді. Бұйымтайым сол сиыр», — дегені. Мәселенің мән-жөйін түсіне қойдым. Япыр-ай, сүтқатық қылып отырған жалғыз сиырымды берсем тарылып қаламыз-ау, бермей жіберсем Кененнің сағы сынады, риза болып кетсін дедім де, Толқын замандасыма бұзаулы сиырымды жетектетіп, көйлек кигізіп, сәлем-сауқат беріп шығарып салдым. «Үйбай-ау, қыдырып келген бір қатынға жалғыз сиырды беріп» деп мені сөкпеген абысын-ажын қалған жоқ. Келесі күні Кенен келді. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Сен кімге сиыр беремін деп едің», — дедім. Көзі жарқ ете қалды, өзі орнынан ұшып кете жаздады, сасқалақтап күліп, бетіме қарай береді, «не, біреу сиыр сұрап келді ме?» дей берді. Болған жайды естіген соң, аталарың қатты риза болды. Содан мен жаман болып қалғаным жоқ, құдайға шүкір, ішкенім артымда, ішпегенім алдымда, Кененнің арқасында шалқып отырмын емес пе?» — деп әңгімесін аяқтады.

Сөйтіп, соншама ақылын айтып отырған апама: «Түу, апай, мен өлсем де сиырымды бермес едім», — дегені Нұрбүбінің. Оған сықылықтап біраз күліп алдық. «Ойбу, мен сендерге бағанадан бері не айтып отырмын, ө» деп апам да күліп жатыр. Апам осындай әңгімелерді көп айтатын. «Тұрмысқа шықтың ба? Ойлан. Келген ортаңа, айналаңа қара, соған қарай бейімделуге тырыс.

Өз үйіндегі еркелігіңді онда көрсетпе. Біздің көп қыздарымыз тұрмысқа шыққанда осы жағын ескермейді, Үйімде қалай жүрсем, мұнда да солай жүремін, айтқанымды істетемін дейді. Қолынан келсе, күйеуінен өйел, өзінен — еркек шығарғысы келеді. Алғаным мені сүйе ме? Сүйеді. Онда неге менің дегенім болмасқа деп өбектейді. Сүйіспеншілікті, сыйластықты тек күйеуінен ғана талап етеді. Мұндай «сыңар жақты» махабаттың түбі неге әкеліп соғарын ойлап басын қатырып жатпайды. Сөйтіп жүріп, өзі жарсыз, баласы өкесіз қалып, айналасына қайғы-қасірет, реніш тудырып жатқандар қаншама? Басқа елге келін болып келген есті қыз өзінің ісімен, қылығымен айналасына қуаныш, ризашылық әкеледі, қосылған жарының көңілін мақтаныш сезіміне бөлейді, жолдасының сеніміне кіреді, ел сүйіспеншілігіне бөленеді», — дейтін.

Кейінде өзім тұрмыс құрып өмірдің ащысы мен тұщысын басымнан өткерген шағымда анамның осы айтқандарының бөрі де мені алға жетеледі, ақылыма ақыл қосты десем еш қателеспеймін. Қыз баланың өкешешесінен, өскен ұясынан алған тәлім-тәрбиесі дұрыс болса, қаншама ерке болсаң да, үлкендердің айтқан ақыл-кеңестері қысылғанда құлағыңа сыбырлап тұрғандай әсер етеді екен, өз-өзінен көмекке келеді екен. Қысқасы, намысы мен ұяты бар жастар қайткенде де отбасы бақытын сақтай біледі, соған тырысады.

Ұят демекші, қашан екені есімде қалмапты, теледидар арқылы жазушы ағамыз Сафуан Шәймерденов қатынасқан бір әдеби хабар берілген-ді. Сонда Сафуан аға «ұят-ау, ұяттағы» деген сөздер тілімізден де, ойымыздан да шығып бара жатыр, осы сөздің өзінде қаншама тәрбиелік мән бар еді» дегенін тыңдап отырып ойға қалдым. Шындығында да, біздің өке-шешеміз, жалпы сол кездегі үлкендер «ұят» деген сөзді жиі қолданатын. Сәл нәрседен қателессек: «Апырмай-ө, оларың ұят-ақ болған екен, дереу барып кешірім сұраңдар, пөленшенің баласы дөрекі екен деген сөз ұят емес пе?!» деген сияқты тілектер, талаптар көп болушы еді. Бұрын өзімізден сәл үлкендерді «сіз» десек, енді туған өке-шешемізді «сен» дейміз де, мұнымызды, ұялмастан, жақындықтың, өзіне санағандықтың белгісі деген басқа ұлттың өдет-ғұрпына үйір-ақпыз. Үлкенге орын беру, үлкеннің алдын кесіп өте шықпау, үлкенге сәлем беру деген инабаттылық, ізеттілік сияқты халқымыздың нелер бір әдемі дәстүрлерінен біршама

айрылып бара жатқандаймыз. Әсіресе, орысша оқып тәрбиеленген кейбір отбасылар тек қазақпыз дегені болмаса, адам тәндігі жоқтың қасы. Өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тарихын, тілін, дінін білуге тырыспайды, дәстүр-салтын сақтауға арланады. Бұларға дүниеге бала келгенде шілдехана жасау, нәрестенің атын қою, қырқынан шығару, шашын алу, бесікке салу, тұсауын кесу дегендердің бәрі де жат, ескіліктің қалдығы сияқты көрінеді. Оны істеген адамдар мәдениеттен артта қалған, қараңғы, топас деуден тайынбайтындар да болған. Тіліміздің мәртебесін алғанымызда да, қазақ тілі қоғамын құрып қайткенде де өз тілімізді дамытудың жолдарын іздеп талпынған шақтарымызда да, «өй, осыларыңнан не шыға қояр дейсіндер деп сенімсіздік білдіріп, «өліптің артын баққандар» да осылар болды. Жер-жерлерде қазақ балаларын қазақ мектептеріне, қазақша балабақшаларға тарту кезінде де балаларын қазақ мектебіне бергілері келмей, сенімсіздікпен қынжылғандардың дені осылар болды. Шын ниеттерімен қуанып бірі балаларын, бірі немерелерін қолынан жетектеп алып келіп қазақ кластарына оқуға бергендер, бұл тірлігімізге ризашылықтарын сездіріп жатқандардың дені — жұмысшы, шаруа адамдары, әсіресе, ашаршылықты, жоқшылықты, соғысты көрген еңбек ардагерлері болды. Жалпы шаңырақта аталары, әжелері, көнекөз қариялары бар үйдің балаларының тәртібі де, мінез-құлқы да ерекшеленіп тұрады. Олар үлкендерге сый-құрметпен, ізет-ілтипатпен қарайды, тіл алғыш, иман жүзді болып келеді. Бұл арада мен өзім өскен ұямдағы үлкендердің қылықтарына, іс-әрекеттеріне тоқталмай кете алмаймын. Кезінде осындай ортада өсіп тәрбие алған біздер (Кененнің өз балалары) үшін бұл бір жағы жақсы болғанымен көбіне таяқ болып тисе де, сол күндерді сағынышпен еске аламын.

Атам таң ертемен шөйға қанып алады да атына мініп ақысыз-пұлсыз жұмысқа кетеді. Ол кісінің жұмысы сол бір күн қырман басына барады, екінші күні қырықтықшыларға, одан соң шөпшілерге, жайлаудағы малшыларды аралайды. Ондағылармен кездесіп, әңгімелеседі, өн-өлең айтып, көңілдерін көтереді, еңбектерін мадақтайды, жалқаулардың жат қылықтарын өшкерелейді. Мектепке келіп мұғалімдердің көмегімен көркем-өнерпаздардың концертін ұйымдастырады. Сондағы:

Қарабаева Рысжан,
Шаршамайды жұмыстан.
Рысжан келсе, қара жер,
Жөңкеріліп ығысқан.

Сауранбаев Ілияс,
Шопаны елдің көрнекті.
Қорасынан алты ай қыс,
Бір қой шығын бермепті.

Діністамова Ұлтайға,
Көз салшы бір қиырдан.
Бес жүз литр сүт сауған,
Әрбір сауын сиырдан.

Жиырма шал қатар тұрып салды шалғы,
Жолдасбай, Әшірбектер бермейді алды.
Жұрынбай сексендегі үшінші қарт,
«Басып озып кетем», — деп айғай салды.

немесе:

Бірінші жалқау Жансая,
Жата берді жантая.
Екінші жалқау Әйнекжан,
Отыра кетеді талтая.
Үшінші жалқау Мимила,
Ұйқтап жатады шалқая.
Ұмтыл, жалқау, алға бас!
Ұмтыл, жалқау, ұйқыңды аш!—

деп хор айтқанымыз өлі есімнен кетпейді. Кешкітұрым өкем үйге қайтады. Көшенің басынан атпен келе жатқан атамды көрген ауыл балалары алдынан жүгіріп-жүгіріп шығамыз. Бір-екеуін алдына, бір-екеуін артына мінгестіріп алған өкем, бөріне құрт, ірімшік, мөмпәси (конфет) таратып береді. Алдымен басқа балаларға, сонан соң ғана өз балаларына береді. Біз оған өкпелемейміз. Атам үйге жақындағанда үйдегілердің бәрі далаға шығады. Сәлемдесіп атамды аттан түсіріп, бірі атын байлауға өкетеді, біріміз шекпенін шешіп алып, іліп, біріміз қолына су құйып, сүртінетін орамал ала жүгіреміз, енді біріміз отыратын жерін тазалап, астына қабаттап көрпе салып, жастық жастап дегендей құрмет көрсетеміз. Шешем болса өкемнің сүйікті шөйін

баптап өлек. Атамның үйге аман-есен келгені біз үшін үлкен қуаныш. Әрі қай жерімізден мін табар екен деп қорқып та жүреміз. Қора-жайды аралап шықса болды, бөрімізді шақырып алады да дұрыс болса мақтап, дұрыс болмаса: «Аула сыпырылмапты, итке тамақ бермеген көрінесіңдер, тауыққа жем шашылмапты, су құйылмапты, сонда не істеп жүргенсіңдер, түге!» — дегенінің өзі бізге жеткілікті еді. Атамнан мақтау есту біз үшін орден таққанмен бірдей, сөгіс есту ұяттың ұяты еді. Ал сабаққа себепсіз бармау, жаман оқу, үлкенді тыңдамау, кішіні ренжіту дегендер өлімнен де жаман сияқты еді. Қазір ше? Қазір неге әкеден бала именбейді? Бала өзінше, әке өзінше тірлік етеді. Неге баласы жұмыстан шаршап келген ата-анасының алдынан шығып ілтипат көрсетпейді? Неге әкесі баласын ертіп жүрмейді, баулымайды? Айналып әкесінің қасынан шықпайтын балаларды, ананы үйреніп алайын, мынаны біліп алайын деп шешесінің қас-қабағына қарайтын қыздарды сирек кездестіретін болдық? Әйтеуір, сұрақ көп...

Соғыс жылдары біздің аулымызға шешендер, қарашайлар, балғарлар қаптап кетті. Балаларымен тез достасып алдық. Атам үйге үлкендерін шақырып келеді, біз балаларын ертіп келеміз. Олар бізге сары домалақ жемістер береді. Кейін білдік олар апелсин, мандарин екен. Қалай аршып, қалай жейтінін көрсетеді, біз оларды тамаққа тойдырып, не керек бөріні беріп көмектестік. Атам грузиннің өні «Суликоны» домбыраға тартып орындағанда, олар, әсіресе, үлкендері ағыл-тегіл жылайтын еді. Мен шешеннің өзім қатарлы бір қызымен (атын ұмытыппын) көп ойнайтынмын, екеуіміз бір-бірімізді түсінетін едік. Мен оған қазақша өлең үйрететінмін. Сол қыз үй-үйді аралап:

Ей, қыздар-ай!

Қатарымсың, теңімсің.

Ендігісін айтпаймын,

Ішің білсін, өлу-ай!—

деп менің үйреткенімді айнытпай қайталайтын. Даусы жіп-жінішке, сүп-сүйкімді Әлі есімнен кетпейді. Сол қыз да жөне басқа көп балалар ауыр тұрмысты көтере алмай өрі жерсінбей де ауырып өлгенде, қатты жыладым, көпке дейін іздеп, жоқтап жүрдім. Солардың ішінде тірі қалған бірен-сарандары тұрмыс құрып, ұлды-қызды болып біздің жақта қалып қойды.

Біздің үйге қонақтар көп келетін. Ауылымызға кім келсе де атама сөлем бермей кетпейтін. Кім келсе де атам қой сойып, мол дастарқан жайғызып құрметтейтін. Ал, біздерге, әсіресе, өнші, күйші, ақын, жазушылар, өртістер келсе, қуанышымызда шек болмайтын. Олардың музыка аспаптарын, киімдерін арқалап қатарында жүргенімізге өзімізше мәзбіз. Өзіміз қатарлы ауыл балаларының алдында мақтанып, мәртебеміз өсіп қалатын. Есімнен кетпейтін бір жөй. Бір күні ауылымызға бір топ өнер адамдары келді. Колхозда қонақ үй, асхана дегендер ол кезде жоқ. Біздің үйге түсті. Келгендерді орта бойлы, толықша келген бір әйел басқарып жүр. Өзі сондай көңілді, қалжыңбас кісі екен. Кешкісін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасын қойып, онда Баян сұлудың ролін ойнады. Пьеса соңынан концерт қойып, онда «Балқадіша» өнін орындады. Сұлулығынан көз алмай қалдым. Аппақ, шашы ұзын, үзіліп тұр. Атамды мазалап: «Баян болып жүрген кім? Балқадішаны айтқан кім, ата?» — деп сұрай бердім. Атам: «Бағанағы қымызды көп ішкен апаң ғой, Рахия деген», — деді. «Иә, Рахия апай онша сұлу емес қой, мүмкін ол кісі емес шығар», — деймін. Сонда атамның: «Шын өнер адамы көп адамдардың алдына шығып, өнер көрсеткенде теңдесі жоқ сұлу болып кетеді, шырағым» — деген еді.

Тағы да бірде жөтеліп, денемнің қызуы көтеріліп, ауырып қалдым. Сол күні кластас сырлас қызым ауылға Жүсіпбек Елебеков бастаған өртістер келгенін, кешке олардың концерті болатынын айтып кетті. Қайткенде де концертті көру үшін өзімді күшпен тұрғызып, жазылып кеткендей-ақ үй тірлігіне араласа бастадым. Мұнымды көрген әкем неге тұрып кеткенсің дегендей сұраулы қарады. «Тыс-с... ауырсам апам концертке жібермей қояды», — деп жалынышты көзбен қарадым. Концертке баруын бардым-ау, бірақ ертеңіне ауруханаға түскенім ыңғайсыз-ақ болды. Сондағы денемнің қызуы көтеріліп отырып тыңдаған Жүсіпбек ағаның орындауындағы «Жас қазақ» өні, соның алдында ғана ойнап жүріп байқаусызда оққа ұшқан өзімнен бір класс төмен оқитын Көріжан ағаның Болат деген ұлын көз алдыма келтіріп, ағыл-тегіл жылағаным естен кетер ме?

Атам өнші қыздар ішінде Роза Бағланованы ерекше жақсы көретін. «Япыр-ай, мұндай өнші болар ма? Кіп-кішкентай болып, сызылып сахнаға шығады. Өзі тым

өдемі-ақ. Ал өн салғанда аузы өрең ашылатын сияқты. Көмейінен құйқылжыта құйылған өн құлағыңнан кетпейді, құдды тамағында қоңырау бардай сезінесің», — деп отыратын. Содан бері Роза Бағланованың талай-талай концерттеріне барып тыңдаған сайын, атамның сондағы айтқаны есіме түсіп таң қалып отырамын.

Қазақ қыздарының алғашқы қарлығаштарының бірі Күләш Байсейітова жайында атам айтып тауыса алмайтын. Оның сан қырлы өнеріне қоса, табиғат жібектей мінез, үлкен адамгершілік, биязылық пен сұлулықты баса бергендігін тамсана әңгімелеуден жалықпайтын. Өзінің «Күләшқа арнау» деген өлеңінде:

Қара көз, қиғаш қас,
Бұраң бел, қолаң шаш.
Кең мандай, кермиық,
Күләштай қыз тумас.
Жаман ат келгенде,
Шулады-ай көрі-жас...—
Арманда жас кеттің,
Аруым қарындас...—

деген өкінішке толы жоқтауы шын таланттардың бірін-бірі қалтқысыз түсінуінің айғағы сипатты. Менің «Күләш сомдаған Жібек, Қадиша, Алтыншаш, Татьяна, Ақжүніс және тағы басқа кейіпкерлер жүрегіме ұялап, көңіліме қонғаны соншама, басқалардың сол бейнелерді ойнағандарын қанша көрсем де, көз алдымнан Күләштің сахнадағы кейпі кетпей-ақ қойды, — деп отырушы еді, атам.

Біздің бала кезімізде үлкендерге қызмет ету, олардан алғыс есту, батасын алу үлкен бір ғанибет еді. Оның өзі «батамен ел көгерер, жауынмен жер көгерер» деген дәстүрді сақтай тәрбиеленгенімізден болар. Бірде Сәбит (Мұқанов) аға мен Мәрия жеңгей екеуі түнгі пойыздан түсіп біздің үйге келіпті. Анамыз: «Қонақ келді, тұрындар», — деп ұйқтап жатқан біздерді оята бастады. Мәрия жеңгей: «Айналайын, Нәсиха, балаларды оятып әуре болмашы, өзіміз де тым кеш келдік, еш нәрсенің қажеті жоқ», — деп бәйек болып жатыр. Оны тыңдап жатқан біз жоқ, орнымыздан атып-атып тұрып, еркелей келіп сәлем беріп жатырмыз. Біріміз су тасып, ағаш жарып, біріміз самаурынға от салып, әпкем айранға қамыр илеп шелпек пісіріп, апам болса қазанға

сыбаға салып, от жағып айналасы бірер сағатта дастарқан да жайылып, қызу әңгіме басталды да кетті. Таң атқанша ұйқтамай анамызбен бірге жүгіріп жүрміз. Мәриям апай бәрін де байқап отырған екен: «Біздің қаланың балаларын бұл уақытта қонақ келген екен деп ұйқыдан тұрғыза алмайсың. Нәсиха, балаларың тәрбиелі екен, бақытты болсын», — деп алғыс айтып, аналық ақ батасын берді. Сонда атам: «Қонақ келгенде ұйқтап жатқан бала ешкімді сыйлап та ондырмайды, өзі де сыйлы бола алмайды», — деген-ді.

Ауылымыздың ардақтыларының бірі — Сәрсебай атам мен Биқа апамды еш ұмыта алмаймын. Атамның бұл кісілердің өмірінен жазған «Сәрсекем» деген ұзақ толғауы да бар. Сәрсебай атам кезінде ел билеген шешен, өділетті кісі екен.

Жанның бәрін жақынға,
Санаушы едің Сәрсекем.
Мен ревком болғанда,
Орынбасар сен едің,
Қиын-қыстау істерге,
Ақыл қосқан сен едің.
Іргетасын кеңестің,
Қаласқан да сен едің.
Жетім-жесір кедейге,
Қарасқан да сен едің,—

деп жырлаған Сәрсебай атам өкемнің жақын ағасы болып келеді. Жалғыз ұлы соғыстан қайтпай Сәрсебай мен Биқа күте-күте сағыныштан сарғайса да, күдерін үзбеуші еді. Қандай қиын жағдай болса да оларды бағып-қаққан, қол ұшын беріп, қас-қабақтарына қарарған ел-жұрт, ағайын-туғандар болды. Әсіресе, менің өке-шешем бұл кісілерді ай сайын, апта сайын үйге алып келіп, өзі қатарлы жора-жолдастарды, қарияларды бірге шақырып, отырыстар жасайтын. Көңілдерін көтеріп бір жасап қалатын. Келген сайын қыздар үлкен тай қазанға су ысытып, Биқа апамды шомылдыру, басын жуып, шашын тарап, тырнақтарын алып, жас баладай күту біздің міндетіміз. Сонда шүйкедей ғана сүйкімді кемпір бізге талай-талай әңгімелер айтып бірде күлдірсе, бірде жылататын еді. «Қазір мені маңдайына күн тимеген сұлу болған деп кім айтады, шырақтарым. Құдай сендерге біздің көргендерімізді көрсетпей-ақ қойсын. Бақытты болындар,

арман-тілектеріңе жетіңдер», — деп арманда кеткен жалғыз ұлы мен келінінің қылықтарын есіне алып, еңірегенде етегі толушы еді, жарықтықтың. Биқа апам нәзік жанды әйел емес пе шалынан бұрын кетті. Ал Сәрсебай атам қалған өмірінде көрілік пен жалғыздықтың азабын тартты-ақ. Алайда, «ел іші — алтын бесік» деген ғой, артында сеніп кетер ешкімі жоқтығын ескеріп, өлсе көңілі тыныш кетсін деген оймен, атам бастаған ауыл ақсақалдары, ел-жұрт, ағайын-туғандары Сәрсебай атамның тіршілігінде-ақ асын беріп, ажал жеткен күні жерлейтін жеріне дейін даярлап, қорғанын тұрғызып қойды. Тірі кісіге ас беру дегенді сонда бірінші көрдім, су тасып қолғабыс тигізгендердің ішінде мен де жүрдім.

Сәрсебай атам құсап менің өжем Мысбала да ұзақ өмір сүрді. Екі қызының (Зейілде мен Нәсиха) ортасындағы жалғыз ұлы Қыдырбек Отан соғысының құрбаны болды. Қыдырбектен туған ұл Әнуарбек пен екі қыз ағаның өзі соғысқа бармай тұрғанда-ақ шетінеп кеткен. Жалғзынан айрылып арманда қалған өжем, бұдан былайғы жерде, жылай-жылай біздің үйде қала берді. Ендігі жерде қызы Нәсиха мен күйеу баласы Кененнің кешеуілдетіп болса да көрген балалары — біздердің қамқоршымыз болды. Біз өжемізді «Иша» дейтінбіз. Иша деген сөз орыстың «няня» дегені сияқты болса керек.

— Өжелерің тегін жердің қызы емес, — дейтін атам. — Атақты Жолбарыс батырдың тұқымы. Жолбарыс тарихта белгілі қазақ-қалмақ соғысында ерекше көзге түскен, бүткіл Ораз еліне ұран болған адам. Жолбарыстың әкесі Қарабек әрі бай, әрі батыр екен, өсіресе, жылқысы көп болыпты. Бірақ соған мінер баласы жоқ екен. Өзінің қатарлары өсіп-өрбіп жатқанда, баласы жоқ Қарабек қапалы екен. Елде бір үлкен той болыпты. Қарабектің інісінің балалары: «Ата-ау, ана қара қасқа айғырды тойда мінейікші», — дейді. «Қой, оған жоламаңдар, басқалары жетпей ме сендерге? — дейді Қарабек. «Ата-ау, біз мінбегенде оны қай балаңыз мінеді?» — дейді олар жанына тигізіп. Сонда Қарабек қайғырып жатып қалады. Ешқайда бармайды да, ешкімді іздемейді де. Замандас қатар-құрбылары келіп амандық-есендік сұраса, ол жауап қатпайды, теріс қарап жатып қалады. Сонда бір құрбысы: «Ау, Қарабек, көтер басыңды, саған бала бергелі келдік», — дейді. Бозқасқа айтып «Аумин» деп қолдарын көтергенде,

Бабаның баласы Айтқұл деген кісі бата қылады. «Иә, құдай, Бабаның баласы қылып жаратқаның рас болса, — деп, жейдесінің бауын шешіп, — осы Қарабекке қол бастайтын бір ұл, арғысын өзің біл», — дейді. Жыл уағы болмай-ақ Қарабектің кіші әйелінің аяғы ауырлап, жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Қарабек батыр Шудың қалың қамысынан жолбарыс ұстамақ болып аттанады. Тұла бойын арқанмен шандып, қолына найза-шоқпарын алып жүрмек болғанда, әйелі қоса шығады. Өзенді жағалап бір қалың қамысқа жақындағанда ырылдаған жолбарысты көреді. Жолбарыс та оны көріп, мысықша жүрелеп құйрығын қайшылап, екі көзі оттай жанып атылуға ыңғайланып, жертабандап жата бастайды. Қарабек те көз алмай қарсы жүреді. Жақын қалғанда «ар-р-р» деп жолбарыс та атылады, батыр да ақырады, екеуі алыса түседі. Жолбарыс Қарабектің денесіндегі арқанды қарш-қарш шайнап жатқанда батыр да дәл жүректің тұсынан қанжарды салады. Жолбарыс құлап түседі. «Бісмілла» деп арланның ішін жарғанда әйелі қолын салып жіберіп, жүрегін суырып алып шикідей жеп жіберіпті.

Көп кешікпей Қарабектің әйелі ұл туады. Атын Жолбарыс қояды. Жолбарыс өсе келе қол бастаған атақты батыр болады. Артынша Қарабектің әйелі тағы да бір ұл туады. Оның атын Кененбай қояды. Ол той бастар ақын, өнші болады. Одан кейінгі балалары момын шаруалар болады. Ел аузындағы: «Бабаның батасынан» деген ұлағатты сөз осыдан қалған көрінеді. Міне, сол Жолбарыстан Бөйтек деген ұл болған. Бөйтектен Балқаймақ деген туған. Балқаймақ әкелерінің әкесі батыр Жолбарыстың шөбересі болып келеді. Балқаймақтан алты бала дүниеге келген. Олардың ең үлкені әйгілі Әлмен ақын, одан соң Жезбала, Мысбала (өжем), Шүкіртай деген қыздар, Әпейбек, Әлімбай деген екі ұл. Алайда осылардың ішінде Әлімбайдан басқасынан тұқым қалмады. Бірақ, шетінен өнерлі жандар. Әсіресе, Әлмен қыз туралы көп айтуға болады. Әлмен өте ерке, ұзын бойлы, ат жақты, қара сұр, ер мінезді, тік сөзді, өзіне ұнамаған қыл-жақбас қатар-құрбыларын аямай рейтін ащы тілді, адуынды, азулы ақын еді. Оның халық арасына тарап кеткен өлеңдері көп-ақ. Мен оның бірқатарын білемін де, бірақ айту қиын, сөздері ащы, анайы келеді. Сол аймақта Төкен деген өзі ақын, өзі сері құрдасы Әлменді жасынан ұнатып, көпке дейін дәмелі болып жүріп

ақыры түк шықпаған соң ыза болып қызды көрсе болды тиісе беретін болыпты. Өлмен де оны менсінбейтіндігін жасыра алмайды, Төкеннің бойындағы жалғыз міні көселігін өлеңге қосып, екеуі бірін-бірі іздеп жүріп айтысады екен. Өлменнің Төкенге шығарған өлеңдері өте көп. Соның бірі:

Төкен көсе дегенде, Төкен көсе,
Аузы-аузына тимейді майды жесе.
Басына кимешекті жаба салсаң,
Жанын берсе сенбессің еркек десе,—

деп кете береді. Бірде Өлменнің аулына сақина, білезік, ер-тұрман, пышақ жасайтын Көнтеке деген ұста көшіп келіпті. Ол да Өлменмен құрдас екен, «өлгі ешкімнен жеңілмейтін ақын қыз осы ма» деп тиісе беріпті. Сонда.

Ауылға көшіп кепсің Көнтеке ұста,
Көнтеке деген шықты ғой біздің тұста.
Сенің соққан пышағың майға өтпейді,
Сақинаңды соға бер көтің қыс та...—

деп отырғызып кетіпті. Ешкімді менсінбей жүрген Өлменнің атастырған жері Қапал деген елдің жігіті, өзі бай өрі таз екен. Өлменнің көңілі қаламайтынын естіген Қапал елінің жігіттері Өлменді қапылыста алып қашып, зорлап апарады. Торға түскен торғайдай қолға түскен жас келінді көруге осы ауылдың байлары мен бектерінің бірі Бектұрған деген кісі келіп шымылдықты қамшының сабымен ашып Өлменді көреді де: «Біздің баламызды менсінбей жүргенге, ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлу қыз екен десем, жөй ғана бір ор қара қыз екен ғой»,— депті. Сонда шымылдың ішінде ыза болып өзі де өрең отырған Өлмен:

Аулыңның ақсақалы Бектұрған-ды,
Өзім жақсы көремін тек тұрғанды.
Келе сала келінге сыныңды айтып,
Тіліне ілінгенді жеп тұрған-ды.
Ата сақал аузына бітсе-дағы,
Көргенім жоқ дәл сендей антұрғанды,—

депті. Содан той өтіпті, Өлмен ақын амалсыз келін болып қала беріпті. Бір күні үлкен қайнағасы, ол да таз (екі қайнағасы, күйеуі үшеуі де таз екен): «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген екен бұрынғылар, әйтеуір, осы келін келгелі ісім оңға баспады,

кедейленіп біттім, жалғыз атым бар еді оны да кеше ұрлап кетті»,— деп тиісіпті. Сонда:

Мен үйімде жүргенде сөк жарма едім,
Әкем тазға берді деп арманда едім.
Үшеуіңнің де басынды құрт жегенде,
Қастарыңда сонда да мен бар ма едім?!—

депті келін.

Мұндай өлеңдері Өлменнің өте көп. Несін айтасың, есіл ақын қыз теңсіздіктің көк тоқтысы болып қала берді ғой. Өлменнен бір ұл, екі қыз туған еді. Кеңес өкіметі орнап, бай-құлақтарды ұстай бастағанда көз жазып қалдық. Қытайға өтіп кетіпті деген сөз бар...

Ал Өлімбай мен Әпейбек аталарымызды өзім көріп өстім. Бір ауылда — Иірсуда аралас-құралас тұрдық. Әсіресе, Әпейбек атам бүгінгідей көз алдымда. Орта бойлы, шымыр, басы үлкен, іші шығыңқы, қандай күн суық болса да шапанының түймесі салынбайтын. Ах-ах деп күлгенде даусы анадайдан естілетін, түшкіргенде анау-мынау еренсіз отырған адамды шошытатын. Қатты күліп сөйлейтін, көңілді жүретін. Оқымаса да бойына біткен емшілік қасиеттері елге аян еді. Шошынған балаларды, ауырған әйелдерді арқасынан бір-екі қағып жіберіп, ұшықтаса, жазылып кететін. Малдың кез келгенін, әсіресе, жылқыны қай індетпен ауырса да емдей беретін. Сонау сұрапыл соғыс жылдарынан өмірінің соңына дейін Иірсу колхозының мал дәрігері болып еңбек етті, 90-ға қараған жасында дүние салды.

Өлімбай атам болса, жасынан өз шаруасына мықты, момын кісі еді. Дене бітімі ірі, ұзын бойлы. Бұл кісі көбіне колхоздың жылқысын бағып, қыстауда отыратын. Ол жақта бүлдірген көп өсетін. Кешке дейін бүлдірген теріп жеп, аузы-басымыз көкпеңбек болып, шаршап-шалдығып үйге келе сүріне жығылатын күндер еді ол шақ. Әпейбек атамнан бала қалмады. Оның есесіне Өлімбай атамнан екі қыз (аттарын ұмытыппын), екі ұл — Рақымбай мен Ақыл туған. Осы балалардың бәрі де Әпейбектің балалары болып өсті. Ақыл дүниеден ерте кетті. Рақымбай аға Отан соғысына қатысып, бір қолынан жарақаттанып елге келген. Соғыстан соңғы бар өмірінде Жамбыл облысының Мерке, Луговой, Қордай аудандарының көптеген колхоз, совхоздарында басшылық етті. Қандай бір артта қалған шаруашылыққа жіберсе де, өзінің шебер ұйым-

дастырушылық қабілетімен ел құрметіне ие болған азамат. Қазір ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немерелі, шөберелі, ағайын-туғандардың шынайы қамқоршысы, елінің қалаулысы, адамгершілігі зор аяулы бауырымыз. Жеңгеміз Күмісбала екеуінің татулықтары бізді өмірбақи тәтті етіп келеді. Әпейбек пен Өлімбай атамды кемпірлерімен қоса балаша баптап бақты, арулап өз қолдарымен аттандырды. Тірліктерінде екі атамыз қатар жүрсе, енді екеуінің зираты қатар жатыр. Менің әжем Мысбала дүниеден өткенде зиратының басына соғыстан қайтпай қалған жалғыз ұлы Қыдырбектің жоқтығын білдірмей соның атынан қорған тұрғызғандары бізді қатты толқытты, риза болмаған адам жоқ. Әжем өлгенде шығарған атамның жоқтауында мынадай жолдар бар:

Қайғыменен қан жұтып жараланған әжем-ай,
Бір ауылдан бір өзі дара қалған әжем-ай!
Рақымбай мен Күміс деп жағалаған әжем-ай,
Өтірік пен өсекті қаламаған әжем-ай!

Сондағы Рақымбай мен Күміс осы кісілер. Рақымбай аға қазір құрметті демалыста. Атамның 75, 80, 90, 100 жылдық мерейтойларында қайтыс болғанда да ағайын-туыстар атынан комиссия құрамына енгізіліп, бөрінің ыстығына күйіп, суығына тоңған да осы кісілер.

Байқалмақтың Жезбала, Шүкітай деген қыздарынан да ешқандай тұқым қалмай, ертеректе қайтыс болып кетіпті. Сол төрт қыздың ішіндегі ең кішісі — Мысбала біздің әжеміз. Мен шешем Нәсихадан гөрі тәрбиені осы әжемнен алдым десем қателеспеймін. Нан илеу, кір жуу, айран ұйыту, үй жинау деген сияқтылардың бөрі де әжем үйрететін. «Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің бізге жақсы», «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» деген мақалды жиі-жиі айтатын. «Тамақ ішкен соң ас қайырмай тұрып кету өбестік, дастарқанды жинамай, ыдыс-аяқтарды жумай, нанды қалай болса солай тастау кесірліктің белгісі. Оның түбі жамандыққа соқтыруы мүмкін. Үйге кісі келгенде орныңнан тұрып қарсы ал, үлкенге сәлем бермей өте шығу, оларға орын ұсынбау көргенсіздіктің белгісі» деп құлағымызға құйып отыратын. Менің болашағымды көп ойлайтын.

Тұрмысқа шыққан соң, төрт айдан кейін үйге келдім. Әжем бетіме қарай береді. Ақыры шыдамады білем, «Шырағым, өте шолжан, ерке едің, қандай келін болып

жүрсің?» — дегені. «Ой, әже, қорықпаңыз, жақсы келін болатын түрім бар. Қошқарды — қой ата, тышқанды — қосаяқ, жіпті — бау, кепсерді — бауырсақ алғыш деймін. Өйткені олар аталарымыздың аты екен деп» соғып жатырмын. «Е, қарағым-ай, жетістіріп-ақ жүр екенсің. Алдымен аталарыңның атын атап алып, содан соң қойған атыңның жолы болсын. Дегенмен де ниетіңе риза болып отырмын. Оған ештеңе кетпейді, ізет қой» деді. Әжем өте кішіпейіл, әдепті кісі болатын. Біреудің басына түскен қайғы-қасіретке жан-тәнімен ортақтасатын. Жалпы мені бұрынғы кісілердің татулықтары, сыйластықтары таң қалдыратын.

Әжемнің абысыны Шағатай деген кісінің де ұлдан-қыздан жалғызы Қапасбегі соғыста қаза болған. Шағатай апам да бір аяулы кісі еді. Әжеме күнде келіп, көрген түстерін айтып, оны өзі жориды. «Мысбала, құдай қаласа, екі шырағымыз да (Қыдырбек пен Қапасбекті айтады) аман-есен келеді екен. Түнде түсімде екі шамшырақ қатар жанып тұрды» деп өздерін-өздері жұбатып мөз болатын. Кейде сүлгі орамалды ала салып бір жағын өзі, бір жағын әжеме ұстатып қойып, шынтағымен саусағының басына дейін орамалдың шетіне шыққанша өлшейді де: «Міне-міне, Мысбала, сүйінші, көп кешікпес балалар келіп қалар» — деп, балаша қуанады. Айтқанының бірі де келмей, тоса-тоса шаршаған Шағатай әжем, кейде қиялданып, қатты налып: «Мен бұл шұнақ құдайдың несін алдым жалғызымнан айыратындай, ең болмаса сен құсатып бағып отыратын мен сорлыға бір қыз да бермепті» — деп, құдайдың басынан аяғына дейін түк қоймай қарғайды дейсің. Сонан соң сүлқ жатып ауырып қалатын. Сонда менің әжем жайнамазды жайып жіберіп, құбылаға қарап отыра қалады да, Шағатай үшін құдайға жалынып: «Кең құдай, кешір оны! Қайтсін, жаны күйгендіктен айтады ғой. Аямадың ғой сорлыны. Кешір! Кешір!» — деп жалбарынып намаз оқиды. Не деген көңіл, не деген татулық десеңізші?!

Әжемді халық: «Он саусағы — он кісі, қара басы — хан кісі» дейтін. Десе дейтіндей-ақ еді. «Бармағынан бал тамған», — деп халық, осындай кісілерді айтқан болар. Алаша, сырмақ, текемет сияқты үй жиһаздарын өрнектеумен қоса шебер тігінші болатын. Атам тек әжем тіккен киімдерді ғана ұнатып киетін. Әжемнің үстіндегі «жайлауындай даланың» дейтіндей-ақ не бір түрлі-түсті шапандар, шекпендер, ішіктер, тондар,

бөріктер, тұмақтар — бөрі-бөрі өжемнің шебер қолынан шыққан дүниелер. Бұл бұйымдардың кейбірі қазір де ақын музейінде сақтаулы. Қазіргі біз таба алмай жүрген тері тондардың (дубленкалар) неше түрлерін өжем арнайы цехсыз-ақ қолмен тігетін. Қой сойған соң терісін тазалап, тұздап жайып қоятын. Кепкен соң жақсылап жуады да, кірі кеткен теріні қайта жаяды. Құрғағаннан кейін айран жағып, бүктеп қояды. Бірер күннен кейін теріні ашып, енді тұз жағып, қайтадан орап қояды. Тағы да бір-екі күннен кейін теріні ашып, айранын пышақпен қырып алып тастап, аса құрғатпай бүктеп қояды. Бірер сағаттан соң екі адам екі жағынан айналдыра тарта отырып бұрайды. Бұрап-бұрап, тартып-тартып арасын ашып қалғанда, қатқан айран, тұз, анау-мынаулары түсіп, тері созылып, жұмсарып, үлкейіп шыға келеді. Осылай бірнеше рет қайталап, өбден тері даяр болды-ау дегенде сүргілейді. Тегіс жұмыр ағаштың басына қалыңдау мәшек жауып, бір жағын тайып кетпес үшін босағаға тіреп, бір жағын кеудесіне тіреп, ағаштың үстіне теріні салып түрегеп тұрып, шөп шабатын шалғының қайралмаған жүзімен сүргілейді. Сонда тері бұрынғыдан да созылып жібектей жұп-жұмсақ болып шығады. Енді даяр теріні бояу керек. Ол үшін жазда таудан рауғаш деген өсімдіктің тамырын қазып алып келіп кептіріп қоятын. Соны шығарып алып қабығының сыртын пышақпен қырып-қырып тастайды да жұқалап тіледі, келіге түйіп талқандайды, елгезермен елейді. Сонан соң терінің көлеміне, санына қарай әр теріге бір, бір жарым кеседен есептеп қайнаған су құйып араластырып, теріге шылқылдата тегіс жағып, орап қояды. Бір күннен кейін теріні ашып, сіңгеннен қалған бояуды бір жерге жинап, үстіне су құйып, мыжып-мыжып қайта жағады да, орап қояды. Осылай үш-төрт рет қайталайды. Болды-ау дегенде теріні тазалап, жаяды. Кепкеннен кейін теріні тағы да айналдыра тартып, бұрап созғылайды. Жабысқандары түсіп, тері тазарады, кебеді. Бұдан соң терінің боялған бетін жылқының майымен майлап төрт-бес кісі терінің жан-жағынан керіп тұрып шоқтың табына ұстайды, бір кісі терінің жүн жағынан ұрғылап-ұрғылап сабалайды, қағып кептіреді. Сонда терінің көлемі ұлғайып, жүні үлпілдеп, жалтырап, қызылсары болып шығады. Жүні қалыңдау болса тон тігеді, жүні қысқалау болса шалбар, қамзол тігеді. Осылардың бәрін де көріп өстік. Не деген еңбек десеңізші? Тыным

таппаушы еді. «Мынаны үйреніп алыңдар», — десе тыңдамай, қашып кететінімізді айтсаңшы. Аппақ ақ қозының терісінен сыртын көк тұқабамен қаптап, жең түбі мен етегін айналдыра ақ бұйра қозының терісімен көмкеріп тігіп берген өжемнің қамзолын үстімнен тастамаушы едім. Ал інім Көркемжан екеуміз өжемнің теріден тігіп берген жап-жаңа шалбарымен мұзға сырғанап-сырғанап, оны өжеме көрсетпей кептіреміз деп отқа күйдіріп алып, түкке жарағысыз етіп тастағанымыз есіме түссе әлі ұяламын. Өжем мен тұрмысқа шыққанымда «көзімдей көріп жүр, қалқам» деп, үш салар үлкен сырмақ жасап беріп еді. Анау-мынау кілемің оның қасында садаға кетсін. Өте әдемі, жайнақы, алыстан көз тартатын. Амал не, оған да ие бола алмадым. Үйді ақтап, тазалап алғанша далаға жайып қойған сырмағымды ұрлап кетті. Қадірін білмеппіз ғой. Егер менің өжем қазір тірі болса, еліміздің өйгілі қолөнер шебері болуы сөзсіз еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қиыншылықтан халықты аман алып шыққандар майданда жанқиярлықпен қан кешіп жүрген ерлер — өке, іні, аға, бауырларымыз болса, тылда менің өжем мен анам Нәсиха сияқты әйелдер болғандығы баршаға аян. Сабын, темекі, насыбай сияқты күнделікті пайдалануға қажетті ұсақ-түйек (соғыс жылдарында әйел демей, ер демей темекі тартып, насыбай атып кетті ғой) заттар кішкене ғана Иірсу ауылы тұрмақ үлкен қалаларда табылмайтын шақ еді ол кез. Бір күні өжем үй артындағы — кезеңнің астыңғы жағын ала шымдау бір жерді аударып, темекінің көшетін отырғызды. Қылтиып шыққан жапырақтарды арам шөптердан тазартып күтіп-баптап жүрді. Біртіндеп жапырақтардың үлкендерін жиып алып, жіпке тізіп, күнге тигізбей көлеңкеге кептірді. Осылайша барлық жапырақтарды жиып алып қапқа салып қояды. Қалған қурайларды орып алып келіп қора үстіне жайып 15—20 күндей кептіреді. Онан соң кепкен қурайды жинап алып қалың кенепке орап сыртынан таяқпен ұрғылады. Уағын жинап алып, ірісін тағы да ұрғылады. Өбден ұнтақталған қурайдың үстіне кеуіп тұрған қаптағы жапырақтарды үгіп қосып, елгезерден өткізді. Сонда көкпенбек, көк бұйра махорка шықты. Сондағы атамның қуанғанын, өжемнің жоқтан бар шығаратын қабілетіне риза болғандығын көзбен көрген баласы мен едім. Өжем кептірілген жапырақтарды ағаш астауға салып ұнтақтап-ұнтақтап

оған бір шымшым утас қосып, кішкене ғана су тамызып, араластырып-араластырып көкпеңбек насыбай да жасайтын (өзі насыбай ататын). Сөйтіп әжем бір өздері ғана емес, бүкіл ауыл-аймақтың алғысына бөленген еді. Әжемнен темекінің ұрығын алып, бұдан былай бүкіл ауыл адамдары темекі мен насыбай іздеп Алматы мен Бішкектің (бұрынғы Фрунзе қаласы) жайма базарларына сабылмайтын болды.

Иірсудың сайында қызыл құрай шығатын. Әжем соны орып әкеліп келтіретін. Кепкен соң оларды өртеп, жанып болған қып-қызыл шоқтарды таптап-таптап бір жерге үйетін, жан-жағына су шашатын, өбден сөнген соң қалақпен жиып алатын. Үлкен тай қазанға салып, үстіне су құйып қайнататын, ауық-ауық күрекпен араластырып тұратын. Өбден қайнап бітті-ау дегенде отты сөндіріп, қазанның бетін жауып тастайтын. Келесі күні суы бетіне шығып мейлінше суыған қоймалжың затты ептеп дәкемен сүзетін. Қайтадан қазанды тазалап жуып, майлап, су құйып, үстіне сүзілген қоймалжыңды салып тағы да қайнататын, қазанға жабыспас үшін күрекпен қазанды қырып тұрып араластыратын. Сосын біртіндеп ағара бастайтын, сол кезде отты басып қояды, сол оттың табымен кебетін. Кепкенде ұн сияқты аппақ болып кетеді. Мұны сахар дейді. Енді қазанның түбінде сахардан үш шыныдай қалдырып (қалғанын бөлек ыдысқа салып қояды) оған бір шыныдай май құяды. Оттың баяу табымен араластырып тұрып қайнататын. Қоюлана бергенде тағы да бір кесе май құйып, үш кесе сахар қосады да қозғай беретін. Сахардың бөрі бітіп өбден илектеніп қалғанда қазанды жерге түсіріп ірілі-уақты шағындап-шағындап бөліп-бөліп бір қалыпқа келтіреді. Көлемі үлкендерін «қара сабын» деп үлкендер алатын да кішкене-кішкене дөңгелек немесе сопақшаланып жасалғандарын «бұзаушық» деп балаларға беретін. Әжем жасап берген бұзаушығым өзіме талайға дейін жететін. Сахардан жасалынған сабын өрі қатты өрі көпке баратын, кірді таза ашатын.

Соғыс жылдарында өр отбасына бір жауынгерге киім-кешек даярлау тапсырылған-ды. Сондағы әжем мен апамның пима жасағандары қандай еді. Пима тек күзгі қырқылған жүннен жасалынады. Басқа уақыттағы қырқылған жүннен жасалған пима бос болады, тез жыртылады дейтін әжем. Жүнді тазалайды, түтеді, сабайды, сонан соң шиге тартады. Тартылған жүннің үстінен ыстық су шашып-шашып, жүнді шимен бірге

орайды. Сыртынан байлап бір адам өрі-бері сүйреп отырады, бірнеше адам аяқтарымен тепкілеп, ілесіп отырады. Жүн бір-біріне жабысты-ау дегенде шиді шешеді. Даяр болса киізді қабаттап пиманың пошымына келтіріп кесіп, өр жерден тігеді, қайтадан шиге орап ыстық суға салып алып білектейді. Сөйтіп бірнеше рет қайталанады, өр жолы қолдарын тығып арасын ашып отырады. Болды-ау дегенде ашып пиманы енді аяқтарына киіп алып тұрып та, отырып та таяқпен ұра береді, ұра береді. Даяр болғанда киіз қатайып, қалындай бастайды, аяқтың пормысына келеді. Сонан соң кептіреді. Осылардың бөрінде де істегенімізден аяққа оралғы болғанымыз көп біздер су тасысып, қызық көріп білектесіп, тепкілеп, ұрғыласып дегендей қолқабыс тигізіп жүруші едік. Әжем мен апамның осындай жолдармен бір емес, 5 солдатқа пима жасап, арасына жүн тартып тіккен 5 күпәйке, 5 сым, 5 құлақшын, бір-бір дорба темекі, сахардан жасалынған сабындарды бір емес бірнеше қайтара майданға жөнелткендерін мақтанышпен еске аламын. Сол еңбек-қорлығының арқасында әжем өле-өлгенше жүгіріп жүрді. Кейде жерге түскен алмаларды жинайтын, өйтеуір, алжымады, не көз жанарынан айрылмады, құлағы да жақсы естіді. Өзінің ұзақ өмір сүргеніне таң қалып, кейде: «Мына шұнақ құдай, мені шынымен ұмытып кетті ғой деймін, масқара болғанда мен бейбақ Кененнің артында қалмасам етті», десе, біз мәз болып күлетін едік. Жоқ, қалай дегенмен де әжемнің тілегі орындалды, өкемнен үш жыл бұрын қайтыс болды.

Халқымызда өлген кісіні арулап шығарып салумен қоса, сол адамның жақсы қасиеттерін өлең жолдарымен қосып жылаудың бұл түрін жоқтау деп атаған. Жоқтау соңғы кездері сиреп кетті. Соңғы сапарға шығарып салып тұрған адамның артында қалған ұл-қыздарының, жарының, ағайын-туғандарының сөз ғана көтеріңкі дауыспен жоқтап тұруының өзі қандай жарасымды. Өз басым бет жырта айғайлап, ақырып-өкіріп жылауды өбестік деп санаймын. Олай жылау адамның өзінің денсаулығына да, айналасына да жағымсыз әсер етуі сөзсіз. Аяулы әжемізді жоқтап бөріміз де жыладық. Алайда, 90 жастағы атамның 93 жастағы әжемді жоқтауы ерекше әсер етті. Көз жасы бетін жуған атам қоңыр дауыспен:

Ұлдар шешем орнына ана болған, Ишам-ай,
Балаларға бас ие пана болған, Ишам-ай!

Өтірік пен өсекті қаламаған, Ишам-ай,
Ағайынға алақөз қарамаған, Ишам-ай,
Бармағынан бал тамған шебер едің, Ишам-ай,
Інісінен айрылған, ағалардан, Ишам-ай!
Рақымбай мен Күміс деп жағалаған, Ишам-ай!
Қайғыменен жүрегін жаралаған, Ишам-ай!
Бір ауылдан бір өзі дара қалған, Ишам-ай!—

Менің бала кезімде жаңбыр жаумай құрғақшылық болған жылдары ел арасында «тасаттық» беру деген жиі болатын. Тасаттық бергенде ауыл адамдары үлкенінен кішісіне дейін бірі қалмай бір жерге жиылады, орталарынан бір мал шығарып сояды, оны пісіріп бір жапырақ та етін қалдырмай жейді. Үлкендер құдайдан жаңбыр сұрап тілек білдіреді. Жастар жағы үлкендердің қолдарына су құйып, су тасып дегендей қызмет етеді. «Көп тілегі — көл» дегендей, осындай жиандардан кейін көп кешікпей жаңбыр жауғанын бір емес, бірнеше рет көрдім. Бір жолы тіпті жиынның арты тарамай-ақ шелектеп жауған жаңбырдың астында асыр салып ойнап, тамашалаған күндеріміз де болған. Мұның өзі халықты бірлікке шақыратын, ел басына күн туғанда ел болып, жұрт болып бірге көруге жұмылдыратын, өзіндік тәрбиелік мәні зор рәсімнің бір сипаты.

Атаммен жолға шыққанда уақыт есептеп жүру мүмкін емес еді. Қайда барсақ та жол-жөнекей жан-жағындағының бөрімен таныстырып отыратын.

— Анау бір сұлу қыздай керіліп жатқан жер — «Сұлу төр» жайлауы. «Сұлу төр» — сенбесең оны барып көр» деген сөз содан қалған. Бұл жерді атақты Ноғайбай бабаларыңның ауылы жайлапты. Сонау Алатауға жалғасып жатқан жер — «Қызылсоқ» жотасы, Сүйінбай ақынның ауылы. Ел оны «Қызылсоқ — Сүйінбай ақын жоқ» дейді екен. Мына жатқан тау сағасындағы «Ақтасты», «Арпатектүр», «Ақтерек» деген елді мекендер атақты ақын Есдәулет Қандековтың ауылы, — дейтін де, Есдәулет екеуінің бірге жүріп, бірге тұрған кездерін, кеңес өкіметін құрысқандарын, талай-талай қызық та, қиын да болған шақтарын есіне алып, Қордайдан шыққан қос ақын аталғандары туралы қызына өңгімелеп кететін.

— Біздің жер сайға бай. Мынау жатқан Шұбар байтал сайы, ал мынау — Құрысай, анау жатқан — Жаманты сайы, одан ары - Бүгілі бұлақ сайы, онан соң — ешкілі

сайы басталады. Бұл сайлардың бөрі де шөбі шүйгін, суы бал, қыста қыстау, жазда жайлау, малға аса жайлы жерлер, — дейтін еді атам.

Ұзынағаш тұсына келгенде әкем Жамбыл музейіне соқпай, құран оқымай ары қарай жүрмейтін. «Бабам менің, қайран Жәкем, топырағың торқа болсын, сен өлген жоқсың, өйткені халқың сені ардақтап отыр», — деп қабірінің басына бас иіп ұзақ отыратын. Ал, Алматыға бара жатқанда да, қайтып кетіп бара жатқанда да Райымбек бабамыздың басына арнайы тоқтап, тағзым етпей өтпейтін. Ол жайында атам: «Райымбек деген аталарың осы жерде жатыр. Өзі батыр, өзі әулие, көріпкел адам болыпты. Жаугершілікте көп жүрген елім деп еңіреп өткен жан екен. Бір жорықта қатты жарақаттанып жатып қалыпты. Сонда әйелі пендешілікке салынып батырға реніш білдіреді. «Не басымда жөнді үйім жоқ, керек десең қазан-ошағым да жоқ, жаугершіліктен басқада ісің жоқ, енді өліп кетсең қайтемін», — дейді. Оған Райымбек: «Менің өлімімнің өзі де саған бір үй-жай болар», — деп жауап береді. Көп кешікпей ауруы мендеп, жағдайы болмай бара жатқан ол ел азаматтарын шақыртып: «Осыдан мен өліп кетсем, сүйегімді ақ түйеге артып қоя беріңдер де, өздерің таусағасын жағалап ілесіп отырыңдар, түйе қай жерге шөксе, сол жерге мені жерлендер», — депті. Ел солай істепті. Сонда түйе тура осы жерге келіп шөгіпті. Жігіттер жабылып ақым қазып жатқанда сол жерден келіскен бір ағаш үй, ыдыс-аяғымен шығыпты: «Мынау сіздің мүлкіңіз», — деп ол заттарды Райымбектің әйеліне беріпті. Мәйітті ақымға түсіріп бетін жауыпты, үстіне үйілген топырақ кіші-гірім таудай болыпты. Ол кездерде бұл аймақ мидай дала екен. Райымбекті жерлеген соң-ақ қабірдің айналасына ағаштар шыға бастапты. Ол ағаштардың басында жылтылдап шам жанып тұрады-мыс, әрі ағаштардан ботаның боздаған даусы еміс-еміс естіліп тұрады-мыс. Бірте-бірте бұл жер басына іс түскендер сыйынатын әулиелі, әруақты жер болып кетіпті. Райымбектің әулиелігі мен батырлығы туралы халық арасында өңгіме көп. Мына өздеріңнің шешелерің Нәсиханың әкесі Қабылтай өзімен бірге туған бауырының әйелін осы жерге алып келген екен. Жеңгесі ұзақ жылдар бала көтермей, көтерсе өлі туып, жылап-еңіреп жүреді. Сонда Қабылтай бой бермей жүріп жеңгесін алып келіп, аттарын анадай жерге тұсап қойып, дастарқан жайып құран оқиды, басына шырақ

жағып, ер-тоқымдарын жастық қылып, ат жабуларын төсеніш қылып, ат көрпелерін жамылып, Райымбектің басына түнейді. Жеңгесі ұйқтап кетеді, қайнысы көз ілмей отырады. Таңға жуық көзі ілініп кеткен екен, жеңгесіне жақындап келе жатқан бір түсі суық, киімі қап-қара кісіні көреді. Орнынан атып тұрады да өлгі келе жатқан кісіні қамшымен салып қалады. Жердің топырағы бүрк ете қалады, жеңгесі де орнынан шошып атып тұрады. «Болды, жеңеше, кісің бар екен, қуып шықтым, құдай бұйыртса тілегіміз орындалып қалар» деп, аттарына мініп жүріп кетіпті. Сол жеңгесі көп кешікпей-ақ ұл туып, артын ала қыз туып, олардан тарағандар бір ауыл ел болыпты. Кейіннен бұл аймаққа ел қоныстана бастайды. Өіресе, кеңес өкіметі орнап, бұл жер республика орталығы болғаннан бастап Райымбек қабірінің айналасына зәулім үйлер салынып, су құбырлары тартылып, электендіріліп дегендей абыр-сабыр болып кетеді. Көрдіндер ме? Қабірі жол бойында жатыр. Тіпті құрылысшылар қабірдің үстінен де үй салып жібермек болып немесе жол бойынан алып тастамақ болып неше түрлі айлалар жасайды. Сонда күрек салса күрек ұшып кеткен, трактормен қазбақ болса, трактор аударылған. Ақыры аруақты мазаламай тыныш қойыпты. Неге дейсіндер ғой? Өйткені, Райымбектің өулие, аруақты адам болғандығы рас. «Аруақты жерден ат үркеді» деген сөз содан қалған», — дейтін еді. Сол бала шағымызда естіген, ертегі сияқты өңгімелер, Райымбек көшесімен келе жатқанда үнемі есіме түсіп, бабамның аруағына сыйынып та жасампаздығына таң қалып та өтемін.

— Сендер Қордай деген кім, Қордай асуы дейміз, ауданымыздың да аты Қордай, осыны білесіндер ме? — деді бір күні атам. Әр нәрсенің басын бір шатып, жетістіріп жауап бере алмадық. Сонда әкем: «Қордай деген дулат руынан шыққан батыр. Арғы атасынан-ақ жалғыз атты кедей болыпты. Осы аймақта ең бірінші тоған-тоспа салып, арық қазып, жер жыртқан, ел жайлауға көшкенде жалғыз қалып, арпа-бидай, қауын-қарбыз еккен, жаңалыққа жаны құмар кісі болыпты. Екі қолы тоқпақтай, басы бақырдай, құлағы тебінгідей, мұрны құс тұмсықты, көздері тостағандай өткір, екі иығына екі кісі мінгендей, ұзын бойлы болған деседі. Күлгенде қарқылдап, сөйлесе гүжілдеп, жанның бәрін жақынындай көрген, ақ көңіл, қолы да, жолы да ашық жомарт адам екен. Сол Қордай бір күні ағаштың

көлеңкесінде ұйқтап жатқанда бір қара шұбар жылан ирелендеп келіп төсіне шығады. Мұны сезген Қордай «қозғалсам шағады, қозғалмай шыдап жата берсем мүмкін өтіп кетер» деп ойлап жата береді. Ыстық күнде салқын ін іздеп келе жатқан жылан батырдың аузына басын сұға бергенде, батыр оның басын желкесінен қыршып алып, түкіріп тастайды да атып тұрып кетеді. Қордайдың сабырлылығы мен шыдамдылығына халық таң қалады. Қордай жайында халық арасында аңыз-өңгімелер өте көп. Сендер жүрген жерлеріндегі жер аттарын, онда қандай оқиғалар болып өткендігін, сол өңірде өмір сүрген, артына өшпес із қалдырған адамдардың аты-жөндерін ұғып қалуға тырысуларың керек. Мұндай жерлерден өткенде міндетті түрде тоқтап, өруақтарына бас иіп, тағзым етіп өтуді ұмытпаңдар. Мұны халқыңа, еліңе көрсеткен ізет деп түсінгендерің жөн», — деуші еді әкем.

Бірде атам бізді арнайы өзі туып өскен Мөтібұлаққа ертіп келді. Ондағы әкесінің қыстауын көрсетті. Осы жерде жалаң аяқ, жалаң бас қой соңында жылап жүріп өткізген күндерін еске алып өңгіме шертті. Бізге әкеміздің сондағы тасқа қашап салған атқа, қойға, ешкіге ұқсайтын біреу суреттерінің өлі де тұрғандығы қатты әсер етті. Сондағы жинаған тастарын көрсетіп күліп алды. Енді Мөтібұлақ сайын жағалай жүріп отырып, төбешік басындағы зираттарға келдік. Бұл жерде әкем бәрімізді отырғызып, қыз-келіндерге орамал салдырғызып, асықпай ұзақ құран оқыды. Содан соң біраз ойланып тұрды да: «Бұл жерде Қасқараудың Ораз деген руынан шыққан атақты Кебекбай деген бабаларың жатыр. Мына тұрған бәріміз де осы кісінің ұрпақтарымыз. Дәл осы жерде Кебекнен басқа менің әкем Әзірбай, анам Ұлдар, бірінші әйелім Үлпілдек, қызым Зұлхия, ұлдарым Базар мен Назар жатыр. Кебекен дүниеден қайтқанда мен жас едім. Дегенмен де, жас кезінде көргенің есіңде жақсы қалады екен. Келбетті келген, кең жауырынды, көз жанары өткір, кірпіктері ұзын, қара көздерінің ағы сәл қызғылттанып тұратын, шорбуынды, салқын мінезді, сабырлы кісі еді. Өзі қайратты, өзі ақылды, тапқыр, жомарт, қара қылды қақ жарған әділетті, кедей-кепшік нашарлардың сөзін сөйлеп болысқа шешен әрі әулиелігі де зор болған. Кебекбай айтыпты деген сөз ел арасында көп. Бір күні осы Мөтібұлақ басында тұратын баласына келіп шәй ішіп отырады. Ет асып, құрмет

көрсетіп жатқан келіндеріне: «Тамақтарыңды тез-детіндер, түндікті жабыңдар, шырақтарым», — дей беріпті. Ет пісіп Кебекеңнің алдына келгенде ол балаларына, немерелеріне, жалпы сол жерде отырғандарға түгел өз қолынан ет асатып, қалғанын өзі құмарта жеп болып, алыс сапарға кететіндей-ақ батасын беріп, қош айтысады. Үйіне келген соң төсегіне отыра бергенде, ауырмай-сырқамай, сөйлеп отырып жөнөп кеткен екен, жарықтық. Сол сияқты тағы бір әңгіме: «Елді Қоқан хандығы билеп тұрған кезде зекет, бітір, үшыр деген алым-салықтарға қарсы болып, би-болыстармен айтысып жүріп, Кебекбай жау қолына түсіп қалады. Оны ұстап берген Ысқақ деген манап екен. Кебекең оған: «Жалғыз ұлың бар екен, сонымен дос болайын, мені босат қоқандықтарға жем қылма», — десе, Ысқақ көнбейді. Сол жолы Ысқақтың жалғыз ұлы дөңбекшіп жатып, қайтыс болады. Кебекеңнің қолға түскенін естіген дулаттар жиналып келіп, жүз бестіге Кебекбайды сатып алады. Жүз жылқыны ала шапан, ала тақиялы Қоқандықтар Қордайдан асыра айдап келе жатқанда, Қордай асуының боранына ұрынып, жылқылырының бір қатары үсіп, бірталайы қырылып, тамтығын алып өздері өрең жетеді. Өзбек қариялары: «Кебекбай киелі адам екен, осынша пәлеге ұшыралық», — деседі. Кебекеңнің аман-есен босағанын естіген Ысқақ манап келіп, қол қусырып кешірім сұрайды, жалғыз ұлынан айрылғанын айтып жылайды. Кебекеңді қонаққа шақырады. Кебекең кек сақтамайтын кісі екен, кешіреді, Ысқаққа бата береді. Көп кешікпей Ысқақтың әйелі ұл табады. Осындай-осындай істерінен «Кебекең — өулие екен», «Кебекең — киелі адам», «Кебекеңнің шешендігіне баға жоқ», «Кебекеңдей әділетті адам жоқ», — деп қырғыз-қазақ елі қатты сыйлап кетіпті, құрмет тұтыпты.

Мен осы өңірден шыққан белгілі адамдарды білуге тырыстым, оларды үлгі тұтып өстім. Сендерді әдейі алып келіп көрсетіп тұрмын, біліп жүріңдер. «Әр елдің де Абайы бар-ау, бірақ оны шығарар Мұхтары жоқ қой», — демекші, халқымыздың мұндай адамдарын білуді перзенттік парызым деп түсіну керек», — деген еді атам.

Арада көп жылдар өтті. 1968-жылдың жазғы демалысын төркінімде өткізуді ұйғарып, балаларымды ертіп ауылға келдім. Әкем: «Дұрыс келдің ғой, шырағым, бірақ сәл кешіктің, осыдан он — он бес күн

бұрын ғана ағайын-туғандар жиылып, Мөтібұлақта жатқан ата-бабаларымыздың аруақтарына үлкен ас бердік, ескерткіш орнаттық, 25 қой сойылды, он шақты үй тігілді. Халық көп болды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ғой, көптен ойлап жүрген бір ісім сәтті аяқталып, иығымнан бір жүк түскендей болып жүрмін. Бұл істің дәл биылғы жылы іске асуына себепкер Кебекбайдың түсімнен шықпай қойғаны болды. Айналасы бір айдың ішінде түсіме екі рет кірді. Ылғи ақ киіммен, ақ атпен келеді. Алғашқысында үн-түнсіз қарап ұзақ тұрды да, жоқ болып кетті. Екіншісінде: «Кенен-ау, мен мүлде жалаңаш қалдым ғой», — деді. Орнымнан атып тұрдым, сол күннен бастап мазам болмады. Бейнесі көз алдымнан, үні құлағымнан кетпей қойды. Жақын ағайын-туған, замандастарыма айтып көріп едім, көнекөз қариялар: «Кебекеңнің басында төрт құлақ етіп тастан тұрғызылған қорған бар болатын. Кеңес өкіметі орнаған соң бұл аймаққа темір жол тартылды, Отар станциясынан үлкен астық төгетін үй (заготзерно) салынып, одан кейін әскери қалашық орнап, құрылысшылар бейіт басындағы тастарды тасып алып кетті. Кебекеңнің тас қорғанын алғанымен басына үйілген топырақтың өзі таудай болып жатушы еді, қазір ол да тым аласарып, жайылып кетіпті. Ол жерде, Кенен, өзің білесің, сенің ата-анаң, жарың, балаларың да жатыр ғой. Әй, бұл өруақты қойсаңшы, тапқан екен ғой сені. Біздің өңірде Кебекеңнің өруағы қолдап жүрген абыройлы да атақты өзіңсің ғой», — десті. Сонымен ақылдасып-ақылдасып келіп осындай бір шаруа бітірдік. Жүр, Төрткен, демалысыңның басын ата-бабалар басына барып сәлем беруден басталық», — деді атам. Келесі күні бір мен ғана емес, ас берілгенде бара алмай қалған бірсыпыра адамдар ілесіп, екі мәшине болып бардық. Мәшинені жол бойында қалдырып, жаяу келдік. Құран оқытып, топырақ алып, ескерткішті көріп, төуеп еттік. Ескерткіш Кебекбай бабамыздың денесі жатқан жеріне Қордайдың қызыл гранит тасынан орнатылған. Ескерткіш айналасы қалған қабірлерді қамтитындай, ауқымы кең алынып 15 шар. м. темір қорғанмен қоршалған. Айналасына ағаштар отырғызылған. Ескерткіштің биіктігі 5 метр, ұшар басына айдың суреті тасқа ойылып салынған. Одан сәл төменіректе:

Кебекбайға, өке-шешем Әзірбай мен Ұлдарға,
Үлпілдек пен Базар-Назарға ескерткіш.

Оның астына:

Кебекеңнің аталары: Дулат—Жаныс—Қасқарау—
Ораз—Бұхар—Солтанкелді—Бөкен—Сатый-ботый.

Одан сәл төмен:

Кебекең 1800 жылы туған
1887 жылы қайтқан.

Одан төменіректе:

Атасы Сатый менен Ботый еді,
Бұлбұлдай сайрап сөзге жетік еді.
Өзі әділ, өзі шешен, өзі батыр,
Халыққа еңбек етіп кетіп еді.
Орнатқан ескерткішті Кенен ақын,
Немере, шөберелер түбі жақын.
8 июль, 1969 жыл,—

деп тасқа қашалып жазылған екен. Сол жолы атам зираттың күншығыс жағын ала бір шақырымдай жерде тұрған әдемі бір төбені көрсетіп: «Мұның атын «Сұлу шоқы» дейді. Кебекең халқына соны бір хабар айтарда осы шоқының басына шығып, қолын көтеріп дауыстаса болды, бүкіл айналасындағы елі түгел жиналады екен»,— деп еді. Айтпақшы, мына ескерткішті өзім жасаттым, ондағы өлең-сөздің бәрін де өзім құрастырдым. Ескерткішті жасатуда да, оны жеткізіп орналастыруда да қатты көмектесіп, өздерінің жақындықтарын да, азаматтықтарын да танытқан кісілер Құстүтінулы Әбдіқадір, Абайқұл, Сәтімбай, Рақымберді, Қабылтай, Мәлік, Ыстыбай тағы да басқалар болды. Ас беріп, мал сойып, үй тігіп жөн-жорасының бәрін де жасаған Сатый-Ботый елінің ынтымақтылығына, бірлігіне, елдігіне риза болмаған жан қалмады»,— деп атам бізге мақтанышпен айтып берді.

Міне, сол күннен бастап бұл қорғанның басы біздің де жиі баратын жерімізге айналды. Сәл ауырыңқырап жайым болмай жүрген кездерімде, Кебекбай мен Әзірбай аталарымның басына барып, әуақтарына бағыштап құран оқытып қайтсам жеңілдеп қалатындаймын. Бұл күнде Мәтібұлақ аймағы қалың елді мекен. Тоғыз жолдың торабы. Темір жол стансасы Отарға іргелес Рославль совхозы орналасқан. Совхоздың күн батыс жағын ала үлкен әскери қалашық. Отардың оңтүстігінде 20 шақырымдай жерде Киров

колхозы. Бұл жерде әкем Кененнің соңғы 20 жыл өмірі өткен. Алайда, сол 20 шақырым жердегі Киров колхозы Жамбыл облысының Қордай ауданына қарайды. Қазір ол жер Киров колхозы Кенен селосы деп аталады. Мұнда Кенен Әзірбайұлының соңғы тұрған үйі мен музейі бар.

Бір жылдары әдеттегідей, бір топ жолдастарымызбен Кебекбай атаның басына барғанымызда, өз көзіме өзім сенбедім. Ескерткіш тұрған төбешіктің айналасын терең ор қылып трактормен қазып тастапты. Ескерткіштің өлең жазылған бетінің екі жері сәл ойылып түсіпті. Сұрастырсақ солдаттарды жаттықтырып жүрген бір орыс офицері ескерткішті көздеп атқан. Ана екі ойық жер соның атқан оғының ізі екен. Бірақ, сол жылы әлгі офицер кенеттен қайтыс болған. Бұл оқиғадан хабардар орыс офицерінің орнына тағайындалған қазақ офицер қызметіне кірісісімен-ақ, ескерткіш тұрған төбешікті айналдыра трактормен қаздырып, солдаттарға бұл жерде қасиетті Кебекбай деген адамның сүйегінің жатқанын, оған ескерткіш орнатқан халық ақыны Кенен Әзірбаев бастаған осы жердің жергілікті адамдары екендігін, осы жүрген жерлерінің Кебекбай мен Кенен туып өскен аймақ екендігін, бұл жердің халқының дені осы кісілердің туыстары екендігін, зират жаққа оқ ату әуақты сыйламау, жергілікті адамдарды сыйламау екендігін түсіндіріп, бір емес бірнеше рет жауынгерлерді алып келіпті. Одан бері де он шақты жылдың айналасы болып қалды. Соңғы біреу жылдары жол түспей жүруші еді. 1991-Жылдың қазан айында әпкем Бәтима, күйеуім Тасыған үшеуіміз арнайы бабалар басына барып қайттық. Ескерткіш еш өзгеріссіз сол қалпында тұр. Тек жанында тағы бір зират пайда болыпты. Ол Кебекбайдың шөбересі болып келетін Есмолда атаның қабірі екен. Қорған толған қызылды-жасылды байланған маталар, ленталар, бұл араға келушілердің көптігінің белгісіндей желмен желбірейді. Зиратпен іргелес қыстауда арысы Кебекбай, берісі кененнің үрім-бұтақтарының бірі, Сатый-Ботыйдың бел баласы Мәлік Мырзахметұлы үй-ішімен тұрады екен. Қуанып кеттік. Сәлем беріп, сыйлы қонағы болып қайттық. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін-ақ: «Ақа-ау, мұнда не қып жүрсіз? Қашан, неге келгенсіз?— деп сұрақтың астына ала бастаған бізге былай деген еді:

— Мұнда мені Кебекбай мен Кенен аталарымның әруақтары алып келгендей. Осында келгелі ден-саулығым да жаман емес. Кең дала, таза ауа. Мына бір төбеге шықсам болды айқайлап өн айтқым да келіп кетеді, өлең де шығарып жіберемін, — деп күліп қойды. — Арақ-шылымды аузыма алмаймын. Жасым келіп қартайып-қалжырап отырған да жерім жоқ, тек қасымда жатқан әруақтарды сыйлаймын. Балаларымның бәрі — Сөкен де, Айдар да, қызым да әскери қалашыққа жұмысқа тұрып, пәтер алды. Олардың өздерінің екі-үштен балалары бар. Қандай күнде де бір жағымызды малға сүйемесек бола ма? Солардың малдарына қарап, бала-шағасына бас-көз болып дегендей жеңген екеуміз жазда осында, қыста совхоздағы үйімізге барып-келіп тұрамыз. Бұл жердің қазақтарының дені Қасқарау руынан тарағандар. Бірен-сараны болмаса, солардың ішіндегі үлкені мен болып қалыппын. Барлығы да мені «бабалар шырақшысы» деп есептейді, сыйлайды. Шынын айтсам, тіпті кейбір үлкендерден жастарымыз артық. Бәрін біледі, ұйымшыл. Әр жылдың мамыр айының бір күні (қалауымызша) әруақтарды еске алу күні болып кетті. Сол күні осы жерге бәріміз жиналып, мал сойып, құран оқып, мол дастарқан жаямыз. Көк майсада асыр салып, жүгіріп ойнап жүрген балаларымызды, немере-шөберелерімізді көргенде шүкіршілік етіп, мына әруақтар осыларды жаманшылықтан қорғап-қоршап жатса екен деп тілейміз. Қазір бұл аймақтың үлкен-кішісіне дейін Кебекбай бабамызды, Кенен атамызды мақтан етеді. Ел болып Рославль совхозының атын Кенен совхозы деп өзгерту керек деп ұсыныс жасап жатырмыз. Енді осы Кебекбай бабамыз жайында біраз ойда жүрген істер бар. Бұл кісінің де мерей тойларын өткізсек, басшылырға ұсыныс түсірсек деген пікірлер баршылық. Сөйтіп, ағынан жарыла сыр ашып, бізді қатты қуантқан еді Мәлік аға. Өткен жылдардағы Кебекбай баба-зиратының басында түскен суреттерін көрсетіп, бірнешеуін бізге сыйлады.

Әкеңмен бірге жүріп, туған өлкеңнің табиғатын аралау қандай қызық, десеңші. Атам әр өсімдіктің атын атап көрсетіп, оның пайдалы-пайдасыз жақтарын түсіндіретін. «Мынау — изен деген шөп, мынау — жусан, бетеге, сасыр, жауқазын, жаужұмыр, қырықбуын, түйеқарын, шырмауық, жантақ, теріскен дегендер. Бұлардың барлығы да төрт түлік малдың құмарта жейтіндері. Мына бір шөптер жайында халық арасында:

«Күйреуік, бұйырғын, оны жеген қойыңыз, көтере алмас құйрығын» деген сөз бар. Енді мынау — ермен, шағыр деген өсімдіктерді малдың «жерік асы» дейді. Малды анадай жерден кел-кел деп шақырып тұратындай, мына бір шөптің атын — ши басы, үлпілдеп тұрған мына бір шөпті — құрақ дейді», — деді.

Ал сарымсақ, татыран, жуа дегендер біздің жақтың таулы-тасты аймақтарында көп шығады. Оларды жинап алып келіп атам бәріміз айранға турап жейтінбіз. Бірде өзен бойын жағалап келе жатқан атам бір топ шөпті жұлып алды да мұрнына тақап: «Қараңдаршы, иісі қандай тамаша, тынысыңды ашады. Мұның аты — жалбыз. «Ерменді жерде ер өлмейді, жалбызды жерде жан өлмейді», — деген сөз, ермен мен жалбыздың емдік қасиеттерінің де зор екендігінің айғағы», — деді. Содан бері жалбыз көрсем болды еріксіз атамды еске алып, жұлып алып иіскеп, біраз жүру маған да әдетке айналды.

— Мына бір шөпті көкемарал, ал мынаны — иманжапырақ дейді. Көкемаралды қайнатып ішсе, іш ауруына бірден-бір ем, иманжапырақты жараланған жерге таңып, байлап қойса тез жазылады, — дейтін атам. Адамның өмірі неге қайталанбас болды екен? Сол күндерді есіме алсам кейде ішім күйіп кетеді. Сонда атам көрсеткен өсімдіктерден альбом жасап, астына жаза берсем ғой... деп өкінемін. Енді қазір сол өсімдіктердің бірен-сараны болмаса танымайтын да шығармын. Әсіресе, атамның Бұлбұл құс болып сайрағанын, Безгелдек деген құс болып безілдегенін, Жылқышы құс болып шырылдағанын, тастан-тасқа секірген Көкек болғанын, тырналардың қоштасу әндерін, түрлі торғайлардың үндерін мейлінше дәл келтіретіндігін, сөзбен айтып қалай жеткізерсін?

Жалпы атам табиғатты сүйген, сүйе білген адам. Табиғаттың әрбір құбылысын, ұшқан құсын, жүгірген аңын көз тартқан әсем өсімдіктерін бәрін-бәрін өзінің ақындық шығармашылығының арқауы еткен асқан сезімтал ақын. Атамның «Алатау аспанымен тілдескендей», «Тауға барсаң тамаша», «Алтын күз», «Жыл құсы», «Шөп аттары», «Құс аттары», «Судың да аты бар» деген тағы да басқа өлеңдері, міне, соның дәлелі. Ал «Көк кептер» деген өлеңінде:

Балалар қуанады кептеріне,
Балапан сап алысқа кетпеуіне.

Үлкенге, кішіге де сүйкімдікүс,
Сенемін еш зияндық етпеуіне.
Қолымнан ағараңдап ұшты дағы,
Шарықтап арманымның кетті өріне...—

деген жері бар. Десе, дегендей-ақ, бір күні атам үйге кептердің үш балапанын әкелді. Оларды өзіміздің үйдің шатырына ұстап, су құйып, жем беріп күтеміз. Өздері адамға үйір құс екен. Далаға жіберсең шыр айналып, шарықтап ұшып кетеді де, енді қайтпайтын шығар, тым ұзақ кетті десең, бір уақта айналып үйге келеді. Тез өседі екен. Айналасы бір жазда үйіміздің үсті толған кептер болды. Таңға жуық гүж-гүж етіп зікір тартады. Бір жылдан соң-ақ ауылда кептер толып-ақ кетті...

Сатып алдық базардан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты,—

деп жырға қосқан әйгілі Көкшолақ атынан бастап атам 80-нің бесеуіне келгенше ат үстінен түскен жоқ. Кейде атпен қона-қона Алматыға да барып келетін. Ат баптағанды жаны сүйетін. Ауыздығымен алысып тұрған не бір жарау аттардың өзін атам тез-ақ көндіктіретін. Ұрып-соғып күш көрсетпейтін, керісінше жалынан сипап, бетінен сүйіп, құшақтап, көздерін сүртіп, өзенге апарып жуындырып, тарақпен бүкіл денесін тарақтап, балаша күтетін.

— Қартайған шағыңда бір жерде жығылып қаларсың, одан да анау мәшинеңмен жүрмеймісің,— деген апам: «Мәшинемен қалаған жеріңе бара аласың ба? Жоқ. Атпен жүргенде шаршамаймын. Бала кезімнен кезіме ыстық, өзіме таныс даламмен, тауыммен, жолдарыммен сырласып жүргенге не жетсін»,— дейтін. Атам өз ғұмырында талай-талай жүйріктерге ие болған ғой. Солардың ішінде Көкшолақ, Күрең жорға, Ақ боз ат, Шұбар ат, Балақасқа, Құлақасқа деген аттарын ерекше жақсы көріп, оларға арнап өлең де шығарған. Жас кезінде мінген Күрең жорғасына риза болып:

Ауылы Нәсиханың Жамбас жолда,
Тігілген тал түбінде қоңыр орда.
Бет алып солай қарай жүргенімде,
Көңілдене басушы ең Күрең жорға,—

десе, орта жасқа келгенде мінген Ақ боз атына:

Қош аман бол, боз атым,
Он жыл мінген өз атым.

Мен жүйрікпін дегеннің,
Қолтығын талай созатын.
Ерте шапқан жарыстан,
Шулатып кешке озатын,—

деп бағалаған. Атамның аттары да өзі сияқты ерекше жаратылғандай көрінетін маған. Әсіресе, мені атамның Шұбар атының сезімталдығы таң қалдыратын. Музыка сазын жаны сүйетін. Бір көрініс есімнен кетпейді. Біз тұрған жер — Отар станциясының күні аса ыстық желді болып келеді де, оның есесіне түні рахат-ақ. Сондықтан да болар, кешті асыға күтетінбіз. Кешкі салқын түскеннен есіктің алдын су сеуіп сыпырып, алаша, киіз, көрпе төсеп, кешкі тамақты көбіне далада ішеміз. Ауа райы жақсы болса қатар-қатар төсек салып, сол жерге ұйқтаймыз. Кешкі ас алдында, біз дастарқан жасағанша, атам домбырамен неше түрлі өндер, күйлер тартып отырады. Музыка сазы шыққаннан анадай жерде мама ағашта байлаулы тұрған Шұбар ат құлағын қайшылап, басын көтеріңкіреп, сүйсіне тыңдайтын. Музыка аяқталғанда тағы да тартшы дегендей, атама қарайтын. Шұбар ат жүйріктігімен қоса аса сұлу, төкаппар еді. Терісі көгілдір түсті, өн бойы кішкене-кішкене ақ таңбалармен көмкерілген, аяқтары тіп-тік, ұзын, мойны құрықтай, бойы биік. Сонысымен де көп жылқылардың ішінде ерекшеленіп тұратын. Атам кейде Шұбар атының үстінде отырып, домбырамен өн салғанда екеуі біріне-бірі ұқсас көрініп, балалық ет жүрегім елжіреуші еді. Көңілді күй тартса Шұбар ат билейтін де. Ол күйін атам «Шұбар аттың трапатасы» дейтін. Шұбар атты елдің бәрі жақсы көретін. Тым болмаса үстіне бір шығуға құмар-ақ. Алайда, ол кім көрінгенді үстіне шығара бермейтін, пысқырып, мөңкіп, қасына жолатпай қоятын. Ал жас балалар баурының астынан өтіп жатса да моп-момақан болып тұра беретін. Тілінің жоқтығы болмаса, адамнан да ақылды еді. Сол Шұбар ат аяқ астынан екі көзінен бірдей соқыр болып қалды. Алғашқыда соқырлығын сезгеніміз жоқ. Азын-аулақ кібіртіктеп жүргенімен аса сыр бермеді. Бір күні ауылда үлкен той болып, көкпар тартылды. Ағайынды қарындасының күйеуі Маш-құрбек аға қайта-қайта Шұбар атты сұрап қоймаған соң, атам көңіл жықпастықпен өрең берді, «соңғы кездері өзі кібіртіктейтінді шығарды, ауырып жүрген сияқты, абайла, шырағым» деді. Осы жолы оңбай

кұлап, аттың бір аяғы сынды. Үйге келгенде Шұбар аттың көзінен парлаған жасты көріп, бөріміз де жыладық. Өзі атамның кеудесіне басын сүйеп қойды. Атам оны құшақтап, айналып, сүйіп, сөйлесіп жүр. Ол кезде мал дәрігері түгілі адам дәрігерінің табылуы мұң шақ. Атам жер-жерлердегі оташы-сынықшыларды шақырып қаратудай-ақ қаратты. Аяғы жазылғанымен, екі көзі бірдей көрмей қалған Шұбар ат күннен-күнге жіңішкере берді. Атам. «Не істейміз, енді босқа өлетін болды ғой жануар. Бүйтіп жанын қинағанша біраз күн байлап соғымға соялық», — десе, бөріміз ойбай салып: «Ататай, Шұбар атты соймашы, бөрібір біз оның етін жемейміз», — деп жылаймыз. Ақыры, өрі туысымыз, өрі көршіміз Сәтімбай аға сатып алып, байлап, соғымға соймақ болды. Шұбар атты сойған күн біз үшін ең ауыр күн болды. Атам көруге дәті шыдамай, бір жаққа кетіп қалды. Мен сабақтан келсем, барлығы Сәтімбай ағаның үйіне соғым сойысуға кетіпті. Шұбар атты соятынын білемін, жүгіріп бардым. Бекер-ақ барған екенмін. Атты байлап, союға даярлап, жыға бастағанда оның қоштасқандай болып, мойнын созып біздің үй жаққа қайта-қайта қарағаны, екі көзінен ақырын ғана жылжып аққан жасы маған ол атамды іздеп жатқандай әсер етті. Бұл жағдай менің сәби жүрегімді қатты қысып жіберді ме білмеймін: «Соймандаршы, ағатайлар, Шұбар атты! Сойдырмаймын!» — деп айқайлап, жылап, үлкендердің қолына жабысқанымда, «мынау қайдан келіп қалып еді, құдай-ай, шошынып қалды-ау» деген апамның даусы құлағыма келгенін білемін. Осыдан соң мен біраз күн ауырып, сабаққа бара алмай қалдым. Маған ие бола алмай қалғаны үшін апам атамнан сөгіс естіп, біздің үй іші біраз әбігерлікке түсті. Жас өспірім балаларға көрсетіп мал союдың дұрыс емес екендігін мен сол кезден-ақ түсіндім. Осы күнге шейін мен мал сойғанда қарап тұра алмаймын. Атамның Балақасқа, Құлақасқа деген аттары да тарихта қалды. Олай дейтінім, Сәбит Мұқанов 60 жасқа толғанда, атам қымбатты жазушы інісіне өзінің ең сүйікті аты Балақасқасын күміс ер-тұрманымен сыйға тартып, өзі Құлақасқасына, Сәбит ағаны Балақасқаға мінгізіп түскен суреттері, Сәбит ағаның да, атамның да музейлерінде ілулі тұр.

Осылайша, бізді әке-шешеміз, айналамыздағы үлкендер, өскен алтын ұямыз жасымыздан сөзді құрметтеуге, ұлттық дәстүріміздің не бір қырлары мен

сырларына баулып, халық өнерінің тамаша қазыналарымен таныстырып, еліміз бен жеріміздің қайталанбас тұлғалары мен тылсым табиғатын ойымызға, бойымызға сіңіре тәрбиелеп, жан дүниеміздің жарасымды қалыптасуына барынша тырысып-ақ бақты. Біздердің болашағымызға өсте де жеңіл қараған емес-ті. Осындай ортадан шыққан, біздер, яғни Кененнің артында қалған төл балалары үшін өмір сүрудің қаншалықты қиын болғандығын айтудың өзі ыңғайсыз. Жақсы да болды, жаман да болды, аяғымызды шалыс басып қателескен күндеріміз қаншама? Сезімталдық пен қарапайымдылыққа тәрбиеленген біздер сөл нәрседен өсіп, сөл нәрседен төмендеп жүргеніміз. Тамаққа емес, көңілге семіруіміз мүмкін. Асып-тасып жатқан заманда, жолымыз болмай сағымыз сынған күндер қаншама? Мұндай қасиеттердің пайдасынан көрі біздер үшін зияндылығы басымдау болды. Өйткені, тәрбие бірдей емес қой. Тұрмыс кұрсақ та, атқарған қызметімізге байланысты жүрген ортамызда да «өзіңе тигенді аяма» дегенді ұстанып тәрбиеленгендермен бетпе-бет келгенде, бірде жеңгенімізбен, көбіне жеңіліп қалып жүрдік. Тіпті, өз ана тілін жөнді білмейтіндердің бізді орыс тілін нашар білгеніміз үшін жерден алып, жерден салғандығының өзі не тұрады?! Сондай-ақ 30 жылға жуық халық ағарту саласында еңбек етіп, өз мамандығым қазақ тілі мен әдебиетінен қара домалақ қазақ балаларына екі-ақ жыл сабақ беруге мүмкіндігімнің болғандығын айтсаңшы... Керісінше, өзімнің аяулы ана тілімді орыс балаларына жалынып оқытып, олар оқымай, оқығысы келмей қорланған күндер мен жылдарды қайтерсің? Сенің ана тіліңді сүйетінің, елінді, жерңді, салт-сананды, дәстүрінді құрметтегенің ешкімге керек болмай, орыс тілін нашар білгенімдігінен, өмірден артта қалған топас, надан, мәдениетсіз атанып жұмыс таба алмай сенделген кездер-ше? Тауымыз шағыла-шағыла қарапайымдылығымыз — енжарлыққа, ынжықтыққа соқтырса, сезімталдығымыз кейбірімізді ауруға ұрындырған кездердің болғандығын несіне жасырамыз. Қысылғанда «бізді неге басқалардай зорлықшыл, өркөкірек, иненің көзінен өтетіндей өте пысық, жағымпаз қылып өсірмегенсіздер? Тіпті өмірге бейім емес екенбіз ғой» деп, жазықсыздан-жазықсыз өскен ұямызға, ата-анамызға кінә арта сөйлеген күндеріміз де болған-ды. «Қойғылай берсе құдай да өледі» демекші, өйтеуір бойымыздағы намысшылдығы-

мыз, арлылығымз оянып, өмірге тез бейімделіп дегендей, тік айтарымызды айтпай бүгіп қалып, еш нәрсеге көп араласпай, көрсек те көрмеген болып, қулықты да, кемеңгерлікті де жап-жақсы меңгеріп алдық, «сен тимесең мен тимен», «турасын айтқан, туғанына да жақпайдыға» көшіп алдық. Ал орыс тілін сөйлеудің шебері болып алғанымыз сонша, осы күні немерелерім мен шөберелерімді қазақша сөйлендер деп талап етіп отырып, өзім де байқамай орысшалап кететін жағдайдамыз.

Енді міне, алдымыз 60-ты алқымдап, соңымыз 40-тан асқанда (Кененнің өз балалары), еліміз тәуелсіздігін алып, тарихымыздағы ақтаңдақ жылдар айқындалып өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, дегендей, ана тіліміз бен салт-сана, түрлі дәстүріміз қайта жаңғырып, бір жақсы заман келе жатқандай. Қуанышпымызда шек жоқ.

Қуанбай қайтейін. 1964-жыл еді. Мәскеуден оқуын аяқтаған отағасым Тасығанды Алматыға қызметке бекітіп, ана тілінде тілдері шыға бастаған екі баламды балабақшаға орналастырдым. Әрине орыс тіліндегі балабақшаға, өйткені ол жылдары астананың өзінде де қазақ балабақшасы жоқ болатын. Бір күні балаларымның орысша білмейтіндіктерін бетіме басып, тәрбиеші: «Сіз балаларыңыздың болашағын ойлаңыз, қор болады ғой», — деген-ді. Сонда өз елінде, өз жерінде неге қор болуға тиісті менің балаларым», — дей алмадым-ау. Ал енді қазір орыс мектептерінде оқып, балабақшаларында тәрбиеленіп жүрген немерелерімізді қазақ мектептері мен балабақшаларына ауыстырып, қайтсем де оларға қазақша білдіртемін деп әлекпін. Жер-жерлерде қазақ мектептері мен балабақшаларының көптеп ашыла бастауы көңілге шырақ, дертке қуат бола бастады. Ұзағынан болғай дейміз, зор үмітпен.

Жоғары класс оқушыларын кім болам, қандай мамандықты тандасам екен деген сұрақ қатты толғантады. Ол заңды да. Қоғамға пайдалы азамат болу үшін мамандығыңды дұрыс таңдай білудің, қолыңнан не келеді, неге бейімсің, соны мұқият ойластырудың маңызы зор. Бұл орайда да балаға дұрыс бағыт беру ең алдымен ата-ана көзқарасынан басталуы керек. Ұл-қызының болашағына жауапкершілікпен қарайтын әр өке-шеше сәбиінің жаны нені қалайтынын, неге бейім екендігін жастайынан-ақ сезеді. Атамның:


Ат болатын құлынды,
Желі басынан танысың.
Адам болар ұлынды,
Жолдасынан танысың.
Батыр болар баланды,
Тұлғасынан танысың.
Ырысты болар баланды,
Мал баққаннан танысың.
Кедей болар баланды,
Көп жатқаннан танысың.
Ұры болар баланды,
Түн қатқаннан танысың.
Шешен болар баланды,
Тіл қатқаннан танысың.
Епті болар баланды,
Ым қаққаннан танысың.
Сараң болар баланды,
Зар қаққаннан танысың.
Шаруа болар баланды,
Шөп шапқаннан танысың.
Етікші болар баланды,
Шот шапқаннан танысың.
Қыздың қандай боларын,
Анасынан танысың.
Қасың менен досыңды,
Қарасынан танысың.
Шебер болар қызыңды,
Бармағынан танысың.
Асыл менен жасықты,
Салмағынан танысың,—

деген, «Қалай танысың» атты толғауы ата-аналарға арналғандай. «Өке — балаға сыншы» деп бекер айтпаған ғой халқымыз. Атам әр баласының болашағын да болжап отыратын.


— Менің Төрткенімнің өдебиетке, өнерге жаны жақын. Түсінігі мол, халыққа қалаулы, елге елеулі, жан-жақты болады. Өттен, ұл болып тумады. Бақыт-жаным өзім сияқты аса сезімтал, сері мінезді, өнерлі, тілді, шыдамсыздау болады. Ақтамағым тепсе темір үзетіндей қарулы, әр мінезді. Ақбілегім сүт кенжеміз ғой, өте нәзік жанды, биязы, бәрін іштей ойлайтын, салмақты, аздап жанаярлау болады. Ал Көркемжаным көңтері, қайыспас шыдамды, түбінде бөрімізді бағатын

да, барлығыңа сүйеу болатын да қара орман иесі де осы болар, — деп отырушы еді. Солай болды да.

Сарыағаш емделу орнында демалып жүргенмін. Бір кісі Кененнің қызы екендігімді естіген болуы керек, мені өңгімеге тартты. Көпті көрген, көп нәрседен хабардар кісі екендігі көрініп тұрды. Сол кісі бір сөзінде маған: «Кенекемнен көп дүние қалған шығар, бақуатты тұратын шығарсың?» — деп, қулана сұрақ қойды. Мен де қулана күліп: «Қалай болғанда да түбі кедейдің баласы — кедей, байдың баласы — бай болып қалады-ау деймін, аға. Шүкіршілік, жаман емеспіз. Кененнің балаларының бәрі де орта шаруамыз. Әкеміз бізге көп дүниеден гөрі, өзінің қанағатшылдығын, көпшілдігін, сабырлылығын тастап кеткен сияқты», — дедім. Сонда өлгі кісі сәл ойланып қалды да: «Дұрыс айтасың, шырағым, жәй өншейін өзілдегенім өрі сынап сұрағаным еді, өрине өкеден қалған дүние қаншаға жетер дейсің. Сенің байлығың өкеннің өні, өлеңі, өнері. Соған біршама ие болып қалғанға ұқсайсың, соны дамыта бер», — деп, арқамнан қағып, ризашылығын білдірді.



Ән мен
күйдің
кені екен...



«Аманат саған ән-мұрам»

Атам өмірінің соңғы 5—6 жылында (87 жастан кейін) ұйқысы тыныш болғанымен, бұрынғыдай ел аралап кетуге, ұзақ жол жүруге жарамай қалды. Көбіне оңашалықты, тыныштықты қалады. Төрдің алдына қалыңдап төсек салғызып, басын биіктетіп шынтақтап отыратын. Алдындағы кішкене дөңгелек үстелдің үстінде қағаз-қаламы жатады, сүйеулі домбырасы тұрады. Жаз айларында көбіне үйдің қасындағы жеміс ағаштардың арасына алты қанат қазақ үйін тіктіріп, сонда болады. Радио тыңдайды, газет-жорналдарды қарайды, кейде терең ой түбіне жете алмай өз-өзінен «мырс» етіп күліп, кейде «қап» деп бірнәрсеге өкініп, кейде тұнжырап үндемей қалатын шақтары болатын. Мұндай кездерде бөлмеге кімнің келіп, кімнің кеткенін де сезбейді, тіпті сәлем берген кісінің сәлемін де естімейтін, тек екі қолы тыным таппай тәспісін тарта беретін, тарта беретін. Бір уақыттарда қолына домбырасын алып, ақырын шертіп отырып, ыңылдап ән шығаратын, оның өлеңін жазатын. Әр жаңа ән, тың өлең осылай дүниеге келетін. Мұндай шақтарда біз ол кісінің қасына ешкімді жібермеуге, өзіміз де көрінбеуге тырысатын едік.

Атам жүрісін азайтып, үйде болған сайын:

— Ассалаумағалейкүм, ата!

— Иә, ақсақал, қалайсыз?!

— Не істеп отырсыз?— деп сәлем берушілер саны күннен-күнге көбейе берді. Оларды қуана қабылдап, ризашылығын білдіріп:

— Е-е-е, шырақтырым-ай, қалдың несін сұрайсыңдар? Шүкіршілік!

Оңаша үйде отырмын,
Өткенімді сағынып.

Тоқсан жасқа келгенде,
Нәсихаға бағынып...—

деп өлендетіп ала жөнелетін.

— Қойыңызшы, ақсақал, шынымен-ақ жеңгейге бағынғаныңыз ба?— деп олар күліседі.

Сонда атам:

Бұрынғының айтқаны нақыл екен,
Үлкендердің айтқаны ақыл екен.
Жастайыңнан қосылған адал жарың,
Балаң мен бауырыңнан да жақын екен.

Денемде тілден басқа сау жерім жоқ,
Таусылды түсе-түсе отыз тісім.
Айналып Алатауды шапқан дүлдүл,
Жарылып кетпей отыр қайтіп ішім,—

деп, бірде күліп, бірде мұңайып, өмірдегі ащы шындықты мойындағандай болып отырушы еді, жарықтық. Ол кісінің бөлмесіне еркін барып әңгімелесетін де, айтқандарын жазып алып, айналадағы болып жатқан жаңалық-өзгерістердің бәрін айтып, кітап, газет-жорналдардан қажетті дегендерді оқып беріп отыратын да атамның өз сөзімен айтқанда «жан саясы» мен едім.

— Сен келгенше ешнәрсеге жарымаймын. Ішім толып кетеді. Басқа балалар да «аталап» жандары қалмайды, бірақ олардың оқығандары миыма қонбайды, тілдері анық емес, айтқандарымды дер кезінде қағазға жаза да қоймайды. Сені берген құдайдан айналайын. Көне, нендей жаңалықтар бар Алматыда? Жазушылар одағына бардың ба? Композиторлар одағына бардың ба? Жарналарымды мезгілінде төледің бе? Мені сұрағандар бар ма?— деп сұрақтың астына алады-ай дейсің. Мен шамамның келгенінше атама есеп беремін, онан соң қалада болып жатқан жиындар жайында, онда қаралып жатқан мәселелерге тоқтап, қабылданған шешімдерге шейін түгін қалдырмай жеткіземін. «Сізді жұрт сұрап жатыр (сұраса да, сұрамаса да), сәлем айтты, атаң тез жазылып кетсін деп жатыр» деп көңілің көтеріп қоямын. Мұндай күні жаны тынып, жақсы ұйқтайтын еді атам.

Бірде атам: «Оңашалық ой қозғайды екен, шырағым. Бүкіл өміріңе көз жүгіртіп, не істеп, не қойғаныңды саралайтын кез келген сияқты. Әсіресе, өзіңе

титтей де болса, пайдасы тиген, қабағыңа қараған, жаныңды түсіне білген адамдар көз алдыңнан тізіліп өтеді екен. Бәрі бүгінгідей оқтын-оқтын ойыңа орала береді-ақ. Соның бірі өзімді алғаш танып, қанаттандырған аяулы ұстазым әрі туысым Еркебай Базарұлы еді», — деп күрсініп қойып. Ол туралы бір шама әңгімелеп еді:

— Еркебай Базарұлы осы Қордай өңірінде туып өскен, Жаныстан шыққан, арғы аталары Сырымбет, Жылқыайдар, бергі атасы Байтүгел. Мына аналарың Нәсиханың туысы болып келеді. Әкесі Базар дүниеден ерте кеткенмен оның артында қалған екі ұлы Еркебай мен Еркетайды анасы Жаңыл ешкімнен кем қылмай өсіріпті. Өсіресе, жас Жаңылдың Бұғылыбазар деген арғыннан шыққан жігітке қосылуы жетім балалардың дұрыс қалыптасып, азды-көпті білім алуына септігі тиіпті. Еркебайдың он жасқа келіп қалған шағында ақ патшаның «әр облыс өз қоластынан орысша оқуға бір бала берсін, киім, тамақ қазынадан» деген бұйрығы шығады. «Қордай болысынан кім орысша оқуға барғысы келеді» дегенде, «баламыз шоқынып кетеді» деп бәрі ат-тондарын ала қашады. Сонда Бұғылыбазар: «Мен Еркебай деген баламды жіберемін», — депті. Қысылып тұрған жұрт қуанып кетеді. Сол он жасында кеткен Еркебай 7—8 жылдай Ақмешітке оқып, орыс тілін жете біліп елге қайтады. Орысша білетін бір адамы жоқ Қасқарау елі болысының пәсірі, оязының тілмашы болады. Жала-дауға ұшыраған, біреуге ақысы кеткен жұрт енді сабылып Еркебайды іздейтін болады. Ұзын бойлы, мығым денелі, аққұбаша, орысша киінген сұлу жігіт ел-жұртқа ем-дәрідей әсер етеді. Өзі кішіпейіл, жайдары, қайдағы жетім-жесірлерге, нашарларға жаны ашып болысатын, жаны таза, әділетті бұл жігітті халық тым жақсы көріп кетеді. Сөйлегенде орыстарыңның өзін жаңылдырады, байларға дегенін істетеді. Ел там салуды білмегенде, ол қарағайдан үй тұрғызып, айналасына тал егіп, бау-бақша өсіреді, монша салғызады. Қалада көрген тазалық мәдениетті үлгі етеді, үйретеді. Өзі сияқты қала төртібінде өскен Сүлеймен дегеннің қызына үйленеді. Содан Іңкәрбек, Асқарбек деген ұлдары, бірнеше қыздары болады. Өзінің ақыл, білім парасатымен қазақ, қырғызға атағы шығып, ел құрметіне бөленеді. Еркебай әрі сауықшыл, көпшіл, дастарқанды кісі еді. Ер көңілді жігіттерді айналасына

жиып алатын. Ақын, әншілерсіз, жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазысыз жүрмейтін. Тағы бір қасиеті, өзі де өнерлі, ат үстінде ойнайтын, қолынан келмейтіні жоқ шебер, тапқыр, мысқылшыл, өзіл-оспаққа жақын еді. Еркебайдың атын естіп, оған:

Еркебай Жетісуға серке болдың,
Орысша етек-жеңің келте болдың.
Жасында жарымаған жетім едің,
Атылас жамылғаның көрпе болдың.
Қара үзіп қатарыңнан тұр деген соң,
Іздеп келіп домбырамды шерте қондым, —

деп атақты Майкөт ақын да келген.

Еркебай бай болдың сен мал жимаған,
Төкөппар төремін деп шанжымаған.
Үлкенге, кішіге де сынық мінез,
Мақтанып асып-тасып дандымаған.

Еркебай туып өскен жерің Қордай,
Атағың шыға келді туған айдай.
Әдейі көрейін деп келдім аңсап,
Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай, —

деп сонау Арқадан арнайы Ноғайбай шешенді іздеп шыққан ақын Шашубай да алдымен осы Еркебайға соққан. Еркебайдың үйінде Шөже де, Жамбыл да, Балұан Шолақ та, Қажымұқан да болған. Олар бір ай, екі ай, кейбірі жылдап жатып сый-құрметпен, асқан ризашылықпен қайтатын.

Еркебай шын мәнінде өз халқының қамын ойлайтын, Кеңес өкіметін қуана қарсы алған адам. «Большевик», «Партия», «Ленин», «Кеңес» деген сөздерді алғаш содан естідік. Кейіннен мен сол кеңес өкіметінің сөзін сөйлеп, ревкомның төрағасы болған кездерімде Еркебай өзінің жасы келіп қалғанына қарамастан маған хатшы болды. Ол кезде қатынас қағаздардың бәрі де орысша келеді. Соның бәрін өзі жөндейді. Еркебайдың арқасында мен ревкомдық жұмысты жаман атқармадым. Барлық жаңалықтарды, жаңа заң, жаңа талаптарды сол Еркебайдан үйреніп, сауатым, санам ашылды. Ораз Жандосовтың тапсырмасымен С. М. Кировты Қордай асуында қарсы алғанымызда да қасымда Еркебай болған еді. Еркебай Түрксіб темір жолында да

көп жылдар еңбек етті. Осы күнгі Отар, Қопа, Қордай станцияларының аттарын қоюда оның еңбегі көп болған.

Үлкеннен алғыстан басқаны естімеген, кішіге өнегелі ісімен үлгі болған, білімді де парасатты, өнерлі, кісіге жақсылықтан басқа еш қиянаты жоқ Еркебай Базарұлы 1932 жылғы нәубетте ішерге ас, мінерге ат таппай кебінсіз, көмусіз аштан өлді дегенге кім сенеді. Алайда, солай болғандығы рас-ты. «Тұрымтай тұсына...» дегендей, ашыққан ел тоз-тозы шығып, беті ауған жаққа лағып кеткенде, қарт Еркебай ешқайда да қаңғымай өзі салдырған ағаш үйінде тұра береді. Қасында кемпірі ғана қалыпты. Бөрі бітіп, тек жалғыз аты ғана қалған екен. Оны да бір күні ұрлап кетіпті. Ешқандай лажы қалмаған Еркебай бір күні үйдің нақ төріне қалындап төсек салып, жуынып, таза киімдерін киіп, есік-терезелерді мықтылап жауып (қыс мезгілі болса керек) кемпірі екеуі жатып қалады. Сол жатқаннан тұрмайды, «өлімді құшақтары айқасқан қалпында қарсы алыпты» деп естідім тірі қалғандардан (ол жылдары атам да Қырғызстанда болған ғой). Еркебайдың маған істеген жақсылықтары естен еш кетпейді. Мені қой жаюдан құтқарғаны, ат, киім беріп ас-тойға ертіп барғаны, өнерімді танып, басыма бақ құсын орнатқаны, кейінде өзіме хатшы бола жүріп, ақылшы қамқор болғанын қалай ұмытарсың?! Ең болмаса жерленген жерін де таппадым, басына қорған да тұрғызылмады. Оған арнап бірер өлең мен өн шығарғанымды өздерің білесіңдер. Ол туралы айтып та, жазып та жүрдім. Дегенмен де оның өмір жолын менен артық білетін адам жоқтың қасы. Соны толық баяндап Еркебайға арнап ертеректе (енді шама жоқ) көлемді бір поэма жазатын-ақ жөнім бар еді...», — деп үлкен өкішішпен күрсіне еске алатын еді атам.

Өмірінің соңғы жылдарында атам өмірден ерте кеткен өзінің аяулы шөкірті Шолпанқұлды жиі есіне алып, ол жайында да бізге көптеген әңгімелер айтып беруші еді.

— Шолпанқұл менен көп кіші еді. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» дегендей, өнерге деген құштарлық екеумізді жас алшақтығына қаратпады. Бірге жүріп, бірге тұрып, бірге өстік. Той-жиынға бірге барамыз, анау-мынау жастық шаққа төн ым-жымымыз да бір. Кей-кейде менің үлкендігімді айтып, «Осы үлкен кісілер үйіне қайтып кетпеуші ме еді» — дегендей өзіл

тастап, өйтеуір сөз табатын. Ол өте зерек еді. Мен шығарған жаңа өн-өлеңдерді бір естісе болды қағып алып, ертесіне: «Кенеке, кеше бір жаңа өн шығардым, тыңдаңызшы, қалай екен» десе, мен аңқау: «Қане, айтшы» деп қуанып қаламын. Ол өз өнімді өзіме бұлжытпай орындап бергенде, өрі риза болып, өрі күлетін едік. Дausы қоңыржай, құлаққа жағымды, жүрген жері гүл еді. Қалжыңбас, жұртты үнемі көңілді өзіл сөздермен ду-ду күлдіріп отыратын. Шолпанқұлсыз той-жиын көңілсіз өтетін, оның орны толмай тұратын. Ол менімен қатты өзілдесетін еді, өрі еркелейтін.

Көпке дейін ел арасына тарап кеткен бір жай есімнен кетпейді. Сәтина дейтін бір жеңгем соғым басына шақырып, ұзақ отырдық. Өзім алдында суық тиіп ауырып жүргенім рас еді. Қатты терледім, дала суық. Ақыры таң атып қалыпты ғой дедім де қона кеттім, сөскеге дейін тұрмаппын. Тұрған соң да жеңгемнің күрең қасқа шөйін қана ішіп, асықпай үйге келдім. Келсем Нәсиха «сенің қайда жүргенінді айтпасаң да білеміз» деп жеңіл назданады. «Бүкіл ауыл шуылдап жүр, балаларың болса ер жетіп қалды, байқасаңшы» дейді. «Әй, не естідіңдер? Кімнен?» деп ақырамын тағы өзім тек тұрмай. «Ашуланбай-ақ қой, мына Көркем-жаның айтып келді» деді. Ақырындап баламды шақырып алып сұраймын. Ол кезде Көркемнің 2—3 жастардағы кезі. «Саған менің қайда болғанымды кім айтты?» деп сұрадым. «Шолпанқұл атам айтты» деді. «Не деді?» «Менің атам қайда?» деп едім. «Атаң Сәтина апаның үйінде ұйқтап жатыр. Үйге келейін десе қатты терлеп қалыпты деді» дегені. Сол-сол-ақ екен, баламның тіліне қызыққан қатар-күрбы, жора-жолдастар күле келіп, Көркемді мыжиды. «Атаң кеше қайда болыпты?» «Сәтина апамның үйінде қонып қалыпты». «Неге?» «Қатты терлеп қалыпты» — деп тақылдайды. Оған не істерсің, баланың аты бала, естігенін, үйренгенін айтат та. Ал Шолпанқұл болса түк білмегендей болып ол жүр. «Оңбассың, Шолпанқұл, сені де бір есебін тауып қатырармын» дегенмен, шындығына келгенде оған ешқайсымыз да өкпелей алмаушы едік, өрі оған бөрі жарасып тұратын, оның істегенін біз істей алмайтын едік. Қайран, Шөкем-ай! Шолпанқұл «Той бастар», «Беташар», «Шілдехана», «Жар-жар» сияқты халықтың тұрмыс-салт жырларын, сол тойда жиналғандарға ыңғайлап жанынан шығарып, нәсердей төгетін. Талай-талай ақындармен айтысқа да түсетін...

Есіл ақынның сондағы айтқандары кезінде жазылып алынбай, өлеңдері жиналмай, айтқаны айтқан жерінде қалды ғой. Шолпанқұлдың өлеңдері халық арасына тарап кеткен. Соңына түсіп жинаса, көптеп табылатыны сөзсіз. Ана жылдары осы Ұмтыл ауылдық Кеңесінің (қазір Кенен ауылы) төрағасы болып ұзақ жылдар еңбек еткен өзі журналист-тілші аяулы бауырымыз Шәйке Алқамбаев. «Кенеке, Шолпанқұлдың бір топ өлеңдері мен өмір жолын жинап, жазып алып Алматыға апарып бір кісіге (аты-жөнін ұмытыппын) тапсырдым, бұйырса, келесі жылы кітап болып шығып қалар» — деп қуантып менен де біраз дүниелер жазып алып кеткенді. Одан бері де біраз уақыт өтті, бірақ, кітап әлі жарияланды дегенді естігенім жоқ. Оның соңынан жүріп іздеу салатын Шәйкенің өзі де ерте кетті бұл өмірден, — деп, ақынның өлеңдерінің қолды болып кеткенін, Шәйкенің тапсырған адамының аты-жөнінің есінде қалмағанын өкінішпен еске алатын.

— Ата, Шолпанқұл ағаның менімен мектепте бірге оқыған Бидай, Ыдырыс деген балаларынан басқа балалары болған ба? Болса олар қайда? Әйелі қайда? Жалпы Шолпанқұл ағаның атын білгенімізбен, ол кісінің шыққан тегі, ұрпақтары жайында бізге беймілім, соны айтып беріңізші, — дедім мен, атамның әлі де өңгімелескісі келіп отырғандығын сезіп.

— Иә, біздің өңірімізден шыққан мұндай адамдарды білгендерің жөн-ақ, — дей келіп, Шолпанқұл аға туралы тағы да біраз айтып кеткен еді. — Шолпанқұлдың әкесі Сейіттің үш ұл, екі қызы болған. Үш ұлдың ең кішісі Шолпанқұл еді. Дүрбелеңде екі бірдей ағасын жазықсыздан-жазықсыз ақтар атып кеткен. Сөйтіп, екі бірдей жеңгесі жесір қалыпты. Ол кезде Шөкең 18—19 жасар жігіт, үйленбеген кезі. Жеңгелерінің жастауы Қызбалтай өзі сұлу, шешен, шыққан тегі арғын руынан екен. Ел-жұрт нөменгерлік жолымен Қызбалтай мен Шөкенді қосыпты. Олардан Нөдірбек, Сәдірбек, Еркінбек, Бүрлібек, Бидай, Ыдырыс деген 6 ұл бала, Орын деген бір қыз дүниеге келген. Қызбалтай Батыр ана атанған, елге елеулі, халыққа қалаулы, өзара сыйластықтарымен жұртқа үлгі болған бақытты жандар еді. Алайда, Қызбалтай небәрі 48-ақ жыл өмір сүріп, қайтыс болады. Жалғыз қызы Орынның бойжетіп, оқып, мұғалім болып жүргенде Шоқпар станциясы жақтан келген Ысты руынан шыққан бір жігітке тұрмысқа шыққанының басы-қасында болдық. Бірақ Орын-

нан бала қалмады, ол да өмірмен өте ерте қоштасты. Қызбалтайдан мезгілсіз айрылған Шолпанқұл Әлиха деген жас келіншекке үйленді. Көп кешікпей Әлиха қыз туды. Оның атын Шара қойдық. Дәл сол жылы менің Көркемжаным да туған. Ауылымызға Жамбыл келіп Шолпанқұл екеуімізді жаңа туған нәрестелерімізбен құттықтап, көңілімізді аспанға көтерген сол жылдар-ай десеңші. Шолпанқұл екеуіміз күнде құда боламыз, Шара мен Көркемді болашақта қосатын болып келісеміз. Шолпанқұл қу тілді ғой. «Кенеке, екі баланы қоссақ қосалық. Мен, әйтеуір, Нәсиха жеңгеммен бір жүрсем болды. Онан соң айтып қояйын, қалың малынды қазірден өткізе берсеңіз де болады, тіпті кейін жаман келін болса тағы да мен сорлыны сыбап жүргенше осы бастан-ақ өзіңіз тәрбиелеп алмайсыз ба?» — деп жұртқа оны қоштатып, мез-мәйрам болатын кездер-ай. Сөйтіп жүргенде Шара екі жасқа толартолмаста соғыс басталып, көп кешікпей-ақ Шолпанқұлды майданға аттандырдық. Қазір Шара тұрмысқа шыққан, анасы Әлиха екеуі Алматыда тұрады. Ал Қызбалтайдан туған 6 ұлдың тағдырларына келсек, Нөдірбек пен Еркінбек әкелері Шөкеннен кейін-ақ соғысқа шақырылып, содан қайтпады. Бір жақсысы, Нөдірбектен Сәбит деген ұл қалып, қазір балалышағалы. Сәдірбектен бір ұл қалды. Аты Төкен, кішіпейіл, қолы шебер жігіт. Бүрлібек тентектеу еді, істі болып кеткен, содан хабар-ошарсыз. Ал Бидай мен Ыдырыс, өзің білесің, осы жерде балалы-шағалы болып, өсіп-өніп кетті.

Шөкең сауатты ақын еді. Ол ауылды советтендіру, кедейлерді коллективтендіру науқандарына белсене қатынасқан. Ауылдық кеңестің төрағасы, кейіннен партия ұйымының хатшысы болып жүрген кезінде 1942-жылы майданға аттанған. Өттең, қу соғыс, талайларды қыршынынан қиды ғой. Болмаса, осы Шөкең қазір тірі болса керемет ақын, шебер басшы, нағыз ел еркесі болып менің қасымда жүрер еді-ау... Сүйікті шөкіртін сағынышпен еске алып, көзіне жас үйіріліп те кететін еді.

Иә, жыламай қайтсін, қалай сағынбасын... Кеше ғана жайнап жүрген ауыл, аудан, облыстың атқа мінер азаматтарын, туған-туыс, бауырларын, әсіресе, желкілдеп жаңа ғана өсіп келе жатқан боздақтарды қимастықпен майдан өтіне шығарып салу 60-ты алқымдап қалған, жаны нәзік атамның жан дүниесін

қатты жарлағандығы, ұмытылмстай із қалдырғаны айтпаса да түсінікті ғой. Тіпті кейбірімен атам қоштаса да алмай қалады. Облысты қойғанда аудан орталығына барса ауыл, ауылға кесе аудандағы азаматар толассыз аттанады. Қолынан домбырасын тастамай елді енді көреміз бе, көрмейміз бе деп қоштасып бара жатқан жігіттерге жігер беріп, аңыраған аналар мен келін-кепшік, жас балаларға ес болып, ақыл айтып шығарған «Біздің Отан жеңеді», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Шынарым-Сыңарым», «Майданға сәлем», «Жалғыз қайным», «Жапарбекке» тағы басқа толып жатқан (жазылмай қалғаны қаншама) өн-өлеңдері сол бір ауыр күндердің айғағы іспетті. Осылардың бәрін көзбен көріп, жүректен өткізген ақынға ең ауыры бір ауылда жас балалар мен қаусаған кемпір-шалдардың арасында жалғыз қалғандығы болыпты. «Бұдан көрі соғыста болғаным жақсы ғой» деп те түңілген кездері аз болмаған көрінеді. Іші пысып, өткенді сағынып, бір күні майданда жүрген Шолпанқұлға өлең арқылы сыр шертеді.

Сағындым-ау, Шолпанқұл, бұлбұл інім,
Аттан озған тайында дүлдүл інім.
Жауды жеңіп ерте қайт бір күні інім,
Мінезінді сағындым күлдіргі інім.

Сағындым-ау, Шолпанқұл, сарғайдым-ау,
Жылдағыдай емеспін, қартайдым-ау.
Тасқа соққан қырандай топшым сынып,
Үй артында, қайтейін, жантайдым-ау.

Сен кетіп ең, бозбала бәрі кетті,
Жігіт қалмай ауылдың сөні кетті.
Отыз жігіт бір күнде, Молдабай бар,
Аттандырдық артыңнан Нәдірбекті.

Қылығыңды ұмытып, аусар Шөкем,
Бір мен емес ел-жұртың, аңсар Шөкем.
Гүлі түскен қурайдай күзді күнгі,
Кемпір-шалдар қалдық қой қаусап, Шөкем.

Барған жерің ең алғаш Семейпалат,
Құс келеді көктемде ала қанат.
Жауды құртып Шолпанқұл ту астында,
Жыл құсындай келерсің ер азамат.

Бозбалалар ауылдың гүлі екен ғой,
Кемпір-шалдар қураймен бір екен ғой.
Көп қойдың ішінде шұнақ қойдай,
Көзге түспей көрінбей жүр екен ғой.

Бозбалалар ауылдың көркі екен ғой,
Қой бастаған алдында серке екен ғой.
Жауды жеңіп жарқылдап ту астында,
Болатұғын күн бар ма бір үлкен той?!

Шараң отыр, Әлиха тілек айтып,
Бидай, Сөбит, Ыдырыс зыр жүгіріп.
Алты ауданның еркесі аусар Шөкем,
Тілеуінді тілеп тұр бар көпшілік.

Қайырмалары:

Бозбаланың еркесі аусар Шөкем,
Жалт-жұлт етіп бір күні келер ме екен.

Қасқараудың еркесі қайран Шөкем,
Қай майданда жүр екен сайрап Шөкем.

Алты ауданның еркесі аусар Шөкем,
Жауды жеңіп бір күні келер ме екен.

Оқ пен оттың өтінде жүргенде жеткен бұл өлең Шолпанқұлға қатты ой салады. Көп кешікпей майданнан елге бар арманын, тілегін өлеңмен өрнектеген үш-бу хат келеді. Шолпанқұлдың бұл өлең-хатын да толық жариялауды дұрыс санап отырмын. Өйткені, екі ақынның өзара сырласқан, ішкі ой-пікірлері ұштасқан, ел бірлігін, жұрт тірлігін армандаған, кезінде ел-жұрттың қолдан-қолға таратып, сүйіп оқитын, шетінен жатқа айтатын бұл өлеңдердің толық жарық көрген кезі болған емес.

Көркемнің ер жетті ме, аға Кенен,
Көреді бірін-бірі жан өлмеген.
Ардақты жиен, жеңгем, жан Нәсіха,
Өпкем мен Сақыпбалаға дұғай сәлем.

Отанның жауын құртып аман-есен,
Ілесіп Қыдырбекпен бірге келем.

Тексеріп көпшілікке айтып бергін,
Жібердім сізге арнап мен бір өлең.
Кейінгі айта жүрсін деген қиял,
Оқыста сапар шексем бұл дүниеден.

Айтылмай қалғандары елдің түгел,
Толығар кемі болса аға сізден.
Шықпаған жаннан өркім үмітті ғой,
Жарамас тіршіліктен күдер үзген.

Қош боп тұр Красногардың жалпы елі,
Кең Қордай өскен елдің асқар белі.
Иірсу, Тентек дала, Мадиярмен,
Шөкеңнің қош аман бол туған жері.

Сөлем де Үмбетөлі, Қашағанға,
Жазудан артық адам жасаған ба?
Бауыр мен балаларың аман келіп,
Ұлы той болар ма екен босағанда.

Шерәпи және сөлем Жайлаубекке,
Аттары аталмаған барша көпке.
Келгенде 43 жасқа қырбат болған,
Тілеулес болғын біздей большевикке.
Әлімхан, Әбілғазы, Шөймолдамен,
Әлімбай дұғай сөлем Әпейбекке.
Семейдің қаласында көп жыласып,
Айрылды бізден зорға Қыдырбек те.
Әрқашан аман сақтап пана бол деп,
Жалындық ер Жолбарыс, Қарабекке.

Байораз және сөлем Жылқыбайға,
Бөрменкүл, Әбдіманап, Өтебайға.
Анарбек, Ештай менен Таубалды,
Елібай, Иманбек пен Берікбайға.
Қария Сәдуақас, Кененбайға,
Сабалақ, қош болыңыз Бүркітбай да.
Ағаның сыпайы да бірі едің,
Баймұқан және сөлем Көрібайға.

Баласы Орекемнің Айтқұл аға,
Қайыр-хош Сейтқасым, Дөркембайға.

Тойбай, Барғап, Қазы саламат бол,
Қойшыман, Есқұл, Жәмші, Тоқтарбай да.
Аяңмен кезек келді Назарбекке,
Шолпанқұл сөлем жазды Оразбекке.
Қоныстас жақсы жолдас бірі едің,
Көп сөлем Маймақ батыр асыл текке.

Бидәулет, Рақымбай мен інім Қасен,
Арман жоқ баршаңызды аман көрсем.
Арбаңа балаларды мінгізе жүр,
Жайлаубек Мақатаев аман жүрсең.

Ал Нұрбет, аманбысың Сағымбайым,
Дүние өтбек болды сағымдайың.
Артымнан Нөдірбегім қоса аттанып,
Қисынсыз кез келіп тұр сарыуайым.
Ән салып, өлең айтып алдарыңда,
Жеңгелердің ішер ме екем қызыл шөйін.

Әліпбай, Оразөлі, Байболатқа,
Аттары аталмаған жамағатқа.
Бекбосын, Аршабек пен Момынәлі,
Әшірбек, ардақты аға Әусағатқа.
Берінді аман көріп қауыштырсын,
Құдайым жаза көрме жаманатқа.

Сөлем де одан әрі Әсірепке,
Өмірі келе жатқан қасіретте.
Аз ғана күн семіртіп жас соятып,
Тұқымың неден жазған құдіретке.

Сөлем де Күнтай, Күмше өпкелерім,
Бар болса кешіріндер өкпелерің.
Дүние жетпейді деп жүруші едік,
Білмеппіз өзімізді көп көрерін.

Ағайын қош болыңдар Отардағы,
Аға-іні, қадір білер қатардағы.
Моңдыбай, Бабажан мен Оразымбет,
Көп сөлем Құлғарынов Бекмолдаға.
Отарда қойдай шулап қоштастыңдар,
Қу жаным зорға тұрды оттай лаулап.

Сөрсекем қолымды алып қош дегенде,
Тұлабой жөй түскендей тұрдым улап.

Ағыбай, аман тұрғын Сұлтанәлі,
Міндетті Отан үшін жұрттың бөрі.
Керімжанға үш қайтара сөлем айтам,
Аузымнан дос-жарлықтың кетпей демі.

Аман бол жора-жолдас аудандағы,
Жігітті дем менен түз айдамағы.
Егескен жауды жеңіп есен келсем,
Бір сапар жүріп келген саудамдағы.
Артымда үй-ішімнің бөрі де жас,
Сол жерде жергілікті қоғамдағы.
Тиісті өкіметтің жеңілдігін,
Қарандар жәрдем етіп бұған-дағы.
Арызы балалардың аяқсыз қап,
Үйректей ұйықпасын тоғайдағы.

Ауылда аман болсын ағаларым,
Қамқоршы қариялар бабаларым.
Қамкөңіл артта қалған аналарым,
Жайлауда жамыраған қозыдай боп,
Күн туар аман келіп балаларың,—

деп келген Шолпанқұлдың бұл өлеңін біздің ауылдың қарттары жылап отырып атама оқытып, кейбірі көшіріп жазып алып жатушы еді. Соғыс жылдары мен 6—7 жастарда едім, еміс-еміс есімде, біздің үйге қарт кісілер көп келетін, бөрі де атаммен әңгімелесіп, өлең тыңдап, кімнің баласынан хат келсе бірігіп оқып, қуаныштары болса да, реніштері болса да бір-біріне айтып, сыр шертisetін еді. Балаларынан қара қағаз келгендердің қайғысына ортақтасып, оларға ерекше көңіл бөліп, қамқорлыққа алғандары, соның барлығының басы-қасында жүретіндігі есімде жақсы сақталған. Кейінде осы өлеңнің ішінде аттары аталған қарттардың бірен-сараны болмаса, бөрі де майдангерлерді күтумен жылай-жылай дүниеден өткендерін көріп өстім. Шолпанқұл ағаның өлеңінің ішінде:

Сөлем де Үмбетәлі, Қашағанға,
Жазудан артық адам жасаған ба?
Бауыр мен балаларың аман келіп,
Думан-той болар ма екен босағанда,—

деген жолдардағы Қашаған ата менің өкеммен өрі туыс, өрі замандас болып келеді. Жиырмаға жаңа толған ұлы — Екейбайды майданға аттандырған Қашаған ата соғыс жылдары колхоздың түйелерін бағып, бір сайда отыратын. Ал, біз үшін сол түйелердің бөрі Қашаған атамдікі. Атам ол үйге жиі-жиі баратын, мен үнемі қасында жүретін едім. Шұбат ішіп, ет жеп, екі қарт ұзақ әңгімелесетін-ді. Бір күні соғыстан аман келген баласына Қашаған ата үлкен той жасады. Алыс-жақыннан тойға келмеген адам қалған жоқ. Той өткен соң көп кешікпей-ақ Екейбай аға Москваға оқуға кетті. Жоғарғы партия мектебін үздік бітірген Екейбай Қашағанұлы алғаш Луговой, Шу аудандарында несихат және үгіт бөлімдерінің меңгерушілігінен біртіндеп аудандық, одан соң облыстық партия комитетінің хатшылығына дейін көтерілді. Біраз жылдар Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінде еңбек етті. Өмірінің соңғы 20 жылында Семей облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, одан соң облыстық атқару комитетінің төрағалығына сайланды. Қысқасы, бар саналы өмірінде идеологиялық жұмыстардың қатарынан кеткен жоқ. Осының бөріне де ол өзінің іскер басшы, шебер ұйымдастырушы екенін таныта білді. Қайда, қандай жұмыста жүрсе де Екейбай аға өзінің құтты мекенін, туып өскен жерін, еркелеткен елін ешуақытта есінен шығарған емес. Кем дегенде жылына бір келіп, елді аралап, көріп кететін. Келген сайын біздің үйге арнайы ат басын тіреп, атама сөлем беріп, еркелей келіп қауышып, «даусыңызды сағындым, ана өніңізді айтыңызшы, мына өлеңіңізді айтыңызшы» деп аунап-қунап қонақ болып кететін. Атамның 75, 80, 90 жылдық тойларының ойдағыдай өтуіне атсалысып, ықпалын тигізді. Той мерзіміне дейін бір емес, бірнеше рет келіп, ауылды, той өткізілетін алаңға дейін аралап, көріп, село көшелерін электрлендіру, жолды асфальттау, ағаш отырғызып, арық-арықтан су жіберу сияқты қыруар істерді дер мезгілінде ауыл, аудан, облыс басшыларына айтып, қажет болса тиісті қаражатын да, көмегін де беретін. Атамның үй-жайын жөндеуден өткізу, денсаулығын бақылау, жағдай тудыру дегендер де Екейбай ағаның назарынан тыс қалмайтын. Колхоз орталығындағы зәулім мәдениет сарайының салынуына, жаңа қазақ орта мектебінің ашылуына да бұл кісінің ықпалы аз болған жоқ. «Аулына қарап азаматын таны» деген ғой халқымыз, ақын аталарының мерей тойында өр

республикадан, бүкіл Одақ көлемінен қонақтар келеді. Сонда мына ауылдың сұрқын не деп көрсетеміз? Осындай кездерді пайдаланып та қалу керек», — деп ел азаматтарына ой тастайтын, жол сілтейтін. Атам: «Біздің өңірден Тоқаш Бокин, Ораз Жандосовтардан кейін, халық қамын шын ниеттерімен ойлайтын алғыр да іскер, алған беттерінен қайтпайтын ел басшылары Асанбай Асқаров пен осы Екейбай Қашағанов түлеп ұшты» деп, мақтан тұтып отырар еді.

Халқымызда мынадай мақал бар ғой, «Жақсының жақсылығын айт нұры тассын, жаманның жамандығын айт құты қашсын» деген, сол айтқандай-ақ Асанбай мен Екейбай ағалардың қамқорлығын ол кісілердің өз өкелерінен гөрі менің өкем көп көрді. «Кенен аға, Кенекем» деп ол кісілер аса құрметтеуші еді, алдынан қия өтпей, айтқанын екі етпей орындайтын. Үйде жатып алып, Асанбай ағаға: «Сәлем күтіп жатамын Асанбайдан, Сенің маған қашан тиеді пайдаң?» деп өлеңдете хат жазғызса, сонау Семейдегі Екейбай ағаға: «Жамбыл облысынан сұрай-сұрай ұят та болды өзі, менің мәшинем тозып бітті» дегендей хат жолдатқаны есімде.

1987-жылдың қазан айында Қордай ауданының соғыс және еңбек ардагерлері Киров колхозы Кенен селосының басқармасымен бірлесе отырып, белгілі жерлесіміз, туысымыз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, экономика ғылымдарының кандидаты Екейбай Қашағанұлының туғанына 70 жыл толған құрметіне арналған «Өсиет» күнін атап өтті. Бұл күні ауылдастарымыз, ағаның туған-туыстары, жора-жолдастары осыдан бір-ақ жыл бұрын дүние салған аяулы ағамыздың өнегелі өмір жолын еске алды. Көңіл түпкірінде, жүрек төрінде өшпестей із қалдырған Екейбай Қашағанұлын мәңгі есте қалдыру үшін колхоз орталығындағы қазақ орта мектебіне оның есімі берілді.

Өмірінің соңғы жылдарында атам өзімен тығыз шығармашылық байланыста болып, туған баласындай көріп кеткен, халқымыздың аяулы ұлдары, әдебиет пен мәдениеттің майталмандары, талантты ғалымдары Нысанбек Төрекұлов пен Мырзатай Жолдасбековті жиі-жиі есіне алып, бағалап, үлкен ризашылықпен оларға аталық батасын беріп отыратын. Нысанбектің еңбекқорлығына тәнті атам. «Әр келген сайын асықпай-саспай бір жапырақ қағазға дейін мұқият қарап,

жазғандарының бәрін ретке келтіріп жинап, қаттап кетеді. Нысанбек келгелі көзім ашылды. Өзі арабша жазады да, оқи да алады екен. Не істесе де ісін тиянақты аяқтайды. Қарапайым, орнықты жігіт», — деп жазғандарын ешкімге бермей Нысанбектің келуін асыға күтетін. Шындығында да, атамның ақын, өнші, сазгер ғана емес, құйма құлақ шежіреші екендігін халыққа танытқан алғашқылардың бірі Нысанбек екендігінде ешкімнің таласы болмас деп есептеймін. Бұл туралы да атам: «Көптен армандап жариялата алмай жүрген еңбегімнің бірі — ілгеріде өткен ақын, өнші-күйшілер, сал-серілер, шешендер, батырлар жайында қара сөзбен жазылған шығармаларым жатушы еді. Соны Нысанбек қарап шығып, көркемдік жағын өңдеп 1969-жылы «Аңыздар сыры» деген атпен шағын кітап етіп жариялатты. Өзін тым аз данамен шығарған-ды өрі көп қысқартылып кеткен. Соған қарамастан бұл кітап қолдан-қолға өтіп, бұл күнде таптырмайтын жаққа шықты. Осы үшін мен Нысанбек балама дән ризамын» — деп отыратын. Нысанбек аға біраз уақыт келмей қалса, мазасызданып, қайта-қайта айтып, не болды бұған, аман болса екен өзі» деп асыға күтетін. 1975-жылдың қысында бұл жалғаннан өтерінің алдында атам Нысанбекке арнап мына бір өлеңді жазғызған еді.

Нысанбекке

Сағынып сәлем жаздым Нысанбекке,
Жасыңнан ерінбеуші ең көп еңбекке,
Маған да істеп жүрген қызметің,
Қарағым мәлім болды барша көпке.
»Тураушыда туғаның болсын деген,
Бұрынғының айтқаны емес текке.
Тілектес Кенен атаң саулығыңа,
Ұмытылмас барлық ісің, түр жүрекке.

Жатырмын айтып күнде алғысымды,
Мен үшін салдың талай бар күшінді.
Келін апсың, қарағым, құтты болсын!
Теберік бұл өлеңім жүрсе есінде.
Ұл-қызың, ұрпақтарың өсе берсін,
Жатамын алғыс айтып күндіз-түнде.

Атам жайында көп айтылып та, жазылып та жатады. Алайда Кенен мұрасын зерттеуде, оның сан қырлы

ақындық жолын жарқырата көрсетуде Мырзатайдың орны ерекше. Жамбылдың ақындық ортасын ашуда Жетісу ақындарының өмірінен мәліметтер жинап жүргендігін айтып атамды арнайы іздеп келген сонау 1965-жылдардан бастап Кенен мен Мырзатай үнемі шығармашылық байланыста болды. Ақын еңбектерінің баспа беттерінде жариялануына қамқорлық жасады. 75, 80, 90, 100 жылдық мерей тойларында аянбай еңбек етті. Атам туралы өзі де көп жазды. Үйге келгенде аз сөйлеп, көп тындайды, тыңдаушысы келіскен атам да нелер бір жайларды ағытады-ай дейсің. Мырзатай атамды ғана емес, бөрімізді баурап алды. Атам баласындай, біз бауырымыздай сезінетін едік. Сондай шақтарда, апам атама: «Бұл өңірде жүрмеген жерің жоқ, мүмкін Мырзатай сенің өз балаң болып жүрмесін» — деп әзілдейтін.

Бірде Мырзатай: «Осы Кенекемнің күйтабаққа түсірілген дауысы бар ма екен?» деп сұрады менен. «Ертеректе жазылып алынған 2—3 өні мен бір күйтабағы бар еді, оның өзі де сынып қалыпты» дедім. Мырзатай: «Өкінішті-ақ екен, кеш те болса міндетті түрде дауысын жаздырту керек», — деді. Көп кешіктірмей атамның қалаға келгенін пайдаланып Мырзатай, Тасыған, мен үшеуіміз дереу опера және балет театрына алып келдік. Сол жерде түннің ортасынан бастап, таң атқанша өзінің орындауында 20 шақты өндерін жаздырдық. Термоспен шөй апарып, ауық-ауық күйіп беріп отырдық. Өр өнді жазған соң қалай болды екен деп тындаймыз. Бөрі жақсы, бір-ақ бір нәрсе тық-тық етеді. Бұл не? Жазып отырған жігітте жан қалмады. Барлық жағдай тудырылған, тып-тыныш, қосымша дыбыс жазылатын ешнәрсе жоқ. Сөйтсе, атам өнді айтып отырып, бір аяғымен өн ырғағына қарай жерді теуіп отырады екен. «Ататай, аяғыңызды қозғамай отырып айтыңыз» дейміз. Оған үйреніп кеткен әдет бола ма? Ұмытып кете береді. Тіпті, аяғын ұстап отырмақ та болдық. Көнбейді. Шаршап кеттім, шөлдеп кеттім, деп ренжіп: «Шіркін-ай, ал Кенеке десе, айта беріппін, айта беріппін, ешкім жазып алмапты. Жас күнімде даусым тік шырқау биік еді, жеткізем деген жеріме жеткізуші едім. Мына Тасығанның елі Жалайырда Сүндетбай дегеннің жиынында Кененді көреміз, өнін тындаймыз деп баса-көктеген ел үйге сыймай, алты қанат ақ үйді қиратып кетіп еді. Қайран сондағы үнім-ай. Енді, міне, көрі түйедей бақылдаған даусым қалғанда өуреге түсіп жүргенім. Даусымның қуаты барда жазылмай қалғаны

өкінішті-ақ. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» — деген осы да» — деп ара-арасында сөйлеп те кетіп отырды. Әйтеуір, іс қылып өрең дегенде біраз өндер жазылды. Осы күнгі ел қолында жүрген, сыртында ақ сақалы желбіреген суреті бар, көркем безнедірілген күйтабақтағы үні, атамның сол күнгі жазылып алынған, сексендегі даусы екендігін біреу біліп, біреу білмейді.

Атам қартайған шағында біреудің айтқанына оңай-шылықпен көнбейтін, тек Мырзатайды тың-дайтын, соның айтқанына иланатын еді. Бұл туралы атамның өзі: «Өмірінің соңғы елу жылында Жамбыл мені қасынан тастамайтын. Мен Кененнің үнінен басқаны ұқпаймын» деуші еді, жарықтық. Сол айтқандай мен де осы Мырзатайдан басқаны тындамай барамын. Өйткені, оның ойы терең, пікірі нақты, сөздері қоспасы жоқ саф алтынды таза, түсінікті» деп, мақтап отыратын. Бір күні Алматыдан бір топ теледидар қызметкерлері арнайы келіп, атамды киноға түсірмек болды. Әкемнің 90 жылдық тойына кезекті бір хабар даярлау қажет болса керек. Атам: «Ешқандай киноларыңа да, телевизорларыңа да түсуге шамам жоқ, баяғыдан бері қайда жүрсіндер?» деп қатты ашуланды. Біз болсақ сонша жерден өуре болып келгенде ұят болды-ау деп жатырмыз. Ақыры келген қонақтардың құры қол қайтуына тура келді. Біз оларға: «Енді келсеңіздер, Мырзатай Жолдасбековті алып келіңіздер» дедік. Бір айдай уақыт өткізіп, олар қайта келді, Мырзатайды ала келді. Мырзатайды көрген соң атам: «Шырақтарым-ай, қартайғанда қай түрімді көрсетейін деп едіңдер? Қазір менде не сөн бар, не өн бар? Босқа өуре болдыңдар ғой» — деп, ертеректе дұрыстап түсіріп алмағандықтарына өкпе-назын айта отырып, келісімін берді. Басы қалтылдап, қол-аяғы дірілдеп, жан-жағына түсірілген жарыққа көзі шыдамай жасаурап, ыстыққа шыдамай, жүрегі қысылып атам қатты қиналды, бірақ шыдады. Бұл жолы да барды кезінде қастерлеу бізде жетпейтіндігінің тағы да куәсі болдық. Өрі ұялып, өрі атама жанымыз ашып та кетті. Мырзатай енді қайтып атамды қинамайтындай болды ғой деймін, қатты қысылды. Алайда, 1972-жылы Жамбыл бабамыздың 125 жылдығы тойланатын болып, Мырзатай, Тасыған, Бақытжан, Манан аға төртеуі қайткенде де атамды осы тойға алып келуіміз керек деп жолға шықты. Ол жылдары атам сексеннің сегізіндегі кезі. Амандық-саулық сұрасып, біраз дем алған соң Мырзатай:

— Кенеке, естіп жатқан боларсыз, ертең жоқ арғы күні Алматыда Жөкеңнің тойы болады, соған шақырып келіп отырмыз. Бүгін салқын түсе жүруіміз керек, ертең тынығып, арғы күні жиынға қатысамыз. Сізді алып кел деп жіберді, — дейді. Атам үндемей сәл отырды да: «Тойларың құтты болсын! Алматыдағылар мені баяғыдай айтсақ болды дереу шауып келеді дейді-ау, ө, бүгінде қарға адым жер басу мұң, жолға жүрегім шыдамас, бара алмаймын, шырақтарым» — деген екен. Бұл жолы оларға апам көмектесіп жібереді: «Немене, жолда өліп қаламын деп қорқып отырсың ба? Өлсең, «атам-ай» деп жылап, балаларың алып келеді. Жөкеңнің тойына бармағаның ұят емес пе? Балалардың сағын сындырмай жолға дайындал», — дейді. «Сол жолы Кенекем Ленин атындағы сарайда той президиумының алдыңғы қатарында Д. А. Қонаевтың қасында отырды, артында екінші қатарда «атқосшысы» мен отырдым. Бұл жолы да Кенен атам жөй келген жоқ, ұстазының тойына өйгілі «Жамбыл жырын» тарту етті», — деп еске алады Мырзатай. Той соңынан Мырзатаймен Тасыған атамды үйге алып келді. Мен де дастарқан жайып күтіп отырған едім. Бұл жолы мен ешнөрсеге араласа алмадым. Себебі, нәрестелі болып, үйге келгеніме екі-үш-ақ күн өткен. Атам маңдайымнан сүйіп, ұлымды қолына алып иіскеп, «мұның атын кім қойдыңдар?» деп сұрады.

— Ата, өзір ешқандай ат қойғанымыз жоқ. Ұлкен ұлымның есімін өзіңіз қойған едіңіз ғой, бұған да сізді күтіп отырмыз, — деді Тасыған. Атам біраз үндемей отырды да: «Ұлкен ұлыңның атын ешнөрседен таймайтын мықты, алғыр болсын деп Болат қойып едім, мұның есімі қара қылды қақ жарардай әділетті, өткір болсын, Алмас қоямын» — деп бата барді. Бұл атамның біздің үйге соңғы келуі екенін біз, әрине, ол кезде ойлапшыз ба?!

Мырзатай атамның 90 жылдық тойынан соң, қызмет жөнінен Талдықорғанға ауысып, біраз уақыт келмей кетті. Күте-күте сағынған атам мына өленді маған жаздыртқан еді.

Мырзатайға

Сағынып сөлем жаздым Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.
Қормалы, қорғаушы бол ақындарға,

Маған да көп еңбек қып тиді пайдаң.

Өз жүзін көрсеткендей, өз келбетін,

Баласың алтын сөзді, асыл айна.

«Түтпейді түбі бірге» — деген халық,

Таныттың өнерімді көп маңайға.

Тілектес боп өзіңе бата беріп,

Отырмын өзің көрген жайлыжайда.

Келін мен балаларға менен сөлем,

Еңбегің маған сіңген кетпейді ойда.

Той өткелі сөлемді бермей кеттін,

Қарағым, өкпең бар ма, кеттің қайда?

Отырмын нардай шөгіп бір орында,

Тағдыр мен көрілікке бар ма айла.

Тілектес аман-есен жүргеніңе,

Отырған Кенен атаң терең ойда.

Көп кешікпей-ақ 1976-жылдың көкек айында атам қайтыс болды. Мырзатай да, Нысанбек те көпшен бірге «аталап» келіп, орны толмас ортақ қазаны бірге бөлісті. Өкемнің тірі кезіндегі олардың шығармашылық қатынастары өлі де Кенен ұрпақтарымен жарасымды жалғасып келеді. Атамның қолынан ет асап, дәмдестүздас болған, талай-талай күндер мен түндерді бірге өткізіп, аталарының қажымаған, жасымаған, шөкпеген, кетілмеген асылдығына, сергектігіне ғашық болған, қарлықпаған күміс көмейіне тәнті болған Нысанбек пен Мырзатай жөй ғана тыңдап танданып қана жүрмепті, ақынның аузынан шыққанның бәрін жазып алыпты, ұғып қалыпты, жинап-теріп, ұқыптап сақтапты, Соларды «атамыз былай деген», «Кенекем айтқан» деп айтып, жазып, оның артта қалған тамаша мұрасын өшпестей етіп оқырман қауымға ұсынып, халық игілігіне асырып жүрген Мырзатай мен Нысанбекке Әзірбаевтар әулеті, оның ұрпақтары дән риза.

Тірлігінде-ақ аталарының ақ батасын алған қос ғалымның 1992-жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Тоқсан толғау» атты деректі ғұмырнамалық эссе-кітабы, Кенен болмысына қосылған тың туынды деп есептейміз.

1974-жылдың маусым айында атамның туғанына 90 жыл толған мерейтойы берісі республика, арысы одақ көлемінде кеңінен аталынып өтілетін болды. Той мерзімі жақындаған сайын облыс, аудан басшылары, той өткізу үшін құрылған комиссия мүшелері біздің ауылға жиі-жиі келіп, ақынның үйіне жөндеу жұмыс-

тарын жүргіздіртіп, денсаулығының дұрысталуына қатты көңіл бөле бастады. Атам ол кезде қимылдың аздығынан ба, қайдам, қатты толып кеткен-ді. Басы қалтылдап, қол-аяғы дірілдеп жас баладай күн кешетін еді. Дәрігерлер келіп қарап, тойға дейін бұл кісіні қалайда жүргізуіміз керек, өншейін қимылдамай жаянар болып қалған, болмаса жағдайы жаман емес, жүрегі мықты, тамырларының соғысы жас кісідей, қан қысымы да дұрыс деп тапты. Сол-сол-ақ екен, қуат-күш беретін дәрі-дәрмектер ішкізіп, қуатты тағамдар беріп, дене шынықтыру жасатып, өлек болдық та кеттік. Бір күні бас дәрігердің тапсырмасымен бір топ қыз-келіншектер келіп, кезек-кезек атама массаж жасамақ болды. Ол кісі алғаш ренжіп, шешінбей қойғанымен, келе-келе үйреніп алып, демалыс күндері келмей қалса, денесі құрыстанып, іздейтінді шығарды. Кейде: «Бұл шіркіндер бұрын қайда қалған, ө, қолдарының жұмсағы-ай, өздері сүп-сүйкімді екен», — деп қулана күліп қоятын. Қыздар екі ай бойы массажды үзбей жасап, ақыры атамды аяғынан тік тұрғызып, жүре алатындай жағдайға келтірді. Той күні мереке алаңына өзі жүріп барып, барлығын өз көзімен көріп, көңілі көтеріліп қайтты. Той өткен соң қыздар келмей қалды, массаж тоқтады. Еті үйреніп қалған атам: «Өлгі қыздарым мені ұмытты-ау деймін, ө», — деп іздеп, біз уқаласақ: «Ойбай ауыртып жібердіңдер ғой, қолдарың қандай қатты еді», — деп жақтырмай, біраз өүрге түсті.

Ақынның жерлестері тойға келушілерді тік тұрып қарсы алды. 200-ге жуық үй тігіліп, ат бөйге, қыз қуу, балуандар күресі, ақындар айтысы, өнші-күйші, бишілердің концерттері, өйтеуір, бар қызық сонда болды. Осы жолы атамның омырауына Ленин ордені тағылды, сол кездегі КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың атама хаты оқылды. СССР Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Георгий Марковтың, Қырғызстанның академик жазушысы Шыңғыс Айтматовтың, ақын інісі Әбділла Тәжібаевтың, тағы да басқа еңбек адамдарының жүркетен шыққан құттықтауларын тыңдаған, ел-жұртының өзіне деген үлкен ілтипат, сый-құрметін көрген атам, шабыттанып-шаттанып өлең-жырдың тиегін ағытты. «Тоқсандағы толғау», «100 жасқа», «Құмтөбе», «Жаңа жыл», «Ескерткішім» тағы да басқа көптеген туындылары сол

тойдан кейінгі шығармалары. Ал еліне, халқына арнаған алғыс өлеңдері өзінше бір төбе.

Талай жыл заман мені еркелетті,
Ер де етті, ел бастайтын серке де етті.
Тоқсанның торғынына оранғанда,
Димашжан сенің жазған хатың жетті.

Қордайда бір той өтті дүрілдеген,
Қайтадан атқа мінді бүгін Кенен.
Бері де сенің арқаң Димаш шырақ,
Айналым дидарыңнан күлімдеген.

Қонды ғой бақыт құсы басыма кеп,
Өзімін өн салуға қасыңа кеп.
Мен саған тоқсанымды бердім ұлым,
Ел үшін Жамбылдың да жасына жет, —

деген 80 жолдық ұзақ толғауын ең алғаш жазып алып, өңдеп жариялатқан ақын Тұманбай Молдағалиев екендігін айта кеткен жөн. Бұл өлең 1984-жылғы атамның туғанына 100 жыл толған тойы қарсаңында шығарылған екі томдық таңдамалыларының бірінші томына енгізілген. Сондай-ақ облыс, аудан басшыларына арнап:

Бектұрғанов Хасенім¹,
Көрнекті көзге өсемім.
Аз сөйлейтін шешенім.
Тоқсан жылдық тойымды,
Өзің бас боп басқардың.
Он бір аудан халқымнан,
Сан жетпес шашу шашқыздың.
Екі жүз үй тіккізіп,
Қонақты абзал күткіздің.
Сөлімкерей інімнен,
Ғайнікендей қызыммен,
Еңбек еттің шыныңмен, —

деп ризашылық алғысын айтқан өкemenнің бұл өлеңдері кезінде аудандық, облыстық газет беттерінде жарияланған-ды.

Атамның осы тойынан кейін халық арасында «Кененге сол жолы мәшине, түйе, көп жылқы тартулағанды былай қойғанда келген кілемдерді жайса, саған

¹ Сол кездегі Жамбыл облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы

өтірік маған шын, түп-тура Қордайдан Алматыға жетеді-ау деймін» деген лақап әңгімелер көп болды. Десе, дегендей-ақ еді. Сыйлық деген, құрмет деген сондай-ақ болар. Алайда, әкемнің дүниеқоңыздығы жоқ еді. Қалай келсе, солай кететін, оң қолымен алып, сол қолымен тарататын жомарт, Сырдың суы си-рағынан келмейдінің дәл өзі. Бұл жөнінен атам екеуміз аңдасанда шекісіп те қалатын едік.

— Ата, сіздің атыңызға келген сый-тартуларды той өткенше мына бір бөлмеге қоя берелік, есігіне құлып салалық. Сіздің алғашқы қамқоршыңыз Еркебай сыйлаған кішкентай ақ домбыраңыздан бастап осы күнге дейінгі дүние-мүлкіңіздің бәрі сақталуы тиіс. Кейін музейіңізге тапсырамыз. Сәбит Мұқанов ағаның музейін барып көріп едім, баяғы біз үйіне барып жүргендегі тұрған заттарының бәрі қаз-қалпында тұр. Көзіңе оттай басылады екен. Мәрия апай (С. Мұқановтың әйелі) қандай білімді адам, соның баршасын мұқият сақтай білген, — деп едім, «Ұлыстың ұлы күні есікке құлып салған не сұмдық» — деп атам мені қағып тастады. Мен өкпелеп қалдым, қалай болғанда да інісіңділеріме «келген заттарға ие болыңдар, 75 жылдық тойындағыдай кесе-жанан, пышақ-қасық, шанышқыларға дейін теберік болып қолдан-қолға өтіп кетпесін» деп ескерттім. Алайда, атам тойда өзіне келген заттарды қалай таратудың жолын ойластырып та қойыпты. Той өтіп, біраз тыныққан соң, әкем бәрімізді шақырып алды.

— Менің осы Киров колхозына көшіп келгенім құтты болды. Ауруымнан жазылып, қатарға қосылдым. 75, 80, 90 жылдық тойларым өтіп жатыр. Той — тойға ұласып, қуаныш-қуанышқа жалғасуда. «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей, осы жердің адамдары көрі демей, жас демей түтініне қонақ алып, тік тұрып атқарды. Ел қызық көріп тойлап жүргенде, бұлар үйлерінен шығуға мұршалары жоқ. Осылар болмаса не істер едік? Мен тек осы колхоздың тұрғындарына арнап жол-жоралғысымен той жасап, алғысымды айтуым керек, өйтпейінше мен тыныш ұйқтай алатын емеспін, — деді.

— Мұныыз өте дұрыс, ата. Олай істемесеңіз, сіз Кенен болмайсыз ғой. Той жасап бергеніміз дұрыс, ал анау жол-жоралғыңыз қалай болар екен? — дедім күмілжеңкіреп.

— Ө-ө-ө, міне, міне, сенің дәл осылай дейтініңді біліп едім. Өзің дүниеқор қызсың ғой деймін. Шы-

рағым-ау, ана ішінде жазуы бар том-том кітаптар (құттықтау папкілер), орден, грамоталар, тағы да басқа толып жатқан заттар жетпей ме музейіңе? Мен өзір өлмеймін, жүзге келуім керек, — деп, аяғын өзілге сүйей күлді де: — ал тойға даярланыңдар, мен қазір колхоз басшыларына барып ақылдасып, күнін белгілейміз, — деді де жүріп кетті.

Біздің колхоздың түні қандай тамаша. Маса, шыбын дегенің болмайды. Ауасы тұнық, ай сүттей аппақ. Жаздың осындай бір күнінде ауылдастардан ешкімді қалдырмай түгел шақырып той жасадық. Атамызды ортаға алып, өн шырқап, би билеп, өзіл-қалжыңымыз жарасып, таңға тамашаладық. Атам түнімен әрқайсысының қасына барып, айналып-үйіріліп, ішіндер-жендер деп, шаршағанын сезбей балаша қуанды. Тойды өзі сөз алып бастап берді. Алғашында біраз толқыңқырап, көзіне жас іркіліп, тығылып қалғандай болды. «Бұл кісіге не болды» деп сескеніп қалдық. Бірақ өзінің ерік-күшін тез жинап алды да, қолына домбырасын ұстады. Жиналғандар сілтідей тынды.

— Бәрі жақсы болды, шырақтарым, тойды абыроймен атқардыңдар, өздеріңе ризамын, көп рақмет. Өкініштісі-ақ, осы тойды ойдағыдай өткізбеске не шара деп, жар құлағы жастыққа тимей шапқылап жүрген бәріміздің аяулымыз Шәйке бауырымыздың (Ш. Алқамбаев аудандық кеңестің төрағасы, өзі журналист-тілші, тойды ұйымдастыру комиссиясының мүшесі) тойға да жетпей мезгілсіз арамыздан аттанып кеткендігі жанымды қатты құлазытып кетті, — деді де, домбырасын қағып-қағып жіберіп:

Жарқын жүзді жайдары,
Еңбегі елге пайдалы.
Ұмтыл ауыл ағасы,
Жыртылғандай жағасы.
Тау мен тасты жаңғыртып,
Жоқтады елдің көрі-жасы.
Кішіпейіл халықшыл,
Сөзге шешен, тарихшыл
90 жылдық тойымда,
Аянбай еңбек етер ең,
Жүгіріп қонақ күтер ең.
Жетпей кеттің ойыңа.
Үйде жатып төгілді,

Ыстық жасым қойныма.
Тойдан бір-ақ күн бұрын...
Жердің түстің қойнына.
Иманды бол Шөйкем-ай!
Тасқа тиіп қирады-ау,
Алшы менен төйкем-ай.
Торқа болсын топырағың...
Тағдыр солай, қайтем-ай...—

деп жоқтау-өлең айтты. Тойға жиналғандар атамның бұл адамгершілігіне разы болып, көздеріне жас алып, біраз үнсіз қалды. Той соңында тағы да домбырасын қолына алып:

Атақты Киров колхозы 500 түтін,
Берекелі-пейілді елім-жұртым.
Төрт түлік қоғам малы ызғып жатқан,
Астық, шөп түрлі табыс жайнап мүлкін,
Ұйымшыл, еңбек сүйгіш жігер-құтым.
90-ға толғанымда той боп еді,
500 ұй қонақ алды үш күн, үш түн.
Шақырған, шақырмаған қаптап кетіп,
Сыр бермей күтіп алды бүкіл халқым.
Баршаңа алғыс айтып, бата берем,
Өркенің өссін ұл-қыз, ұрпақ-ұрқым.
Ешкім жоқ менен үлкен осы ауылда,
Бөрі кетті дүниеден қатар-құрбым.
Отырған белгісімін ескі жұрттың,—

деп аталық батасын беріп, үлкендерге шапан жауып, жастауларына бөрік, тақия кигізіп, балаларға домбыра, кітап сыйлап, думандатып таратты.

Енді біраз күннен кейін өзінің бүкіл туыстарын, құда-жегжат, бауырларын, ұл-қыздары мен келін, күйеулерін түгел жинап, мал сойып, той жасап берді. Ойнадық, күлдік, армансыз-ақ ішіп-жедік. Бізге де батасын беріп, алғысын айтты. «Көзім тірі тұрғанда, әрі ескерткіш болсын» деп бөрімізге тойдан теберік берді.

— Достың жолы ауыр да, жауапты болады. Адамнан бір, құдайдан бір сұрап жылап жүргенде көрген Көркемжанның жұптары жазылмай келе жатқан досысың, қарағым. Өкең марқұм да алдымнан өтпеген аяулы бір жан еді. Жақсыдан қалған тұяқсың ғой, мынаны сен мінгенің жөн болар, риза бол, шырағым— деп, Көркемнің досы Сабырқұлға өзіне сыйға келген ақ түйені жетектетті.

Түсінген кісіге барлық күйеу балалардың ішінде сенің жолың ерекше, өйткені біз тәрбиелеп өсіргенімізбен, шындығына келгенде дағыстан халқының ұлы ақыны Сүлеймен Стальскийдің тұқымы Хамсиятқа (біздің қойған атымыз Айша) сен ие болып отырсың. Сенің ана құдай берген балаларыңның бойында дағыстан халқының қаны бар,— деп, Айшаның күйеуі Нөмет жездеме арғымақ ат мінгізді. Қалғанымыз да құр қалмадық. Қыздарына бір-бір кілем, күйеулерге бағалы сағат, шапан, келіндерге орамал, көйлек, жиеншар, немере-шөберелеріне дейін ешкімді қалдырмай бөрік, тақия кигізді. Екі ұлына еншісін бөліп, анықтап берді. «Осы тұрған үй-жөйім, азды-көпті жиған-тергендерім, мәшинем — Көркемжандікі. Ол менен кейінгі осы қара орман иесі. Ал, Алматыдағы үй-жайыма ие — Бақытжан» деп ашық айтты. Анадай жерде іштей толқып, состиып тұрған мені атам шақырып алып, өзгеше бір сарынмен:

Домбырамды сыйлаймын,
Аяулы қызым Төрткенге.
Ән-жырымды орындап,
Өке жолын күткенге.
Ерінбей айтып береді,
Келген менен кеткенге.
Құмар боп өстің жасыңнан,
Көпке қызмет еткенге.
Болса да бөлек тұрағың,
Жанымды ұққан құрағым.
Ризамын мен саған,
Өзгеше туған шырағым.
Мұқам-сазын өзгертпе,
Еліктеп-еріп басқаға.
Аманат саған ән-мұрам,
Домбырамды тастама!—

деп соңғы «Домбырамды тастама!» дегенді үш рет қайталап, бетімнен сүйіп 90 жас деген жазуы бар домбыраны үлкен бір кілеммен маған берді. Имене барып домбыраны бассалып, атамды құшақтағанда, «қайтсін-ай» деп көпшілік көзіне жас алды, түсінігі төмен кейбірі «алғанды кім жек көрсін» десіп, күліп жатты. Жымия күліп қасымда тұрған күйеуім Тасығанға арнап:

Ардақты балам Тасыған,
 Бақ кетпесін басыңнан.
 Ұл-қыздарың ұрпағың,
 Еркелеп өссін қасыңнан.
 Тәрбиелеп, жөн сілтеп,
 Балаларға бас болдың.
 Түсініп жанын жағдайын,
 Төрткенге адал дос болдың.
 Жаңа қала Қапшағай,
 Құтты болсын қонысың.
 Жарылқасын бір құдай,
 Тілегінді тілеп жатайын.
 Мен бір атаң осылай.
 Балалық тұзыңды ақтадың,
 Еңбекқор, адал, жаның жай.
 Мінезің маған тартқанын.
 Балаларды біліп тұр,
 Қалай тіршілік етіп жатқанын,—

деп маңдайынан сүйіп, қолына алтын сағат тақты.

Бұл күн атамның ауылдастары, туыс-бауырлары, ұл-қыздары, үрім-бұтақтарымен дидарласуының соңы болар деп, өрине, ол кезде ешкім де ойлаған жоқ-ты.

—93 жас жасап, өмірдің бар қызық-шыжығын көрсем де, өмір қандай ыстық еді. Шіркін, жарық дүние-ай, домбырамды өперіндерші,— деді өлерінің алдында біраз бұрын. Домбырасын қолына алып, асты-үстін төңкеріп қарап, бетін қолымен сипап ұзақ отырды. Бұл соңғы төрт-бес ай ішінде домбырасын қолына алған соңғы күні екендігін қайдан білейік. Жаңа шығарма туардағы өдегіміз бойынша, бөріміз үндемей шығып кеттік. Терезеден әлсін-әлсін қарап жүрдім. Қолы жазуға да, тартуға да келмеді де домбыраны кеудесіне қысып, шалқасынан жатып ұзақ ойға кетті. Бірер мезгілден кейін апам маған «сені өкең шақырып жатыр» деді. Жүгіріп бардым. Атам маған қағаз-қаламды нұсқап: «Мен «Қалады-ау!» деген өлең шығардым, жазып алшы, бұл бөлкім, менің соңғы туындым болар»,— деді. «Қойыңызшы, ата, қайдағыны айтпай» дегенмен, жүрегім бір нәрсені сезгендей жылап жібердім. Жылап отырып өлеңді жазып алдым. Елмен, жермен, ағайын, туғанмен, ұлы Отанмен, үш жүзбен қоштасқан бұл өлеңді толық қаз-қалпында жариялауды дұрыс деп отырмын.

ҚАЛАДЫ—АУ

Қайран елім, туған жерім,
 Ажал жетсе қалады-ау!
 Қара жерге, қатты көрге,
 Халқым шулап салады-ау.
 Жалғыз жейде еншіме тимек,
 Жалаң аяқ, жалаң бас,
 Есіл төнім, салтанат-сөнім,
 Жер астында қалады-ау!

Жарым, балам, аға-іні,
 Ағайындар қалады-ау!
 Ақ домбырам жолдас болған,
 Қағаз-қалам қалады-ау!
 Қимас достар, тең құрдастар,
 Көрі-жастар қалады-ау!
 Жалғыздығың, жарлылығың, шықпас үнің,
 Нақ сол жерде болады-ау.

Қала-дала, сай мен сала,
 Жүрген жерлер қалады-ау!
 Тау мен тастар, тартқан көкпар,
 Әріптестер қалады-ау!
 Сыңғыр қаққан, сырын айтқан,
 Күміс бұлақ қалады-ау!
 Ән шырқатқан, сұлап жатқан,
 Тал мен құрақ қалады-ау!
 Бірге жүрген, ойнап-күлген,
 Күлім көздер қалады-ау!

Көп ұлтты ұлы Отаным,
 Одақтастар қалады-ау!
 Қырғыз-Қазақ, Абақ-Тарақ,
 Ардақты елім қалады-ау!
 Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ,
 Керей, Уақ қалады-ау!
 Өлім, Адай, Жағалбайлы,
 Жан-жақты елім қалады-ау!
 Алтын, Жаппас, Тама, Табын,
 Саңлақты елім қалады-ау!

Албан, Суан бірге туған,
 Қалың Дулат қалады-ау!

Шапырашты, Ысты, Ошақты,
Сарүйсінім қалады-ау!
Ботпай-Шымыр, Сиқым-Жаныс,
Бауырластар қалады-ау!

Жарлықамыс, Қасқарауым,
Ораз-Бұқар қалады-ау!
Солтанкелді, Бөкен бауырым,
Сатый-Ботый қалады-ау!
Қазы салып, сыбаға алып, есіне алып,
Қай туысым, қай бауырым барады-ау!

— Ата, мұның өні бар ма?— дедім.

— Өні тілімнің ұшында тұр ғой, балам, бірақ домбыраға тарта алмай отырмын,— деді де, бар күшін жинап, ыңылдап бірнеше рет қайталады. Мен дереу домбыраға түсіріп, тарта бастадым.

— Е-е-е, дәл осылай,— деп, риза болды. Мен есімде жақсы қалатындай бірнеше рет қайталап тартып, қосылып айттым.

— Ал, енді бар даусыңмен айтшы,— деді атам, өзі де ынтыға тыңдағысы келіп. Менің даусымды естіп, үйдегілер де жиналып қалды. Барлығы да жылап тұрды. Соңғы өні «Қалады-ауды» атамның өзі де естіп қалсын дегендей-ақ, мейлінше беріле орындаған көрінемін. Өн аяқталысымен өзім де қатты босап, өрең басылдым. Атам сөл көтеріліңкіреп отырды да мені қасына шақырды. Сонан соң сөл күлімдеңкіреп: «Үнің де, сезімталдығың да, тіпті мына алақандарыңдағы сызықтарға дейін маған тартқан екен-ау, ө, өзі»,— деп, екі қолымнан қос қолдап ұстап тұрып, қайта-қайта алақанымнан кезек-кезек сүйіп, көпке дейін жібермей қойғанын қалай ұмытарсың?! Алақандарымда соңғы демінің табы мәңгі қалғандай сезінемін. Содан күш, қуат алып жүргендеймін.

— Ал енді, қалқам, мұны менің жылымды берген күні осы ауылда қанша үй қонақ алса, сол үйлердің бөріне кіріп, атамның соңғы қоштасу өні еді деп орындап бер,— деді.

— Олай деменіңші, ата. Сіз өлі жүзге келуіңіз керек. Алайда шын аттанып кетсеңіз, тілегіңізді бұлжытпай орындайтыныма сеніңіз,— дедім. Дегенмен бұдан соң да атам біраз күн жатты. Өле-өлгенше сөзінен де, есінен

де танған жоқ. Келгендермен қоштасып жатты, жанары да таймады, құлағы да жақсы естіді. Тіпті тамақты жақсы ішіп, ажарланып, көңілі көтеріңкі сезімде күліп, өңгіме айтып, бізді қуантып та тастады. Төуір болдыға санаған өрі демалыс мерзімім аяқталуға айналған мен атамның келісімімен екі-үш күнге үйге кеттім. Біз ол кезде Қапшағай қаласында тұратынбыз. Пәтер алып көшіп келгенімізге жарты жылдың айналасы ғана болған, өлі ешкімді білмейтін де едік. Мен кеткен күннің ертесінде 1976-жылдың көкек (сәуір) айының 12 жұлдызында атам қайтыс болыпты. Қатты өкіндім, қоштаса алмай арманда қалдым. Жолға шығуға даярланып жатқанымда, сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Батталқанов Заманбек аға бастаған бір топ аудан азаматтары келіп көңіл айтып, ақыл-кеңес берді.

— Төрткен, Тасыған, болған іске болаттай берік бол деген, Кенекем сендердің әкелерің болғанымен, халықтың адамы. Біз екеуіңді ғана жіберіп қарап отыра алмаймыз. Бұл біздің елдігімізге сын. Біраз аялдай тұрындар. Кешіктірмей аттандырамыз. Атаңның топырағы торқа, иманы жолдас болсын,— деді Заманбек аға. Бірер сағаттан соң ақсақалға арналған дастарқан деп жылқы, ұн, қант, күріш тағы да басқа қажеттілердің бөрінен беріп, ақшадай көмек ұйымдастырып, аудан басшыларының атынан Бөрменбеков Аманкелдіні басшы етіп бір топ жігіттер, Тасығанның жұмыс орнынан бір топ азаматтар, өзім қызмет ететін аудандық оқу бөлімінен бөлім меңгерушісі Нұрпейіс Қасымов басқарған көптеген мектеп басшылары, мұғалімдер, қысқасы, мәшине-мәшине болып жолға шықтық. «Аталап» келіп жоқтадық. Сонда апам:

Сайрап жүрген бұлбұлым-ай,
Озып тұрған дүлділім-ай,
Қарадан шыққан сұңқарым-ай,
Бөйгеде озған тұлпарым-ай,
Ағып тұрған бұлағым-ай,
Жанып тұрған шырағым-ай,
Басымдағы дәулетім-ай,
Қасымдағы сәулетім-ай,
Көпшіл елдің ақ жарқын,
Ардақтаған көп халқын.

Көрі-жасқа жайдарлым,
Басымдағы айдарлым,—

деп жоқтады. Ұлы Көркемжан:

Асқар таудай бел ата,
Дариядай көл ата,
Сағынармын үніңді,
Өнің менен жырыңды,
Қалай қиып тастап кеттің,
Басыма ақыл жастап кеттің,
Алтын атам-ау қайда кеттің,
Халқың үшін сайрап өттің,
Ардақтаған халқың қалды,
Ел-жұртыңа атың қалды,
Өшпес жазған сөзің қалды,
Туажатты сүйдің ата,
Армансыз боп жүрдің ата,
Ұлы Отанның ел мен жерін,
Талай барып көрдің ата,

десе, мен былай деп жоқтадым:

Той бастаған аташым,
Жол бастаған аташым.
Топты көрсе түрленіп,
Ойқастаған аташым.
Жүрген жерің тамаша,
Ақ көңіл ең балаша.
Менмендігің жоқ еді,
Үйің топыр топ еді.
Жан ашығыш нашарға,
Тартушы едің қатарға.
Жайлы едің балаға,
Іні менен ағаға.
Еркелеттің ұл-қызын,
Үйретуші ең көп сөзін,
Қонақ келсе көңлің қош,
Түрлі ұлттан таптың дос,
Ақ пейіл ең, ақ жарқын,
Кішіпейіл көңлің бос...

Ел-жұрт риза болып, алғыс айтты. Топырақ салып, гүл шоқтарын қойдық. Қаралы жиында ауданның елі-жұрты атынан жергілікті ақынымыз, Жазушылар Одағының мүшесі Нүсіпбек Исахметов қоштасу өлеңін

оқыды. Тасыған екеуміздің мәртебеміз өсіп, төбеміз көкке жеткендей болдық. «Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы болындар, қайда жүрсеңдер де сол жердің азаматтарымен бірге болындар» деп ақыл айтып отырушы еді атам бізге. Соның бір өтеуі осы болар деп, жаңа қонысымыз Қапшағай жігіттерінің бұл ісіне риза болып қалдық. Іле ауданының азаматтарының ұйымшылдығына жұрт таң қалысты. Алматыдан Қапшағайға көшкенде, астанадан кетсем далада қалатындай болып жылағанымның бекершілік болғандығын түсініп, іштей ұялып та жүрдім. Нағыз жігерлі де, білімді, адамгершілікті азаматтардың дені ауылда екендігіне көзім жеткендей болды. Бұл жақтың адамдарын жақсы көріп кеткенім сонша, кейіннен күйеуім Тасыған қызмет жөнімен қайтадан астанаға ауысып, пәтер бергенде де Алматыға көшпей, осы ауданда қалып қойдық. Атам бірде:

Жақсы болса бастығың,
Бақытыңның барын содан біл.
Саяз болса бастығың,
Бақытыңның жоғын содан біл,-

деп термелей келіп, — осы ел басқарған адам кім болса да, қандай мамандықты игерсе де әдебиет пен мәдениеттен хабардар болмаса, оның рухани жан дүниесі саяз болады да, құр айқай мен жоспарды артығымен орындаудан аспай қалады. Ондай басшы көптің көңілінен шығады деп айта алмаймын, — деген еді. Сол айтқандай-ақ, ауданымызда бір кездерде Батталқанов Заманбек (партия ұйымының бірінші хатшысы), Гусятников Николай Михайлович (екінші хатшы), Баянов Нұрдеулет (хатшы), марқұм ағаларымыз Құлымбаев Шолпанқұл (аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары), Есболатов Тасубай (аудандық халықтық бақылау комитетінің басиесі, тағы да басқалар басқарған (1970—1985 ж.) жылдардағы жалпы халықтың еңбекке деген, өмірге деген құштарлығын, неге болса да жауапкершіліктерінің әлдеқайда жоғары болғандығын бұл күнде ешкім де жоққа шығара алмайтыны анық. Өйткені бұл кісілер халық шаруашылығы мен мәдени-ағарту жұмыстарын қатар алып жүретін. Ең бастысы көппен бірге болатын, үлкен адамгершілік қасиеттерімен елге жақын еді. Ауданның әр адамының мұң-мұқтажына ерекше көңіл бөлетін.

Біреудің отбасы қуанышқа бөленіп, той болса да, кісісі өліп қаралы болса да соның басы-қасынан осы ағаларымызды көретін едік. Еңбегін бағалап, тиісті жәрдем беріп, ел азаматтарын ұйымдастырып, бағыттап, тәрбиелейтін. Сол жылдардағы біздің аудан азаматтарының татулық-бірлігіне, сый-құрметтеріне көпшілік таң қалатын, риза болып, алғыстарын айтатын. Еңбекте міндеттемені артығымен орындап шаруашылықтың әр саласынан ай сайын, тоқсан сайын Қызыл Ту алсақ, мәдениет пен өнерде де алда жүруші едік. Өз басым 20 жылға жуық уақыт осы ауданның атынан облыстық, республикалық әртүрлі өнер жарыстарына қатысып, алғыс пен сый-құрметтен басқаны естігенім жоқ. Соның бәрінде де Заманбек ағамыз аудан атынан баратын ақын, өнші, күйшілерімізді арнайы шақырып, өңгімелесетін. Ақыл айтып, демеу беріп, бағыт сілтейтін. Айтар сөзіміз бен киер киімімізге дейін, барар көлігіміз бен берер сыйымызға дейін қарастырып, тікелей қамқорлық көрсететін.

— Ал, сен Төрткен, басқаны қой, өңге ақын, композиторлардың әндерін радио, теледидардан естіп жатырмыз ғой, дегенмен Кенекемнің әндері сиректеу орындалады. Сен атаңның «Бұлбұлын» айт, «Ойжайлауын» шырқа, қайсысын айтсаң да сенің орындауыңда Кенекемнің өз үні бар, өйткені, сен басқадан емес, өзінен үйрендің ғой. Оны түсіне білу керек, бұл үлкен бақыт, — деп көтермелеп отыратын. Атамның туғанына 100 жыл толу мерейтойы қарсаңында, ауданымыздың Борандай елді мекенінің қасынан жаңа шағын аудан бой көтерген-ді. Сонда салынған зәулім жаңа мектепті Кенен Әзірбаевтың есімімен атасақ деген сондағы оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі Узабаев Базар бастаған мұғалімдер ұжымының ұсыныстары аудан басшылары тарапынан мақұлданып, бекітілуінде Заманбек, Шолпанқұл, Нүрдәулет ағалардың еңбегі зор. 1984-жылдың маусым айында өткізілген ақынның 100 жылдық мерейтойына да Заманбек аға бастаған біздің ауданның азаматтары қатысып, музей-үйіне барып, басына зиярат етіп қайтты. Сондағы Іле ауданы еңбеккерлері атынан тапсырылған әсем фарфор құмыра бұл күнде атамның музейінде сақтаулы тұр. Мұның бәрі осы ауылда еңбек етіп жүрген біздердің ел алдында жауапкершілігімізді арттырып, өкеміздің атына жамандық келтірмей еңбек етуімізге, балаларымыздың тәртіпті, тәрбиелі болып өсуіне, өзіміздің тату-тәтті болып қалыптасуымызға

ықпалын тигізгендігі сөзсіз. Бұл күнде құрметті демалыста жүрген Заманбек ағаның іскер басшы болғандығын, ұйымдастырушылық қабілетін, кадр тәрбиелеудегі зор адамгершілік қасиеттерін бір біз ғана емес, бүкіл ел еске алып, ұмытпайды. Ал, Заманбек ағаның көп білетін шежірешілдігі, сұңғыла зерек әдебиетшілігі мен тарихшылығы өзінше бір төбе.

Атаммен соңғы қоштасу рәсімі колхоздың мәдениет сарайында күндізгі сағат 11 мен 13-ке дейінгі аралықта өтті. Халық ығы-жығы. Көктемнің алғашқы кезі ғой (12-15 көкек айы) қыстың ызғары өлі кете қоймаған шақ. Табытты көтеріп үйден шығарған кезден бастап соққан жел марқұмның жамбасы жерге тигенге дейін бес сағат бойы толастамады. Аңыраған жел мен азалы музыка еңсемізді түсіріп жіберді. Ақынның 90 жылдық тойында ауылдың кіре берістегі оң жақ қанатына ағаштар отырғызылып, ол қоршалып, болашақ демалыс алаңының (парк) орны басталған-ды. Атамның денесін сол демалыс алаңының дәл ортасына жерледі. Қаралы жиында көп адамдар сөйледі, қоштасу өлеңдері оқылды. Сондағы Әбділда (Тәжібаев) ағамыздың: «Кенекемді біз тұрмақ табиғат та қимай жатыр емес пе? Қараңдаршы, өзінің өн-жырына арқау болған Қордайының қоңыр желі де қатандау соғып тұрғанын» — дегені есімде анық қалып қойыпты. Қанша қиманымызбен де табиғат өз дегенін жасамай қоймайды ғой, атамның денесі жер қойнауына енді, жүзі жабылып, үстіне топырақ таудай болып мол үйілді, уақытша белгі қойылды. Өзінің алуан қырлы өнерімен ерекшеленген қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, халық ақыны және композитор әрі өншісі Кенен атаммен ел-жұрты бүкіл халық мәңгілік қоштасты. Аңыраған жел де басылды. Артынша-ақ күн жайма-шуақ ашылып, елдің қайғылы көңілін көтеріп сала берді.

— Кенекемде арман жоқ. Бұл кісінікі — той. Құдайға шүкір, 93 жыл өмір сүру кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейді, — десіп, атама арналған соңғы дөмнен ауыз тиіп, теберік алып, жақсы тілектер айтылды. Теберікке қыжыма жырттыстар, бет орамалдар, суреттері жейде, белбеу, тақиялар таратылды. Теберік демекші, Нұрғиса (Тілендиев) ағаның сондағы бір қылығы есімнен кетпейді. Нұрғиса атама жиен болып келеді. Ол кісі атамды «Көке» дейтін. «Көкелеп» сөлем беріп, жиі келіп тұратын. «Көкеме сөлем бермей, ауылдың тұсынан өтіп кетсем, жолым болмайды» деп отыратын.

Атам да Нұрғисаға жаны басқа еді. Жалпы, өнер адамдары бірін-бірі қалтқысыз түсінетін болу керек. «Ерке келіп қалыпты ғой, тентегім менің» деп еркелетіп, әр келген сайын қой сойып, қонақ қылып, оған күй тартқызып, өзі әңгіме, ән айтып, талай-талай мәре-сәре тамашалаған едік.

— Сенің бүкіл әнбойың түгел музыка. Оның үстіне сол дарындылықты біліммен ұштастырдың. Тек соған ие болшы. Осы бір тентек судан аулақ жүрсең дұрыс болар еді-ау, шырағым, — деп атам Нұрғисаға ақыл айтса; Нұрғиса аға: «Композитормын деп жүргендердің бөрінің де, менің де шығармаларымның ішінде сіздің, сіз сияқты халық өнерпаздарының музыкаларының сазы бар. Сіздің музыкаларыңыз нағыз халықтық» — деп бірін-бірі көтермелеп отыратын-ды.

1963-жылдың жазы еді. Нұрғиса аға, қасында өйгілі композитор, марқұм Бақытжан Байқадамов бар, атама сәлем бере келіпті. Атам қайтамыз дегендеріне қарамай: «Бақытжан баламның біздің үйге келіп отырғаны осы, дәм татпай кету деген ұят болады» деп жібермеді. Әңшең өнер адамдарының әңгімелері жарасып, тамаша бір отырыс болды. Атам ән айтып, композитор інілеріне арнап өлең шығарып, игі тілектерін арнап, ағалық батасын берді. Бақытжан аға қатты разы болып кетті білем: «Осы бөріміз Жамбыл атаның өнеріне сөзсіз бас иеміз, ал шындығына келетін болсақ, сол кісімен бірдей нағыз аспанға көтеретін адамның бірі Кенен аға ғой. Әрі әнді өлеңімен шығарасыз, оны домбырамен өзіңіз сүймелдеп, өзіңіз орындайсыз. Даусыңыз қандай асқақ» дегені сол еді, Нұрғиса ағаның қаны басына бір-ақ шықпасы бар ма?! Орнынан атып тұрып. «Сен неге Жамбылға тіл тигізесің, ө? Жамбыл Шапырашты деген батыр елден шыққан, менің туысым. Ол Жетісу ақындарының атасы. Оны терең білу үшін өлеңдерін түсініп оқу керек...» — деп дауыс көтеріп, шатақ шығармақ болды. Атам Нұрғисаға ұрсып, өрең басты. Бақытжан аға ыңғайсызданып, атамнан қайта-қайта кешірім сұрап, маза-сызданды да қалды. Сондағы атамның екеуіне: «Шырақтарым, біздің түбімізге жететін осы бөлініс. Жүзге, руға бөлінуді қоймасақ, ел болып, қазақ болып жетіспейміз. Басқаларға күлкі-мазақ болып, тоз-тозымыз шығып кетуіміз мүмкін. Тағы да бір сұрарым, ешуақытта мені Абай мен Жамбылдың алдына шығарып бағалаушы болмандар. Ол мен үшін күнә.

Өйткені, олар менің пірім, сыйынар әруақ-құдайым» — дегені бүгінгідей есімде.

Сол атамның ерке-тентек інісі Нұрғиса аға өкем өлгенде қасында халықтың сүйікті әншісі Нұрғали Нүсіпжанов бар «Көкелеп» жоқтап келді, көпке дейін жылап, өрең басылды. Апама келіп: «Жеңеше, маған Көкемнен теберік бер. Жыртыс-пыртысыңды білмеймін, маған тек дамба-лын бер», — деді. «Ұят емес пе, жаңасы жоқ, ескісі сарғайып кеткен. Кішкене қоя тұршы, кісі аяғы басылсын, сонан соң тауып беремін» десе де, мазалай берген соң апам қаттаулы тұрған ескі киімдерінің ішінен ұзын ғып тігілген ақ дамба-лды Нұрғисаға қарай лақтырып жібергені сол екен, аға қағып алып, бетіне басып, иіскеп-иіскеп алды да, қойнына тығып алып жүріп кетті. Сонда ағаның артынан қарап тұрып менің ойыма атамның: «Нұрғисаның бойында өзгелерде кездесе бермейтін ер мінез бар, арқалы адам. Егер ол момақан, сыпайы, салмақты болса, одан мұншалықты өнер шығар ма еді, кім білсін», — дегені орала берді.

1981-жылы Жамбыл облысы, Красногор ауданы, Киров колхозындағы жерленген жеріне атамның мүсіні тұрғызылып, әдеби-мемориалды музей-үйі салтанатпен ашылды. Музейдің деректірі болып ақынның ұлы Көркемжан тағайындалды. Өмірінің соңғы 20 жылында тұрған өз үйіне мемориалдық тақта орнатылды.

1984-жылы туғанына 100 жыл толған торқалы тойы республика көлемінде кеңінен аталынып өтіп, үлкен талант иесі құрметпен еске алынды. Маусым айының 16—18 күндері Алматыдағы М. О. Әуезов атындағы қазақ драма театрының үйінде республикалық ақындар айтысы өткізіліп, 19 облыстың ақын, әнші, күйші, жыршы, бишілері өнер сайысына түсті. Осы айдың 26-күні Алматыдағы Республика сарайында ақын тойына арналған салтанатты кеш болды. Президиумда Д. А. Қонаев бастаған бюро мүшелерінің дені отырды. Осы салтанатты кеште: «Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантының шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ. Оның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр» — деген еді бұрынғы Қазақ ССР Министрлер Советінің председатели, қазіргі республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Заманының бұлбұлы, ән мен жырдың дүлдүлі Кенен атаның торқалы тойының жалғасы атақты Қордай асуының етегінде орналасқан ақынның өзі тұрған Киров колхозында

жалғасты. Тойға келген қонақтар тау қойнауындағы
өсем киіз үйлерге жайғасты. Жүздерінде қуаныш нұры
ойнаған тойдағы жұрттың қолдарында атамның жуырда
ғана жарияланған таңдамалыларының екі томдығы,
«Шырқа, даусым» атты өлеңдер жинағы, «Песни горы
и степей» деген атпен шыққан өлеңдерінің аудармасы,
күйтабақтары, суреттері, значектары. Атаны ақындар
жырына, әншілер — өніне, күйшілер күйіне қосты,
дүлдүл жүйріктер жарысқа түсті, бишілер өнерлерін
төкті, қысқасы, мәдени шаралардың түр-түрі көрсе-
тілді. Ақын қызы Күләш Ахметова:

Домбыраның келтіріп не бұрауын,
Иітіп ең ананың омырауын.
Қағылып тұр халықтың жүрегінде,
Қалып кеткен Қордайда қоңырауың, —

деген тамаша өлеңін арнады. Шәкірттері Асылкүл Бүр-
баев:

Сусындап өскен едік бұлағыңнан,
Дауысың кетпей қойды құлағымнан.
Елің сенің ардақтап есімінді,
Басыңа қойды ескерткіш мрамордан.

Көктем келіп жайғанда жапырағын,
Өзінді еске алып отырамын.
Қордайдың қыраны едің, жатырмысың,
Төсеніп туған жердің топырағын, —

деп жырласа, Аяз Бетбаев:

Ақ басты Алатаудай тұлғасы да,
Ақ иық қонып отыр шың басына.
Ардагер ақын-әнші күдіреті,
Кенекем толды бүгін бір ғасырға.
Еске алып Кенен ата аруағын,
Бас қосты өңшең жақсы рәсімге-ай.
Осындай дүлдүлі күн ұлы тойда,
Шын ақын ақтарылмай шыдасын ба-ай.
Жиналып Қазақстан саңлақтары,
Той-думан өлең-жырға ұласуда.
Кенекем отырғандай ортамызда,
Көз тастап артта қалған мұрасына.
Өлімнің құрығынан құтылған ба?
Аңыз боп ел аузында Қорқыт қашқан.

Мезгілің жеткен кезде демің бітіп,
Бір сәтке кете бардың тоқтамастан.
Қара жер алған кезде қойынына,
Зиратқа тас мүсіндер қойылуда.
Ертеде еңіреп өткен Базар-Назар,
Еркелеп асылды ма мойыныңа?!
Сен тірі болсаң жүзге келер едің,
Туған ел саған арнап той қылуда.
Кенеке, торқалы той құтты болсын,
Ән-жырың бар өлемге жайылуда, —

деген ұзақ жоқтау-толғауын арнады. Өлеңін Жақсылық
Сүтібеков, әнін Алтынбек Қоразбаев шығарған:

Мынау сенің ұрпағың, қалың халық,
Тірлігінде түсінген жаныңды анық.
Шығарып сап өзінді қайтпас жолға,
Қалыпты ғой мәңгіге өніңді алып, Кенеке!

Желбіреген ақ күміс сақалыңды сағындым,
Жайлауындай даланың шапаныңды сағындым.
Шырылдаса бозторғай сен екен деп қаламын,
Ақ сақалды абызды Кенекем деп қаламын! —

деп шырқалатын «Сағындым Кенен атамды» туын-
дысының шынайылығы халықты қатты тебіrentті. Анам
Нәсиха:

— Шырақтарым-ай, Кененмен бірге 55 жыл өмір
сүрген мына мен де аталарыңды дәл сендердей жоқтай
алмадым. Кененмен талай дәмдес-түздас болып, бата-
сын алып, қасынан шықпаушы едіңдер, босқа жүрме-
ген екенсіңдер, ақтады деген осы да. Рақмет! Бақытты
болыңдар! Кененнің жасын, өнерін берсін сендерге, —
деп барлық ақын, әншілерге аналық ақ батасын берген
еді сонда.

Ақыры мәңгі есте қалдыру үшін оның есімі Жамбыл
облысы, Красногор совхоз-техникумына, Отар стан-
циясының қазақ орта мектебіне, Жамбыл қаласындағы
жаңа кинотеатрға, Алматы көшелерінің біріне берілді.
Ұмтыл ауылдық кеңесі Кенен ауылы болып аталды.
Алматы мемлекеттік консерваториясы мен Шымкент
педагогикалық мәдениет институтының студенттеріне
Кенен Әзірбаев атындағы стипендия тағайындалды.

Бір кезде отырғызылған кішкентай-кішкентай ағаш
көшеттері көркейіп өсіп, зәулім баққа айналған жасыл

желең ортасындағы ақын музейінің бүгінгі ажары тіпті келісті. Шығыс үлгісімен салынып, ішкі жағы ұлттық өрнектермен нақышталған, шебер әшекейленген еңселі терезелер ерекше сән береді. Үш залдан тұратын музей-үйінің біріншісінде жұмыс бөлмесі, екіншісінде қонақ бөлмесі орналасқан. Ортадағы үлкен залда ақынның бүкіл өмір жолын баяндайтын экспонаттар сыр шертеді. Музей-үйінің дәл алдында оның бейіті тұр. Бейіт үсті қызыл гранит таспен көмкеріліп, оған ақынның аты-жөні, туған, өлген мерзімдері ойылып жазылған. Басына орнатылған ақынның ескерткіш-мүсіні ғасырға жуық ғұмырында асқақ өніне бөлеп, сұлу жырымен тербеген байтақ еліне, ұлан-ғайыр жеріне қимастықпен көз тастап, тағы да бір өн-жыр тудырадай толғақты ой үстінде тұрғандай.

«Көптің көңілін көп ашқан бұлбұл едім»

Біле ме түсінбеген өннің парқын,
Өн үні естіледі оған салқын.
Жүрсем де сабау қамшы салт атты боп,
Таралған ел ішінде өнім қалсын,—

деп армандаған Кенен артына мол мұра қалдырған ақын. Ол қыруар өлең, жыр, терме, айтыс, дастандарымен қоса онға жуық күй, жүзден аса өн жазған сазгер. Өлеңін де, өнін де өзі шығарып, оны домбырамен өзі сүйемелдеп, өзі орындауы атам сияқты тума таланттардың ғана қолынан келері айтпаса да түсінікті. Халқымыз «сегіз қырлы, бір сырлы» деп осындай ерекше талантты ұл-қыздарын бағаласа керек-ті. Табиғат шығармашылық талантпен қоса шебер домбырашылық, асқан дауыс, шабытты орындаушылық қабілеттерді баса бергеніне шүкіршілік дерсің. Болмаса, бірі өлеңін, бірі өнін шығарып, үшінші бірі орындап, екі-үш адамның жан сезімі мен ой-өрісі бір жерден шыға қоюы деген сирек кездесетін жағдай ғой. Оның үстіне азын-аулақ қана молдадан ескіше оқып, өзінің құйма құлақ зеректігінің арқасында хат танығаны болмаса, ешқандай музыкалық та, басқадай да оқуы жоқ кісі. Алайда, жүзден астам өндерін нотаға түсірмей-ақ есінде сақтағандығы, оған қоса қаншама халық өндерін, халық сазгерлерінің туындыларын біріне-бірін

шатастырмай орындайтындығына таң қалмасқа болмайды. Атам: «Кейбіреулер алдымен өлеңін шығарамын, онан соң өні шығады, немесе керісінше, алдымен өні, онан соң өлеңі туындайды дейтін көрінеді. Оны қайдам, өзім өнсіз өлең, өлеңсіз өн шығара алмаймын, екеуі де бір кезде, бір уақытта өзіме қатты өсер еткен бір оқиғаға байланысты шығады. Тіпті поэмаларым мен дастандарымның бәрін де ыңылдап өнге қосып отырып жазамын»,— деп отыратын. Шындығында да ол кісінің өлеңсіз өн, өнсіз өлең айтқан кезін біз де естіген де, көрген де емеспіз. Тырнақ алды өні «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақтан» бастап ең соңғы «Қалады-ауына» дейін өні мен өлеңі қатар туындаған. Атам өн мен өлең шығарғанда тыныштықты қалайтын, табиғатты тамашалап атпен жүргенді ұнататын.

— Маған самолеттің даусынан шыбынның ызыңына шейінгі дыбыстардың бөріде өн тудырады,— деп отырушы еді. Әкем ойына оралған әуенді дереу домбыраға түсіретін. Сондықтан да ол кішкентай ақ домбырасын қайда барса да тастамайтын. Атамның даусы күмбірлеген домбырасымен бірге шығатын. Бұл жайында:

Домбыра қайда барсам тастамаймын,
Өн менен өлең сенсіз бастамаймын.
Екі ішек, он бір перне, бір тиекпен,
Сайрасам қызыл тілім аспандаймын,—

деген ғой ақын өзінің «Домбыра» атты өлеңінде. Атам өр өннің өзіндік шығу тарихынан хабардар етіп алып, сонан соң шырқап ала жөнелетін. Ол бір ғана «Көкшолағының» тарихын өңгімелей отырып айтқанда қонақтарымызға екі шөй, бір еттің уақыты да жетпей, тындаудан жалықпай отыра беретіндіктерінің талай-талай куәгері болып едім. Сонда атам: «Сендер мына менің «Көкшолақ» деген өнімнің бас-аяғы сол өздерің күнде естіп жүрген екі-ақ ауыз өлеңмен бітеді деп жүрсіндер ме? Ж-о-о-қ, ол жатқан тарих. Өншейін кез келген уақытта орындауға ылайықтап өн ғана қылып қойғаным ғой. Болмаса, бұл өннің болмысы басқашалау, қаласандар айтып берейін»,— деп біраз ойланып қалатын да, бір тұнжырап, бір күліп алып бастап кетуші еді.

— Әкем Әзірбай өзінің бірнеше жылғы тапқан-таянғанын жинап жүріп, бары да, нары да мына мені қуантпақшы болып, Тоқпақ қаласының (Қырғызстан) базарынан бір күні ат сатып әкеледі. Атты көргенде мен:

«Ата-ау, мынаның құйрығы да, жалы да жоқ нағыз көкшолақтың өзі ғой», — деп күлдім. Сол күннен бастап бұл аттың аты Көкшолақ атанып кетті. Келесі күні ақ мен оны қойға мініп шыға келдім. Көкшолағым мінгенде-ақ көңілім көдімгідей көтеріліп, шабыттанып өз атыма өзім өлең шығарып:

Сатып алдық базардан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты.
Өзі сәуірік, көктемде байтал қуып,
Бір жағынан азынап құдай атты.
Әкем бойдақ, мен бойдақ, ат та бойдақ,
Қайда барып бағамыз үш бойдақты, —

деп өзім де күліп, өзгені де күлдіріп жүрдім. Бірде:

Айғырлармен таласып жауыр болды,
Бағу мұны өкеме ауыр болды.
Күндіз қойға мен мініп мал бағамын,
Аяқ ілу табылып төуір болды, —

деп шүкіршілік етемін. Сөйтіп жүргенде, қатар жатқан көрші елдің Бибол деген байы бес болыс ел шақырып үлкен той жасады. Қой соңында жүрген мен сән-салтанатымен жорға мініп, торқа киіп, тойға бара жатқан бір топ жігіттер мен қыз-келіншектерді көріп делебем қозып, қызғанып та, қызығып та аласұрдым. Шіркін-ай, менде осы тойға барсам, қыз-келіншектермен айтыссам, менің олардан қай жерім кем деп қиялданып, қойымды кімге тастап кетерімді білмей басым қатты. Ақыры ойланып-ойланып өзім сияқты жетім, қойшы досым Аянбайға келіп:

Ау, Аянбай, Аянбай!
Басыңды көтер құрдасжан.
Таяқты жонып ойланбай,
Бір жыл туған төл едің,
Қасыңа келдім аялдай.
Ішімдегі шерімді,
Айтайын деп баяндай.
Бар азығым берейін,
Бір күн қойым жайғанға-ай,
Босатып қойдан жіберші,
Той тарауға таянбай,
Осы тойдан құр қалсам,

Енді маған той қайда-ай?

Айналайын Аянбай, —

деп, өй жалыңдым-ау дейсің. Ол да бір тырысып қалған еорлы еді, өбден мені мазақтап:

Әй құрдас, тойға барар сөнің бар ма?
Қыздармен айтысатын өнің бар ма?
Желігіп Көкшолақпен көтеріліп,
Мұнан басқа қолыңда малың бар ма?
Баратын тойға киіп киім бар ма?
Үстінде байғұс жетім үйің бар ма?
Қызбенен ерегесер күйің бар ма?
Кеуденді өрге айдайсың сорлы кедей,
Бойыңда адам елер сыйың бар ма?
Той дегенде сорлым-ау жының бар ма?
Мазамды ала бердің, бара қойшы,
Түсінер көңіліңді құрбың барда, —

деп келісімін бергені сол екен, қойныма тығып жүрген күлшемді, қарынға құйып алған сусынымды Аянбайға беріп, еркіндік алған басым Көкшолағыммен тепең қағып өрең дегенде өлгі топты қуып жеттім-ау. Қарап тұрмай, келген бетте қыз-келіншектерге тиісе келдім. Тосын шыққан ащы дауысқа тойшылар жалт қарасты.

— Ей, мынауың кім еді өзі? Даусының ащысын-ай, — деді біреуі.

— Қатардағы Бесжалаңаяқ деген елден бір өнші бала шықты, кедейлігі болмаса өнерлі-ақ деп жүруші еді ел. Бұл неде болса сол бала болғаны. Жауап қайтарындар, — деді бірі. Сонда қыздардың ішінен Шәлипа деген байдың қызы жауап қайтарып, екеуміз айтыса кеттік. Шәлипа менің басымдағы шоқпыт-шоқпыт бөркімнен бастап жыртық тоныма шейін өлеңіне қосып, бетін шымшып, ернін шығарып итімді шығарды. Қап, мынаның қорлығын-ай деп оған өлердей ыза болып келе жатқанымда, өсіресе, Шәлипа мінген жорғаға жете алмай қала берген Көкшолағым одан өрі мазамды келтірді. Сонда да:

Жылдам жүрші, Көкшолақ,
Шаппаң жүрші Көкшолақ,
Олай жүрші Көкшолақ,
Былай жүрші Көкшолақ... —

деп, астымдағы атымды басқа-көзге қарамай сабалап, Шәлипаның жорғасынан бір қалыспай қойдым. Өннің

бұл күлкілі уытты қайырмасы келе жатқан жұртты таң-тамаша қалдырды. Елді үйіріп өкетті. Сондағы айтысымынау.

Мен:

Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,
Қыз байғұс өкесіне аз күн қонақ.
Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңінді айт,
Тұсыңа келіп қалдым құдашалап.

Қайырмасы:

Жылдам жүрші, Көкшолақ,
Шапшаң жүрші, Көкшолақ,
Арам қатқыр, Көкшолақ,
Жамандатқыр, Көкшолақ.
Қыздар мінген байталды,
Жанап жүрші, Көкшолақ,
Мені құртқан, Көкшолақ...—

деймін.

Шөлипа:

Бағып жүрген ешкінің бөрі жағал,
Өріптесім сен болсаң өдіре қал.
Өдіре қал дегенде арсаңдамай,
Жел жағымды мүңсітпей өрі жоғал.

Мен:

Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген,
Жиырма беске келгенше кетпей жүрген.
Алдыңғы байпақпенен тамыр болып,
Мөңсүрбек соры қайнап жетпей жүрген,—

деп өнімнің қайырмасына келгенде, ел қыран-топан күлетін.

Шөлипа:

Рас, бізге бозбола болады ашық,
Ғашық жөйін біле ме қойшы пасық.
Аспандағы жұлдызға қолың созбай,
Жел жағымнан аулақ жүр теке сасып.

Мен:

Сен сияқты ол да адам қойшы деген,
Жорға мініп келесің тойшы деген.
Көрмегендей мақтанба Шөрепия,
Қыздың жолы болады қойшыменен,—

деп қалыспаймын.

Шөлипа:

Сенің атың, ей, Кенен, Жалаңаяқ,
Құртқан екен құдайым аямай-ақ.
Өкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ,
Қойынды жөндеп бақсаңшы сандалмай-ақ.

Мен:

Сенің атың Шөлипа Байбалақты,
Жиырма беске келгенше қайда бақты.
Төсіндегі томпайған қос анарды,
Мақтанба, талай қойшы аймалапты,—

дегенімде, ыза болған Шөлипа оңбай қателесті. Ол былай деді:

Өйт-бүйтпесем, ей қойшы, өйт-бүйтпесем,
Қоңыр тонды шешіп ап отқа ұйтпесем.
Жапалақша жарбандап қалмай қойдың,
Итаяққа ас құйып «көйт-көйт» десем,—

деді. Сол сол-ақ екен, мен жұлып алғандай:

Шөлипа, сен олай деп кесірленбе,
Жүйрік аттай самғаймын көсілгенде.
Адамды итке теңеп шақыратын,
Шешен ит қып өзінді өсірген бе?
Мен өзім Алатаудың ителгісі,
Қойшының қызға жақсы икемдісі.
Кедейсің деп кемітпе байдың қызы,
Құрбыңның келіп отыр сүйкенгісі,—

деп алып, тағы да өннің қайырмасына келгенде, қыздың шешесі ме, әлде жеңгесі ме, білмедім, бір ақ жаулықты әйел келіп: «Болды. Анаңа тіл тигізген соң ары қарай айтысудың қажеті жоқ, жеңілдің»,— деп айтысты тоқтатты. Қыз жеңілгенін мойындап, маған «тоғыз» берді. Неше күннен бергі жанымға маза бермеген кө-

ңілім орнына түсті. Айтарымды айтып, бір нәрсені тындырғандай сандалып қойыма қайта келдім. Сөйтіп, «Көкшолақ» өнінің жеке-жеке шумақтары өкем атты сатып әкелген күннен бастап айтылып жүргенімен оның тамаша қайырмасы осы айтыс үстінде туды. Кейінде Шәлипа менің ағайындас бір бауырыммен тұрмыс құрып, жеңгем болды. Кездескен жерде маған: «Әй, өнші бала, сен сол кезде-ақ болайын деп тұр екенсің ғой, мен сорлы оны сезбедім, болмаса саған-ақ тиетін едім» деп өзілдейтін еді», — деп аяқтады өңгімесін.

Атам тыңдаушысы келіссе неше күн, неше түн өңгіме айтып, өн шырқаса да шаршадым демейтін, қайта шабыттанып, арқаланып, нұрланып кететін. Қай-қайдағы, жай-жайдағы ойына түсіп, өңгімеден өңгіме тудыра беретін. Сондай бір отырыста атам өзінің атақты өні «Бозторғайды» алдымен мәнерін келтіре, беріле:

Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға алып,
Сандалып қой артында азар кешке.

Қайырмасы:

Бозторғай!
Шырылдайсың, шіркін-ай,
Құтылар күн бар ма екен,
Қой жаюдан бір күн-ай! —

деп шырқады-ай дейсің. Дәл бүгінгідей құлағымда. Отырғандар тым-тырыс, тағы да айта түссе екен деп ынтық. Атам сөз ойланыңқырап қалды да: «Ойпырмай, мен бұл өнді шығарғанда небәрі он бірде-ақ екенмін. Қойларымды жайып қойып, шалқамнан түсіп, аспанға қарап ойланып жатып, көзім ілініп кетіпті. «Не жаздым мен құдайға? Мен де анадан туып едім ғой. Жылы төсекке жатпайтындай, тойып тамақ ішпейтіндей не қылдым мен төңірге?» деп айқайлап жатып, өз даусымнан өзім шошып ояндым. Көзімді ашып, басымды көтеріп, жан-жағыма қарасам, қойларым сәл ұзаңқырап барады екен. «Әй, қойшы соны, қуып жетемін ғой, жата тұрайыншы» деп жаңағы оқиғаны есіме алып, тағы да біраз жаттым. Бұл жолы ұйқтағаным жоқ, бірақ жүрегім бір түрлі болып қысылыңқырап, жылағым келіп, айқайлағым келіп бір нәрсе жетіспей

тұрғандай күй кештім. Дәл осы кезде түп-тура тас төбемде биікте қадалып тұрған бозторғайды көрдім, шырылдаған сұлу үні құлағымға келгендей болды. Орнымнан атып тұрып бозторғайға үн қостым. Мені халыққа алғаш танытқан, «Өнші бала» атандырып, өнерге алып келген бұл өннің орны мен үшін ерекше. «Бозторғай» бір менің ғана емес сол кездегі ертеден қара кешке дейін мал соңында жүретін, күндіз-түні бір тыным жоқ барлық қойшы-қоландардың азаттықты аңсаған үні, не киемін, не ішемін деп ойламайтын өзім қатарлы бай балаларының өмірін көріп қапаланған жан сырым ғой бұл өн» — деген еді өкем сонда.

Атамның тебірене жиі есіне алып өңгімелейтін өндерінің бірі «Көпшілік көрсін өнімді» деген туындысы.

... Осылайша он беске жасым жетті,
Мен қатарлы балалар басып өтті.
Жорға мініп, торқа киіп, тойға барат,
Соны көріп сүйегім жасып кетті... —

деп ақынның өзі айтқандай-ақ, қой соңында жүргенде күтпеген бір оқиға болды. Бұл жайында: «Жасым 17—18-дің арасындағы шағым. Бір күні қой жайып жүрген жеріме бір кісі атпен келе жатты. Алғашында өкем бе деп қалдым да, соңынан ол кісі емес екендігіне көзім анық жеткен соң қалшыып қарап тұрдым. Өлгі кісі жақындап келіп маған сәлем берді, жылы шырайлы, сүйкімді кісі. Қалбалақтап жүгіріп барып қолын алып жатырмын. Жүрегім өз-өзінен атша тулап, өзіме ие бола алмай барамын. Өлгі кісі: «Көкшолақ», «Бозторғай» деген өн шығарған қойшы бала — Кенен деген сенсің бе?» — деп сұрады.

— Иә, ағатай, Кенен деген мен едім, — дедім.

— Онда бүгіннен бастап қойды тастайсың. Өкеннің келісімін алдым. Сенің осы жерде екенінді сол кісіден біліп келдім. Мен Еркебай деген ағаң боламын. Осы аймақтың болысымын, — деді. Сенерімді де, сенбесімді де білмей: «Ағатай-ай, шынымен-ақ қойдан құтыламын ба?» — дей беріппін. Қойшы, әйтеуір, сол күні кешке Еркебай мені атына мінгестіріп алып кетті.

— Шырағым, жолың болсын. Ағанның тілін ал, мені ойлама. Біраз күннен соң ағаң әкеліп тастайды, — деп, бұрында алыстап ешқайда шықпаған сорлы басым жалтақтап қарай берген маған өкем ақыл айтып жатыр. Еркебай үйіне алып келіп тамаққа тойдырып, моншаға

түсіріп, үстіме таза киім кигізіп, астыма ат мінгізіп, біраз баулыды. Ұзын бойлы, жіңішке сұлу жігіт болып шыға келдім. Бір күні ол мені шақырып алып: «Өлеңінді жұптай бер. Жакында қырғыздың Шабдан (Жанбайұлы) деген атақты манабының асы болады. Оған қырғыз-қазақтың белгілі өнші-күйші, ақын-жыршы, жыраулары шақырылады. Мен де сені сол асқа апарамын» — деді. Айтқанындай-ақ, бірнеше күннен соң Еркебай мені жорғаға мінгізіп, торқа кигізіп, қолыма жаңа домбыра ұстатып асқа алып келді. Ас өлденеше күнге созылды. Ығы-жығы адам, біреуді-біреу біліп болмайды. Сойылған малмен көрсетілген құрметті сөзбен айту мүмкін емес. Палуан күрес, ат жарыс, дейме-ау, өйтеуір, бір күні кезек бізге де жетті. Асқа келген ақын-жыршылар бірінен соң бірі шығып өнерлерін көрсетіп, Шабданның өруағын аспанға көтеріп жатыр. Кезек маған да келді. Домбырамды басымнан асыра көтеріп, құлағымды Сарыбас ұстазымша, бұрап-бұрап алып бар даусыммен өруақ шақыра айқайлап алып, енді өлеңімді айтайын десем, аузыма сөз түспей тұрып-ақ қалғаным. Сел-сел болып қара терге түстім де кеттім, көзім түк көрмейді, ұяттан өліп барамын. «Ештеме емес, қайта шырқа, қарағым, дауысың жақсы екен» — деген айғайлар құлағыма жетіп жатты. Бар күшімді жинап алып тағы да бір айқайлап едім, онымнан да түк шықпады.

— Ер кезегі үшке дейін деген, шырағым, қайта айт. Жас қой өлі, тағы да айтсын, — деп жатыр көпшілік.

«Иә, абырой бер құдай. Соншама салмақтап мені Еркебай қой жайып жүрген жерімнен алып келгенде, масқара қылма» деп ішімнен Сарыбасқа, Сүйінбайға, тағы да басқа өзім білетін ата-бабалардың өруақтарына сыйынып алып, үшінші қайтара айқайлағанда барып аузыма мына өлең түсті:

Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көл Қопа, Қордай деген жерден келдім.
Жас бала жаңа талап мен бір қойшы,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім.

Кебекбай, Жолбарыс, Ноғайбай,
Ақын болмақ оңайма-ай.

Мен өзім інісі едім Сарыбастың,
Он жаста ел тойына араластым.
Өлерде мені Сарыбас шақырып ап,
Тапсырған аманат деп домбырасын.

Көпшілік көрсін өнімді-ай...—

деп шырқап ала жөнелдім. Қызынғаным сонша тоқтамай қойдым. Шіркін, сондағы үнім-ай десеңші?! Өлеңдерім қандай еді?! Айтылған жерде қалды ғой талайы. Мына кейінгі айтып жүргенім сондағының тамтығы ғана. Содан өнді орындап шықтым, сілтідей тынған ел дән риза болды. «Айналайын-ай, ө, қысылып қалған екен ғой» деп жатыр. Жастығымды ескеріп, ақ жол тілеп басқа да жеңімпаздардың ішінде мені де атап, кемер белдік сыйға тартты. Осыдан бастап қатты риза болған Еркебай мені біржола қойдан құтқарып, қырсығымды кесті, таза өншілік, ақындық жолға түстім. Асқақ үніммен, тартымды өлеңіммен көзге түсіп, біртіндеп атым қырғыз-қазақ арасына таныла бастады, — деп, біздерге: — Сондағы алған кемер белдігім мынау, мұны мен үнемі тастамай беліме байлап жүремін, өзі тозайын деп қалды», — дейтін де көрсететін. Сондағы сыйға алған кемер белдігі қазір ақынның музей-үйінде сақтаулы.

Атам өнді дастарқан басында еркін әңгімелесіп отырып айтқанды ұнататын. Біздің үйге қонақтар көбіне өкемнің осындай әңгімелерін тыңдау үшін келетін, өзін де қонаққа көп шақыратын. Қайда барса да, қайда жүрсе де өкемнің отырған жері сауық-думан береке еді. Тыңдаушыларын бір күлдіріп, бір жылатып, үнемі елтітіп отыратын. Атам қай үйде отыр десе, үлкен демей, кіші демей ел сонда жиналатын. Сондағы халықтың көбіне-көп сұрайтыны «Базар-Назар» өні болушы еді. Атам «Базар-Назарды» бар болмысымен айтқанда бір түнгі отырысың түк емес-тін.

Зарланасың ақ ешкі лағына,
Емшегіңнен емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен құдайдың құлағына.

Ешкі қандай, ой дүние-ай, лақ қандай?
Лақ ойнап тезекті құлатқандай.
Бірте-бірте баламды ала бердің,
Жаратқан-ау, не жаздым, зарлатқандай?!

Жолымен Мөтібұлақ ел көшеді,
Жалаң қабат шапаннан жел өтеді.
Баласы ер жігіттің өле берсе,
Шырағы жанып тұрған сонда өшеді.

Бала деген шіркін-ай жалдай екен,
Төттілігі шекер мен балдай екен.
Арып-ашып алыстан келгенінде,
Мойынына асылып алдайды екен.

Ат шалдырар жолаушы жол астына,
Ел тұрмайды бұзықтың қол астында.
Талып қалып мен жоқта көмді ме деп,
Алты бардым балалар моласына.

Кенең менен ойнайтын сақаң қалды,
Киетұғын ілулі шапан қалды.
Бөсіре мінетұғын атың қалды,
Үй ішінде сұңқылдап апаң қалды.
Қыр басында атаңның отырғаны.

Көштің көркі болмайды түйесі жоқ,
Таппай айтқан сөз жаман жүйесі жоқ.
Көптің көңілін көп ашқан бұлбұлы едім,
Домбырамның қала ма иесі жоқ?!—

дей келе, әр шумақтан соң:

Базарым-ай, Назарым-ай,
От басында күл шашарым, қарағым-ай.
Жалған дүние-ай, салдың күйге-ай,
Омырауымнан үзіліп түсті-ау екі-ай түйме-ай.

Базарым-ай, Назарым-ай,
Қу «шешектен» болды-ау сенің ажалың-ай.
Базарым-ай, Назарым-ай,
Сен өлгелі қашты-ау менің ажарым-ай,
Ой, дүние-ай!—

деген қайырмаларымен аңыратқанда тыңдағандар осы оқиға дәл сол кезде, сол минутта болып жатқандай сезініп, өздерінің қайда отырғандарын да, қанша отырғандарын да ұмытып кететін шақтары болушы еді. Сондағы атамның: «Екі сағатқа жуық зарладым-ау деймін, өйтеуір, шерім тарқағанша жоқтаппын Базарым мен Назарымды. Бір жақсысы, осыдан соң көп жеңілдеп ара-тұра ғана есіме алатын болдым. Қайтадан өлеңімді айтып, домбырамды тартып, ел аралап қатарға қосылып кеттім. Біраз уақыт өткен соң сондағы төбе басындағы Базар мен Назарды жоқтаған өлеңімді жазып қояйыншы де-

сем, көне ойыма түссепші. Ары ойлап, бері ойлап, толық сол қаз қалпында айта алмадым. Мына айтып отырғанымның өзі сондағының бір үзіндісі ғана», — дегені де көкейден өсте кетер ме?!

Атам айналасындағылар қатты мұнайып кеткенін сезген кезде, дереу өңгіменің арнасын басқа жаққа бұрып, күлдіріп алатын. Мұндай кезде көбіне өзінің халық арасына көп тараған «Тоғыз келін» деген өзіл өн-өлеңін айтып, жұрттың көңілін көтеріп, жадыратып тастайтын. Бұл өнін бастамас бұрын, айналасына қарап жас балаларды — біздерді ұйқандар деп қуып жіберетін. Бірақ мен ұйқтамайтынмын, елдің көзіне түспей лып беріп шымылдық құрылған төсектің үстіне шығып тыңдап жататынмын. Ертеңіне кейбір шумақтардың мазмұнына аса түсінбесем де, жатқа айтып жүргенімді өкем естіп, «аузыңды ашып отыра бермей, балалардың қайда жүргенін байқап қойсаң қайтеді» деп апама ұрсатын. Сонда «Тоғыз келіннің» өңгімесін атам былай деп айтушы еді.

— Мен жалпы сұлу қыз-келіншектерді көргенде жанып кететін едім. Оларды өзімнен басқа ешкімге қимайтынмын. Осы күнге дейін өзім жақсы көретін өйелдердің саны, мына Нәсиханы қоспағанда, тоғыздан кеміп көрген жоқ. Бірақ та, солардың кейбірін Шолпанкүл сияқты қулар бұзып кететін. Тоғызының да өздеріне сай аттары бар, оларды өлеңіме қосып былай деуші едім, — деп алып, қолына домбырасын ұстап «Тоғыз келінді» шырқайтын:

Көремін өзім жақсы тоғыз келін,
Тоғызға толтырам деп көп іздедім.
Тоғызға толтырғанда кейбіреуін,
Бұзып кетіп бозбалалар зар иледім.

Шарт қойдым талай-талай келіндерге,
Шақырса келін кел деп ерінем бе?
Табаны таймай тұрар болса келін,
Жүруге келіп-кетіп өзір мен де.

Қайнар көз, қара торы, ақшыл келін,
Біледі айтқызбай-ақ жақсы келін.
Құмардан құрт ішкендей бір шығар ем,
Арқамды бір күн қасып жатсай келін.

Жеңге мен балдыздардан келін қызық,
Күрең шөй құйып берсе көзін сүзіп.
Жалғанда одан қызық ләззат бар ма?
Қасында отыра алман денем қызып.

Қайырмасы:

Шырқа даусым, шырқа даусым,
Тілден нұр, көмейден жыр жаусын, жаусын.
Шырқа даусым, шырқа даусым,
Әуеден мәшек-мәшек келін жаусын.
Сүйген сәулем, сүйген сәулем,
Көре алмай-ақ жүзінді өтті-ау дәурен,—

Отырғандардың кейбірі қыран-топан күліп жатады, кейбірі шыдай алмай қашып кетеді, өйтеуір, күлкі, күлкі, күлкі. Сонда атам: «Сендер ары қарай тыңдандар, мұның қызығы енді болады. Сөйтіп шырқап жүргенімде, уақыт шіркін тез өтеді екен, 60-ынды алқымдап қалыппын. Атым шығып, елге танымал болған шағым. Бір күні бірталай адамдармен өңгіме-дүкен құрып, қонақта отыр едім, бір кемпір кіріп келіп, бас салып амандасып жатыр! Өзілдеп: «Немене, танымай тұрсың ба? Ә-ө, қартайған екенсің шынымен-ақ» деп жанымды шығарып барады. Байқап қарасам, өлгі кемпірім баяғы тоғыз келіннің бірі екен. Енді қайттім, қайткенде де сыр бермеу керек қой, сүйеулі тұрған домбырамды қолыма ала салып, өлгі кемпір-келіміме былай дедім:

Кененді шал деп күдер үзбе келін,
Өлі де жастығымды іздемедім.
Шабады көрі тарлан шаршы топта,
Әуре боп құнан, дөнен іздемегін.

Май, палау келін берсе қаймақпенен,
Қаңтарда бура ойнайды тайлақпенен.
Жайдары, жөйді білер болса келін,
Жақсы әйел ер адамға қайрақ деген.

Келінжан, кен деген сөз Кенен деген,
Ағаштың ең мықтысы емен деген.
Елуге сыр бермедім сыр сұрасаң,
Алпыста да болмайды жүзім төмен.

Шырқа даусым, шырқа даусым,
Тілден нұр, көмейден жыр жаусын, жаусын.
Сүйген сәулем, сүйген сәулем,
Көре алмай ақ жүзінді өтті-ау дәурен.

Осылай шырқап ала жөнелгенде «Ой, тұқымың өссін Кенен, сен өлі пәле екенсің ғой», — деп кемпір-келінім тұра қашпасы бар ма — деп аяқтайтын еді өңгімесін. Жиылғандар көңілдері көтеріліп: «Ай, айналайын Кенен, құдай көсегенді көгертсін! Жетісіп қалдық қой» деп тарқайтын еді. Осылайша атам Ләтипа, Бопина деген ақын әйелдермен айтысып, Бөдене, Шәйнек деген жеңгелерімен қағысқанын, тағы да басқа көптеген шығармаларын жеріне жеткізе айтып, ел алғысы мен құрметіне бөленетін күндері көп болды. Мен сондағы адамдардың өңгімені тыңдай білетіндеріне таң қаламын. Кейбір отырыстарда тек атам ғана сөйлейтін, өн айтатын. Сонда жиылғандар бір жалықпайды: «Кенеке, Мәскеудегі аласқаныңызды айтыңызшы, анау үйленген кезіңізде қызын бергісі келмей қиқандаған қыз әкесіне айтқаныңызды айтып беріңізші», — деген тілектерді көп естуші едік. Атам да:

Ән шырқап Алатауда арындадым,
Ағындай таудан аққан сарындадым.
Халқыма өн-өлеңім ұнаған соң,
Талмадым, шаршамадым, жаңылмадым,—

деп өзі айтқандай-ақ ел нені сұраса да айтып беретін, шаршамайтын, жалықпайтын, жаңылмайтын, нағыз халықтың ортасынан шыққан ер қырлы өнерпаз екендігін өмір көрсетті де ғой.

Атамның жүзден аса өндерінің көбін, анығын айтсам 60-қа жуығын өз аузынан үйренген баласының бірі менмін. Сондықтан да болар, атам маған қатты сенім артып: «Сонау жоқшылық пен жетімдіктің зардабын тартып жүрген шақтан бастап, одан 1916-жылғы оқиға, қазан революциясы, 1941—1945-жылғы Ұлы Отан соғысы, қазіргі бейбіт өмірге де мен үн қоспаған бірде-бір оқиға болмапты десем еш қателеспеймін шырағым, Төрткен. Өлендерім, дас-тан-поэмаларым біршама болса да жарияланып, жарық көрді. Қалғаны өз қолымнан арабша жазғандарым күндердің күнінде халыққа жетер деген сенімдемін. Ал, енді өндерімнің «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар» сияқты бірнешеуі ғана

болмаса, көбін өлі ел естіген де жоқ. Нота білмеген соң бөрі тек есімде сақтаулы. Кім білсін, олай-бұлай болып кетсем, ең болмаса сен біліп қалсын деп жатқаным ғой», — деп, бір жаңа өн шығарса алдымен маған үйретуші еді. Мен де өкемнің өн сарыны құлағыма сіңгені соншама, тез қағып алатынымын, дереу домбыраға салып өзіне қайта айтып бергенде, жаны жай тауып, ризашылығын білдіруші еді. Мен де өкем сияқты нота білмеймін, музыкалық білім алуға еш мүмкіндігім болмады, тек үйренгендерімді есіме сақтадым, кейбірін магнитофонға жазып қойып жүрдім.

1965-жылы астанамыз Алматыға көшіп келіп, қатты қуандым. Жиі-жиі радио, теледидарға шығып, өкемнің өндерінің халық арасына таралуына әжептәуір атсалыстым. «Келінжан» деген өнін орындап, ол өн тыңдаушылардың ойынан шығып, көпшіліктің сұраулары бойынша бұл өнді теледидар арқылы үйретуге де тура келді. Өзім де халыққа танымал болып келе жатқанымда 1973-жылы 37 жасқа қараған шағымда «зоб» деген ауруға шалдығып, басқа жерім емес, түп-тура тамағымнан пышаққа түстім. Енді біраз уақыт өн айтпақ түгілі қатты сөйлеуге де болмайтын болды. Бұл жағдай өкеме де ауыр тиді. Өзім де іштей: «Япыр-ай, өке аманатын арқалап осылай жүре берем бе?» дегендей ойда қалдым. Біраз тәуір болған соң атамның ақылымен өнердің жанашыры Б. Ерзаковичке барып «Кенен атаның өндерінің өлі көбі белгісіз болып келе жатқандығын, оларды білетін тек мен екендігімді айтып, сол өндерді нотаға түсіруге көмек беруін өтіндім. Ол кісі менің тілегімді ілтипатпен қабыл алды. Асқан Серікбаева деген консерваторияның мұғалімімен таныстырып, сол кісіге мен білетін өндердің барлығын да нотаға түсіруін сұрады. Сонымен күніне 2—3 өннен мен ыңылдап айтып отырамын, Асқан апай нотаға түсіреді. Осы жолы сапасы төмен болса да атамның өзінің орындауында бірнеше күйлері жазылған магнитофон лентасы сақталынған еді, Асқан апай бұларды да нотаға түсірді. Осылардың бөрі ертеректе Б. Ерзакович жазып алып өңдеп жариялатқан өндерін қосып 1976-жылы «Жалын» баспасы арқылы «Бозторғай» деген атпен өндер жинағы жарияланды. Бұрындары кітап шығарып көрмеген мен үшін бұл жұмыс маған оңайлыққа түскен жоқ. Талай-талай ағалардың есігін ашып, жағдайды айтып, ананы бір, мынаны бір сұрап жүріп

шығарылған бұл өндер жинағының сапасы төмен, өндер өңделмеген, тек мен қалай айттым, Асқан апай қалай жазды, сол қалпында енгізілді, былайша айтқанда өке өндерінің түпнұсқасы ғана еді, өзі тым аз данамен шықты. Өз басым осыған да қуандым, өйтеуір өкемнің өндерінің түпнұсқасы шықты ғой, ендігісін тағы да көре жатармыз деп біраз тыншыдым. 1984-жылы өкемнің туғанына 100 жыл толған мерейтойына орай өкемнің құрастыруымен, көптеген республика сазгерлерінің көмегімен өкемнің барлық өндері өңделіп «Шырқа даусым» деген атпен жеке өндерінің жинағы шықты. Бұл жағдай менің төбемді көкке жеткізді. Өке аманаты — өкемнің өн мұрасы халыққа жетті. Осыдан бастап халық арасында атамның «Көкшоплақ», «Бозторғай», «Базар-Назар» өндері ғана емес, «Келінжан», «Күләшқа», «Жайнайды, тыңым, жайнайды», «Ел қуанышы», «Бастау» және тағы да басқа өндері айтылатын болды.

Алайда өлі күнге шейін кейбір ансамбль мүшелерінің немесе белгілі өншілеріміздің де орындауында бұл кісінің өндері, әсіресе, өн-өлендері туындыгердің өз жазғанынан әлдеқайда ауытқып өзгеше бір мағынаға ойысып жүргені қынжылтады. Мерзімді баспасөз беттерінде халық өндері мен халық сазгерлері шығармаларының өрескел бұрмаланатындықтары, шатастырылып жататындықтары, біреудің бас киімін біреуге кигізу сияқтылардың кездесіп тұратындықтары туралы жазылып та, айтылып та жүр. Соның өзінде де осы бір аурудан біздер оңайлықпен арылар емеспіз. Тіпті, иелері белгісіз халық өндері мен өлендерін былай қойғанда, кеше ғана арамызда жүрген, 90-ның үшеуіне келіп дүние салған, көзі тірісінде үнін күй табаққа жаздырған, өлендері мен өндерінің біршамасын жариялатқан Кенен атаның еңбектеріне жасалынып жүрген қиянаттар қаншама? Белгілі халық ақындарының шығармаларына осылай қарай берсек, белгісіз болып келе жатқанымызды мүлдем жоғалтып алуымыз мүмкін ғой. Мысалы, атамның «Ойжайлау» деген өні халық арасына кеңінен тарап кеткендігі соншама, бұл өнді білмейтін адам жоқ. Бірақ осы өннің өлеңі мүлдем басқаша айтылады. Алғаш бұл өнді халық өні десті, тиісті жерлерге айтып жүріп, өйтеуір, Кенендікі екендігі анықталды. Ал, өлеңі көбіне былай деп айтылады:

Мен өзім өрі ақын, өрі батыр,
Қайда отыр ақын қыздар бермен шақыр.
Ысқырып айдаһардай ақын келсе,
Мүдірмей қызыл тілім сайра да отыр.

Бір менен екі де бар үшке дейін,
Көтерші ақ тамақты иіскелейін.
Мен сені өмірлікке жар етейін,
Ұйқыны қояр болсаң түске дейін.

Алатау біздің ауыл ашасында,
Белгісі жүйрік аттың шашасында.
Менімен хат алысып, хат берісіп,
Бір күні уәделесіп қашасың ба?

Қайырмасы:

Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен, бүрлен,
Бүрленді аралайды жолын білген.
Қамшыны екі бүктеп қолға ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап-күлген,
Ойжайлау-ай.

Міне, осының ішінде «Ақ бүрлен, қызыл бүрлен...» деген қайырмасы мен өннің «Ойжайлау» деген атынан басқасы түп-түгел Кенендікі емес. Ол кісі бұл өн-өлеңінде ешқандай да қызды өзіне жар етуге үгіттемеген. Дұрысы, атамның туып-өскен жері Қордай аймағында «Ойжайлау» деген белгілі жайлау бар. Сол жерді әкем ерекше жақсы көрген. Ол жерге атам жиі-жиі барып тұрған. Атамның келгенін білсе болды сағынып күтіп жүрген ел-жұрт, үлкен демей, кіші демей жиылып, өн салдырып, өңгіме-дүкен құрысып, бір жасап қалады екен. «Керегенің көзінен қол жалғасқан», естен кетпес жастық шағының нелер бір кезеңдері де осы жермен байланысты өткен. Мен атамның: осы «Ойжайлау», «Қызыл қайнар», «Жайсаң» сияқты таулы, табиғаты ерекше жерге барғанда көңілім көтеріліп кетеді, шаршамаймын, құр атқа мінгендей демалып қайтамын», — деп отырғанын талай естігенмін. Осы жерлерді кейінде біздерге де көрсеткен-ді. Міне, бұл өлең-өн ақынның елге, жерге, жастық шаққа деген махаббатынан туындаған шығарма. Енді соны тыңдайық:

Ойжайлау, шөбің шүйгін, суың дәрі,
Болады халқыменен ақын сөні.

Берейін ортаңызда өнге шырқап,
Жиылып отырғанды жас пен көрі.
Ойжайлау, қойның қыстау, басың жайлау,
Жарасар ақ үй тігіп, бие байлау.
Жиылып мұнша елім отырғанда,
Ақынға жараспай ма бұлбұл сайрау.

Қайырмасы:

Ақ шөйнек, сары самаурын тұрса қайнап,
Отырса қыз-бозбала күліп-ойнап.
Киінген қызғалдақтай қыз-келіндер,
Сапырса сары қымыз құлан ойнақ.
Қанша жыл қара ағаштай қақиғанша,
Жас шақты өткізелік гүлдей жайнап.

Ойжайлау, ата қоныс көп Дулатқа,
Ат пен тон жарасады азаматқа.
Айтысып қыз-бозбала қырындасып,
Серуендеп жүрген жерім жастық шақта.

Қайырмасы:

Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен,
Бүрленді аралайды жолын білген.
Қамшыны екі бүктеп қолға ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап-күлген.

Шіркін, осы әнді орындап жүрген тамаша өншілеріміз атамның «Ойжайлауын» ақынның өз өлеңімен орындаса, өннің құны артпаса кемімес еді ғой. Бізде бір жаман әдет бар. Әр туындының өзінің табиғатына, оны өнімен өлеңінің астасып жатуына көңілді аздау бөлеміз немесе өннің өлеңіне құлақ аспаймыз. Әйтеуір, ойнақыландырып қалайда жұртты өзімізге қаратуымыз керек. Осы орайда атамның:

Кейбіреу өңгімені көп айтады,
Және де құрт-малтасын езе айтады.
Аузыма ел қарасын деп айтады,
Біреуді біреуменен шатастырып,
Япырмау, білмеген соң неге айтады?—

деген өлеңі ойыма еріксіз орала береді. Жасыратыны жоқ, өн-өлеңдерінің бұрмаланып айтылуына редактор бауырларымыздың да қосар үлесі аз емес. Бір кездерде атамның «Қайран жастық» деген өлеңіндегі:

Бұлбұл ұштың көзімнен қайран жастық,
Асық ойнап, алысып тайрандастық,—

дегеніндегі ақынның «қайран, жастығым көзімнен
бұлбұлдай болып тез өте шыққаны-ай» деген ойын,
«Бір-бір ұштың көзімнен қайран жастық» деп өзгерт-
кен. Сондай-ақ осы өлеңнің:

Жақсы көріп алғанды бергің келмес,
Беталбатты ерігіп жүргің келмес...—

дегеніндегі «Беталбатты» сөзінің мағынасына түсінбеді
ме екен, кім білсін, бұл жолды түгел өзгертіп «Беті
жылтыр адамға сенгің келмес» деп өзгерткен. Оны мар-
құм әнші Манап Балқашевтің орындауында радиодан
атамның өзі естіп, қатты қапаланған-ды. Осы әннің:

Балаң тілді алмаса беттен алып,
Келін тілді алмаса кердең қағып,
Кемпірің де соларға қосылып ап,
Жеңілерсің амалсыз жалғыз қалып,—

дегенін:

Бала тілді алмайды беттен алып,
Келінім тілді алмайды кердең қағып,—

деп орындағанда, ақынның төл балалары мен келіндері
— біздер жерге кіріп кете жаздадық. Ақын бұл арада тек
өз басындағы жағдайды айтып отырған жоқ қой. Жал-
пы, мысал ретінде «балаң тілді алмаса, келінің сөзді жү-
ре тындаса, қарттардың халі қалай болмақ? деген мағы-
нада жырлағандығы екінің бірі, егіздің сыңарына
түсінікті емес пе? Болмаса, құдайға шүкір, ұл да, қыз
да, беріміз де өкеміздің бетіне тік келіп көргеніміз жоқ.

Терме жанрын жандандырып теледидар, радио ар-
қылы жер-жердердегі термеші, жыршыларды шақырып
насихаттау басталған 1980-жылдардың басында Аты-
раулық бір жас келіншек (аты-жөні есімде қалмапты)
атамның «Кейбіреу» деген термесін келістіре орындап
болып, «бұл тыңдап отырғандарыңыз Майлықожаның
термесі» дегенде, риза көңілмен тыңдап отырған мен
орнымнан ұшып кете жаздадым. Келесі күні атамның
таңдамалыларындағы өлеңді көрсетіп, теледидардың
«Терме» бөліміне бардым. Сол сол-ақ екен, Кененнің
термесінсіз де терме деген жетеді дегендей мүлдем
орындамай қойды.

Атамның әйгілі «Базарым-ай, Назарым-ай» деген
өнінің де кейбір жерлері дұрыс айтылмайды.

Зарланасың ақ ешкі лағыңа,
Емшегіңнен емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен құдайдың құлағына,—

деп басталатын ең алғашқы шумақтан бастап-ақ, орын-
даушылар «зарланасың» дегенді «маңырайсың», «шыра-
ғыңа» дегенді «шұнағыңа» дейді. Әрине, ешкінің маңы-
райтыны да, оның лағын кейде «шұнағым» дейтіні де
рас. Алайда, атам бұл арада екі баласынан айрылған
адам мен малдың көңіл күйін салыстырып отыр емес
пе? Мұндай жағдайда ешкінің емес, кісінің атынан
айтып отырған ақынның өзінікі дұрыс қой. Осы әннің:

Көштің көркі болмайды түйесі жоқ,
Таппай айтқан сөз жаман жүйесі жоқ.
Көптің көңілін көп ашқан бұлбұл едім,
Домбырамның қала ма иесі жоқ?»—

дегенін:

Базарым мен Назарым өлгеннен соң,
Домбырамның қалыпты иесі жоқ,—

деп бұзып айтады. Базар ман Назар өлгенде өкем небөрі
40 жастың ар жақ, бер жағында екен. Сол кезде-ақ ол
өмірден баз кешіп, енді бөрі бітті, домбырам иесіз қалды
деп толық тұжырымға келе қоймаған болар. Керісінше,
қайта-қайта балалары өле беріп тұрақтамай жүрген
соң, шынымен-ақ домбырамды қолына алар иесі жоқ
болып қалар ма екен деген дүдәмал, екіұшты ойда тұр
емес пе? Дәл солай-ақ, ақынның өзі айтқандай-ақ
айтуға болмай ма? Бертін келе қыздарын былай
қойғанда, екі ұлы — Көркемжан мен Бақытжан өке-
міздің домбырасын да тартып, әндерін де айтатын
болғанда, екі ұшты ойдан өкеміз толық арылып, өзінің
«Домбыра» деген өлеңінде:

Ән айтсам үнің бірге үнімменен,
Сөйлесем тілің бірге тілімменен.
Өлгенде бірге қой деп айтар едім,
Ұлым бар тартатұғын қызымменен,—

дегені біз үшін өкеміз өзінің бір кездегі айтқандарын хақ-тағала құдайдан қайтып алғанындай сезіледі. Сондай-ақ:

Шығарып сап өзінді қайтпас жолға,
Қалыпты ғой мәңгіге өнінді алып, Кенекем!—

деп ақын Жақсылық Сәтібеков пен сазгер Алтынбек Қоразбаев айтқандай («Сағындым Кенен атамды» өні) ел арасында жүрген өнерлі ізбасарлары қаншама?

Қазіргі ел арасында жиі айтылатын:

Еркем, еркем, еркем-ай,
Еркелеткен еркем-ай,
Еркелеткен еркемді,
Еркелетсем екен-ай,—

деген өннің иесі де Кенен. Тек өлеңі өзгертіліп, халық өні болып кеткен. Өнінің негізі дұрыс сақталынған. Бұл өн атамның туып-өскен жеріндегі «Қызыл қайнар» жайлауына арналып шығарған туындысы. Өн сөзі төмендегідей:

Ұзын су мен Иірсу, Қызыл қайнар,
Қыз, бозбала жиылып күліп-ойнар.
Алма, өрігі албырап, гүлі жайнап,
Саясында сандуғаш бұлбұл сайар.

Қайырмасы:

Қызыл қайнар, шөл, қайың,
Су ағады сай-сайын.
Сен сағынсаң ай сайын,
Мен сағынам күн сайын.

Сұлу қыздай керілген Сүлүтерім,
Өн шырқатып, айтысып жүрген жерім.
Керегенің көзінен қол жалғасып,
Шөй орамал ұсынған кербездерім.

Тағы бір айта кететін жай — атамның «Бұлбұлға» деген өні. Бұл өн:

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр,—

деп басталады. Кейде «Қаңғыртқан екеумізді тұрмыс құрғыр» делініп те айтылады. Мұның екеуі де дұрыс. Олай дейтініміз, атам жаны қысылған екі оқиғада да қыр астындағы қырғыз жеріне барып паналаған. Оның бірі — 1916-жылғы оқиға. Осы көтерілісте ол талай айқас, шайқастарға қатынасқан. Алайда бұл көтерілістің жеңіліс тапқандығы тарихтан белгілі. Қолға түспеуге тырысқан Кенен де бір топ жолдастарымен қырғыздағы достарының арасына барып тасаланып аман қалған. Сонда өкем бірнеше жылдай жасырынып жүріп, 1918-жылғы қазан революциясының жеңісімен бірге елге оралған. Бұл өн сазгердің қашып жүрген кезінде елін сағынып, жерін аңсап, сондағы мұңын бұлбұлға шағып айтқаны. Екіншісі — 1932-жылғы өйгілі ашаршылық нәубеті. Бұл жолы да атам өзінің сүйікті қырғыз бауырларының арасына келіп паналап, жан сақтаған. Туған ел, өскен жерін сағынып жүрген қам көңіл ақын ойына осыдан 15—16 жыл бұрын шығарған «Бұлбұлға» өні орала берген-ді. Өн сазын біраз өзгертіп, өлең шумақтарын біршама қосып шырқаған бұл өн халық арасына кеңінен таралған. Осы екі тарихи оқиғаға да тура келетін «Бұлбұлға» өнінің толық түрі төмендегідей:

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр (немесе тұрмыс құрғыр)
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.

Қайырмасы:

Алатау аңсадым-ау самал лебін,
Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін.

Ер жігіт ең алдымен ел сағынар,
Онан соң туып-өскен жер сағынар.
Туған ел, өскен жерім орның бөлек,
Болмаса қырғыздан да (немесе өр жерден-ақ) сыйласар ер табылар.

Қайырмасы:

Алатау аңсадым-ау самал лебін,
Туған жер көкседім-ау қоңыр желін.

Қопаның топырағы көлпілдеген,
Шилері құрағымен желкілдеген.

Қушоқы, Құлжабасы, Мөтібұлақ,
Көз жасым сені ойласам мөлтілдеген.

Қайырмасы:

Кіндіктес, сұлу Қордай, Нулы Қордай,
Атағың талай жерден ірі Қордай.
Босқан ел қайтып келіп туған жерге,
Аман-сау қауышытын заман барма-ай.

Қайырмасы:

Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.
«Ел кегі жауға кетпес» деген бар гой,
Дегенге кек қайтпайды, көңіл сенбес.

Осылардың бәрін айтып атамның өндерін орындаушыларды сынап-мінеп, айтатын болсаң дәл Кененнің өзіндей орында деп талап қоюдан аулақпын. Олай деп талап етудің өзі үлкен қателік. Ол қайталау болар еді. Тек, айтайын дегенім, қадірменді өншілеріміз халық алдына шығып, белгілі бір өзінің діттеген өнін орындар алдында даярлық сатысынан өтетіні сөзсіз гой. Сонда орындайын деп жүрген өнінің авторы кім екендігін анықтап алып, оның жарияланған еңбектері болса іздестіріп тауып алып, өннің өлеңдеріне көңіл бөліп, күйтабағы болса оны да тыңдап, нотасы болса оған да көз жүгіртіп, өн-өлеңнің шығу тарихынан да хабадар болып біраз еңбектенулері керек емес пе? Сонда өншінің орындауынан шынайылықты, өз ісіне деген жауапкершілікті, еңбекқорлықты сезінер едік. Өлеңін біреуден жазып алып, өнін шала-пұла салып алып, домбыраны оңды-солды безілдетіп, дауысқа басып ағызып өткенге мәз бола беруге бола ма? Талғамы мол өнер сүйер қауым бәрін де сезеді, бәрін де ой елегінен өткізіп, тани біледі. «Әу» дегеннің бөрі бірдей халықтың сүйікті өншісі бола бермейтіндігі де сондықтан. Әрине даусың да, орындау шеберлігің де дәл сол туындыгердің өзіндей болуы мүмкін де емес. Алайда өннің түпнұсқасын сақтауға, сөзін дәл жеткізуге тырысу үлкен парасаттылық, ата-баба, үрім-бұтақ алдындағы парыз екендігін ұмытпағанымыз дұрыс.

Осындай бір ара-тұра кездесіп қалатын өттегенайларға қарамастан Кенен туындылары халық ара-

сына кеңінен таралып кеткен. Оның өндерін ел сүйіп тыңдайды, тыңдаушыларға қатты әсер етеді. Атамның өндерін кәсіпқой өншілерімізден бастап сан мыңдаған көркемөнерпаздар мүшелеріне дейін сүйіп орындайды. Ол кісінің халыққа мәлім «Бозторғай», «Көкшолақ —, «Ел қуанышы», «Жайнады, тыңым, жайнады», «Қалай танысың», «Күләшқа» және тағы да басқа туындыларын орындауда тамаша шеберліктерімен ел құрметіне ие болып жүрген өншілер қатарында Қайрат Байбосынов, Венера Қармысова, марқұм Жәнібек Көрменов, Нұрғали Нүсіпжанов, Алтынбек Қоразбаев, Аяз Бетпаев, Қарлығаш Қожағазина, жас өнші Мейірбек Бесбаевтарды ерекше атап өткен жөн. Сондай-ақ атамның «Ой-жайлау», «Базар-Назар», «Сайра тілім» деген өндерін алғаш орындап, олардың халық арасына тез тарауына бірден-бір себепкер болған талантты өншілеріміз ерлізайыпты Нұрипа мен Әскербек Еңкебаевтерді ілтипатпен атаймын.

Ежелден сөз қадірін, өн күдіретін тани білген, жоғары бағалаған дана халқымыз «өн — өмір айнасы, өн — көнермейтін мұра» деп дәл тауып айтқан. Атамның артында қалдырып кеткен мол өн-мұрасы уақыт өткен сайын қайта жаңғырып, жаңарып, жарқырай түсетініне күмән жоқ. Өйткені ол халық арасында да көп айтылып, ел көңілінен мәңгілік орын алған. Сондықтан да олар аспанға өуелеп, шырқала бермек.

Қушоқы, Құлжабасы, Мөтібұлақ,
Көз жасым сені ойласам мәлтілдеген.

Қайырмасы:

Кіндіктес, сұлу Қордай, Нулы Қордай,
Атағың талай жерден ірі Қордай.
Босқан ел қайтып келіп туған жерге,
Аман-сау қауышытын заман барма-ай.

Қайырмасы:

Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес,
«Ел кегі жауға кетпес» деген бар гой,
Дегенге кек қайтпайды, көңіл сенбес.

Осылардың бәрін айтып атамның өндерін орындаушыларды сынап-мінеп, айтатын болсаң дәл Кененнің өзіндей орында деп талап қоюдан аулақпын. Олай деп талап етудің өзі үлкен қателік. Ол қайталау болар еді. Тек, айтайын дегенім, қадірменді өншілеріміз халық алдына шығып, белгілі бір өзінің діттеген өнін орындар алдында даярлық сатысынан өтетіні сөзсіз гой. Сонда орындайын деп жүрген өнінің авторы кім екендігін анықтап алып, оның жарияланған еңбектері болса іздестіріп тауып алып, өннің өлеңдеріне көңіл бөліп, күйтабағы болса оны да тыңдап, нотасы болса оған да көз жүгіртіп, өн-өлеңнің шығу тарихынан да хабадар болып біраз еңбектенулері керек емес пе? Сонда өншінің орындауынан шынайылықты, өз ісіне деген жауапкершілікті, еңбекқорлықты сезінер едік. Өлеңің біреуден жазып алып, өнін шала-пұла салып алып, домбыраны оңды-солды безілдетіп, дауысқа басып ағызып өткенге мәз бола беруге бола ма? Талғамы мол өнер сүйер қауым бәрін де сезеді, бәрін де ой елегінен өткізіп, тани біледі. «Әу» дегеннің бөрі бірдей халықтың сүйікті өншісі бола бермейтіндігі де сондықтан. Әрине даусың да, орындау шеберлігің де дәл сол туындыгердің өзіндей болуы мүмкін де емес. Алайда өннің түпнұсқасын сақтауға, сөзін дәл жеткізуге тырысу үлкен парасаттылық, ата-баба, үрім-бұтақ алдындағы парыз екендігін ұмытпағанымыз дұрыс.

Осындай бір ара-тұра кездесіп қалатын өттегенайларға қарамастан Кенен туындылары халық ара-

сына кеңінен таралып кеткен. Оның өндерін ел сүйіп тыңдайды, тыңдаушыларға қатты әсер етеді. Атамның өндерін кәсіпқой өншілерімізден бастап сан мыңдаған көркемөнерпаздар мүшелеріне дейін сүйіп орындайды. Ол кісінің халыққа мәлім «Бозторғай», «Көкшолақ —, «Ел қуанышы», «Жайнады, тыңым, жайнады», «Қалай танысың», «Күләшқа» және тағы да басқа туындыларын орындауда тамаша шеберліктерімен ел құрметіне ие болып жүрген өншілер қатарында Қайрат Байбосынов, Венера Қармысова, марқұм Жәнібек Көрменов, Нұрғали Нүсіпжанов, Алтынбек Қоразбаев, Аяз Бетпаев, Қарлығаш Қожағазина, жас өнші Мейірбек Бесбаевтарды ерекше атап өткен жөн. Сондай-ақ атамның «Ой-жайлау», «Базар-Назар», «Сайра тілім» деген өндерін алғаш орындап, олардың халық арасына тез тарауына бірден-бір себепкер болған талантты өншілеріміз ерлі-зайыпты Нұрипа мен Әскербек Еңкебаевтерді ілтипатпен атаймын.

Ежелден сөз қадірін, өн күдіретін тани білген, жоғары бағалаған дана халқымыз «өн — өмір айнасы, өн — көнермейтін мұра» деп дәл тауып айтқан. Атамның артында қалдырып кеткен мол өн-мұрасы уақыт өткен сайын қайта жаңғырып, жаңарып, жарқырай түсетініне күмән жоқ. Өйткені ол халық арасында да көп айтылып, ел көңілінен мәңгілік орын алған. Сондықтан да олар аспанға өуелеп, шырқала бермек.

МАЗМҰНЫ

Ел есіне (Туындыгерден бір ауыз түсінік).....5

Сағындым Кенен атамды...

«Ер жігіт тіршілікте нені көрмес...».....8

«Айналып Алатауды шапқан дүлдүл»39

Өн мен күйдің кені екен...

«Аманат саған өн-мұрам».....114

«Көптің көңілін көп ашқан бұлбұл едім».....152

«Ғұмырнама» жүйелігі

Төрткен Кененқызы

КЕНЕН

Естелік-эссе

Сарашысы — О. Асқар

Суретшісі — А. Тілендиев

Техникалық сарашысы — Р. Винокурова

Компьютермен теріп, беттеген — М. Асылғазы

ХҮ №4981

Теруге 3.06.97 жіберілді. Басуға 18.08.97 қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі Таймс. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 9,24. Шартты бояу көлемі 10,5. Есептік басылу табағы 9,79. Ұзын саны 1000 дана. Тапсырыс № 908. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің ЖІПС «Жалын» баспасы. 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.